

А 2016

1089<sub>10</sub>

Зияда Ижанов

---

АЩЫ  
САБАҚТАР

---



**ЗИЯДА ИЖАНОВ**

# **АЩЫ САБАҚТАР**

АЛМАТЫ



2015

ӘОЖ 908  
КБЖ 26.89  
И 29

*Құрастырушы: Д. Ижанова*

*Кітап «БАГИС» ЖШС-нің қаржылай  
көмегімен шығарылды.*

И 29 **Ижанов З.**

**Ащы сабақтар:** / Ижанов З. – Алматы: Экономика, 2015. –  
240 б.

ISBN 978-601-225-836-3

З. Ижановтың «Ащы сабақтар» кітабы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатындағы құжаттарға сүйеніп жазылған еңбек. Кітап екі бөлімнен тұрады.

I бөлімінде – Адай уезінде (округінде) 1926-1930 жылдары ұйымдастырылған «Қосшы» одағының тарихынан әңгіме қозғайды. «Қосшы» одағының жұмысын баяндау арқылы сол кездегі өмірді бар шындығымен ашып көрсетеді.

II бөлімде – Маңғыстау өңірінде өткен тарихи оқиғалар мен оның тарихи тұлғалары туралы жазылған мақалалар мен қолжазбалар берілген.

Кітап тарихшылар, өлкетанушылар, студенттер мен жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 908  
КБЖ 26.89

ISBN 978-601-225-836-3

© Ижанова Д., 2015.

© «Экономика» баспасы» ЖШС, 2015.

Бұл еңбекті немесе бөліктерін автордың келісімінсіз таратуға және авторлық құқық жөніндегі нормаларға қайшы келетін басқа да әрекеттерге тыйым салынады әрі заң бойынша жазаланады.

*Ата-анам  
Жантілеуұлы Ижан мен  
Жантілеу келіні Алтайға  
(Оразбайқызы)  
арнадым*

## **I БӨЛІМ**



## Кіріспе

Егемен ел болғанға дейін мұрағат материалдарын жинау, толықтыру, пайдалану, оны халық игілігіне айналдыру, жария ету санаулы ғана адамдардың ісі болып табылды, әрі кеңестік идеология көп құжаттардың жария болуына тыйым салды. Сондықтан халықтық сипат алмады.

Оның үстіне кириллицаға көшкенге дейін жазылған араб, латын әріптерін кейбіреуі білмеді. Мұның өзі мұрағаттарда қандай қазынаның жатқандығын анықтауға, оны халық игілігіне асыруға елеулі қиындық туғызды.

Соның бірі – Адай уезі, қазіргі Маңғыстау облысы көлемінде «Қосшы» одағы туралы жазылған құжаттар.

Автордың алдына қойған мақсаты – 20-30 жылдар арасындағы халық басына төнген қасіретті өмір шындығын саяси мінеу, сынау бағытында емес, қаз-қалпында, мұрағат деректері негізінде әдеби нәр бермей көрсету болды. Мұндағы деректердің барлығы да Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты мен Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған құжаттардан алынды.

Аумалы-төкпелі заманда «аттың жалында, атанның қомында» жүріп жазылған құжаттардың дені араб әрпімен жазылған, әрі сауаттылығы да төмен. Сондықтан әр сөз бен сөйлемнің мазмұнын анықтау оңайға түспегенімен, боямасыз, қоспасыз, көп реттерде қысқартусыз, сол кезде қолданылған жеке сөздер де өзгеріссіз берілді. Өйткені, әңгімені «Ұлықпан Хакімнің өз аузымен айтқызып, тыңдаған тиімді» деген қағида басшылыққа алынды.

Ұсынылып отырған еңбекте:

Біріншіден, «Құдай салды, мен көндім» деген пенделердің де, өмір ыңғайына сай ықтай бермейтіндердің жанайқайы да, заман желіне сай жандайшаптардың да, жаңа орнап жатқан үкіметті халыққа сор болады деп ойламайтындардың да іс-әрекеттерінің жеке көріністері мұрағат құжаттары бойынша өзгеріссіз алынды.

Екіншіден, біз қалайық-қаламайық, қазақ халқының даму тарихының бір елеулі кезеңі болған бұл мерзімді қазіргі көзқарастың құрбандығына шалу емес, оны бірыңғай қаралап, даттап, бетіне қара күйе жағу да, мансұқ ету де емес, тек нақты деректер бойынша замана шарайнасының бетіне шығару көзделді.

Үшіншіден, заман өзгерісі, қиын өткелдер кедір-бұдырсыз, теп-тегіс, құрбандықсыз, асыра сілтеусіз өтпегенін қазіргі жастарға көрсету мақсаты қойылды.

## Адай уезіндегі «Қосшы» одағы осылай құрылды

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін, халқымыздың «мың өліп, мың тірілген» тарихында, «тар жол, тайғақ кешулі» тыныс-тіршілігінде тарихи мәні зор, өмірге өзіндік із қалдырған жылдар өтті. Халқымыздың басындағы қасіретті күндер де тарихта өз таңбасын қалдырмай қойған жоқ.

Міне, осындай елеулі із қалдырған кезеңнің бірі – елді жаппай коллективтендіруге дейінгі өтпелі кезең – «Қосшы» одағының ұйымдастырылуы болып табылады. Бұл оған дейін кедейлер мен батырақтарды біріктіретін тұңғыш бұқаралық ұйым ретінде Қазақстанның оңтүстігінде, Орта Азия республикаларында кең етек алған болатын.

1925 жылғы желтоқсанның басында өткен Қазақстан коммунистік партиясының Қазақстан Өлкелік бесінші конференциясы байларға, кулақтарға қысым жасау, елді жаппай коллективтендіру, кеңестендіру мақсатындағы саяси науқанды белсенділікпен жүзеге асыру үшін бұған дейін ел арасында саяси-әлеуметтік жұмыстарға басшылық жасап келген «Жарлы» одағы мен «Жәрдем» комитеттерін таратып, оның орнына «Қосшы» одағын құруды жөн деп тапты. Бұл шешім Өлкелік атқару комитетінің (8 ақпан 1926 жылғы) қаулысымен бекітіліп, тұжырымдалды.

Өлкелік партия комитеті мен Атқару комитеті ел арасында жүргізетін өз саясаттарының ықпалы мен беделін арттырады деп сенім артқан «Қосшы» одағының жауапкершілігін көтеру мақсатында оның жұмысын қатаң бақылауға алып отырды. Тек 1926 жылдың өзінде ғана Өлкелік партия комитетінің бюросында 14 рет, Өлкелік атқару комитетінің президиумында 15 рет «Қосшы» одағына байланысты мәселелер талқыланды.

Өлкеде «Қосшы» одағын ұйымдастыру бюросы 7 адамнан құрылып, оның төрағасы болып Д.Хангереев бекітілді. Бюро құрамына Ә.Жангелдин, О.Жандосов, І.Құрамысов сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері енгізілді.

Ұйымдастыру бюросы дайындаған жарғы мен нұсқау Өлкелік партия комитетінің бюросында талқыланып, халыққа жариялауға шешім алынды.

Қазақ АКСР Қамсыздандыру халық комиссары әрі орталық «Жәрдем» комитетінің төрағасы Ә.Жангелдиннің және жаңадан құрылатын «Қосшы» одағы ұйымдастыру бюросының төрағасы Хангереевтің қолымен 1926 жылғы 6 сәуірде:



«Қазақстан жағдайында бір ауылда «Жәрдем» комитеті, әрі «Қосшы» одағының болуы бірін-бірі қайталайтын, күшті азайтатын ұйым болып табылады. Сондықтан бірыңғай қазақ елді мекендерде, әсіресе ауылдық жерлерде «Жәрдем» комитеттерін тарату ісін екі жеті ішінде губаткомдер шешуі керек. Ауылдық «Жәрдем» комитеттері нұсқауды алысымен тексеру комиссиясын шақырып, қолындағы бар мүлікті, қаржыны, іс-қағаздарын актімен «Қосшы» одағына тапсыруға міндетті, ел алдында есеп беруге тиісті, осыдан кейін бұл ұйым және оның мүшелері таратылды деп есептелінеді. Тапсырған күннен бастап «Жәрдем» комитетінің бұрынғы атқарған қызметі «Қосшы» одағына жүктеледі», - деп 12-пунктен тұратын 192-санды нұсқауы жіберілді (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 17 іс, 16 б.).

«Қосшы» одағының негізгі мақсаты – кедейлерді ұйымдастыру. «Ұйымдастырудың мақсаты, - деп жазылды нұсқауда, - құлдықтан, есіктен-есікке малайшылықтан, рушылдықтан һәм шырмаушылықтан көркейтп, қаз бастырып, ілгері өту мақсатымен ұйымдастырады. Жоғарыда айтылғандарды жүзеге асыру үшін не істеу керек? Әр ауылдың кедейлері ұйымдасып, жуан байлардың, ақсүйек төрелердің, жемқор атқамінерлердің жем қылуынан құтылу керек» (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 54 б.). Міне, осы бағытта «Қосшы» одағының 8 түрлі мақсаты мен міндеті белгіленді. Жарғы негізінен, кіріспе, «Қосшы» одағының құрамы, одақ мүшелігінен шығару, одақтың қаржысы, тексеру комиссиясы, одақ жұмысын тоқтату және оның мүліктерін тарату деген тараулардан, 42 баптан құрылды. Олардың әрқайсысының өзіндік мәні, мақсаты айқындалды (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 15-23 б.).

Қазақ өлкелік «Қосшы» одағының ұйымдастыру бюросы жарғы мен нұсқауға сәйкес әрбір уезге нұсқаулар мен қатынастар жіберіп, ауылдық, болыстық, уездік «Қосшы» одақтарын құру жөнінде арнаулы тапсырмалары мен өкілдер аттандырды. Жергілікті ревком төрағаларын шақырып, тапсырмалар берді.

Негізінен «Қосшы» одағын ұйымдастыру жауапкершілігі уездік ревком төрағаларына міндеттелді. Өлкеден құрылған «Қосшы» одағы ұйымдастыру бюросының төрағасы Хангереевтің қолымен Адай уездік «Қосшы» одағына 1926 жылғы 23 наурыздағы ауылдық жерде «Қосшы» ячейкаларын (ұяларын) болыстық, уездік «Қосшы» комитеттерін құру жайлы шұғыл қатынас, Адай уездік бюросына циркулярлық хат жеткізілді. Онда «Қосшы» одағын ұйымдастыру жұмысының барысы жайлы әрбір екі жеті сайын жазба түрде айдың бірі мен 15-і күндері құжаттарға, деректерге сүйенген мәліметтер тапсыру» міндеттелінді (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 2 б.).

Осы бағытта 1926 жылғы 17 сәуірде Форт-Александровскіде Адай ревкомының төрағасы Нахимжанның төрағалық етуімен Адай ревкомының отырысы (№2) өтті.

*(Ә.Нахимжан Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті президиумының 1926 жылғы 22 ақпанындағы қаулысымен Адай уезінде «Қосшы» одағының жұмысын ұйымдастыруға өкіл болып келген. Орталық атқару комитетінің президиумы 4 наурызда Адай уезіне революциялық комитетінің төрағасы етіп бекіткен. ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 2 іс, 1 байлам, 33-36 б.)*

Онда уезде қазіргі қолданылып жүрген заңға сәйкес «Қосшы» одағын ұйымдастыру туралы мәселе қаралып, уездегі «Қосшы» одағын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу үшін құрамында 5 адамнан: Нахимжан (төрағасы), Лебедев (төраға орынбасары), мүшелері: Даулов, Сейтқазиев, Ағытаев – ұйымдастыру бюросын құрды, оларды ұйымдық мәселелерді дайындап, ревкомның келесі отырысына бекітуге ұсынуды міндеттейді. Ал бес күннен кейін Бағдаулетов, Ізмағанбетов, Еркеғұлов, Тұржанов уезде «Қосшы» одағын ұйымдастыруға тағайындалды (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 9 іс, 2-3 б.).

Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатта Ә.Нахимжанның Өлкелік «Қосшы» одағы бюросына жазған мәлімдемесі сақталған. Ол өзінің Каспий теңізінде жол қатынасының ашылмауына байланысты Форт-Александровскіге 10 сәуірде ғана келгенін хабарлап, сонан бері бір ай мерзімде істеген істерін баяндайды:

«...Жинақталған материалдар мен алынған мәліметтерге сәйкес Адай уезі Бозашы, Александрбай, Үстірт-Қарақұм, Ойыл аудандарына бөлінеді.

– Бозашы ауданы Бозашы түбегінде орналасқан. Оған: I-II-III-Бозашы, Жеменей, Түрікменадай және IV-Бозашы болыстарындағы елді мекендерде тұрғандар енді. Бұл болыстардың аздаған халқы Ойыл өңіріне, негізгілері аталған елді мекендерде көшіп-қонып жүреді.

– Александрбай ауданы Маңғыстау түбегінде орналасқан. Бұл ауданға I-II-Маңғыстау, Түпқараған, Райымберді болыстары бекітілген. Бұлардың негізгі кәсібі – тау бұлақтарын пайдалану арқылы егістікпен айналысу. Сондықтан түбек айналасында көшіп-қонады.

– Көлемі жағынан ең үлкен аудан Үстірт-Қарақұм. Бұл Үстіртті, Сам, Қарақұм құмдарын қамтиды. Оған Келімберді, YI-YII-Адай, I-II-Түрікменадай, Әли-Бәйімбет болыстары бекітілген. Бұлар негізінен көшпелі ел, тұрақты орны жоқ.

– Ойыл ауданына отырықшы екі болыс ел – Ойыл, Қазыбек және жартылай көшпелі – Шилі-Сағыз, Жем-Сағыз, Тайсойған-

Сағыз болыстары қарайды. Бұған қосымша I-II-III-IV-Адай болыстары, Сам-Матай және Ұлы Сам, Доңызтау-Аққолқа (*Аққолтық – 3.И.*) болыстары бекітілді.

Бұлардың барлығына жергілікті жерде ячейка (*ұя*) және «Қосшы» одағының ауылдық, болыстық бюроларын ұйымдастыруға өкілдер жіберілді».

(МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 33-34 б.)

Жоғарыда аталған 4 ауданға жіберілген ұйымдастырушы өкілдер алған тапсырмаларын жан аямай орындауға қызу кірісті. Олар ауылдан ауылға, болыстан болысқа ат сабылтып, күндіз-түні – сол кездегі байлардың айтқанындай «дастарқан басында отырып нан жеп көрмегендер» – жалшы, малай, кедей, батырақтардың қатысуымен сайлауларын өткізіп, мүше тартып, «Қосшы» ұйымдарының алғашқы ұялары мен болыстық, ауылдық бюроларын, тексеру комиссияларын құрды. Арада 3 ай өткенде, яғни 1926 жылғы 18 шілдеде Өлкелік «Қосшы» комитетіне: «18 болыстық бюро, 20 ауылдық бюро, 64 ауылдық ұя құрылып, оған 2027 мүше тартылды», - деген жеделхат жолданды (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 4 байлам, 40 іс, 10 б.).

Ал сол жылдың 1 қыркүйегінде тапсырған жазбаша баяндамасында уезде «Қосшы» одағы бюросының 26 болыстық, 26 ауылдық бюролары мен 72 ұя құрылғанын, оған 2292 мүше тартылғанын, алдағы уақытта мына мәселелерді жүзеге асыратындығын көрсетті: «Барлық төмендегі ұялардың ұйымдастыру жұмыстарын реттеп жөнге қоюмен съез жұмысына кірісу; ауылдағы ұялардың арасына байқаусызда кіріп кеткен залалды адамдардан тазарту; отырықшы аудандар елдерін қоныстандыру үшін жер-су мекемесімен бірлесіп жерлестіруге кірісу; ауылдық, болыстық ұялар жұмысын бақылау; ағарту жұмысын жандандыру; элеуметтік жұмысқа мүшелерді тарту; батырақтардың, кедейлердің балаларының сауатын ашу».

(ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 9 іс, 1 байлам, 8-12 б.)

Сөйтіп, «Қосшы» одағы ел өміріндегі барлық іске тікелей араласты. Партия, комсомол, кәсіподақ жиналыстары, ауылдық кеңес мәжілістері, сот шешімдері «Қосшы» ұйымы өкілінің қатысуынсыз заңды деп табылмады. Сондықтан «Қосшы» одағының жұмысын атқаруға, оның беделін, ұйымдастырушылық қабілетін көрсетуге, оның жарғысын ел арасында насихаттауға мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлері мен партия ұйымдарының өкілдері, ауыл белсенділері ат салысты. Қайда барса да өкілдер жарлы, кедей, жалшылар тарапынан «Қосшы» ұйымын құру жөнінде алғашқы кезде қолдау тапты. Оның өзіндік себептері болды. Атап айтқанда,

Ақмыш, Күркіреуік, Ұлыбау, 1-Есен ауылы, I-II-Түрікменадай, Батыр-Байбол, Медет, Жеменей, 1,2-Дәулетәлі, Кеше, Әли-Бәйімбет, Жем-Сағыз, I-II-III-IV-Маңғыстау, т.б. ауылдар мен елді мекендерде, болыстарда өткен жиналыс, мәжіліс хаттары осы пікірді қуаттайды.

Сол жиналыстардың күн тәртібіне негізінен «Қосшы» одағының мән-мақсаты, жолы, міндеті қойылды. Мұрағаттағы жинақталған деректердің барлығында да «Қосшы» одағын құру кедей, жарлы, батырақтардың мұң-мүддесіне сай деп табылсын. «Қосшы» одағы ұйымдастырылсын», - деп шешім қабылданды.

Ең алдымен ауылдық, болыстық «Қосшы» одағына тездетіп мүше қабылдау, ол жұмыста елеулі табысқа жетудің бірден-бір жолын Қазақстан Орталық атқару комитетінің өзі айқындады. Ол үшін «Қосшы» одағына мүше болғандарға артық құқық пайдалану, жеңілдік алу жолдарын белгіледі.

Біріншіден, «Көшпелі және жартылай көшпелі аудандардағы жерді пайдалану, жерге орналастыру, шабындық және егіндік жерлерді уақытша бөлу туралы» Қазақстан Өлкелік атқару комитеті президиумының 1926 жылғы 20 мамырдағы қаулысында көрсетілген: «...Шабындық және егіндік жерлерді бөлгенде ең пайдалы, құнарлы, пайдалануға қолайлы, қыстауға жақын жерлер кедейлерге бөлінсін. Бұл жөнінде оларға артық право берілсін. Әрбір ауыл бойынша мұндай артықшылық правомен пайдаланатын кедейлер тізімін жасау және ол тізімге «Қосшы» одағына мүше емес кедейлерді тіркеу «Қосшы» одағына міндеттелінсін» деген шешімі кедейдер мен батырақтардың «Қосшыға» мүше болуға ынта-ықыласын арттыруға себепші болды (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 2 іс, 69 б.).

Осы қаулыдан бір жеті өткеннен кейін елді елең еткізген тағы бір күрделі заң жарық көрді. Бұл – барлық ауылдық кеңестерге шұғыл және міндетті түрде «Егіндік және шабындық жерлерді еріксіз түрде қайта бөлу туралы» Декрет еді.

Декретті жүзеге асыруға Өлкелік партия комитеті, Өлкелік атқару комитетімен қатар Өлкелік «Қосшы» комитеті, ВЛКСМ Өлкелік комитеті де шұғыл атсалысты. Өлкелік «Қосшы» комитеті барлық ұйымдарға және «Қосшы» мүшелеріне, ауыл кедейлеріне, жері аз және жерсіз дала еңбеккерлеріне, байға жалданып жұмысын істейтін, жерін қорып, егінін егетін шалғышыларға, егіншілерге және жерге еңбек етіп, тер төгемін дегендерге арнап 1 маусымда Үндеу қабылдады.

Ол Үндеуде:

«...Декрет ауылдық кеңестерді, шабындық және егістік жерлерді еріксіз түрде қайта бөлу ісіне «Қосшы» одағын тартуды міндеттейді.

...Декрет ауылдық кеңестерді, жерді қайта бөлуді жүргізетін үштіктің жұмысына әрбір ауылдық ұялардың өкілдерін бекітуді міндеттейді.

...Декрет шабындық және егіндік жерлерді бөлгенде сапалы, құнарлы және қыстауға жақын жерлерді иеленуіне кедейлерге артық право пайдалануға рұқсат етті.

...Кедейлердің бұрынғы жер иелеріне, байларға, ру басы атақтыларға қарсы күресе ме, әлде кедейлер мүддесіне сай келетін ауылда жерді пайдалану жөніндегі билігі бар Совет үкіметіне қарсы шыға ма? Ендігі барлық іс тетігін шешу тек ауылдағы әрбір кедейдің өзіне тікелей байланысты. Кедейлер алғашқы жолмен жүруге тиісті. Кедейлердің өзінің құлдық бұғауынан басқа жоғалтатын еш нәрсе жоқ.

...Кедейлер енді өз одақтасы, өзінің мүддесін, мұң-мұқтажын қорғайтын қорғаушысы, ауылдық жерде билік жүргізетін қуатты қару – ауылдық совет екенін білуге тиісті. Оның «Қосшы» одағы сияқты өз ұйымы, басшысы, тірегі бар.

...Байлардың қарсылығын тек қана кедейлердің өздерінің ұйымшылдығы, бірлігі арқасында ғана қирата алатындығын ауылдық кедейлердің өздері түсініп, сезінуі керек.

...«Қосшы» одағына биылғы жыл – біріншісі және ең шешуші сын.

...«Қосшы» одағы жер жөніндегі күресте ауылдағы езілген таптың жетекшісі болуға тиісті. Осы күреске Өлкелік «Қосшы» одағының бюросы барлық «Қосшы» ұйымдары мен мүшелерін шақырады», - деп Үндеуге Өлкелік «Қосшы» комитетінің бюросы Жандосов, Беков, Хамзин қол қойды.

(ҚРОММ Р-769 қор, I тізбе, 11 іс, 121-124 б.)

Өлкелік комсомол комитеті де барлық губерниялық, Қостанай округтік, Қарақалпақ облыстық және Адай уездік ВЛКСМ комитеттеріне осы бағытта үндеу жариялап: «Біздің таяудағы басты міндетіміз – ВЛКСМ ұясы қайда болса – сонда «Қосшы» одағының ұранын жүзеге асыру», - деп жазды (ҚРОММ Р-769 қор, I тізбе, 11 іс, 135 б.).

Екіншіден, 1926 жылғы 22 шілдеде Қазақстан Орталық атқару комитетінің президиум мәжілісі «Қосшы» одағын дамыту және оны нығайту шаралары туралы ұйымдастыру бюросының төрағасы Хангереевтің баяндамасын тыңдап, «Қосшыға» мүше болғандарға «жер пайдалану және орналасу, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, несие алу, еңбек қорғау, өндірістік кәсіп, кооперацияға мүше болу, салық төлеу, халық ағарту, денсаулық сақтау салаларында,

сот ісінде, басқару ісінде, мекемелерде, ұйымдарда, саясат салаларындағы мүдделеріне, жеңілдіктері мен артық праволарды пайдалануға» ерік берді (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 79-81 б.).

Үшіншіден, сол кездегі «Қосшы» комитетінің басшылары Өлкелік партия комитетін «Қосшы» одағын ұйымдастыру жолында жергілікті партия, кеңес ұйымдарына қысым көрсететін құрал, қолшоқпар ретінде пайдалана білді.

Өлкелік «Қосшы» комитетінің төрағасы Хангереевтің 1926 жылы 11 тамызда БК(б)П Өлкелік комитетінің хатшысы Голощекинге жазған мына хаты соның бір дәлелі:

«...Кездескен қиындықтар мен кедергілерге қарамастан Өлкелік «Қосшы» одағы өзіне міндеттелген ұйымдастыру жұмыстарын аяқтап келеді. Бәленің ең үлкені, Ақтөбе губерниясында болғандай, уездік орган басшыларына дейін рулық топтасуында болып тұр. Алынған мәліметтерге қарағанда, «Қосшы» одағына көмек көрсету жөнінде орталықтан бірнеше циркулярлы жарлықтар мен тапсырмалар болуына қарамастан жергілікті партия, совет органдары немқұрайлы қарап, ешқандай көмек көрсетпеді. Сондықтан, Сіздің тікелей араласуыңызды сұраймын».

(ҚРОММ Р-769 қор, 1 іс, 2 тізбе, 47-48 б.)

Дәл осындай №6 құпия хат БК(б)П Өлкелік комитетінің секретариатына араға 4 күн салып жолданды. Мұндай шаралар кезінде «Қосшы» одағының кең етек алуына қолайлы жағдай туғызғаны сөзсіз.

Өлкелік «Қосшы» бюросы да «Қосшы» одағының сайлауын өткізуді бірінші кезекке қойып, үнемі қатаң бақылауға алып отырды. Осы жылғы 5 желтоқсанда сайлау өткізудің ақпарын беру жөніндегі арнаулы қаулыда: «Қайта сайлау барысы жөнінде әрбір 20 күн сайын мәлімет беру, онда науқанның жүру барысы жөнінде жан-жақты сипаттама және оны нақты цифрмен көрсету, сайлауға «Қосшы» мүшелерінің, әсіресе, әйелдердің қатысы, ауылдағы рулық тартыс, байлардың әсері, партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының басшылығы, жиналыста, съезде сайлаушылардың ұсыныс-пікірлерін анық көрсету» тапсырылды (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 114-115 б.).

Мұны облыстық мұрағатта сақталған «Қосшы» одағының жұмысын ұйымдастыруға жіберілген Тұржановтың (Александрбай ауданына), Измағамбетовтың (Үстірт-Қарақұм ауданына), Еркеғұловтың (Бозашы ауданына) мәлімдемелері толықтыра түседі. Атап айтқанда: Тұржанов Александрбай ауданына келісімен-ақ «11 ұя, 366 мүше тартылды»; Еркеғұлов Бозашы ауданында «49 ұя, 1600 мүше»; Измағамбетов Үстірт-Қарақұм ауданында «14 болыстық

бюро, 175 мүше қамтитын 4 ұя» ұйымдастырғанын уезге жазба түрде хабарлады (МОНМ 83 қор, 1 тізбе, 4 іс, 39-49 б.).

Түрлі жеңілдіктерді пайдалану үшін кедейлер мен жалшылардың «Қосшыға» мүше болуға деген ынтасының күн сайын өсіп отырғандығын көрсететін жоғарыда айтылғаннан басқа да бір-екі дәлел келтірудің артықшылығы болмас.

Қалалық «Қосшы» комитетінің өзінде ғана (1927 жылғы 2 қазанда «Қосшы» ұйымының төрағасы Құлбасов округке берген мәліметтерінде): «1, 2, 3, 4, 5-ауыл есебінен 564 мүше қабылданды. Олардың ішінде орта шаруа – 61, кедей – 503 адам; ері – 551, әйелі – 13; сауаттысы – 150, сауатсызы – 414; кооператив мүшесі – 98, кәсіподақ мүшесі – 88, комсомол мүшесі – 56, партия мүшесі – 50 адам», - деп көрсетсе (МОНМ 244 қор, 1 тізбе, 2 іс, 2 б.), III-Бозашы болысының 1, 2-Дәулетәлі, Жарылқасын, Меңдібай және Кеше ауылдары тек 1927 жылдың қаңтарынан наурызына дейін 22 ұяға 594 мүше қабылданғанын, оның ішінде батырақ – 276, орта шаруа – 318 адам екенін мәлімдейді (МОНМ 83 қор, 1 тізбе, 8 іс, 61 б.).

«Қосшыға» мүше қабылдау жұмысы жарғыда көрсетілгендей өз еркі, өтініш талабы бойынша жергілікті ұйым жиналысында жеке-жеке жүргізілудің орнына кейде топтап тарту да орын алды. Маңғыстау аудандық «Қосшы» комитеті мүшелерінің жалпы жиналысында (№5 қаулы) 66 адамды (53 ер, 13 әйел) бірден қабылдап, қаулы алды (МОНМ 81 қор, 1 тізбе, 1 іс, 4-5 б.).

«Қосшы» мүшелігіне мұндай топтап қабылдаудың мүше санын көбейтуге елеулі әсері болмай қалған жоқ. Адай уезіндегі «Қосшы» мүшелері 1926 жылы 4433 болса, 1927 жылы 7492, 1928 жылы – 8830 (оның ері – 7744, әйелі – 1086), 1929 жылы – 10730 (оның ері – 8775, әйелі – 1955) жетті. Бұл жылдары олардың ұлттық құрамы, әлеуметтік, жыныстық құрамында да үлкен өзгерістер болды.

Адай округінде «Қосшы» ұйымын ұйымдастырудың жалпы барысы туралы Өлкелік «Қосшы» комитетіне 1928 жылы 15 қазанда Сейтқазыұлы былай баяндайды:

«...Адай округінде елдегі жалпы кедей, қара шаруалардың басын қосып, ұйымға тарту үшін 1926 жылғы мамыр, маусым айларынан бастап науқан жүргізілген еді. Округтік кеңесімізбен бұл туралы нақты шаралар жасап, аудандарға белсенді азаматтар шығарып, олардың арасында ұйымдастыру жұмысы жүргізілген болатын...

Уәкілдермен 1927 жылы I-съезд шақырылып өтті. Сол туралы мағлұматтарды қарағанда мүшелеріміздің жалпы саны 7492 болған. Бұл мүшелер Маңғыстау және Ойыл аудандарында ұйымдастырылған. Басқа аудандарда ұйымдастыру жұмысы жүзеге асырылмаған.

Осы есеппен 100 кісі мүшеден 1 уәкіл шығарылып, Ойыл ауданынан бір-ақ кісі шығарылып, съезге 34 уәкіл шешуші дауыспен, 6 уәкіл кеңесші дауыспен келіп қатысқан. Ойылдан көп уәкіл алдырудың мүмкіндігі болмады. Жер шалғай алыстығы, екіншіден, қаражаттың жоқтығы болды. Бұларды тапқа бөлгенде 14 жұмыскер, 18 қара шаруа, 8 қызметкер болды. Жынысқа бөлгенде 1 әйел, өзгесі 39 еркек болған. Әлеумет-қоғам ұйымдарына бөлгенде 17-сі партия мүшесінен, 1-і жастар ұйымының мүшесі болған, басқалары партияда жоқ. Кәсіп ұйымының мүшелері – 25, «Қосшы» комитетінің мүшелері – 15. Съездің сайлауымен округтік «Қосшы» ұйымының толық құрылысы – 21 кісі, басқарма – 5 кісі болған.

Қазірде сайланған басқарма мүшелері басқа орындарға кіргендіктен және Форт қаласында қалғандықтан орнына жоғарыдағы толық құрылым мүшелерінен алып, басқарма жұмысын жүргізіп отырмыз».

(ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 66 іс, 112-117 б.)

Сөйтіп, «Қосшы» ұйымы 1926 жылдың 17 сәуірінен Адай уезінде өз жұмысын бастап, ұйымдастыру, саяси, шаруашылық, әлеуметтік мәселелерді тікелей өз қолына алған қуатқа ие болды. Аудандық жер бөлісі, тап жауларымен күресу, коллективтендіру, кеңестендіру ісіне белсене араласты.

Уездің орталығы бірде Форт-Александровскіге, бірде Ойыл қаласына көшсе де, уездің негізгі аумағына көп өзгеріс енгізбей тұрақты негізін қалап қалды. Жоғарғы орындардан қатынасқа шалғай, қаржы өнбейтін, шаруашылықты ұйымдастыруға қолайсыз деп, территорияның бір пұшпағын бірде Гурьевке, бірде Ақтөбе губерниясына қосып уезді жоюдың, оны жан-жаққа тартпақтаудың бәріне ел басқарушылары табандылық көрсетіп жер көлемін сақтады. Тарихи шындық осындай.

## Солақай саясат

Біз бұл жерде «Қосшы» ұйымдарының жұмыстарына саяси баға беруден аулақпыз. Ол тарихшылар мен зерттеуші-ғалымдардың ісі. Бірақ кезінде «Қосшы» одағын ұйымдастыруда қиындықтар мен кедергілер де, асыра сілтеушілік пен әпербақандық әрекеттер де, шалағайлық та, асығыстық пен үстірттік те кеткендігін айта кеткен жөн. Оларды топтап мына төмендегі жағдайлармен түсіндіруге болады.



Бұл ең алдымен, Адай уезі халқының мал жайылымына байланысты көшпелі өмірі, жер шалғайлығының ескерілмеуі. Ол үшін мұрағаттағы тарихи деректерге сөз берейік.

«Адай уезіне, - деп жазды Адай ревкомының төрағасы Садуақасов, - Октябрь революциясы 1917 жылдан кеш келді. Уез ол кезде Закаспий облысына қарайтын еді. Закаспий облысына ақ гвардияшылар мен ағылшындар орналасып, бізге Толстов бастаған ақ генералдар аз уақыт билік жасады. Біз, тек 1920 жылдан бастап қана тыныштық өмірге көштік.

*(Дұрысында, Маңғыстауда 1917 жылы 22 қарашада орнатылған Кеңес үкіметі 1918 жылдың тамызына дейін өмір сүрді. Содан 1920 жылғы сәуірде түпкілікті орнады. Ал көшпелі ауылдық жерде 1918 жылы Ә.Жангелдин сайлап кеткен ревком басшылық жасап келді – З.И.)*

1920 жылы маусым айында Қырғыз (Қазақ) Өлкелік комитеті Әлібеков Ғұбайдолланы Маңғыстаудан өз алдына уез ұйымдастыруға жіберді. Ол Адай руына қарайтын барлық бөлімдері мен топтары өкілдерін қатыстырып, Адай уезін ұйымдастыру съезін (дұрысы – кеңесі) Ақшелек деген жерде өткізді. Съезге негізгі ұйытқысы ретінде Адай қазақтары және Темір, Гурьев, Красноводск қазақтары қатысты. Адай уезіне Маңғыстау уезінен – 13 болыс, Темірден – 10, Красноводскіден – 2, Гурьевтен – 2 болыс ел енді. Яғни, 28 әкімшілік бөліктен ұйымдастырылды. Уез тікелей Орынборға бағынатын болды. Съезде уездік ревком басқарушылары тағайындалды. Ревком төрағасына Тобанияз Әлниязов, орынбасарына Сыдиық Жұбаев, мүшесі болып Хусаин Жаналиев сайланды. Алғашқы кезде уездік ревкомның тұрақты орны болмады. Ойылда, одан кейін Қопа деген жерде, одан кейін Фортқа орналасты».

Бұларды толық көрсетіп отырғанымыз, уездің алғашқы ұйымдастырылуын әркім әр түрлі жазып келсе, бұл кейбіреулерге белгісіз дерек. Ресми деректерде: 1920 жылы қазанда Бүкілқазақстандық бірінші құрылтай съезінде Маңғыстау уезін Адай уезі деп жариялады. Съезд Адай уезінің ревкомы төрағасы етіп Тобанияз Әлниязовты, орынбасары етіп Сыдиық Жұбаевты сайлады делінеді.

Шындығында, бұл сол жергілікті съездің шешімдерін бекіткен болып шығады. Оған дәлел Адай ревкомының орынбасары Мыңбаевтың 1923 жылы 14 наурызда Орталық атқару комитетінің I сессиясының президиумына жазған баяндамасында: «Маңғыстау уезінен – 12, Красноводскіден – 2, Темірден – 11, Гурьевтен – 2 болыс ел Адай уезіне берілді. Жер көлемі 300000 шаршы шақырым» деп көрсетілді (МОММ 214 қор, 1 тізбе, 59 іс, 17-19 б.).

Сонда Садуақасов пен Мыңбаевтың мәліметтерінде Маңғыстау мен Темірден Адай уезіне енген болыс есептері бір-біріне қайшы. Адай округінің өлкеге берген есебінде 30 миллион гектар жер деп көрсетілсе, уездік ревком баяндамасында 170 мың шаршы шақырым деп жазылған.

Халықтың есебі де осындай әр түрлі айтылады. Округтің өлкеге берген есебінде шамамен 245822 қырғыз (қазақ) және 4178 басқа ұлт өкілдері тұрады деп берілсе, ревком баяндамасында 166985 делінген. 1925 жылғы есептерде де әр түрлі мағлұматқа кезігеміз. Бірде халықтың жалпы саны 130641, бірде 128484 (66716 ер, 61768 әйел) деп жарияланған (МОММ 270 қор, 1 тізбе, 27 іс, 26-27 б.).

Қалай болғанда да міне осындай кең аумақта «аттың жалында, атанның қомында» кейде жаяу жалпылап, шұғыл түрде «Қосшы» ұйымының жұмысын жүргізу, мәлімет жинау оңай шаруа емес. Оған үлкен қажыр-қайрат, іскерлік жұмсалғаны сөзсіз. Бұл шындық.

Оны Адай округі «Қосшы» комитетіне округтік комитетінің нұсқаушысы Елтебекұлының 1928 жылы Ойыл ауданынан жазған баяндамасы қуаттайды: «Ойыл бұрынғы Тайсойған-Сағыз, Шили-Сағыз, Жем-Сағыз, Ойыл және Қазыбек болысынан құрылған ел екен. Жердің көлемі 2 мың шаршы шақырым шамасындай. Осылардың ең қашық орналасқандары: 14, 17, 18, 15, 16-ауыл халқы. Бұларға сөз айту қызметі жүргізілген жоқ. Соңғы 15, 16-ауылдарда «Қосшы» одағы құрылған жоқ» (МОММ 262 қор, 1 тізбе, 18 іс, 1 б.).

«Қосшы» одағын ұйымдастыру, халықтың орналасуы, тыныс-тіршілігіне сай келмейтіндігі туралы жергілікті ауылдық ревкомдар мен басқа да ел басшыларының пікірлері уезге мезгілінде хабарланған. Олар заңдандырып, жазба түрде «Қосшы» жұмысын жүргізуге жөні жоқ», - деп қаулылар да алған. Сондықтан да 1926 жылы 17 қарашада Адай уезінің «Қосшы» комитеті «Ұлы Сам һәм Сам-Матай болыстық ревкомдарының һәм «Қосшы» бюроларының 112-174 санды қатынастарын» арнайы қарап, мынадай қаулы алды:

«Адай-Табын ауданындағы Ұлы Сам, Сам-Матай болыстарының жазған қатынастары бойынша һәм тағы бірнеше болыстар жазған тақырыптарды ерсілі-қарсылы тексеріп қарағанда, ел ішінде отырықшы, еңбекші жоқ емес, тек болыстағы кеңестер орындарының жігерсіздіктерін һәм халықтың арасында түсіндіретін нұсқаушылық жоқтығын көрсетеді. Бұл бірінші.

Екінші жағынан, Үстірт-Қарақұм ауданында бойлай көшіп жүретін I-II-III-IV-Адай болыстары мен VI-VII-Адай және Келімберді болысындағы елдердің тұрақсыздығының арқасында уездегі кіндікпен байланыс жасай алмағандығы. Адай-Табын ауданын-

дағы Ұлы Сам, Сам-Матай, Доңызтау, Аққолтық болыстарындағы «Қосшы» орындарының жұмысын ұйымдастыру туралы Адай ревкомынан сол районға өкіл болып шығайын деп тұрған жолдас Қаржауұлы барып, «Қосшы» ұйымының негізгі мақсатын түсіндіргеннен кейін, еңбекші көзқарасы қандай, ынтасының бар-жоғын айтып, уез «Қосшы» бюросына хабар жіберу міндеттелсін.

Жоғарыда көрсетіліп кеткен Үстірт-Қарақұм ауданындағы бойлай көшпелі елдер қақында істеген жұмыстарынан жүзеге асқандай еш нәрсе шықпағаны үшін болыстық бюролар ажыратылып, «Қосшы» ұйымдастыру жұмысы болыстық ревкомдарға міндеттелсін. Бұл туралы Адай уезінің ревкомынан сұралсын).

(ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 1 байлам, 3 іс, 179-180 б.)

Адай уезі «Қосшы» комитетінің бұл қаулысы сол кездегі өмірдің шындығын көз алдымызға толық елестетеді. Онда «Қосшы» одағын ұйымдастырудағы қарсылықтың әр түрлі көрінісі, елдің көшпелі өмірі, тыныс-тіршілігі, жер шалғайлығы, ақырында солақай саясаттың тізеге салып, күш көрсетуі, болыстық комитеттерді таратып, олардың жұмысын ревкомға жүктеп, сол арқылы елдің бетін қайтару, қорқыту, тағы басқа да әрекеттердің айла-шарғысы байқалады. Уездік «Қосшы» комитетінің бұл қаулысы кейін Өлкелік комитетте қаралып, тиісті шешім алынған.

Бірақ қалай дегенмен де, «Қосшы» одағының жарғысы мен нұсқауында Қазақстан аумағындағы әрбір уез, губерния, округ, облыста тұратын халықтың орналасуы, кәсібі, тыныс-тіршілігі ескермегендігі анық. Сондықтан да асығыс, шалағай қабылданған солақай саясаттан «Қосшы» одағы ұйымдарын ұйымдастыруда жоғарыдағыдай елеулі қиындықтар, кедергілер туған. Жарғы бойынша «Қосшыға» жартылай пролетариат, малшы, жалшы, кедей-жарлы, жерсіз, кедейлікке таяу тұрған орта шаруа ғана мүше бола алады делінген. Жасыратыны жоқ, сол кезде дәл осы көрсетілген категориядағы адамдардың сауаты ел басқаруға жетіспеді. «Кеше жүрген жарлы едің, бүгін қайдан байыдың», - деп олардың ел басқаруға тұрғандарын кейбіреулері келеке етіп, ел аралауға көлік бермеді, лау жасамады. Бұл арасы алшақ елді басқаруға қиындық жасады. Оның үстіне «Қосшы» одағының құрылған кезі «жұт – жеті ағайынды» болып тұрған кезеңге тап келіп, есі бардың өзін есеңгіретіп қойған шақ еді. Бұл жайды 9-ауыл «Қосшы» комитетінің ағасы Палуанбайұлының аудандық «Қосшы» комитетіне жазған мына мәлімдемесі толықтыра түседі:

«Менің, - деп жазады ол, - үйім бұл жерде отырып күн көре алмағандықтан, Шағадам жеріне кетті. Бұл жерде ішетін-жейтін жоқ

болды. Нәпақа қылуға сататын малым жоқ. Әкем Базардың бір түйесі бар еді, соған қатын-балаларын мінгізіп, Шағадам жеріне шұбырып кетті. Елде мен қалдым. Мен ел аралауға жалғыз, жаяу кеттім. Көлік жоқ, жаяу жүрмін. Жаяу жүріп қызмет бітіре алатын емеспін. Ел көрінген жерге көлік бермейді».

(МОММ 224 қор, 1 тізбе, 19 іс, 4-5 б.)

Өз басы осындай кіріптарлыққа ұшыраған адамдар ел басқарғанда онан қандай ұйымдастырушылық, іскерлік қабілет талап етуге болатындығы өз-өзінен-ақ түсінікті болса керек.

Халқымыздың сабырлы мінезі, жомарттығы, ақыл-парасаты, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен ділмарлығы, туған даласындай кең пейілділігі, қай ел, қай халыққа да мақтан тұрарлық салт-санамыз, әдет-ғұрпымыз қалай айтсақ та сөз етуге тұрарлық қасиет. Бірақ, соған қарамастан өзге жұрттан гөрі бірімізді-біріміз қаралауға келгенде, науқаншылдыққа, әсіресе, саяси науқан десе, қос құлағымыз жел іздеген ебелектей, бәйге атындай тықыршып, жаттан гөрі жақынның, қатар жүрген азаматтың терісін қан шығармай сыпыруға келгенде алдымызға жан салмайтын жағымсыз әрекетіміз бен кісәпірлік содыр мінезіміздің де бар екенін несіне жасырамыз.

Қызылдар мен ақтар, байлар мен кедейлер болып өзара қан төгістен басталған Қазан төңкерісі большевиктердің бастауымен бітіспес тап күресіне жол ашып, жарлыларды «жарқын болашақты» өз қолдарымен орнатуға шақырғанда адамдар арасындағы ежелгі бақастық, бақталастық бұл ретте де олардың жолын кесті. Басбасына би болуға талпынғандар байсалды байлам жасауға ұмтылған адамдардың атын тартып мінді де, дағдарыста отырған халықтың алдына ойнақтап шыға келді.

«Еңбекші қазақ» газетінде 1926 жылғы 4 қарашада жарияланған мына мақала сол кездегі осындай жағдайды көз алдымызға елестетеді: «Адай уезінде 1926 жылдан бастап «Қосшы» одағын ұйымдастыру жұмысы жүргізілген. Осы күні үш мыңдай мүшелері бар. «Қосшы» одағын ұйымдастыру жөнінде нұсқаушы жетіспейтін көрінеді. Сондықтан болыстық «Қосшы» одағы басқармаларына болыстағы атқамінер, ақсақалдар кіріп кетіпті. Мысалы: Күшік Жаманатұлы, Сәуірбек Тағайұлы дегендер. Бұлар бұрынғы патша тұсында болыс, ауылнай болған қулар еді. Бұлар «Қосшы» бастығы болып ондырмайды. Сұрыптау мезгілінде бұларды аластау керек», - деп Мақтапұлы қол қойған (бүркеншік аты болуы да мүмкін – З.И.).

Уездік ревкомына келген ол мақала бетіне «Қосшы» ұйымының уездік бюросына жіберілсін» деп біреуі алып, «Шара қолдануға 16.01.1927 жыл» деп екінші бастық қол қойған. Адай уезі ревкомы-

ның жанындағы ұйымдастыру бөліміне: «Газеттің көшірмесіне сәйкес Күшік Жаманатұлын, Сәуірбек Тағайұлын «Қосшы» жұмысына алмауға қандай сипаттама материалдар бар. Жіберуіңізді өтінемін», - деп уездік «Қосшы» ағасы Сейтқазыұлы 3 ақпанда сұрау салды. Осыдан кейін Күшік Жаманатұлы, Сәуірбек Тағайұлы туралы мәлімет еш жерде кездеспейді. Шамасы олардың ісі бүркеншік атпен, бұғып жатып жазған бір домалақ арыз-мақаламен тынған болуы керек.

Мұрағат деректеріне тіл бітіріп сөйлетсек, «Қосшы» одағын ұйымдастыру кезінде рушылдықтың, жерлестіктің кең етек алғанына да көз жеткіземіз.

1928 жылы тамыздың 9-ында Шетпе жерінде 8-ауылдың ауылдық «Қосшы» комитетін сайлау жиналысы өтіп, онда ұйымдастыру мәселесін қарап Әлібай Шомақұлы «Қосшы» ағасы болып сайланады. Оған кезінде қатысқандар қол көтеріп, дауыс берген. Бірақ артынан «Қосшы» комитетіне, басқа да орындарға: «Әлібай Шомақұлы Бозашыдан келген, біздің ауылдың адамы емес, ал 8-ауылдың қарамағында 200-дей «Қосшы» мүшесі бар. Әлібай Шомақұлынан басқа адамды жіберсеңіз екен» деген арыз түседі. Оны жазып отырған Жұбандықұлы «Қосшы» комитетінің осы сайлауында – мүше, Төлешұлы – хатшы болып бірге сайланғандар.

Мұнда Шомақұлына қойылған басты кінә – сол ауылдың азаматы болмағандығы. Осы арыз бірнеше рет ерсілі-қарсылы қайталанып жазыла бергендіктен Ә.Шомақұлы бұл қызметтен босатылады. Шындығында Ә.Шомақұлы қолынан іс келетін кадр болып, кейін аудандық жауапты басқару қызметіне көтерілгендігін дәлелдейтін құжаттар жеткілікті (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 8 іс, 1-6 б.).

Ауылдық, болыстық комитеттерінің төрағаларына жала жабу сол кездегі бақталастықтың тек бір ғана көрінісі. Мұрағаттағы құжаттарда Досқожаұлының, Қарашолақұлының, басқа бірнеше ондаған жолдастардың үстінен аудандық, уездік, Өлкелік комитетке арыздар жазылды. Сондықтан да ол кезде «Қосшы» одағында бастықтарды жиі ауыстыру, оларды тұрақтандырмау дағдылы іске айналып, жұқпалы мерездей тарады.

От пен судың арасында жүріп қызмет еткен сол кездегі адамдардың сыртынан жазылған домалақ арыздардан басқа да аты-жөні жазылған, отбасына жасындай жарқылдап, жай түсіргендері де аз емес.

Сондай тағдыр тәлкегіне ұшырағандардың бірі Салтанат Баймырзаұлы. Ол Кеңес үкіметі орнағаннан бастап ауылдық мектепте мұғалім, онан қылмыс-қудалау мекемесінде агент-инспектор, про-

куратурада іс басқарушы болып қызмет істеді. Партия қатарына кірді. Бірақ өзімен бірге оқыған Орынжан Шымырұлы дегеннің «Салтанат Баймырзаұлы діншіл, молданың баласы» деген көрсетуі қай жерге барып қызмет істесе де «Қорқыттың көрі» алдынан шыға берді. Партия қатарынан аласталды.

Тағы бірнеше дерекке жүгінелік. Бұл Түрікмен КСР-ы, Красноводск аудандық атқару комитетінің 1930 жылғы екі қатынасына сол кездегі Маңғыстау ауданы финанс бөлімінің меңгерушісі, әрі аудандық кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары Махановтың Жұмағали Көбеевке берген мінездемесі:

«Азамат Көбеев бұрынғы Адай уезі, қазіргі Маңғыстау ауданы Форт-Александровск қаласының №1 ауылында туған.

Оның әкесі Тасмағанбет Көбеев – дәулетті чиновник, бұрынғы уез басқармасының бастығы. Ескі тәртіп кезінде аудармашы-хатшы және 12-болысты басқарған кезекші басқарма болып қызмет атқарған. Бүкіл Адай руына үстемдік жүргізген Көбеев Жұмағалидың әкесі Тасмағанбет Форт-Александровск қаласының ірі байы, жері, үйі бар. Қазіргі күні үй мен жер Жұмағали Көбеевтің иелігінде.

Оспан Көбеев бұрынғы полковник және Әбдірахман Көбеев князь атағын пайдаланған. Оның үстіне Әбдірахман Көбеев бүкіл Түркістан өлкесіне, ішінара Красноводск уезіне де белгілі адам. Қазіргі кезде полковник Оспан Көбеев айдауда жүр, ал Әбдірахман қайтыс болды.

Азамат Жұмағали Көбеев ата-тегінің беделін пайдаланып жүр. Оның өз әкесінің аты – Тастамбек.

Ж.Көбеев 1923 жылдан финанс органдарында еңбек етті. Соңғы кезде финанс бөлімінде салық қызметкері болды.

Ж.Көбеев, біріншіден, қазіргі кезде контрреволюционер болып, тұтқында отырған Салдыбай мен Қалдыбайдың сүйеуімен қызметке орналасты.

Екіншіден, Жұмағали Көбеев финанс қызметінде жүргенде тек қана тап жауларының, байлардың мүддесіне, солардың пайдасына ғана жұмыс атқарды.

Жоғарыдағыларды хабарлай отырып, Ж.Көбеев тап жау ретінде Совет органы қатарында болуға тиісті емес деп табамын».

(МОММ 17 қор, 1 қосымша, 94 іс, 104-107 б.)

Өзімен бірге қызмет істеген қатардағы адамға берілген мінездеменің сиқы осындай болғанда, сыныққа сылтау таппай тұрған заманда адамды заңсыз түрде жауапқа тартудың мұнан оңай жолын табу қиын да болар. Мінездемені жазған Маханов білді ме, немесе білмеді ме, негізінен үш мәселеге назар аудармаған.

Біріншісі, «оның әкесі Тасмағанбет Көбеев дәулетті адам» десе, екінші жерде «оның өз әкесінің аты Тастамбек» дейді.

Екіншіден, «азамат Жұмағали Көбеев ата-тегінің беделін пайдаланып жүр» дейді. Ата-тегін пайдаланған адам салық жинаушыдан гөрі беделдірек басқару жұмысындағы бір қызметтің тұтқасын ұстамай ма?

Үшіншіден, «Жұмағали Көбеев финанс қызметінде жүргенде тек қана тап жауларының, байлардың мүддесіне, солардың пайдасына ғана жұмыс атқарды», - дейді. Ал ол Махановтың қарауында 7 жыл еңбек еткен. Егер ол тек тап жауына қызмет етсе Саяси бас басқарма қызметкерлеріне неге кезінде хабарлап, осы мінездемені оларға тапсырмаған? Оның ағалары Оспан Көбеевке, Салдыбай мен Қалдыбай Көбеевтерге әлі келген Саяси басқарма мен заң қызметкерлерінің қатардағы салық қызметкеріне әлі келмейді деп қорыққаны ма? Қалайда бір шикілік осы тұста бар сияқты.

Бұл кезеңде бірсыпыра кадрларды тікелей нұсқаумен, біреудің сырттан көрсетуімен көзін жоюдың да орын алғанына күмән келтіре алмаймыз. Маңғыстау аудандық партия комитетінің сол кездегі хатшысы Ведениктов: «Өте құпия. Махатовқа. Сіздің аппаратта Сәрсенбаев деген жат элемент қызмет етеді. Ауылдарға әсері болмас үшін оны тездетіп қызметтен босатуға шара көр», - деп 13 желтоқсан 1929 жылы міндеттеген (МОММ 17 қор, 1 қосымша, 94 іс, 135 б.).

III-Бозашы болысы «Қосшы» одағы болыстық комитетінің бастығы Тілеген Қарашолақұлының үстінен өз жерлестері бай, болком болуға құқы жоқ деп бірнеше рет арыз жазды. Ең соңында 1927 жылы сәуірде: «Қарашолақұлының 120 қойы, 15 шамалы жылқысы, 5-6 түйесі болғандықтан болыстық комитеттің бастығынан, «Қосшы» мүшелігінен аластатылсын», - деп шешім қабылданады (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 8 іс, 36 б.).

Мұндай келеңсіз фактілер жеткілікті болғанмен оларды тере берудің де қажеттілігі шамалы. Келтірілген бұл мысалдар өмір деген ұлы мұхиттың бетінде дауыл тұрып жатқанда тағы да қайталамауға сабақ болар деген тілек-үмітпен келтіріліп отыр.

«Қосшы» одағын ұйымдастыру кезіндегі солақай саясаттағы кемшіліктің ең ауыры, әрі бастысы – сол кездегі елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайы ескерілмеді. «Буынсыз жерге пышақ ұрылды». Ең алдымен жұтқа, ашаршылыққа ұшырап, бала-шағасын асыраудың өзі қыл үстінде тұрғанда «Қосшы» одағын ұйымдастыру, «Жәрдем» комитеттерін жою, сайлау өткізу, «Қосшы» одағы мүшелері арасында тазалау, сұрыптау жүргізу, егіндік және шабындық жерлерді еріксіз түрде қайта бөлу сияқты саяси науқандар тек

күшпен, тізеге салу саясатымен еріксіз іске асырылды. Өйткені, бұл кезде жұттан жұтап шыққан ел босқыншылықта еді. «Құдай қорлағанды пайғамбар асасымен түртеді» дегендей, 1922 жылдан бері жыл аралап қайталап тұрған жұт, қуаңшылық, ашаршылық кезде «Қосшы» одағын ұйымдастыру адам тағдырын тәлкек етумен бірдей болды.

## «Қосшы» – жұт жылдарында.

Өмірдің қаталдығын қазіргі жастар сезінбей өсті. Өйткені, жақсылы-жаманды, қанша қиын жағдай болса да иығы жыртылып киім кигенді, түлкі құрсақ жүрсе де нан сұрағанды көрмей өсті. Әсіресе, 1921-1922 жылдардағы аштық, 1924-1925 жылдардағы қуаңшылық, 1927-1928 жылдардағы жұт, 1932 жылғы жаппай ашаршылықтан көбі хабарсыз. Өйткені, «өткен күннің белгісі жоқ».

Алайда «Қосшы» одағы өмірде таңдайыңа ас тигенде емес, маңдайыңа тас тигендей кезеңде ұйымдастырылғанын кейінгі ұрпаққа жеткізу аға ұрпақтың басты міндеті. Сөзіміз дәлелді болу үшін тарихи айғақтарға сөз берейік.

1927 жылғы Адай уезі кеңесінің І-съезінде жасалған баяндамада 1922 жылғы ашаршылықтан туған зардаптың көрінісі былай көрсетіледі: «...1922 жылғы аштық Табын ауданына қарайтын 6 болыс елдің 3 болыс елін жойды. Қалғандары аштықтың салдарынан өлді, үй қожалықтары қирады. Тірі қалғандары Хорезм республикасына жер ауып босып, сонда тұрақтап қалды. Осының әсерінен 25-ақ болыс ел қалды. 1925 жылы қыркүйекте ғана уездік ревкомның талап етуі бойынша Қазыбек және Ойыл болысы мен Ойыл қаласы Адай уезіне қосылып, қазір 27 болыс (176 ауылдық кеңеске қарайтын) ел болдық» (МОММ 276 қор, 1 тізбе, 27 іс, 26-71 б.).

Мұның үстіне 1924-1925 жылдары Адай уезінде қуаңшылықтың салдарынан 15 болыс ел (І-ІІ-Маңғыстау, Түпқараған, ІІ-ІІІ-ІҮ-Бозашы, Жеменей, Шилі-Сағыз, Жем-Сағыз, Доңызтау-Аққолтық, Ұлы Сам және І-ІІ-ІҮ-ҮІІ-Адай болыстары) жұтқа ұшырады (МОММ 214 қор, 1 тізбе, 12 байлам, 115 іс, 1-110 б.).

«Қосшы» одағы ұйымының ең тәуірі саналған 5-ауыл №2-ші ұясында 1928 жылға қарай 60 үйде 14 сиыр (ол тек 7 отбасында), 16 жылқы (ол 14 үйде), 25 түйе (ол 13 үйде), 260 қой (ол 16 үйде) ғана қалған. «Қосшының» негізі – ақсирақ кедейлер мен жалшылар болды.



1927 жылғы жұт «жауыр үстіне шикан шығарды». Бұл жұт 17 болыс елдегі 28622 қожалықтың 12532-ісін, немесе, бүкіл Адай уезіндегі елдің 43,7% қамтыды. 87832 бас ірі қара, 507301 бас ұсақ малдар қырылды (МОММ 259 қор, 1 тізбе, 1 іс, 74-81 б.).

Жұт апаты елге есепсіз шығын әкелді. Осы жұттың жұтқыншағына жұтылғандардың жайын көрсететін нақты деректерді жеке болыстар мен үйлер бойынша көрсетуге де болады. Оған Жеменей болысы Қалша ауылынан келген мына хатты дәлелге келтіре кеткен жөн: «Осы ауылдан 17 қарашадан 8 қаңтарға дейін 24 үйден 302 ешкі, 70 қой, 33 түйе, 8 жылқы, 6 есек, 8 қаңтардан 9 ақпанға дейін, яғни бір айда 30 үйден 14 ешкі, 47 қой, 15 түйе, 4 жылқы, 2 есек шығынға ұшырады. Арқадан қырға көшкенде 12 үй 298 ешкі, 340 қой, 57 түйе, 55 жылқы, 2 есектен айырылды». Осы болыстың 3-ауылынан 3 сиыр, 75 жылқы, 55 түйе, 552 қой-ешкі өлді (МОММ 249 қор, 1 тізбе, 1 байлам, 3 іс, 1, 8, 27-28 б.).

Егіншілікпен айналыспаған, қуаңшылықтың әсерінен малдан айырылған ел босқыншылыққа ұшырап, «байтал түгіл, бас қайғы борасынға» кезікті. Ел жаппай күйзеліп, «балапан басына, тұрымтай тұсына» басы ауған жаққа көше бастады. Ақтөбе, Астрахан және көрші республикаларға астық іздеп босты.

Форт-Александровск қаласы жұтқа ұшырағандарға толды. Қалаға 515 үй мал-мүліктен айырылып (III-Бозашы болысынан 114 үй, II-Бозашы болысынан 44 үй, I-Маңғыстау болысынан 17 үй, Әли-Бәйімбет болысынан 12 үй, Келімберді болысынан 21 үй, II-Маңғыстау болысынан 52 үй, Жеменей болысынан 57 үй, I-Бозашы болысынан 115 үй, IV-Бозашы болысынан 61 үй, Түпқараған болысынан 22 үй) көшіп келді. Олардың халі өте ауыр болды. Аштық, жалаңаштық етек алды. Ата-анадан бала баладан ата-ана айырылып, ел ботадай боздады. Ел басына зұлмат күн туды (МОММ 1 іс, 252 қор, 1 тізбе, 1 байлам, 111-120 б.).

Бұл ретте Адай округтік комитетіне жазылған мына арызға назар аударайық: «Осында келгенімізге 3-4 ай болды, мал жоқ, кіруге үй жоқ, күйіміз өте нашар. Енді сізден жәрдем болмаса өлуіміз мүмкін. Бізге не жәрдем бар», - деп Бақытжанұлы, Жайлаубекұлы, т.б. 10 адам қол қойып арыз берді. Арыз бетіне «14.IX. Еске алынсын» деп бір бастық, екінші бастық: «Мал сұрайды» деп бұрыштама соға салған. Екеуі де қолын қоймаған. «Қобызымыз не дейді, сен не дейсің?» дегендей, жұтқа ұшырағандардың арызы анау, арызға берген жауаптың сиқы мынау (МОММ 262 қор, 1 тізбе, 1 байлам, 1 іс, 23 б.). Үстірт-Қаракұм ауданынан жұтқа ұшырап келген 23 адамның осы мазмұндас жазылған арызы есепке де алынбаған,

бұрыштама да соғылмаған. Жұтқа ұшыраған мына екі әйелдің зарын тебіренбей оқу мүмкін емес:

«Мен Бозашыдан жұтап, шұбырып келдім, қазынадан көмек алып күн көріп отыр едік. Осы жылы 14 қыркүйек күні ерім Сасықбай жағадағы бір орыстың қайығына күндікші болып жүр еді. Ау тартуға барып, желдің күштілігінен суға кетіп өлді. Талап етіп, күн көретін ерім өліп, жетім-жесір қалдым. Көмектесуіңізді сұраймын», - деп Жәменке келіні 1928 жылы 24 қыркүйекте арыз берді.

«Мен, - деп жазады Қалмақан Қыдырұлының әйелі, - осы жазда Бозашыдан малымыз жұтап, байымыз екеуіміз қалаға келдік. Ағаш үйіміздің ағаштарын отқа жақтық. Ешқандай малымыз жоқ. Екі баламызды арқалап жаяу зорға жеттік. Ниязбай Тышқанбайұлының үйіне кіріп отырмыз. Осы тамыз айының ортасынан арғы жерде берілген астық таусылып қалды. Отын, тезек те жоқ, халық үстінен қайыршылықпен күн көріп келеміз. Сондықтан сізден көмек сұраймыз. 1928 жылы 1 қазан», - деп қол қойған (МОНМ 244 қор, 1 тізбе, 11 іс, 6, 7, 20, 21 б.).

Істегі мұндай жеке адамдардың арыздарынан басқа да құжаттарға зер салып қарайық. Маңғыстау аудандық «Қосшы» комитетінің ағасы Төлепұлының баяндамасында: «Баспанасыз батырақтардың 80 шамалы баласы қаладағы бос үйлерге қыс бойына жазға дейін орналастырылды. Батырақ, кедей балаларының нағыз ауру, әлсіздеріне Қызыл крест докторы арқылы тамақтан жәрдем беру жағына қам етіп жатыр», - деп көрсетілген. Баяндамада ауырмаған аш балаларға қандай көмек туғызылды, киім-тамағы, жатар орны, төсегі туралы бір ауыз сөз жоқ. Жаз шыққандағы олардың тамағы не болатыны да белгісіз, жұмбақ күйінде қалған.

Жұт жайлаған елдің жағдайына ешкім де тебіренбеді, оған қабырғасы қайыспады, мұң-зарына селқос қарады десек, ел басқарған азаматтарға да, тарихқа да қиянат жасаған болармыз. Дегенмен, апатқа ұшыраған ел басындағы ауыр халді жоғары орындарға жасырмай, қаз-қалпында хабарлап, жұттан аман қалудың жолын көрсеткен азаматтар аз емес. Оған Адай округтік «Қосшы» комитетіне Жеменей «Қосшы» комитетінің ағасы Шұмақұлы мен І-Бозашы қосшыком ағасы Шәдірбайұлының 1928 жылғы 19 наурызда жазған мынадай хатын дәлелге келтіруге болады:

«Осы жылғы қыстың қандай екені және жұттың қандай екені әр елдің лауазым иелеріне мәлім болса керек. Осы жылғы 18 ақпаннан бастап бұрынғы қардың үстіне адам көрмеген қалың қар жауып, боран күшті болды. Малдың жұты күшті болды. Бұрынғы бораннан Бозашының Уаққұм, Қызылқұм деген жерлері аман екен.

Осы бораннан Қызылқұм бойында қой деген малдан тұқым қалатын емес деуге болады және жылқы да солай. Түйе малдан ауыл басында бір-екіден аман тұрғандары бар. Осының бәрінен көтерем ел өте қатты күйсіздікке ұшырады. Тұщықұдық-Шебердегі арғы Бозашының тобына яғни, Жиделі, Абыралаң (*немесе Айыралаң, оқылуы қиын, көмескі – З.И.*), Тасорпа және Қалмамбет тума, солай Қатқыл түбекке қараған жағында малдан тұқым қалған жоқ.

Бәрінде отын жоқ. Ішетін тамақ жоқ. Киетін киім жоқ. Біреуге біреу қатынаса алатын емес. Адам көрмеген ашаршылыққа айналған сияқты. Бес үйдің, он үйдің жандары бірігіп бір үйге кіріп отырған секілді. Басқа үйлерін жағып, өлген малдарын сойып жейін десе, әлі қатып жатыр.

Қардың қалыңдығы сонша, жаяу түгіл семіз ат, сеңсең тон киген адам да ешқайда аса алатын емес.

Қиындық сонша, ел ішіндегі агенттік астықтары болса, оны қол қойып алуға дүз жанатын емес. Бір үйде бір пұт астық болса оны аш адам бірігіп келіп қол қойып ішуге айналып отыр, міне осының бәрі де күйсіздіктің мықты әсері.

Жоғарғы айтылған хабарды ауызба-ауыз айтып тұрған адамдар бар. Және жалаңаштан, аштан өлген, суықтан үсіп өлген адам көп секілді. Қалмамбет басындағы молда Сүлеймен дегеннің қойшысы Жеменей болысының Құржау Қойшыбайұлы деген жетім бала екен. Жасы 15-те. Қой малы өлгесін молда батырақ қойшы баласын Бозашының Қызылқұм деген жеріндегі ауылына жаяу жіберді. Осы қыстың бораны мен қалың қарында. Бұл нені көрсетеді? Әрине, діншіл молданың жетім, батырақ қойшы баланы өлімге айдағанын көрсетеді. Бұны Совет орындары еске алу жағын есіңізге саламын. Жоғарғы айтылған қойшы Құржау Қойшыбайұлы Кеше ауылының азаматы Шәріп Тәжіұлына жаяу еріп, Мәнзіл Тобықты мәстекте жүре алмай қалып, ақырында сол жерде үсіп өлгені туралы айқын хабары келді. Мұны ауызба-ауыз Шәріп Тәжіұлы айтып өтті. Баланы қаракөрінім жерге жетелеп, ақырында қашық жүре алмай, өзі өлетін болып, тек қара басын сақтап келіп Тұщықұдық басында жатыр.

Келешекте күшті жау – жұтпен күресу туралы жер аяғы босанбай, ел шұбырмай орнында отырғанда азық шығарып, тездік ретінде пункт ашылмаса, адам қалмай өлуі мүмкін. Осыған өте назар салынуын ескертемін. Адам шұбыра қойса, сенің-менің демей елдің бәрін бостыруы мүмкін. Жұттан қырылған мал осы уақытқа дейін союсыз жатыр. Оны сойып алатын азаматта әл жоқ».

Екінші бір хабар мынау: «Теңіз жағасына жақын Керелдің Ауыздыбас, Қаракент, Жаман Орпа, Қаламқас деген жерлерде күнкүр-

келі болып (*найзағай түсіп – деген ұғым – З.И.*), сол оқиғадан бірекі адам өлді деп хабар келіп отыр. Өлген адамның бірі – Ақбота, біреуі – Дәулетәлі. Тағы басқа сол жерлердің адамдарының есі ауып, ауру тапқан адамдар көп деп хабарлап тұр. Бұның не зат екенін білген адам жоқ. Қатын-баланың өлгендері бар көрінеді. Құлақ хабар келіп тұр. Өтірік емес, шын секілді. Мұның анығын біліп, естігенсін жазып жіберермін.

Ескерту: Қаншама жұт, боран, күн суық, сондай қиындықтың басында екенін, әрине нағыз кедей, батырақ, малай, «Қосшы» мүшелерінің басында болса керек және кәзірлікте қызмет істеу мүмкін емес. Ат-көлік жүре алатын емес», - деп жоғарғыда аталған екі болыстың «Қосшы» комитеттері қолдарын қойып, мөрін басқан (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 10 байлам, 99 іс, 20 б.).

Дәл осындай ел тағдырына байланысты маңызды құжаттың тағы біріне зер салайық.

1928 жылы 29 мамырда Жеменей болысынан Ауыздыбас жерінде Жеменей қосшыком ағасы Д.Бижанұлы, Қожағұл ауылдық қосшыком ағасы Ізтұрған Тауасарұлы, Райымберді болысының Құлкеш, Сұлтангелді, Жомарт ауылдық қосшыком ағалары Елеш Қоңырбайұлы, Бақытжан Қойшыбайұлы, Мұрынбай Сәуірұлы бірігіп мәжіліс өткізіп, күйсіз, малы жоқ, аштан өлейін деп жатқан «Қосшы» мүшелеріне қалай көмектесу, жәрдемдесу туралы мәселелерді қарап, мынадай қаулы алған: «...Өткен жылдың жұтынан халық тегіс жұтады, ел ішінен ұйымдастырарлық еш мүмкіндік таба алмағандықтан үкімет алдына қойылып, ақшалай, заттай көмек беру сұралсын. Қожағұл ауылында – 40, Сұлтангелді ауылында – 50, Құлкеш ауылында – 10, Жомарт ауылында – 57, барлығы – 157 күйсіз, аш-жалаңаш адамдарға қамқорлық жасалсын. Шетпе, Аусары, Шайыр, Жармыш, Күркіреуік, Шүйлі, Қосқат, Шілікті, Боздақ, Қараған, Ауыздыбас, Жыңғылды, Тұщыбек, Қарқын секілді бұлақ бойларынан, басқа да егін шыққан жерлердің егінінен проц. астық алып, аштарға көмек бергізу үкімет орындарының алдына қойылсын. Осының бір-бір данасы Маңғыстау аудандық жер-су бөліміне, «Қосшы» комитетіне, аудандық атқару комитетіне жіберілсін және хат жазылып, адам жіберілсін», - деп қаулы алды.

Табанкетік, Қаратам жеріндегі 6-ауыл «Қосшы» мүшелері жиналыс өткізіп, егін егу үшін: «Қара түбекке құятын су арналарын Шұқырқаққа аудару керек, бірақ оған «Қосшы» мүшелерінің күші жетпейді, оған үкімет тарапынан жәрдем берілсе, берілетін жәрдем сөзбен емес, іс ретінде берілсе», - деп шешім жасады (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 4 іс, 17 б., 13 іс, 19-20 б.).

Аштыққа, жұтқа ұшырағандар округ, уез, өлкенің партия, кеңес орындарына арыздар жазады. Қаулыларын да жеткізеді. Бірақ оған мазмұнды жәрдем, жеткілікті көмек болмады.

Жоғарыдағыдай дабылдарды қанағаттандырудың орнына сол кездегі Адай уезі «Қосшы» одағының бастығы Сейтқазыұлы: «Күркіреуік, Ұлыбау «Қосшы» ұйымына. Уездік «Қосшы» ұйымы сізге жазады, қашан өз алдына уездік «Қосшыдан» тәртіп болғанша жан басына санап бес қадақ та астық берілмесін», - деп 1926 жылғы 29 қыркүйекте тыйым салды.

Мал жұтқа ұшырағаннан кейін адамдар егін егуге бет бұрғанмен, бұрын үйренбеген кәсіпке бірден бейімделіп кете алмады. Оның үстіне тұқым, құрал-сайман, күш-көлік жетіспеді. Жер ыңғайы, су шешілмеді.

Есен ауылында Тұрыш әртелінің бастығы Қалмағанбетұлы Маңғыстау аудандық «Қосшы» комитетіне 21 қарашада: «Әртел күш-көліктері жоқ, кілең жарлы, кедей батырақтардан құралған. Жаз жақындап, егін науқаны басталатын мезгіл келіп қалды. Сондықтан үкімет көмек бермесе ошаң етер жайлары жоқ. Егін сала алмай қалса алдағы күні не болады? Осыларды ойлап, үкіметтен қарыз ақша, тұқым, күш-көлік, құрал-сайман көрсетілуін сұраймыз», - деп жазған қатынасына, аудандық «Қосшы» комитетінің бастығы «Жер-су мекемесіне» деп 1929 жылы 27 ақпанда, яғни 3 айдан кейін қол қойған, ал жер-су бөлімі 3 наурызда «Көшірмесі жіберілсін» деп бұрыштама соққан. Қойылған талап, ел мұқтажын шешу, келешектің ісі, халық тағдыры. Бірақ аудандық «Қосшы» одағы, жер-су бөлімі оған жеткілікті мән бермеген, жандары күйзелмеген (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 13 іс, 10, 11 б.).

Адай уезі «Қосшы» комитетіне қалалық «Қосшы» комитетінің төрағасы Қалманбетұлының: «Қала маңындағы жарлы, жалшы, қаріп-қасер мүшелері және осы қала маңындағы отыратын немесе малын бағып, көшіп-қонып күнін көретін шаруалар және осы қалада отырып, өздерінің бақадар әлінше жерін жыртып, егінін егетін дихандар үшін «Қосшыдан» жәрдем есебінде астық қарыз беруіңізді сұраймын», - деген 1927 жылғы 12 сәуірдегі қатынасы да көңіл бөлуге тұрарлық. Өйткені, бұрын егіншілікпен айналыспаған отбасыларында тұқым қайдан болсын? Талап өте орынды қойылған. Онан қорытынды шықпағаннан кейін екінші рет 12 мамырда тағы да сұрау салған. Онан да тиянақты нәтиже шықпаған (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 2 іс, 28-30 б.).

Бірінен кейін бірі келген қырсық елді тұралатты. Сондықтан да олар: «Атаңа нәлет Николай, бір тиын еді-ау қант пен шай.

Айналайын большевик 100 теңге болды-ау жүн түйнек» деп өздері сенген жаңа өмір бейнесіне назаланды.

Тұқым жайлы көрсетілген көмектің түрі де көңілжықпастықтың, немесе, «көмек көрсетілді» деген жалған ақпар толтырудың дәрежесінен аспады. 1-ауыл бойынша мамыр айында егін егу үшін көмек беру жөнінде шешім қабылданды. Көмектің түрі мынадай: 2 адамға 8 кг жүгері, 5 адамға 25,5 кг тары, «Қараған» әртеліне 8 кг жүгері, «Қарақұм» әртеліне 16 кг тары... тұқымы берілді.

Осы мөлшерде егілген тұқымнан әртел мүшелеріне жетерлік өнім алынады деп ойлаудың өзі адам күлерлік іс.

Мұндай солақай басшылық елді ашаршылыққа апарды. Оған бір нәрсе дәлел: 5-ауылдық «Қосшы» ұйымында 412 мүше болса, соның 201 аштыққа ұшырап, үкімет тарапынан жәрдем сұрауға мәжбүр болды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 5 іс, 5-20 б.).

Елдегі жағдайдың дәл осындай күйзелісі кезінде Қазақстан Орталық партия комитеті, Халық Комиссарлары кеңесі, Атқару комитеті, Егін шаруашылығы комиссариаты мен «Қосшы» комитеті, тағы басқа да органдар мәселе қарап, Адай уезіндегі жалпы жағдайға назар аударғанына мынадай дерек бар: 1925 жылы «Қазақстан ауыл шаруашылығы қарыз серіктігінен» («Казсельхозкредит») жұтқа ұшырағандарға 30000 сом, 1926 жылы 22022 сом бөлді.

Әрине, бұл қаржы ел мұқтажын өтей алмайтынына дау жоқ. Жүздеген мың өлген мал мен иесіздікке ұшырап, талан-таражға түскен мүліктің орнын толтыру мүмкін емес. Сондықтан Адай уезіне жыл сайын келген жұт пен қуаңшылықты, елдің ауыр халін ескере отырып, Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесі 1928 жылғы 11 желтоқсанда «1925-1926 жылдары жұтпен күресу үшін берілген қарызды төлем есебінен шығару» жөнінде арнаулы қаулы алды.

- 1929 жылғы 12 ақпандағы Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесінің мәжілісінде «Адай округінің ашыққан халқына көмек көрсету туралы» тағы да мәселе қарап, Халық Комиссарлары кеңесінің сақтық қорынан 10000 сом бөлуге және аштыққа ұшырағандардың жағдайын жақсарту үшін ұзақ мерзімді қарыз беру мәселесін анықтау мақсатында Еңбек халық комиссары Боранбаев басқарған комиссия құру туралы қаулы қабылданды. Осы комиссияның тексеру қорытындысы Халық Комиссарлары кеңесінің 1929 жылғы 19 ақпандағы мәжілісінде қаралып, жұтқа ұшырап ашыққан Адай округінің халқына «Балықшылар қоры» есебінен 10000 сом, Өлкелік кедейлер комитеті қаржысынан 25000 сом, «Жұтқа қарсы күресу қорынан» 15000 сом, барлығы 50000 сом қаржы бөлуге шешім қабылданды (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 85 іс, 46-55 б.).

Бірақ бұл бөлінген қаржылардың игілігін халық көрмеді. Тек Қожанасырдың «ақшаның сылдыры» деген әңгімесіндей халықты алдау болды да шықты.

Өйткені, Халық Комиссарлары кеңесі «Жұтқа ұшыраған Адай округінің халқына берілген қарыз туралы» мәселені қайта қарап, «жұтқа ұшыраған 470 қожалыққа көмек көрсету жөніндегі Халық Комиссарлары кеңесінің 1929 жылғы 19 ақпанда №11 қаулысына өзгеріс енгізіліп, Адай округіне бөлінген қарыз ақшаны кері қайтарып алу Қазақстан Ауыл шаруашылығының банкісіне ұсынылсын және оны Егін шаруашылығы комиссариаты Халық Комиссарлар кеңесімен келісе отырып, басқа мақсатта жұмсауға рұқсат етілсін», - деп шешті (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 106 іс, 11 байлам, 42 б.). Сөйтіп, «жаны ашымастың қасында басым ауырмасынның» керіне ұшырап, Адай округіндегі халық жұттың жұтқыншағында жұтыла берді.

Тарихи дамудың арғы жағын айтпағанда тек ХХ ғасырдың алғашқы 30 жылдығында Адай уезінің (округінің) халқы өз басынан 8 рет жұт пен ашаршылықты өткізді. Ал оның Кеңес үкіметі кезіндегі бірқатары қолдан жасалғанын осылай енді-енді дәлелдеп жатырмыз. Кезінде сол большевиктік қылмысты режим өзінің жасаттырып отырған осындай зұлмат істерін «Құлағың естісе де көзің көрмесін, қолың ұстамасын» дегендей пердемен бүркемелеп, патшалық дәуірдегі өмірді қаралаумен халықты өз жолының дұрыстығына сендіргісі келді.

Біз патшалық Ресей кезіндегі жерімізге, халқымызға жасаған озбырлықтарын білеміз. Солай болса да әділдік үшін Ресей отарлаушыларының Адай уезі аумағындағы жұтқа ұшыраған халыққа қайырымдылық көрсеткенін айта кеткен жөн. Оны мұрағаттық мына деректермен дәлелдеудің артықтығы жоқ тәрізді. 1910 жылы Адай уезіндегі ашыққандарға Түркістан генерал-губернаторы 74480 сом, 1911 жылы 110 мың сом, 1912 жылы 225 мың сом көмек көрсетсе, 100000 пұт ұн үлестірген (ҚРОММ 854, 943 істер, 122, 32-34 б.). Патшалық Ресейдің 1895-1897 жылдары Қаржы министрі С.Виттенің жүргізген ақша реформасына сәйкес ақшаның құны артып (10 сом – 7,74234 гр алтынға тең) тұрған кезінде осынша қаржының берілуін жоққа шығаруға болмайды. Оған тағы бір дәлел, бұл кезде әрбір пұт бидай ұнының базар бағасы 2 сом 40 тиын, қара бидай ұны 1 сом 50 тиын, картоп 1 сом, қаймағы алынбаған бір шелек сүт 2 сом, бір пұт қой еті 4 сом 40 тиын, ер адамның бір көйлегі 46 тиын тұратынын ескерсек, қаншалықты көмек берілгеніне көз жетеді.

Ал, Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесі отарлаушы Ресей әрекетіне қарама-қарсы қаулымен халықты алдап, берілген көмекті қайтарып алып, Адай уезіндегі халықтың қарашыбындай қырылуына айқын жол ашты.

## **«Қосшы» және ауыл шаруашылығы**

Адай округінің жер көлемі мол болғанымен су көздері аз, жауын-шашыны сирек, шөл және шөлейтті, сортанды, жаздың ыссы күндері шыққан шөптері күн ыстығымен күйіп кететін, табиғаты, ауа райы құбылмалы да қатал өлке.

Адай округінің батыс бөлігіне профессор Андрусовтың мәліметі бойынша жерге түсетін ылғал 170 мм болса, Қазақстан ауа райы бақылау бюросының анықтамасында ол бүкіл Адай округінде 144 мм шамасында. Форт-Александровскідегі метеостанциясының 1923-1926 жылдардағы жасаған анықтамасында жерге түскен ылғалдың мөлшері: 1923 жылы – 98,2 мм; 1924 жылы – 93,9 мм; 1925 жылы – 214,5 мм; 1926 жылы – 243,1 мм шамасында болса, соңғы төрт жылдың орта көрсеткіші 162,1 мм-ден аспаған.

Табиғи жағдайдың осындай қиын да қаталдығына байланысты халықтың негізгі кәсібі – көшпелі мал шаруашылығы болды. Сол кездің мағлұматына көз салсақ, бүкіл Адай округіндегі 28622 үй қожалығында 130641 жан болған. Былай қарағанда әрбір шаршы километр жерде 0,43 адам, немесе 0,009 үй қожалығы отырған. Сондықтан да округ Қазан төңкерісіне дейін және онан кейін де егін шаруашылығы дамымаған, малды өңір болған. Тек Адай округі алғашқы құрылған кезде Гурьев, Ақтөбе округінен берілген Тайсойған-Сағыз, Ойыл және Қазыбек болыстарында егін шаруашылығы мен мал шаруашылығы қатар жүрген.

Қазақстан Ғылым академиясының мәліметі бойынша 1908 жылы Маңғыстау өңірінде төрт түліктің жалпы саны 1 миллион 786 мың болса, 1897 жылы Закаспий облысында мыңдаған жеке қожалық жер асты суы мен жаңбыр суларын пайдаланып жүгері, бидай, тары, күнжіт, жеміс-жидек ағаштары мен бақша еккені, Маңғыстау ауданының шекарасын қайта бөлу және оның аумағын бекіту жөніндегі анықтамада ауданда небәрі 132 гектар ғана күздік бидай егілгені көрсетілген. «Егін шаруашылығы дамымаған, әр қожалыққа есептегенде 0,02 гектар егістіктен келеді» деп анық та, ашық жазылған (МОММ 17 қор, 1 тізбе, 9 іс, 2 б.).



Сондықтан да Адай округінің егін шаруашылығын өркендетуге қолайлы жер, су жетімсіздігі елеулі қол байлау болғанымен, мал шаруашылығы көшпелі тұрмысқа қолайлы ауыл шаруашылығының негізгі саласы болып қала берді.

1926/1927 жылғы мәлімет бойынша округте: мүйізді ірі қара мал – 26451 бас, жылқы – 65278 бас, түйе – 103364 бас, қой-ешкі – 916846 бас немесе барлық төрт түлік мал 1 миллион 111 мың 939 бас болып, бас аяғы 18-19 жылда 674061 басқа мал басы кеміп кеткен. Дегенмен, бұл көрсеткішке де шүкіршілік етуге болатын. Өйткені, бұл кезде төрт түлік малды әрбір 100 қожалыққа бөлгенде: мүйізді ірі қара – 92 бастан, жылқы – 230, түйе – 360, қой-ешкі – 3200 бастан немесе барлығы 3882 бас малдан келетін.

1927 жылдың басынан бастап Маңғыстау өңірі қуаңшылыққа ұшырады. Көктемнен қара күзге дейін бір тамшы ылғал аспаннан тамбады. Жер бетіндегі ерте көктемде көгерген алғашқы көк күн ыси бастағаннан қурап, жер беті ақшаңдақ топыраққа айналды. Қолдағы бар малды сақтау үшін күн сайын қоныс аударса да жайылымға жарымады. Мал арықтап көтерем бола бастады.

«Жұт – жеті ағайынды» дегендей, қыс та мейірін төге қоймай, ақ түтек боран төпеп берді.

Жұттың әсерінен 1928 жылдың көктеміне 600 отбасы ашаршылыққа ұшырады (ҚРОММ 17 қор, 1 тізбе, 9 іс, 8-19 б.).

Бұл табиғи қыспақ 1928 жылдың жазына ұласып кетті. Ел жұтқа ұшырады.

Адай округі Гурьев округінің Маңғыстау ауданы болып қайта құрылды. Жаңадан құрылған Маңғыстау ауданы ұйымдастыру бюросы «Ауданның жағдайы туралы» баяндамасында 1928 жылдың қыркүйегінен 1929 жылдың мамыр айы аралығында жұттың елге әкелген апатты жағдайын көрсететін бұлтартпас мынадай дерек келтіреді:

Түпқараған аймағы (бұған Форт-Александровск, Түпқараған және 4 арал кіреді) – 60-70%;

Бозашы аймағы (Бозашы жарты аралы) – 90%;

Тау аймағы (Үстіртке дейінгі Қаратау және Ақтау қыраттары) – 80-85%;

Александрбай аймағы (Кендірліге дейінгі Каспий теңізінің жағалауы) – 70-80% ;

Қарабұғаз аймағы (Қарабұғаз шығанағы мен Красноводскі) – 70-80% мал қырылып, адамдар да шығын болды.

Маңғыстау ауданы бойынша 3669 отбасынан өлген малдың көрсеткіші мынадай:

Түліктер	Жұтқа дейінгі мал	Жұттан қалғаны	Жұтта өлгені
Жылқы	11421	459	10962
Түйе	13630	552	13078
Қой-ешкі	176248	2179	174069
Мүйізді ірі қара	728	27	701
Барлығы	202027	3217	198810

Бірақ, жағдай жоғарыдағыдай болғанмен, халқымыздың сорына өтірік ақпар беру, көзбаяушылық қисық айна бетінде сол кездің өзінде-ақ өмірге мықтап орныққан екен. Оған Адай округі (уезі) бойынша 1926-1927, 1927-1928, 1928-1929 жылдары ауыл шаруашылығы салаларында талдау жасалған жинақ ведомостыларының цифрлары бұлттартпай, дәл жауап береді.

1926-1927 жылдарға қарағанда жұт болған 1927-1928 жылдары түйе 2157 басқа, мүйізді ірі қара 11518 басқа, жылқы 3597 басқа, қой 64741 басқа өсті деп жоғары орындарға ақпар берілді.

(Ескерту: бұл цифрлар да толық емес. Өйткені, бұл мағлұматқа 4 жасқа дейінгі ірі қара малдар есептелінбеген. Сондықтан оған 50% қосуға болады деп жазылды.)

Малдардың есебін 1924-1925 жылдар мен 1926-1927 жылдарды салыстырғанда (бұл да 1924 жылы өткен қуаңшылықтан кейінгі мерзім) мүйізді ірі қара 11322 басқа (немесе 14898 бас), жылқы 10270 басқа (немесе 53074 бас), түйе 16815 басқа (немесе 103499 бас), қой-ешкі 331354 басқа (немесе 918963 бас) өскен болып шығады (МОММ 276 қор, 1 тізбе, 27 іс, 41 б.).

Қазақстан Орталық атқару комитетінің мәліметтерінде 1930 жылы Маңғыстау ауданындағы жеке қожалықтарда: жылқы 19413 бас, мүйізді ірі қара 1265 бас, қой-ешкі 260625 бас, түйе 27566 бас бар. Бұл әрбір жеке қожалыққа шаққанда 54 бастан келеді деп көрсеткен (МОММ 17 қор, 9 іс, 4 б.).

Жалпы халқымыздың түбіне жеткен осындай жалған мәлімет беру, шындықты жасыру, өмірді бояп көрсету екеніне қазір ешкім де таңданбаса керек.

Егін шаруашылығында да осындай келеңсіз көріністер байқалады. Мысалы, Ойыл ауданында 958 десятина тары, 5385 десятина бидай, Алтықарасу ауданында 20907 десятина тары, 2322 десятина бидай, Табын ауданында 380 десятина тары 15-ауылда егілді деп ақпар берген.

1929 жылы Қазақстан Орталық атқару комитетінің YII шақырылған II-сессиясында «1929-1930 жылдарға Қазақстанның мәдениеті

мен халық шаруашылығы салаларының бақылау цифрлары туралы» О.Исаевтың баяндамасында ауыл шаруашылығына толық талдау жасалған: «...Жалпы 1927-1928 жылдардағы ұйымдастырылған 2315 колхоз 1928-1929 жылдары 33,8% өсіп, немесе 4348-ге жетті. Қазақстанның халық шаруашылығында социалистік сектор күшті қарқынмен өсті. Колхоз мүшелері 23000 адамнан 66000 адамға, немесе 187,3%-ке артты. Колхоздың егіс көлемі 1928 жылғы 120 мың гектардан 1929 жылы 379 мың гектарға, немесе 215,5%-ке көбейді» деп көрсете келіп, алдағы міндеттерге баса назар аударды: «...1930 жылы егіс көлемі 1 миллион 593 мың гектарға немесе 320,3%-ке, колхоздар саны 7436-ға, немесе 71%-ке, колхоз мүшелерінің саны 350000 адамға жеткізілсін», - деп шешім қабылданған (МОММ 17 қор, 9 іс, 2, 3 б.).

Орталық атқару комитеті ІІ-сессиясының бұл шешімі Қазақстанның барлық жеріндегідей Маңғыстау ауданының ұйымдарында, әр-телдерінде, елді мекендерде талқыланды. Онда, «Маңғыстау ауданы халық шаруашылығын дамытудың негізгі перспективасы туралы» мәселені қарап, ауданда халық шаруашылығының қазіргі жағдайына талдау жасаумен бірге оны келешекте өркендетудің жоспарын жасады. 1930-1931 жылдары әр қожалықта 48,2 бас мал болу шарасын белгіледі. Ол үшін: мал шаруашылығын өркендету және оның өнімін арттыру мақсатында шабындық жерлерді суландыру; 1931 жылы Қаратау мен Каспийдің оңтүстік-батыс жағасында (Қаракөлдi қоса) бір қой совхозын құру; төрт түлік малдың әр түрінен ең болмағанда бір-бірден асыл тұқымды мал топтастыру; аудандық зоокомиссия құру қажет болды. Жақсартылған тұқымдық малдарды сатып алу және мал шаруашылығында көрмелер, конкурстер өткізу шараларын жүзеге асыру алға қойылды.

Сонымен қатар егін шаруашылығымен айналыспаса келешекте күн көрістің қиындай беретіндігіне баса назар аударылды. Маңғыстаудың ауа райы, жер жағдайына байланысты жүгері, күнжіт және бақша, жүзім мен алмұрт өсіруге мүмкіндік мол. Бұл үшін жер көлемін 2000-2500 гектарға жеткізу керек. Өйткені, аудандық кеңес атқару комитетінің есебі бойынша 3610 гектар егін егуге жарайтын пайдалы жер бар деп есептеп, 1931 жылы 1930 жылға қарағанда егіс көлемін едәуір арттыруға көтеріңкі жоспар алынды.

1930 жылы егіс көлемі 701,2 гектар болса, 1931 жылы 152 га тары, 117 га жүгері, 115 га сұлы, 100 га арпа, 60 га жоңышқа, 3420 га бау-бақша өнімдерін егу көзделді. Басқаша айтқанда егіс көлемін 9 еседен астам ұлғайтуға шешім жасалды. Ол үшін 1500 кг жүгері, 6150 кг сұлы, 6000 кг арпа, 1050 кг тары, 1080 кг жоңышқа, 134 кг

бау-бақша тұқымдары мемлекеттен сұралды. Көктемгі егін жоспары социалистік мемлекеттік секторда 38,5%, жеке секторда 61,59% болды. Ауыл шаруашылығының құрал-саймандарына да көңіл бөлінді. Жаңа ауыл шаруашылық жылы үшін 69 соқа, 37 тырма, 8 қопсытқыш, 6 тұқым сепкіш, 39 шығырға мемлекетке тапсырыс берілді.

Егін шаруашылығында алға қойған жоғарғыдағы міндетті орындау үшін мынадай күрделі мәселені шешу көзделді. Атап айтқанда: егінге пайдалануға болатын жерді іздестіру, табу және оның есебін жүргізу; барлық құдықтар, бұлақтар мен су асты көздерін есепке алу, жер астының терең қабаттарынан су шығаратын артезиан құдықтары арқылы су алу көздерін зерттеу, тексеру жұмыстарын жүргізу; ауыл шаруашылығы бірлестіктерін: серіктіктер, колхоз, совхоз ұйымдастыру; қала маңында бау-бақша шаруашылығын құру, Форт-Александровскідегі сияқты елді мекендерде алма, өрік, шабдалының оңтүстікке бейім сорттарын өсіретін питомниктің негізін құру. Ол үшін елді отырықшы ету, қоныстандыру мәселесін қолға алу қажет деп ұйғарды.

«Құланның қасынуына, мылтықтың басуы» дөп келді. Қазақстан Орталық атқару комитетінің елді қоныстандыру жөніндегі қаулысы олардың бұл тілегіне сай келгендей жарық көріп, бүкілқазақстандық науқан басталды. Қазақ АКСР Халық шаруашылығы комиссариаты: «...Адай округінде ауыл шаруашылығын, әсіресе мал шаруашылығын өркендетуге елді жаппай қоныстандырмай еш нәтижеге қол жетпейді», - деп шешті.

1930 жылғы 4 қаңтардағы қаулысында «Адай округінен кедей, орта шаруалардан Қазақстанның егін шаруашылығымен айналысатын аймағына 3000 қожалықты көшіруге» шешім қабылдады. Қазақ АКСР Халық Комиссарлары кеңесі осы қаулымен «Каспий жағалауынан өндірістік мал шаруашылығы бағытымен, бау-бақша егісімен айналысатын кедей, орта шаруа 3000 отбасын орналастыруды» Гурьев округтік атқару комитетіне міндеттеді.

Қаулыда қоныс аударушылар бұрынғы қалпынша көктем шыға мал жайылымына малдарын шығарған болып барады да, сол жерде 15-20 үй есебінен колхоз ұйымдастыру немесе сондай-ақ көшіп барған жерінде бұрын ұйымдастырылған колхоздардың көктемгі егіс науқанына тікелей қатысуы көзделді. Бұл жұмыстарды ұйымдастыру үшін арнаулы өкілдер бөлінді, қоныс аударушылардың есебі алынды. Алғашқыда қоныс аударуға 700 қожалық тілек білдірсе де, нақты көшкені тек 99 отбасы ғана болды (МОММ 17 қор, 9 іс, 31-35 б.).

1929 жылы БК(б)П Гурьев округтік комитеті мен округтік атқару комитеті Халық Комиссарлары кеңесінің қаулысынан бұрын, алдын ала Маңғыстау ауданының жалпы жағдайы және ондағы кедейлердің тұрмыс-тіршілігін анықтау жөнінде Мұхтанов (комиссия төрағасы), Құндақбаев және Төлегенов (мүшелері) басқарған комиссия құрды. Бұл комиссия 1929 жылдың қараша айынан бастап 1930 жылдың ақпан айының 16-на дейін Маңғыстау ауданын және Түрікменстан, Баку, Дағыстан жерлеріне ауып кеткен елдерге дейін аралап, Маңғыстау ауданының жағдайын анықтады.

Құрылған комиссия 4 ай ел аралап, 31 шілдеде өз қорытындыларын, ұсыныстарын тапсырды. Олар өнеркәсіптен тас көмір мен үй салатын тас, тұз, бор, әк, гипс өндіруді қолға алуды, балық өндірісін өркендетуді, балық консерві заводуын салуды ұсынды.

«...Жер шаруашылығында қиындықтар бар, бірақ оны Жер министрлігі алдына қойып шешу керек, ғылыми-зерттеу мәселесімен шұғылданған жөн. Ал мал шаруашылығы – ауданның негізгі экономикасының көзі. Ол үшін жем-шөп қорын молайтып, мал шаруашылығы серіктігін құрудың нақты есебін шығарып, колхоздар құруға барынша күш салу керек», - деп тапты.

«...Сонымен бірге комиссияның қолындағы тізім бойынша, - деп көрсетеді олар, - Түрікменстанда тұратын 757 қожалықта 2073 түйе бар, оның қанша бас уақ екендігі, қаншасын жасырып айтпағанын өздері біледі. Ал ауыл шаруашылығы салығы 1928/1929 жылында 45000 сом болса, ол 1929/1930 жылы 85000 сом болып өндірілген. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Өйткені, жасырған мал көп, тек оны табу керек. Кедейлердің жағдайына жергілікті орган шара алып, дұрыс көмек көрсетпеген. Кооперация қызмет көрсетпейді. Осыны пайдаланып ақсақалдар, байлар кедейлерге ықпалын күшейте түскен. Аудандық орган кедейлерді жұмысқа орналастыру орнына жергілікті бюджеттен 7000 сом жұмсап, Форт қаласындағы 200 кедей отбасын пароходқа тиіп, Байрамалы мен Красноводскіге жіберген. Бұл мәселені Түрікменстан округтік комитетімен алдын ала келіспеген. Красноводск ауданы бұларды қалаға кіргізбей, қайтадан Фортқа қайтарып жіберген. Бұл үшін кедейлер жергілікті әкімдерге наразы. Жергілікті орган осы кедейлер қайтып келген соң, колхозға ұйымдастырмақшы болған. Бірақ кедейлер берген қойдан 30 қойын сойып жеп, колхозға кіруден бас тартқан. Сондықтан аудандық комитет бұл ашыққандардан колхоз құруға мүмкін емес деген қорытындыға келген. Олар ашыққан кедейлерге байлардың ықпал жасап, үгіттеп отырғанынан хабарсыз».

(МОНМ 17 қор, 9 іс, 100-111 б.)

БК(б)П Гурьев облыстық комитеті мен облыстық атқару комитеті Халық Комиссариатының 1930 жылғы 4 қаңтардағы қаулысына және өздерінің құрған комиссияның қорытындысына сәйкес Маңғыстау ауданында елді жаппай қоныстандыруға және оларды әртелдерге, серіктіктерге, колхоздарға біріктіруге кірісті.

Алғашқы «Фетисов» колхозы мен «Талап», «Еңбек», «Қызыл таң» серіктіктерінің іргесі қаланды. Бірақ «Қосшы» одағы болсын, оның избасары болған «Кедей комитеті» болсын Адай округінде (Маңғыстау ауданында) ауыл шаруашылығын дұрыс жолға қоя алмады.

Оның басты себебі – ауыл шаруашылығы, әсіресе егін шаруашылығының материалдық-техникалық базасының, егіндік жер көлемінің және табиғи су көздерінің жетіспеуі болды. 30-жылдары бүкіл Маңғыстау ауданында болған 39 шығыр, 6 сеялка, 37 тырма, 2 жер қопсытқышпен егін шаруашылығын өркендетуге мүмкін еместігі дәлел керек етпейтін жағдай.

Екіншіден, жиі қайталанған қуаңшылық пен жұт апаты оған мүмкіндік бермеді.

Үшіншіден, үкімет тарапынан Адай округінде (Маңғыстау ауданында) ауыл шаруашылығын өркендетуге, дамытуға жеткілікті көмек көрсетілмеді. Оған мына мұрағат деректерін тілге тиек етейік. Адай округінде бір үлгі тәжірибе ауыл шаруашылығын ұйымдастыруға Қазақстан үкіметі тарапынан бөлінген құрал-сайман мен мал-мүлік, қаржының түрі мынадай (ҚРОММ Р-769 қор, 79 іс, 87 б.):

	Бағасы (сом)	Саны	Барлығы (сом)
Жұмыс аты	100	50	5000
Сауын сиыр	500	5	2500
Бұқа	100	1	100
Соқа	37	10	370
Темір тырна	23	10	230
Егін шабатын машина	250	5	1250
Атқа жегіп астық бастыратын машина	300	1	300
Астық суаратын машина	80	1	80
Қамыт	210	10	2100
Арқан жіп	16	5	80
Астық тазалағыш	350	1	350
Май шайқағыш	26	1	26
Сүт тартқыш	80	2	160
Шалғы орақ	1	50	50

Қосқол балға	3	10	30
Темір соғатын төс	38	1	38
Ұста балғасы	75	1	75
Балта	1	87	87
Темір күрек	0,6	50	30
Ара	3	1	3
Қайрак	5	5	25

Үлгілі шаруашылықты ұйымдастыруға бөлінген қаржы мен құрал-сайман, мал-мүліктің сиқы осындай болғанда, жаңадан ұйымдастырылған әртелдер мен колхоздың материалдық-техникалық базасын көтеруге көрсетілер көмектің қандай дәрежеде болатындығына көз жеткізу қиын болмаса керек.

## Отырықшыландыру да опа таптырмады

Көшпенділікке, шөл және шөлейттегі шаруашылыққа өмір бойы үйренген халықты коллективтік шаруашылыққа, әр түрлі әртелдерге, серіктіктерге ұйымдастыру, біріктіру науқанға айналды.

Халықты отырықшылыққа айналдырудың және кедейлер мен жалшыларды байлардан бөлектетудің бірден бір жолы – әр түрлі серіктіктер құру болып табылды. Серіктіктің мән-мақсаты барлық жерде кең түрде талқыланып қаулы алынды.

Соның нәтижесінде Адай уезінде ең алғашқы серіктік пен әртел 1925 жылдан бастап ұйымдастырылды. Ол – Ойыл ауданындағы Ақши-Ойыл мелиоративтік серіктігі мен Құбай жерінде ұйымдастырылған №1, 2 «Құбайсай» ауыл шаруашылық серіктіктері.

Осындай мелиоративтік серіктіктер 1926 жылы Алтықарасу ауданында 6 (Қайыңды өзені бойындағы Қайыңды, Жиделі-Сағыз, Ащы Ойыл, Сартоғай, Балатай, Сүйесай), Ойыл ауданында 1 (Қолбатыр-Саға), 1927 жылы Маңғыстау ауданында 5 (Қанға баба, Қолмыш, Ақсу, Таясай, Красный огород) ұйымдастырылды. «Қосшы» одағының тікелей басқаруымен 1926 жылы Ойыл ауданында 3 (Батырақ, Құрман, Қауғалы-Қаражер), Алтықарасу ауданында 1 (Ақмола-Бесбұлақ) ауыл шаруашылығы әртелі құрылды (МОММ 262 қор, 18 іс, 3 б.). Маңғыстау ауданында егінмен айналысатын колхоздардың ең алғашқылары: Жыңғылды жеріндегі «Кедей», Шайырдағы «Еңбекшілік», Ақмыштағы «Алғабас» болды (МОММ 17 қор, 9 іс, 65-98 б.).

1927 жылы шілденің 5-күні Форт қаласындағы жұтқа және босқыншылыққа ұшырап келген «Қосшы» мүшелері кедейлердің басын қосып жиналыс өткізіп, алғашқы серіктіктің бірі «Кедей» серіктігін ұйымдастыруға қаулы алды. Оның тұрақты орны Қатық бұлақ болып белгіленді. Серіктік төрағалығына Дүйсенбай Оразымбетұлы, хатшылығына Іскендір Серікбайұлы сайланды (МОММ 242 қор, 1 тізбе, 1 іс, 39 б.).

Міне, осыдан бастап әр түрлі саладағы серіктіктер жауыннан кейінгі қозы құйрықтай әр жерден-ақ бой көтере бастады.

1928 жылдың басында бүкіл Адай округінде: Ойыл ауданында – 7, Алтықарасу ауданында – 8, Маңғыстау ауданында – 5, барлығы 20 серіктік болса, 1928 жылғы 18 шілдедегі мәлімет бойынша тек Маңғыстау ауданының өзінде ғана 1061 мүшесі бар 26 серіктік ұйымдастырылды (МОММ 242 қор, 1 тізбе, 1 іс, 55 б.). Осы мерзімнен 3 ай бұрын бұл ауданда 10 серіктік, 539 мүше ғана бар болатын (МОММ 262 қор, 1 тізбе, 11 іс, 42 б.).

Мұрағатта сақталған құжаттарға қарағанда, аштықтан, кедейленушіліктен, зорлық пен күштеу саясатынан, есеңгіреу жағдайынан ес жиып үлгермеген ауылдарда бірден колхозға ұйымдастыру жылдам, әрі тез, тегеурінді қарқынмен қолға алынды. 1927-1928 жылдары Адай округінде 77 колхоз ұйымдастырылса, 1928-1929 жылдары ол 110-ға жетті (МОММ 276 қор, 1 тізбе, 27 іс, 41 б.).

Алғашқы колхоздар жеке адамдардың қолдарындағы малдарын ортаға салудан, еріксіз түрде олардан жиналған азын-аулақ ақшасы негізінде құрылды. Бұл жағдай онсыз да титықтап тұрған кедейлер тұрмысын одан әрі құлдырата түсті. Бірақ қысым жасаудың салдарынан олар «бастан құлақ садақа» жасап, қолда барын беріп, «буржуазиялық» ойдан құтылғысы келгендігі анық. Оған Қызыл өзендегі «1-Еңбек» колхозының колхозға мал, қаражат жинау мәселесін қараған көпшілік жиналысының қаулысы дәлел. Онда мал дайындауға А.Байсаулетұлы – 1 ешкі, Т.Қуанбекқызы – 1 ешкі, Наусарұлы – 1 қой, Е.Боранқұлұлы – 5 сом, Н.Құрманұлы – 1 сом, А.Байсейітұлы – 1 сом ақша төлеген. Ал «ақша төлеуге мүмкіндігі жоқтардан қалайда өндіру ауыл кеңесіне міндеттелінсін», - деп қаулы алды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 46, 47 б.).

Ұр да жық, күштеудің салдарынан елдің барар жері, басар тауы қалмады. Әлі бар, мүмкіндігі, қуаты барлар ел ауып, босып кетті. Көшуге мүмкіндігі жоқ кедейлер не айтса тек бас шұлғып, барлығына да «мақұл» болды. Осындай жағдайдан барып, мүмкіндігі болмаса да Қошанай шымырауы, Қанға баба, Сақа құдық, Жығылған, Данышпан, Қарағанды, Саура, Шайыр, Тұрыш, Тамшалы,



Қызыл өзен, Жыңғылды, т.б. жерлерде өткен жиналыстарда «Бесжылдықты төрт жылда орындау үшін қаражат жинау», «Серіктікке мүше тарту» сияқты мәселелерді шұғыл талқылап, колхозға, совхозға, әртелге ұйымдасуға шешім қабылданды.

Жығылған жерінде 1-ауылдың кедей, батырақтары Қазақстан кеңестері ҮІІІ-съезінің қаулысын талқылап, мынадай қаулы алды: «Қазақстан ҮІІІ-кеңестер съезінің қаулысын дұрыс деп қуаттаймыз. Байлар мен байшылдарға ермейміз. Олардың арам ниеттеріне балта шауып, әшкерелеп отырамыз. Жүргізіп отырған саяси науқандарды қолдаймыз, алға қойған міндеттерді мүлтіксіз іске асырамыз» (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 59, 60 б.).

1930 жылы 3 қарашада Жыңғылды жерінде ауылдық кеңес пен 4-ұя мүшелері «Бесжылдықты төрт жылда орындауға кедей, батырақ, орташалар болып уәде береміз», - деп шешті (МОММ 81 қор, 1 тізбе, 3 іс, 4-5 б.). Данышпан жерінде 1-ауыл кедей, орташалары «ашық күреске көшіп отырған бай-кулактармен біз де ашық күресеміз. Колхоз, совхоз, серіктік, т.б. ұйымдарға ұйымдасамыз» десе, Тамшалы жеріндегі кедей, орташалар «Бесжылдықты төрт жылда орындау үшін қаражат тез жиналсын, Тамшалыдан егіншілік әртелі ұйымдастырылсын. Оған 15 адам мүше болсын. Бастығына Шауымбай Бекболатұлы сайлансын», - деп, көпшіліктің келісімі бар-жоғы ескерілместен ұйымдастырылды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 55-74 б.).

Ұйымдастыру қарқынын үдету үшін оның мүше санына назар аударылмады. Қалай болғанда да елді колхозға, әртелге ұйымдастыру мақсаты көзделді. Оған Қаңға баба жеріндегі кедейлер жиналысының шешімін келтірсек те жеткілікті. «Қаңғаның отырықшы кедейлері әртел болып ұйымдасып, Қарақұм, Ақшауыл бұлақтарына егін саламыз, әртелдің аты «Қарақұм» болсын, оның бастығы Батырбай Тұрұлы болсын. Әртел мүшелеріне мыналар қабылданын: Батырбай Тұрұлы, Есболсын Көптілеуұлы, Қабыл Айтбайұлы, Сахи Шаңбасұлы, Байділда, Салқынбай Тәңірбергенұлы, Мұхамбет Құлбатырұлы, Құлбатырұлы Досберген, Меке Тәңірбергенұлы, барлығы 9 адам» (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 3-6 б.).

Сонда колхозға мүше болған 9 адам қанша іс тындыра алады? Олардың екен егіні колхоз мүшелерін асырауға, үкіметтің салығын өтеуге жете ме? Ол жағы ескерілмеген. Жоғарыға колхоз құрылды деген ақпар беру үшін ғана ұйымдастырылған шаруа.

Мұның өзі колхозды, әртелді ұйымдастыру жұмысы көпшіліктің қолдаумен болмай күштеу, тізеге салу саясатының орын алғандығының бірден-бір көрінісі. Өйткені әр ұйымдасқан шаруашылыққа

10-15-тен ғана мүшенің тартылуы көптеген кедейлер мен шаруалардың «ыстық ықылас» білдіре қоймағанын көрсетсе керек.

Басты мақсат – серіктіктерді көбейту болғандықтан оған кім болса соны қабылдады. Оған дәлел ретінде кейін жүргізілген жаппай тексерудің бір ғана мысалын келтірейік. 1928 жылы 6 тамызда Құрша жерінде аудандық «Қосшы» одағының нұсқаушысы Байзақұлы 8-ауыл қосшыком ағасы Шонақұлын және бірнеше куәгерлерді қатыстыра отырып әртелге ұйымдасқан 180 адамның 18-ін мүшеліктен шығаруға мәжбүр болды. Өйткені, кезінде әртелге 3 жастағы Төлеш Досанұлы, 15 жастағы Ізтұрған Досанұлы, жасы ұлғайған мүгедек кемпір Ақмаңдай Жолдыбай келіні, т.б. қабылданғаны анықталды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 4 іс, 14 б.).

## Тазалау ма, талау ма?

20-жылдардан бастап адамды адамға сенімсіз, біріне-бірін жау етіп тәрбиелеу саясаты өріс алды. Соның салдарынан «жағымсыз жат элементтер, тап жауы» деген сөздер қалыпты сөйлеу тілінде тілге тиек болды. «Қосшы» одағы алғашқы ұйымдасқан күннен бастап жағымсыз элементтерден тазарту мәселесін қолға алды.

1927 жылы 12 сәуірде Өлкелік «Қосшы» комитеті барлық губерниялық «Қосшы» комитетіне «Қосшы» ұйымын жат элементтерден тазартуды талап еткен хат жолдады. Онда: «Өлкелік комитет тарапынан «Қосшы» мүшелерін жат элементтерден тазартуды талап еткен 1926 жылғы 8 наурыздағы ескертпені және 1926 жылғы 2 қарашадағы циркулярлық нұсқауды орындауға мән бермей отырсыздар. «Қосшы» мүшелерін жат элементтерден тазартуды бір мезгілдік маусымды әрекетке айналдырмай, осы нұсқауды алысымен, күн ұзартпай «Қосшы» мүшелерін тазарту ісіне шұғыл кірісуді және оны күнделікті іске айналдыруға, оның қорытындысын ай сайын хабарлауды міндеттеймін», - деп қатаң талап қойылды (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 52 іс, 6 байлам, 10 б.).

Осыдан кейін «Қосшы» мүшелерінің арасына тап жаулары кіріп кетті» деген желеумен жаппай сұрыптау комиссиялары құрылды. Олар да елді дүрліктіріп, аласапыран жасады. Қолда бар мәліметке қарағанда 1929 жылдың аяғында сұрыптау комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша тек Ойыл және Маңғыстау аудандарында 943 адам, оның ішінде 81 саудагер, 83 атқамінер, 281 бай «Қосшы» мүшелігінен шығарылды (МОММ 262 қор, 1 тізбе, 19 іс, 10 б.).

Түпқараған болысы «Қосшы» комитеті мүшелерін тек жағынан тексеру жасағанда «үштіктің» шешімімен 291 «Қосшы» мүшесінен 50 адамды мүшелікке жатпайтын жат элемент деп тапты (МОММ 81 қор, 1 тізбе, 2 іс, 15 б.). Ұланақ жерінде Сегізбай ауылынан 16, Құршадағы «Ауыздыбастыдан» 18 мүшені «үштіктің» шешімімен «Қосшы» мүшелігінен шығарды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 12 іс, 6-7 б., 4 іс, 14 б.).

Тазалау барлық жерде дауылды күнгі өртке айналды. Барлық ауылдар мен болыстарда «Кеңес үкіметінің партия, саясат, шаруашылық жолына қарсыларды табу туралы» мәселесі қызу талқыланып, жаппай жауапқа тарту етек алды. Бұған мұрағатта сақталған Қараған, Саура, Қабесімбай, Жығылған, т.б. жерлерде кедейлер мен ауыл қызметкерлерінің, белсенділердің қатысуымен өткен жиналыс қаулылары дәлел бола алады.

Мысалы, Саура жерінде 1-ауыл белсенділері мен кеңес мүшелері жоғарыда аталған мәселені қарап, «Кеңес үкіметінің сара жолына қарсы болған 7-ауыл азаматтары: Омар әйелі, Дәулетбай Рысқұлұлы, Қарабас, Сатыбалды Байтұрғанұлдары; 1-ауыл азаматтары: Азмағамбетұлы, Сейітұлы, Есен, Баба Есембетұлдары, Сатиман, Көбен Жарыұлдары, Төре, Балуан Қуанұлдары, Мошқал, Қарағұл Дабысұлдары сотқа тартылсын», - деп қаулы алған.

Бұл кезде жиналыстарда, кейде жеке отбасында әрбір айтылған сөз есепке алынып, саяси басқармаға жетіп жатты. Белсенділер мен өсекшілердің желі оңынан туды. Шындықты айтқандар қуғынға ұшырады.

1-ауыл Жығылған жерінде кедейлер жиналысы «тап дұшпандарының не істеп жүргендері туралы және кедей табының үстемдігіне қарсы үгіт таратушыларды табу жайлы» мәселе қарап, Сәрсен Қожамбетұлы деген азамат жайлы: «Оның әкесі Қожамбет отты отқа құйған, нағыз қудың қуы болатын және үлкен молда, кітап ашып дуа беріп, ауру бағып, бүкіл оң жағаны аузына қаратқан үлкен инабаттысының бірі. Бұрынғы қулармен байланысты болған. Тілі жүйрек, даукес, нағыздың өзі еді... Кісінің еңбегін пайдаланып, қанап, қайық жүргізген. Енді өзін жұмыскерлікке аударып, бүкіл оң жаға еліне: «Біз қашаннан қайықшы едік, жарлы едік, бізді әлді шаруаға тартып, қайығымызды сипап алды, кімді сипамас дейсің бұл сәбет? 20-30 саулық баққан адам байлыққа тартылды ғой», - деп теріс үгіт айтып жүр», - деп мінездеме жасады. Әрине, мұнан кейін оның тағдыры не болатыны өзінен-өзі түсінікті.

Осы жиналыста «Бұрынғы кеңеске қарсы тобаниязшылардың қалдығы байларға, кулактарға қысым берілмей, дегенімен жүре

келіп партия мен Кеңес үкіметінің қазіргі дұрыс саясаты басталғасын солардың қалдығы: ескішілдер, атқамінер, байлар, молдалар, кулактар, құйыршықтар осы кезде өз әдісін, амалын өзгертетінін ескеріп, бұл жайда оларға қарсы қазақ ауылдарына тап мақсатын, саясатын дұрыс түсіндіріп, белсенділігін көтеріп, кедей ұйымын жандандырып, тиісті шаралар қолдануға малай, жұмыскер, кедейлер болып, бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығаруға» ұйғарды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 80-82 б.).

Сондықтан жағдайдың күн санап шиеленісе түскендігіне байланысты, әрі байларға қарсы жүргізілетін саяси науқанға желді оңынан тұрғызу билігін партия ұйымдары өз қолына алды. БК(б)П Маңғыстау аудандық комитетінің хатшысы Ведениктов 1930 жылы 11 қарашада бюро қаулысымен Әлжанов (бастығы), Неталиев және Самарцевтерді «үштік» құрамға бекітті (МОММ 17 қор, 1 қосымша, 92 іс, 83 б.).

Маңғыстау аудандық кеңес атқару комитетінің БК(б)П фракциясына Өлкелік партия конференциясының шешімі бойынша байлардың мал-мүліктерін тәркілеу жайлы саяси науқандарды жүргізуге БК(б)П мүшесі Мұқатовқа (Мақатов болуы мүмкін) аудандық партия комитеті бюросының шешімімен өкілдік береді және «контрреволюциялық ойдағы элементтерге, әлниязовшыларға қарсы күресу жұмысында жүрген Саяси басқарма адамдарын техқызметкерлермен, жабдықтармен, қаржымен қамтамасыз ет» деген өте шұғыл және құпия хаты жеткізілді. Хатқа Маңғыстау аудандық партия комитетінің хатшысы Ведениктов қол қойды (МОММ 17 қор, 1 тізбе, 1 қосымша, 94 іс, 16 б.).

Осылайша малды тәркілеу, астық дайындау, ауыл шаруашылығы өнімдерін пайдалану, тағы басқа күштеу, зорлау саясаты ел наразылығын туғыза бастады.

Елдегі салықтың жиналмауы, жоғарыдан берілген тапсырманың орындалмауы елдегі бұрынғы ақсақалдардың, байлардың, атқамінерлер мен дін иелерінің әсерінен деп тапты. Саясаттың терістігінен халықтың бетін аудару мақсатында әдейі осындай құйтұрқы бағыт ұсталынды және оған кейбіреулері насихаттың арқасында иландыруға әрекет жасады. Осы бағытта аудандық комитет барлық болыстарда «Ауданның қазіргі саяси-шаруашылық халі һәм кедей, орташалардың алдағы, күнбе-күнгі міндеттері жайлы» мәселені үзбей талқылады.

Бегілғайлы жеріндегі 1-ауылдың теріс жаға беттегі кедейлері мен орташалары осы мәселені талқылап, аудандық өкіл Мақатұлының баяндамасынан кейін мынадай қаулы алды:

1. «Маңғыстау ауданының еңбекшілері бесжылдықтың 3-жылында міндеттерді орындай алмай, бай-кулактар табы қарсылық істегендіктен адасып, еріп кетіп отыр. Басты себептің бірі – ақсақал, ру басшылары сияқты артта қалған биліктерінің кертартпалығы болып отыр. Солардың кесірінен, ықпал жасауынан, кедей-шаруалар теріс жолға түсіп отыр деп білеміз.
2. Ру басы, ақсақалдардың бастаған бандылары тастап жүрген өтірік, есек ұрандары ұлт араздығын туғызып, мұсылман-кәпір деп еңбекшілер бірлігін бұзып, онан әрі коммунистер мен кеңес белсенділері арасын ашып, күштерді әлсіретуді көздейді. Ондайларға жол бермейміз.
3. Үкіметке, коммунистерге қарсымыз деп қазына малын, кооператив орындарын талап, белсенділерді қудалап әрекет қылды. Тап жауларының мұндай теріс әрекеттеріне наразылық білдіреміз».

(МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 23 б.)

Ел ішіндегі сауатты, ақылды, өмірге өзіндік көзқарасы барлардың көзін жою, оларға қысым жасау Саяси басқарманың да, партия, кеңес орындарының да сол кездегі басты нысанасы болған. Сондықтан да тек бір ғана Маңғыстау ауданында бір жылдың ішінде 533 іс сотта қаралды (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 4, 5 б.).

Күштеп қысым жасау мен озбырлыққа қарсылық, шаруалардың қарулы қимылы да бой көрсете бастады. Кей жерлерде Кеңес үкіметінің саясатына лайық ұйымдасқан шаруашылықтарға, жеке ауылдарға шабуыл жасап, тонау әдістері кездесті. Кеңес үкіметі оларды «банды» деп атады.

«31 мамыр күні «Бозашы» серіктігіне, - деп көрсетеді серіктік бастығы Тұржанұлы, - банды келіп 1443 қой-ешкі, 825 бас лақ-қозы, 9 түйе, 4 жылқы; 2 маусым күні 1525 қой, 5 түйе, 10 жылқы, 7 сиыр, 1 бұзау, тары әкелген 110 қанар, 52 бөлек кендір арқан, қой-ешкі жүндерін алып, серіктік документтерін өртеп кетті. Банды басшылары: Бәшін Есенұлы, Қылыш Өтеуұлы, Ұлықпан Сарықұлұлы – 14-ауыл, Есқараұлы – 12-ауыл» (МОММ 17 қор, 20 іс, 206, 207 б.).

Адай уезінде кеңестік саясатқа қарсылық білдірушілер қатары жалғыз жарым емес. Оны «...Ақшұқырдағы тұтыну қоғамының қоймадағы товарларын, «Қаракөл» серіктігіне жинаған малдарын 3-ауыл азаматы Аманжол Сәрсенбайұлы басқарып келген 16 адам тартып алып кеткен. Оларға жергілікті жерден Әбдібай Өмірұлы, Қуанбай Әлкеұлдары көмек берген» деген деректер нақты көрсетеді (МОММ 17 қор, 25-а іс, 46 б.).

Кеңес үкіметінің ел ішіндегі саясатына қарсы болған оларды контрреволюциялық байлардың үгіт-насихаты деп тауып, күштеп, зорлап алуымен жер аударуға әрекет жасалды. Мұндай солақай саясат, әпербақандық әрекеттер ел намысын қоздырды. Сондықтан да Маңғыстау Адайларының шаруа қозғалысы Кеңес Одағына әйгілі болды. Көтерілістің аяғы халықтың республикадан тыс Иран, Ауғанстан жеріне қарай «балапан басына, тұрымтай тұсына» үдере босуына әкеп соқты. Олар жергілікті белсенділер мен кедейлердің қуғындалуына ұшырады. Жауапқа да тартылды.

Бұл мәселе жайында да мұрағат қорында сақталған материалдардан үзінді келтіруге болады. Жығылған жеріндегі 1-ауыл кедейлері мен ауыл қызметкерлері тап дұшпандарының не істеп жүргендері жайында мәселе қарап: «...2-ауыл азаматы Қабыл Өтегенұлы, Танаш Төлегенұлы елі қашқын, һәм өздері де қашуға ел, адам, көлік іздеп жүргендіктен ісі сотқа берілсін. 3-ауыл азаматтары Әбілхан Байқожаұлы, Дарау Қаршығаұлы, Әділхан Сүйесінұлы сотқа беріліп, әсіресе Әбілхан Байқожаұлы өте-мөте көшуге көңіл бөлгендігі сезілгендіктен және Әбілхан Байқожаұлының айтуына қарағанда Сүйесінұлы, Қаршығаұлы да қашуға қару іздеген, мал алуға амалдас болған және Қаршығаұлындағы қару Саяси мекеме арқылы қаралып алынатын болсын. 1-ауыл азаматы Сәрсен Қожанбетұлы теріс агитация жүргізгендіктен сотқа берілсін», - деп қаулы алды (МОНМ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 77-79 б.).

КСРО Халық Комиссарлары кеңесі жанындағы Мемлекеттік біріккен саяси басқарма органдарының күшімен аштыққа және қысымға қарсы бас көтерген халыққа, ірі байларға қарсы аяусыз жазалау акциясы басталды.

## **Байларды тап ретінде жою – елді тоздыру**

Бүкіл одақ көлемінде, оның ішінде Қазақстанда жаңа экономикалық саясат жеке қожалықтардың бұрынғыдай емес, ес жинауына, тұрмысын көтеруге, жеке баюға бағыт алуға аз да болса есік ашты. Жасыратыны жоқ, Қазан төңкерісінен кейін бірнеше рет қайталап соққан жұт, ашаршылықтан бастап, жарлы, жақыбайлар тыныстап, ес жинауға үміттенді. Байлар қатары көбейе бастады.

Бір ғана Маңғыстау өңірінде 1928-1929 жылдары тек 84 ғана бай болса, ол 1929-1930 жылдары 190-ға, 1930-1931 жылдары 277-ге жетті. Осы үш жылда олардың табыстары да үш есе өсті. 1928-1929

жылдары олардың табысы 131432 сом болса, 1930-1931 жылдары 454332 сомға жетті. Маңғыстаулық байлардан 1928 жылы 30457 сом салық өндірілсе, 1930 жылы 117241 сом салық алынды. Есепті деректер бойынша 1930 жылы желтоқсанда ауылдық жердегі 7216 қожалықтың 4352 кедей және 2622 орта шаруа болды, байлар осылардың 4-ақ процентін құрады. Бірақ солай болса да олардың қолында көп мөлшерде мал болды. Мұның өзі, жасыратыны жоқ, ел ырысы еді. 1929-1930 жылдары Маңғыстау өңіріндегі елдің кедейлері уақытша есеңгіріп барып естерін жинап, олардың қолында аз да болса мал басы көріне бастады. Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі елдің есін жиғызбаудың жаңа бір әдісіне көшті. Ол – байлардың мал-мүлкін тәркілеу, оларды тап ретінде жою саясатын жүзеге асыру болды. Бұл саясатты Қазақстан Орталық партия комитеті ерте қолға алды. Олай дейтініміз, қазіргі күні байлардың мал-мүлкін тәркілеу Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Қазақ АКСР Халық Комиссарлары кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы біріккен шешімінен басталды деушілер көп.

Шындығында бұл саясат қозғаушы күш болып өмірге ерте келді. Тарихи деректерге талдау жасасақ, байларды тәркілеу мәселесінің түпқазығы – В.И.Ленинде жатыр. Ол 1919 жылы РК(б)П VIII-съезіне қатысқан Қазақстан делегаттарына ерте ме, кеш пе «малды қайта бөлу туралы мәселе қоюларыңызға тура келер», - деп жол сілтеген. Осыдан кейін Қазақ Өлкелік партия комитеті, Халық Комиссарлары кеңесі, Өлкелік атқару комитеті байларды тәркілеуге 9 жылдай уақыт дайындалды.

1927 жылдың қараша айында қазақстандықтар ірі байлардың малын тартып алуға шешім жасап, байларды бұқарамен теңестіреміз, ауылды күшейтеміз деген құйтұрқы саясат ұстады.

1927 жылы желтоқсанда «Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу туралы» заң жобасын жасайтын комиссияны құрып, осы комиссияның жасаған жобасын Өлкелік комитетке бекітіп, оны БК(б)П Орталық комитеті мен Бүкілодақтық Орталық атқару комитетіне мақұлдатып қолдарына қуатты қару етіп ұстады. Бұл жұмысты ұйымдастыру тізгінін тікелей Қазақстан Орталық партия комитеті өз қолына алды. Бірақ шындығына келгенде, ол Халық Комиссарлары кеңесінің, Орталық атқару комитетінің, Өлкелік «Қосшы» комитетінің қолымен от көседі.

Осыдан кейін Қазақ АКСР Халық Комиссарлары кеңесі жасыран кеңес өткізіп, онда «Жер аударудың уақытша тәртібі туралы»<sup>1</sup>

---

<sup>1</sup> Кейін өзгертілді (91 б. қараңыз).

мәселені талқылап, Қазақстанның өз ішінде жер аударудың мынадай уақытша тәртібін қолдануды ұйғарды:

1. Ақтөбе округінен Семей округіне;  
Орал округінен Қызылорда және Ақмола округіне;  
Сырдария округінен Гурьев және Ақмола округіне;  
Қызылорда округінен Гурьев округіне;  
Петропавл округінен Орал және Павлодар округіне;  
Ақмола округінен Семей және Сырдария округіне;  
Павлодар округінен Ақтөбе округіне;  
Қостанай округінен Павлодар және Қарқаралы округіне;  
Алматыдан Ақмола және Қарқаралы округіне;  
Қарқаралы округінен Ақтөбе округіне;  
Гурьев округінен Қызылорда округіне;  
Қарақалпақ автономиялы облысынан Ақтөбе округіне.
2. Алматы, Қостанай, Петропавл және барлық округ орталықтары мен Қарақалпақ автономиялық облысына, барлық өнеркәсіп аудандарға, Семей округінің шекаралық аудандарына жер аударылғандарды жіберуге тыйым салынсын.
3. Жер аударылғандарды теміржолмен және қара жолмен үздіксіз тасуды ұйымдастыруды НКВД-ға тапсырылсын.

(МОНМ 17 қор, 1 қосымша, 1 сілтеме, 94 іс, 42 б.)

Енді осы қаулыға зер салып қарасақ, Қазақстанның бір облысынан бір облысына емшектегі баласынан бастап еңкейген қарттарына дейін Кеңес үкіметіне жау болып жер аударылатындай не кінәсі бар еді деген сауал өз-өзіне туындайды. Өйткені, бүкіл Қазақстанның аумағындағы байлар мен зиялы азаматтары, ел басшылары, дін иелерінің бәрі Кеңес үкіметіне жау, қылмыскер болып кеткен жоқ. Олар Кеңес үкіметіне алғашқы күннен бастап ақпейіл, адал жүрегімен қызмет ету ниетінде болды.

Солай болса да Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің өзі халықты екіге бөлді. Таптық жік туғызып бір-біріне айдап салды, жауластырды. Ауқаттылар мен ел басқарған зиялы қауымның бетіне күйе жақты. Ресей патшаларының отарлау саясатындағы бұл тәсілдің бетін Коммунистік партия мен Кеңес үкіметі өзге түске бояды. Сөйтіп, қазақ халқын тоздыру әрекетіне батыл түрде белсене кірісті. 1919 жылдың ақтармен аласапыран күрес жүріп жатқан күндердің өзінде-ақ оның басты дирижері, ту ұстаушысы В.И.Ленин болғандығын жоғарыда айттық.

1928 жылдың 5 тамызында Өлкелік «Қосшы» комитеті округтік «Қосшы» комитеттеріне байлардың малын тәркілеу туралы былай деп хат жазды:



...3. Байлардан алынған мал-мүліктің 60-70 проценті кедей-батырақтарға және олардың ортасынан ұйымдасқан бірлестік әртелдерге берілсін.

4. Бастауыш ұяның жалпы жиналысында кәмпескелеуге іліккен байлардың тізімін қарағанда естен шықпайтын жұмыстың бірі – қазақ байларының әуелден қолданып келе жатқан әдісі – жас баласына енші беру, неше әйелі болса әрқайсысын өз бетінше үй қылып қою, бұл сықылды жұмыс қазақ арасында екінің бірінен табылады. Сірәсінде шаруаның иесі бір-ақ адам. Тек үкіметтің көзін алдап отырған айласы. Міне, осы жағына «Қосшы» мүшелері қатты зер салу өте қажет.

...7. Байлар кәмпескелеу науқанына күні бұрын дайындық жасап жатыр, ол дайындықтың түрі мына сияқты: артық малын сатып ақша, бұйымға аудару, кедейлерге көлік майын, сайман беріп аузын алу, тіпті жазаланса мырзалық қылып тегін беріп жүргендері де бар. Осы амалмен кедейлерге байдың малын өз малым дегізіп, кәмпескелеуден аман алып қалмақ. Сондықтан әрбір кедей «Қосшы» мүшелері кәмпескелеу науқанында байлардың саясатына алданып, байдың малын қорғаудан аулақ болуы керек.

(ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 10 байлам, 97 іс, 60-63 б.)

Бұл хатқа Өлкелік «Қосшы» комитетінің төрағасы Әлиұлы, хатшысы Мұратбайұлы қолдарын қойған. Қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ деген осы.

1928 жылғы 5 тамызда БК(б)П Қазақстан Өлкелік комитетінің секретариаты «Өлкелік «Қосшы» одағының кезекті пленумын өткізу туралы» мәселе қарап, «Қосшы» одағының өлкелік пленумын 20 тамызда өткізуге, оның күн тәртібіне:

1. Байларды кәмпескелеу туралы – баяндамашы Орталық атқару комитетінің төрағасы Е.Ернарұлы;
2. «Қосшы» одағының қызметін жақсартудағы таяудағы міндеттер туралы – баяндамашы Өлкелік «Қосшы» комитеті;
3. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру туралы, - мәселелерді талқылауды бекіткен.

Сондықтан байларды тәркілеу 1928 жылғы 27 тамызда емес, оған дейін басталған және байларды тәркілеуді бірнеше рет талқылап, партия, кеңес пен қоғамдық орындарды алдын ала дайындады, психологиялық жағынан әзірліктен өткізді дей аламыз.

Сол 5 тамызда өткен БК(б)П Өлкелік комитетінің бюросында «Байларға қарсы күресті күшейту туралы» мәселе қаралып, «бай, атқамінерлерді ГПУ күшін пайдаланып қамауға алу, тәркілеуге ілікпеген бай, атқамінерді уақытша қамауда ұстауға» қаулы алды.

27 тамызда кедейлер мен орта шаруаларды үстем таптың қанауынан және экономикалық тәуелділігінен босату, халықтың экономикалық, мәдени-тұрмыс жағдайын көтеру мақсатында Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесі қаулы алды:

«...Қарақалпақ автономиялық облысы мен Адай округі және бұрынғы Сырдария губерниясының мақта егетін аудандарынан басқа жерлердегі жергілікті халықтың ірі байлары, жартылай феодалдары мен ауылды советтендіруге қарсылық білдіріп өз ықпалын жүргізген патриархалды-рулық қатынастағылар жер аударылсын.

Ескерту: 1. Ірі байларға көшпелі аудандарда 400-ден астам ірі қара малы барлар, ал жартылай көшпелі аудандарда 300-ден астам малы барлар, отырықшы аудандарда 150 бас малы барлар жатады. Қазақ АССР Халық Комиссарлары кеңесіне жағдайға қарап отырықшы аудандардағы 100 басқа дейін малы барларды да жер аударуға шешім қабылдауы жөнінде право берілсін.

Ескерту: 2. Кей жағдайда Халық Комиссарлары кеңесінің шешімімен жоғарыда көрсетілген мал мөлшерінен қолындағы малдары аз болған жеке адамдар да жер аударуға жатады.

...5. Осы қаулының 1-статьясына жатпағанмен Совет үкіметіне қарсы пікірде болған бұрынғы сұлтан, атқамінер, хан тұқымдары мен патша үкіметінен ерекше награда, сый-сыяпат алған үздіксіз болыс басқарушылары болғандар да мал-мүлкі тәркіленіп, жер аударылсын.

...7. Осы қаулының 1 және 5-статьяларына жататындардың тәркілеуге іліндірмес үшін 1928 жылдың 1 қаңтарынан кейін өз шаруашылығын, мүлкін өтірік ықшамдаған, бірнеше бөлікке бөлгендері заңсыз деп саналсын.

...14. Байларды жер аудару Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің арнаулы қаулысымен белгіленсін және жер аудару 1928 жылдың 1 қараша айында аяқталсын».

(ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 84 іс, 8 байлам, 32, 33 б.)

Қаулыға Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің төрағасы Е.Ерназарұлы, Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақұлы қол қойған.

Осы қаулы алынған күні «Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу және оларды жер аудару туралы Қазақстан еңбекшілеріне үндеу-хат» текстін және Орталық атқару комитетінің ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу мен оларды жер аудару жөніндегі қаулыны жүзеге

асыру және оны орындау үшін әрбір облыс, губерния, округтерге жіберілетін өкілдерінің тізімін бекіткен қаулы өмірге келді.

Бұл жерде Орталық атқару комитетінің, Халық Комиссарлары кеңесінің 27 тамыздағы қаулысының жеке баптарынан үзіндіні келтіруіміздің бірнеше себептері бар.

Біріншіден, жоғарыда аталған қаулыда Қарақалпақ автономиялық облысы мен Адай округі және бұрынғы Сырдария губерниясының мақталы аудандарының байларын неліктен тәркілеуден алып қалуға шешім алынғандығы осы уақытқа дейін көпке белгісіз. Оның үстіне Адай округіндегі байлардың тәркілеуге жатпайтындығы жөніндегі шешім. Бірақ солай болса да Адай округіндегі байлар бұл құрықтан кете алмау себебі неліктен?

Екіншіден, қаулыда неге тек жергілікті халықтың ірі байлары мен жартылай феодалдарын тәркілеуге жатқызып, «бір жұттан малы қалмайтын» жергілікті ұлттан басқа фабрика, завод иесі болған, немесе жиған мүлкі қазақтың он байын орап алатын басқа ұлт өкілдері неліктен тәркілеуге кірістірілмеді?

Үшіншіден, Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесі халықты отырықшылыққа көшіру туралы міндетті қаулы ала отырып, 100 бас малы бар отырықшылардың да мал-мүлкін тәркілеп, жер аудару жөнінде шешім алуы қалай? - деген мәселелер күні бүгінге дейін көпшілікке беймәлім шешімдер. Қалай дегенмен де халықтың «тұман басқан көңілін ашатын жел солынан туды».

Қазақстан Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулылары ел өмірінің астан-кестенін шығарды.

Бүкіл республикада «Байлар тап ретінде жойылсын!» ұраны көтерілді. Тәркілеу комиссиялары, «үштіктер» құрылды. Байларды жаппай тәркілеу басталды.

Адай округінде ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеуге жатпайды деген жоғарыдағыдай қаулыға қарамастан Адай округтік партия, кеңес, «Қосшы» орындары байларды тап ретінде жою ұранына бір кісідей жұмылып, белсенділік көрсетті. Әсіресе «Қосшы» одағы бұл істі жүзеге асыруда шешуші күш болды. Байларды тәркілеу ісіне «шаш орнына бас алатын» белсенділер сұрыпталды.

Олар обал-сауапқа, жағдайға қарамады. Ондай қызыл белсенділер сол кездегі байларға:

Тақырда тайың туласын,  
Жамбасың сынып қирасын,  
Артында қалған бала-шағаң  
Тамақ таба алмай шуласын,

немесе

Кигенің қап болсын,  
Тұқымың сап болсын,  
Кигенің кенеп болсын,  
Жегенің кебек болсын,

- деп айқайлап, ел шетіне ала құйын ала келетін, қамшы үйіріп ызы-қику ұран салатын.

Олар:

Сындыр пешін, түтіні шықпасын,  
Сындыр терезесін, күпісін тықсын,

- деп өзара ақыл-кеңес беретін, - дейді сол кезді көзімен көрген, ауыр да азапты күндерді басынан өткізген қарт Қани Сыздықұлы.

Көшпелі елдің күнкөріс, өмір тіршілігі тек мал. Малдан айырылу тікелей өлімге жол екенін сезгендіктен әлді шаруалар да, байлар да қолдағы малының есебін жасырудың барлық айла-тәсілдерін жасап бақты. Алайда ауылдық кеңес, елге шыққан белсенді өкілдер оны жасырады деген саңлаудың барлығын да табудың күні бұрын тәсілдерін ойластырды. Адай уездік ревком «Барлық Адай уезінің еңбекші бұқара шаруаларына» үндеу жариялады. Ол үндеуде:

«Кімде кім малын жасырып, өз еркімен малын Кетік, Ойыл қалаларына барып жазғызбаса, ол Қылмыс заңының 80-ші статьясымен жазаланады», - деп көрсетілді (МОММ 83 қор, 1 тізбе, 1 іс, 63 б.).

Қызыл белсенділер түн ішінде, таң алдында, не өрісте жүргенде күтпеген, кездейсоқ уақыттарда малға санақ жүргізді. Бұрын санаған кездегіден екінші рет санағанда кем болған малды табуды талап етті. Балаларына енші берсе, оны әдейі үкіметтен мал жасыру үшін жасаған айла деп есептеді. Сондықтан да 1930 жылы тамызда 5-ауыл азаматы Бірмағанбет Ермеқұлының өткен санақта кем болған 47 қойын тексеру бригадасы орнына келтіру жөнінде акт жасаса, Бәсімбай Бекетұлы ер жеткен баласы Қанатбайға еншіге берген 18 бас малын (9 саулық 9 қозысымен) заңсыз, мал жасыру деп ауыл кеңес, партия ұйым басшылары акты жасады.

Байлардың малының есебін және малын қайда жасыратынын білуге ел ішінде тыңшылар қойып, оларға жасырған мал есебінен процент мал беруді әдетке айналдырды.

Бұл жөнінде 1-ауыл кеңес ағасы Төремұратұлы 1931 жылғы 12 мамырда аудандық кеңес атқару комитетіне: «1-ауыл бай-кулактары Ж.Маймақұлы мен К.Ақжанұлы жасырған мал-мүліктерін тапқан Берімбайұлы еді. Ол заттарды тәртіпкер мекемесіне актымен сақтауға тапсырғанбыз. Жасалған актыда көрсетілген жасырын заттарды табушы кедей Берімбайұлына өз ұсынысыңыз бойынша тиісті процент бәйгеңізді беруді сұраймын» деп хат жазды (МОММ 17 қор, 24 іс, 106 б.).

2-ауылдағы салық комиссиясы іске бұдан гөрі нақты шешім алған. Олар 1932 жылы ақпандағы отырысында «Бай-кулактардың жасырған мал-мүліктерінің мағлұматы және бай-кулактардың жасырған мал-мүліктерін тапқан белсенділерге процент беру туралы» мәселе қарап, оларға «40 қой, 75 сом ақша берілсін», - деп қаулы қабылдады (МОММ 17 қор, 30 іс, 114 б.).

Жоғарғы партия, кеңес орындарынан күш алған, елге жасаған кесапаты мен қылмысты әрекетіне тежеу көрмеген қызыл белсенділер өзінен жоғарғыларға ел жағдайын суылдаған өсекті ыржаңдаған күлкімен, бұландаған түлкі боп жеткізді. Соның салдарынан ел ішінде байларды тап ретінде жоюдың жаппай лаңы етек алды. 1-ауылда – 31, 2-ауылда – 33, 4-ауылда – 20, 7-ауылда – 13, 10-ауылда – 29 байды тәркілеуге алды. Бір ғана Саура жерінде 54 адамды бай-кулактар қатарына жатқызып, оның 14-ін жекешеге тартты, 12-ін дауысынан айырды (МОММ 244 қор, 20 іс, 99-101 б.).

Жасыратыны жоқ, сол кездегі белсенділердің кейде өз құлқыны үшін қызмет еткендері де болды. «Біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы» дегендей, тәркіленген малдардан өз үлесін қамтып қалғысы келгендер де аз емес. Бұл жөнінде өлкелік «Союзмясо» мекемесінен келген инспектор 17.03.1931 жылы былай деп жазды: «Байлардан конфискациялап алынған малдар талан-таражға түсуде. «Тюлень сою» мекемесінің басшыларына 401 бас қой, 44 мүйізді ірі қара, 24 жылқы, «Живсоюз» мекемесінің жоспарлаушысы Соколовқа 2 қой, мекеме басшысы Алдоңғаровқа 10 қой берілген. Ауатком инспекторы Кононов, аудандық сауда бөлімінің бастығы Самарцев, аудандық кәсіподақ советінің төрағасы Неталиев, аудандық партия комитетінің хатшысы Құндақбаев, мал дәрігері Фроловтар да қой алған. «Конфискацияға алынған малдар үшін байларға 4840 сом төледік» деп мекеме басшысы Бисалиев, кассирі Михайловтар жалған документпен мемлекет ақшасын заңсыз пайдаланған» (МОММ 17 қор, 20 іс, 72-80 б.).

Адай округтік «Қосшы» комитетіне Адай округі жанындағы сот үкімін орындаушы Сарыбай Тұрышұлының: «Менің малдарды

конфескелеу кезінде еткен еңбегімді ескеріп, конфескеден түскен малдарыңыздан әуелдегі комиссияның қойған бағасымен сойысқа 10-15 қой беруіңізді сұраймын», - деп 1928 жылғы желтоқсанда берген мәлімдемесі де жергілікті басшылардың заңсыздықпен, өктемдікпен алған ол малдарды «материалдық ынталандыруға» қалай жұмсаймын десе де еркі барын көрсетеді (МОММ 262 қор, 1 тізбе, 1 байлам, 1 іс, 97 б.).

Мұны не деп түсіндіруге болады? Бізше, «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасынды» туғызған осындай белсенділер. Бұл – өз беделін арттыру, заманына сай бастыққа жағыну, жақсы атақ алып, қызметінің баспалдағын көтеру сияқты арам пиғылдың әрекеті.

Міне, осындай желөкпе белсенділердің арқасында байлардың тізімі «қолдан» көбейіп, олардың басына қара түнек орнатылған, әңгір таяқ ойнаған. Байларды кәмпескелеуді үлкен дәреже, мақтаншылық санаған. Олардың мүліктері бәсеке саудаға түсіп, малдары кедейлерге, жаңадан ұйымдастырылып жатқан әртелдерге бөлініп берілді. Өздері жер аударылды.

Байларды тәркілеуге алдын ала дайындық жүргізгендерімен, жиналған малды қыстың көзі қырауда асырау, күту жергілікті үкімет басшыларына оңайға түспеді. Ол қыруар қаржыны, жем-шөпті, бағып-күтетін адам күштерін талап етті.

Сондықтан да Ойыл аудандық партия комитеті 1929 жылдың қаңтарында байларды тәркілеуден түскен малдарды тарату туралы (баяндамашы Сағындықов) мәселе қарап, мынадай қаулы алды:

«...1. Ауданда ұйымдасқан ауыл шаруашылығы коллективі болмағандықтан және қыс түсуіне байланысты барлық жарамды малдар базар саудасына шығарылып, сатылсын.

Одан түскен қаражаттың 25 проценті округтік «Қосшы» одағы қорына аударылып, Уставтың талабына сәйкес «Қосшы» мұқтажына жұмсалсын. 75 процент қаржы Ойыл аудандық «Қосшы» қорына аударылсын. Оны қайда, қалай жұмсау мәселесі қосымша қаралатын болсын. Базарға шығаруға жарамайтын арық малдар Ойыл ауданының коллективтеріне бөлініп берілсін. Тәркіленген барлық малдарды екі жетінің ішінде тарату «Қосшы» одағына міндеттелінсін».

(МОММ 262 қор, 1 тізбе, 5 іс, 6 б.)

Кешегі күнге дейін Адай округіне тек патшалық заманда Тарас Шевченко сияқтылар ғана жер аударылған делініп келсе, кеңестік дәуірде «қызыл қырғынға» ұшырағандардың мекеніне айналғанын жасырын құжаттарды сөйлету арқылы енді біліп жатырмыз.

Адай округіне Қызылорда округінен 47 бай (олардың жан-ұяларында 325 адам болған) тәркіленіп, жер аударылып келген.

Олардың басым көпшілігі Алтықарасу ауданына, аздағаны Ойыл ауданына орналастырылды. Олар Қызылорда округтік аткомның 1928 жылғы қазан, қараша айларындағы қаулыларының шешімі бойынша жер аударылған (МОММ 276 қор, 1 қосымша, 22 іс).

Тізімге зер салып талдау жасағанда жан түршігерлік жағдайға көз жеткізуге болады. Мысалы, Қызылорда округі Қармақшы ауданынан жер аударылған Нығметбай Базарбайұлы дегеннің жеке өз басы келгенде, отбасындағы өзге адамдары елде қалған. Қызылорда ауданының 3-ауылынан келген Құйрықбай Сәрсенбайұлы дегеннің отбасындағы 8 адамның 4-і келген де, 4-і ел жақта қалған. Қармақшы ауданының 8-ауылынан жер аударылған Қален Ахметұлының 58, 60 жастағы екі шешесі, 2, 3, 5 жастағы ұл-қыздары сол жақта қалған, бір қызы жер ауып келе жатқанда жолда өлген. Осы ауданның 7-ауылынан жер ауған Қуан Естайұлының 2 ұлы, бір қызы (1-6 жас аралығындағы) жолда өлген, әйелі елде қалған. Қазалы ауданынан жер аударылған 72 жастағы Бектібай Байдұллаұлының 2 әйелі, 2 ұл, 2 қызы жолда қалған.

Бұл Қызылорда округінен жер аударылғандардың 1-15 жасқа дейінгілері – 151, 61-82 жас аралығындағы қарттары – 25. Сонда 176 адамның еңбек етуі, өз бетінше күн көруі күмәнді. Бұл – тікелей өлім.

Осындай қайғылы қасіреттің қайсы бірін айтарсың? Байларды тәркілеу, жер аудару мәселесі жан-жақты күні бұрын ойластырылғандығын жоғарыда айттық. Жер аударылғандарға әдейі сол кезде елден жырақ, ауа райы қолайсыз, күн көрісі нашар, экономикасы тұралаған аудандар таңдалды. Оларға бір жерден екінші жерге ОГПУ-дің рұқсатынсыз жүруге тыйым салынған.

Жер ауып келгендердің басына төнген қаралы күндердің қалай өткені жайлы қолда нақты дерек жоқ. Ет жақын туыстарынан, аналары мен әйелдерінен, ел жұртынан айырылған жанның басында тұрған қатыгез тағдырын, тартқан тақсіретін жан дүниенмен ғана сезінесің.

Мұрағат қорында Қазалы ауданынан жер ауып келген Әлдебай Көтібарұлының қызы Сәлімнің 1929 жылғы қаңтарда жазған арызы ғана сақталған. «Әкем Әлдебай Көтібарұлы, - деп жазды ол, - байлықтан малы конфескеленіп, өзі жер ауып, мен де қоса жер ауып, Алтықарасу ауданының 9-ауылында тұрамын. Жасым 21-де. Сіздерден өтінемін: жасымның кәмелетке жеткенінше ерге шықпай отырғанымды, екінші, әйел теңдігін ескеріп, заң бойынша менің басыма рұқсат беруді, жер ауған тізімнен босатуды тәртіп етсеңіз екен» (МОММ 276 қор, 1 қосымша, 22 іс, 16 б.).

Осы арыз сол кездегі басшылардың бірде-біреуінің жүрегін тебіrentпеген. Ауатком арызға «Орго. Срочно дать разъяснение в основе постанов. ҚазЦИК (см. протокол) 13. II. 1929 г.» деп қол қойса, (жоғарыдағы қордың 17 б.) оған ократкомның ұйымдастыру бөлімі мынадай түсінік береді: «Барлық Адай округіне конфеске тәртібімен жер ауып келгендердің ойы арам, келген округтен басқа жаққа жіберуге заң қоспайды. Бұл Қазақстан Аткомының алқа мәжілісінің осы жылғы 24 ғинуардағы 72 санды мәжіліс хатының 2 бейнесінде анық көрсетілген. Сондықтан сондай тақырыпты сұраған азаматтар болса, сол қаулы бойынша толық түсінік беріп, арызын алмаңыз, аяқсыз қалдырыңыз», - деп барлық ауданға тапсырма берген (жоғарыдағы қордың 18 б.).

Алтықарасуға жер ауып барғандардың мұнан кейінгі тағдырына сұрау салып іздегенде олардың көпшілігінің тағдыр тәлкегіне ұшырағандары анықталды.

Мұса Көтібарұлының (Әлдебай Көтібарұлының туысы) қызы А. Мұсаева: «Әлдебай Өзбекстанның бір қаласында (Ташкентте болуы мүмкін) қайтыс болыпты. Баласы Мұрсал Ауғанстанға өтіп кетіпті. Екінші шешесі Тәжікстанда өліпті. Сәлім қайтыс болған. Исатай Тайбағар байдың баласы болғандықтан, сотталып кетіпті. Менің шешем Ұрқия қайтыс болып, әкемнің досы Сауыт алып асырап, кейін жетім балалар үйінде тәрбиелендім. Әкеммен тек 1969 жылы ғана журнал арқылы табыстым. Әкем 1970 жылы қайтыс болды. Өзім екінші топтағы мүгедекпін. Исатайдың баласы да мүгедек. Мұрсалды Түркияда жүр деген осыдан 4-5 жыл бұрын хабар болған. Ал Аманжол герман соғысынан хабар жоқ. Пленге түскен шығар деп ойлаймыз», - депті маған жазған хатында.

Адай уезіне Арал ауданынан жер аударылған Мергенбай Дәкібайұлының баласы Ермекбай: «Әкем Мергенбайдың жер аударылғанда отбасындағы 14 жаннан қалған жалғыз мен, ал Мырзағұл Құлсариев пен Бәйімбетов Құлсарының отбасындағы 30 жаннан қалған жалғыз Елубай, сөйтіп, 3 байдың отбасындағы 44 жаннан тек 2 жан ғана қалдық. Отбасында 8 жаны бар Бектібайұлы Әбдіразақ пен 18 жаны бар Қапанұлы Әлімбайдан тұқым қалмады», - деп хабарлайды. Оның үстіне әкесі Мергенбайдың үй мүлкінен басқа 150 жылқы, 150 түйе, 800 қойын тәркілегендігін, әкесі кейін аман-есен елге келгенде «Колхоз ұйымдастыруға қарсы үгіт жүргізген» деген айып тағып, ату жазасына кесілгендігін ашына жазады.

Қызылорда облысының Қармақшы ауданынан 80 жастағы қарт Нұрқан Баймұратов: «Мен 1932 жылы қаңтар айында Өзбекстанға ашаршылық айдап барған едім. Сонда Адай уезіне жер аударылып



барған Шам Бегеновке кез болдым. Ол Өзбекстанның Қашқадария облысы Жарқорған ауданындағы Хауаг деген мұнай шығатын жер. Шамның Шаһмұрат, Нұрмұрат деген екі баласы бар екен. Хауаг деген жерде Шамның өзі де, екі баласы да 1934 жылы қайтыс болды», - деп хабарлады.

Жер ауғандарға жүректің жібімеуі, оларға деген қатыгездік көз-қарастың тууы Мәскеуден басталған. Бұл жайлы Орталық атқару комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары кеңесінің төрағалары М.И.Калинин мен А.М.Рыков қол қойған қаулыда: «Аудандық совет атқару комитетінің рұқсатынсыз кулактардың өз бетінше қоныс аударуына, мүліктерін сатуына тыйым салынсын. Бұл тәртіпті бұзып, өз бетінше қоныс аударған және мүліктерін сатқан кулактардың үй мүлкін конфескелеу аудандық совет атқару комитеттеріне міндеттелінсін», - деп көрсеткен қаулысы жер аударылған байларды «қамыры иленбей тұрып-ақ пісірілген күлше жасаған» (МОММ 17 қор, 1 қосымша, 94 іс, 41 б.).

Бұл кезең шын мәнінде байларды тап ретінде жою саясатының қызу басталған дәуірі болды. Елде әлді байлар санын «қолдан» көбейту, нақа болмаса, орта шаруалардың өзін әлділер қатарына жатқызып, «мұраттарына» жету етек алды, бәсекеге айналды. Бұл жөнінде мұрағат қорында Қараған, Саура жерінде өткен жиналыстың қаулылары да сақталған. Олардың күн тәртібіне көз салып қарасаңыз, әлді шаруалар (байлар) табу жайлы деген мәселені бірден аңғарасыз.

Саурада (1-ауыл) батырақ, кедей, жұмыскерлер бас қосқан жиналысы «әлді шаруалар жайлы» мәселе қарап 17 адамды «әлді шаруа қатарында тартылсын, оларға үш күн мерзім ішінде малдарын пунктке өткізсін, тапсырмаса бай-кулак қатарында шара қолданылсын» деген қаулы алды. Олардың қатарында Мәния Шатбай әйеліне 108 бас, Аймағамбет Сарқожаұлына 102 бас, Қибаш Иманұлына 134 бас, Сағындық Балқыұлына 180 бас, Сүйеу Төлепбергенұлына 167 бас, Әбаш Қарабасұлына 186 бас мал тапсыру міндеттелді (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 99-101 б.).

Сатыман Жарыұлы, Жаңабай Иманұлы, Нұрқан Аманұлы, т.б. барлығы 14 адам әлділер қатарына жатқызылды. «Малдары, айыптары көрсетілген мерзімде өндірілсін. Орындаудан бас тартса, амал-айла істесе сотқа берілсін», - деп Қараған жерінде өткен жиылыс шешім қабылдады (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 109-112 б.).

Сақа құдықта 1-ауыл кеңесі алқа мәжілісі өтіп, онда «салынған айыпты қайта қарау, байлардың арызын қарау» деген мәселе талқыланды. Нәтижесінде алқа отырысы бұрынғы салынған салықтың

үстіне әрбір бай, орташаларға 143 жылқы, 144 түйе, 90-725 аралығында қой төлеу жөнінде айып салды. Және олар сол кездегі бағамен ақшаға есептелінді (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 67-69 б.).

1931 жылы сәуірде Саура жеріндегі байларға мынадай мал салығы салынып, ол ақшаға есептелді: Өтебас Ырзаұлына 575 қой, 13 жылқы, 9 түйе, барлығы – 127300 сом; Нұрқабай Қуанышбайұлына 625 қой, 12 жылқы, 3 түйе, барлығы – 129550 сом; Қошмағанбет Ағыбайұлына 450 қой, 13 жылқы, 7 түйе, барлығы – 91300 сом; Мошқал Жораұлына 360 қой, 7 жылқы, 11 түйе, барлығы – 79050 сом; Нысан Әбілұлына 210 қой, 10 жылқы, 4 түйе, барлығы – 46300 сом төлеуге шешім алды.

Салықтың малдан басқа түрлері, мөлшері төзгісіз жағдайда жүргізілді. Оның үстіне салынған салық тек 3 күнде орындалуы заңды міндетке айналдырылды. 11-ауыл кеңесі Калипа Сисекен әйеліне 250 кг шүберек, 3 кг резинка, 400 кг сүйек, 10 кг мүйіз-тұяқ төлеуді міндеттесе, Жұмабай әйеліне 200 кг жабағы жүн, 36 кг күзем жүн, 110 кг қозы жүні, 36 кг ешкі қылы, 80 кг түйе жүні, 15 дана аң терісі, 20 кг түбіт, 30 сом заем салығын салып, онан «3 күн мерзімде тауып беремін» деген тіл хат жаздырып алды (17 қор, 30 іс, 12-23 б.).

Мал, ақша дайындау жұмыстарында арнаулы мерзім қойылып, өтініш, тілек ескерілмеді. 1931 жылы сәуірде Шымырауда және 1-ауылда өткен кедей, орташалардың жиналысында «мал көтерем, салықты жазда төлеуге, кедей, орташаларға ақша қаражаты мөлшерімен салу белгіленсе» деген тілектер ескерілмеді, «мал дайындау науқаны 1 мамырдан қалдырмай аяқталсын», - деп тұжырымдалды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 71-75 б.).

Белсенділердің белден басу әрекеттері негізінен етек алған Сақа құдық жерінде кедей, орташалардың біріккен жиналысында «әлдіге тартылған кейбір адамдардың арызын қарау туралы» мәселені талқылап, «Иманғали Қарабалаұлы, Қарамырза Баймамбетұлы малай ұстаған, сауда жасаған адам болғандықтан әлді шаруа қатарына жатқызылсын», - деп шешім қабылданды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 50-53 б.).

Ауыл белсенділерінің асыра сілтеу салдарынан бірсыпыра байларды енді жекешеге тартып, жер аударамыз деп қорқыту саясаты қолға алынды. Сақа құдық жерінде кедей, батырақ, орташалардың жиналысында «Табы жат адамдарға жоспар салу туралы» мәселе қарап, 15 адамға осы саясат қолданылды. Бұлардың ішінде Қарамырза Байменұлына 512 қой, 3 жылқы, 2 түйе, Сұлтан Нұрқабайұлына 413 қой, 9 жылқы, 4 түйе, Сағындық Жақсыбайұлына 351 қой, 3 жылқы, 5 түйе тапсыру тұжырымдалды (МОММ 244 қор, 20 іс, 113-115 б.).

Байларды тәркілеу науқаны экономиканы ойсыратумен бірге адамдардың туыстық қарым-қатынасына, мінез-құлқына теріс әсерін тигізді. «Қожаның басына су құйылса, аяғына от жағыладының» керін келтіріп осы өртке шаруалар да, кедейлер де шарпылды.

I-ауыл азаматы Ұзақбай Маханұлының Маңғыстау аудандық комитетіне: «Мені 1933 жылғы науқан кезінде сауда істеді деп әлді шаруа қатарына тартып отыр. Тезек теріп сатудан басқа істеген кәсібім жоқ. Нағыз кедеймін. Бұл жөнінде ауылдық кеңестен алған анықтамам бар. Мені әлді қатарынан шығаруды сұраймын», - деп жазуы, I-ауыл тұрғыны Бекбан әйелінің 1931 жылы қаңтарда тексеру комиссиясына: «Мен жесірмін. Бала да жоқ. Кемпірмін. Барлық қолда бар 49 қойымды алды. Сенде 164 қой бар деп, жоқ қой үшін 2300 сом ақша салып отыр. Мендегі бар мал 4 түйе, оның біреуі жоғалып кетті, 2 қой. Осыларды сауып тамақ қылып отырмын. Әлді қатарынан шығаруды сұраймын», - деуі жоғарыдағы сөзіміздің дәлеліндей (МОММ 17 қор, 20 іс, 162 б; 24 іс, 80 б.).

Әйтпесе мұрағат қорларындағы аузынан ақмайы аққан бай болуды армандаған, зорға күнелтіп жүрген Темірбек Жақсымбекұлы, Қазан қаласынан жер ауып келген ноғай Мәуліш Сармолдаұлы деген сияқты бірнеше ондаған адамдардың көз жастарын сорғалатып жазған арыздарын сөйлетуге болар еді.

1931 жылы мамырда I-ауыл мен Сақа құдықта өткен жиналыстарда «ауқаттылар қатарына тартылғандардың жайын қарау туралы» мәселе талқылады. Онда: «Бұрын әлдіге тартылған, бірақ кісі еңбегін жемеген, малай ұстамаған, адам жалдамаған Тұмышұлы, Қарабасұлы, Көптілеуұлы, Сарықожаұлы әлді қатарынан шығарылсын», «бай-кулактарды табу мақсатымен батырақ, кедейлер ауқаттылар қатарына жатқызылып, қателіктер кеткен» деп 46 үйдің тізімін көрсетіп, асыра сілтеудің сол кезде өріс алғандығын ашық мойындаған (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 50-53, 57-58 б.).

«Бес саусағың бірдей емес», елдің ауыр халін жоғарғы партия, кеңес орындарына дер кезінде дабыл көтеріп, көмек көрсетуді сұраған азаматтардың жанайқайы да аз болмаған. Замана ағымын ерте сезген азаматтар байларды тәркілеудің зиян екенін алдын ала болжап, қазақтың малдан басқа тірлігінің көзі аз екенінен жоғарғы орындарға хабардар еткен.

Адай уездік «Қосшы» комитетінің төрағасы Сейтқазыұлы Өлке-лік «Қосшы» комитетіне 10 қазан 1926 жылы, байларды тәркілеуден бір жыл 10 ай бұрын: «Қазақ елінің шаруашылығы тек аяқты малмен тұрады. Фабрика, завод, т.б. үлкен өнеркәсібі жоқ. Олай болғанда байдың айырмасын қалай айыруға болады? Мысалға алсақ бір

адамның 1000 қойлық байлық мөлшері бар. Малай жалдамайды, өзі, балалары және тумалары бағады. Бұған қалай қарауға болады?» деп хат жазды (ҚРОММ Р-769 қор, 9 іс, 17 б.).

Бұл хатқа 1926 жылы 23 қазанда Өлкелік «Қосшы» одағының бюросы: «Байлығының мөлшері 1000 қойлық адамдар малай жалдамай да байдың есебіне кіреді. Себебі біздің қазақ тұрмысында жоғарыда айтқандай малы бар адамдар басқаның күшін пайдаланбай өздері жасауға мүмкіндік жоқ. Сіз көрсетесіз, малай жалдамайды, балалары, болмаса тумалары жасайды деп. Енді осы соңғы тумалары деген сөзіңіз өзіңізге куә. Неге десеңіз, бай қазақтың айналасында соның тілегін тілеп, айран-шалабын ішіп, малын тегін бағып, 90 тумасының жүретіндігі күнбе-күнгі көрініп отырған тәжірибе.

Сондықтан ондайларды қазір-ақ арасын ашып, бірінші бай деп санауымыз керек» деп жауап берген (ҚРОММ Р-769 қор, 9 іс, 16 б.).

Өзі титықтап, тығырыққа тірелген халықтан ет, мал дайындау жығылғанға жұдырық болды.

1931 жылдың екінші жарты жылдығында ет және мал дайындауға Маңғыстау ауданына мынадай тапсырма-жоспар жеткізілді: «Уақ мал 97682 бас, ет бағытындағы жылқы 100, түйе 150, мүйізді ірі қара 315 бас, жұмыс көлігі ретіндегі жылқы 982, түйе 198 бас. Осы жоспардың 67 проценті бай-кулактардан, 33 проценті кедейлерден, орта шаруалардан өндірілсін», - деп міндеттелді (МОММ 17 қор, 20 іс, 146, 147 б.).

Аудандық атқару комитетінің төрағасына 13-ауылдан ет дайындауға келген өкіл Мырзабекұлының 1931 жылы мамырда берген хабары сол кездегі тапсырманың күн сайын үстемеленетіндігіне нақты дәлел.

«Әуелдегі, - деп жазды ол, - осы ауылдағы байларға, әлділерге берілген бақылау цифры 6435 уақ мал, 102 жылқы, 150 түйе, 5 сиыр екен. Қолымыздағы жоспарға бұл да қайшы. Орта шаруа, кедейлерге берілген бақылау цифры 3266 қой, 145 жылқы, 87 түйе, 1 сиыр екен. Бұл да қолымыздағы ақпарға қайшы. Ақпар бойынша байлар мен кедейлерге 7515 уақ мал, 22 бас ірі, оның ішінде бай мен әлділерге 4400, кедейлерге 3115 бас. Осыны түсіндіріп берсеңіз».

(МОММ 17 қор, 20 іс, 137 б.)

Аудандық партия комитетіне, аудандық атқару комитетіне 1-ауыл төрағасы Төремұратұлы: «Бесжылдықты 4 жылда орындау замынан ауылға түскені 1000 сом еді, оның үстіне 1000 сом қосып артығымен орындадық. 28 ақпанда кедейлер малдарын жасырған 14 үйді тапты. Тағы да 16-17 үй табылып тұр, - деп көтеріңкі көңіл-күймен хабарлаумен бірге, - ...ол ауылда не бәрі 79 адамда

13 жылқы (6 құнан, 3 құлын), 126 ірі қара, 64 қозы, 74 ешкі, 34 лак қалды. Бұл ауыл кеңес аппаратын қосқанда», - дейді (МОММ 17 қор, 26 іс, 31-35 б.).

Елдегі малды еріксіз сыпырып алғаннан кейін, оның аяғы қуаңшылық, аштыққа ұласып адамдардың халі төзгісіз дәрежеге дейін төмендеді.

1932 жылы наурызда ауданның партия комитетіне, аудандық атқару комитетіне және колхоз одағына жолдаған «Алғабас» колхозының төрағасы Аманқұлұлының: «11-ауылдағы елдің жағдайы ауыр. Арам өлген малдың етін жегендер бар. Мысалы: Ақназар Тасболатұлы. Мұндай кісілер көп болатыны байқалады. Бұл кісілерге ортадағы малдан сүт сауып беріп тұрамыз. Мүмкін болса, қой-ешкі, сиыр малдарын берсеңіз», - деген хабары соны көрсетеді.

Халықтың мұндай мүшкіл халге келуіне алдын ала жағдай жасалған. Олардың қолындағы мал, азын-аулақ қаржысын бұған дейін әр түрлі сылтаумен үкімет сыпырып алды. Оған дәлел де жеткілікті. 1932 жылдың басында Жармыш жерінде 11-ауыл қарауындағы кедей, батырақтардың бас қосқан жиналыс болып, онда:

1. Ауылда мал шарттау және шикі заттар дайындау.
2. Ұтыс қарыз заемы мен социалистік жарыс тарату жайлы.
3. Бай-қулақтарға мөлшермен мал салып, оны 3 күн мерзімде өндіріп алу үшін әрбір 30 үйден бір уәкіл шығару - деген мәселелерді талқылады.

Сол жиналыста сөйлегендердің жанайқайынан үзінді келтірейік:

*Мұса Қисықұлы:* «...Біздерде бірлі-жарым ғана мал қалды. Малымызды күздей, жаздай неше түрлі сылтаумен алып болды. Енді не тауып береміз? Малды беріп болдық. Енді үкімет бізді қыра ма?».

*Амандықұлы:* «...Үкіметке малды бере-бере тауыстық. Бізде мал да, бұрынғыдай табыс та жоқ. Енді үкімет бізге қайдан тауып бер дейді?».

*С.Атшыбайұлы:* «...Үкіметке малды бере-бере тауыстық. Ақша да қалмады. Бізді өлтірді ғой!».

(МОММ 17 қор, 30 іс, 33 б.)

Мемлекеттік салықтың түрлерінен және өлшеусіз көп болуынан тек жеке шаруалар ғана емес, ұйымдастырылған әртелдер мен қолхоздар да, оның мүшелері де азып-тозудың ақырғы шегіне жетті.

Бұл жөнінде «Еңбек», «Талап» серіктіктері мен 15-ауыл кеңесінің біріккен мәжілісі Жер-су бөлімінің 1933 жылғы I-тоқсандағы қаражат жинау жоспары жайлы есепті Тоқпақұлының хабарламасын тыңдап, мынадай шешімге келгендігі туралы дерек бар:

«...I-тоқсанның жоспары осымен үш рет келді. Сонымен бірін алып, енді кірісейін деп жатқанда бірі келіп, қалай жинауы шатақ болды. Үшінші ретте ақырғы жоспар мартта келді. Кіру жарна 250 сом, пай жарна 100 сом, арнаулы – 360 сом, ұзақ срок қарыз 283 сом, барлығы 993 сом. Бұл жоспарда кіру жарнасы жарнадан түскен жоспардан көп. Мүше таратуға шаруа 8-9 үй. Олармен орындауға болмайды. Сондықтан ұзақ срок қарызы алынып, ақшалай қорынан тапсырылсын. «Талап» серіктігінің шотында қаражат болмағандықтан қордағы тары, астықтан серік базар бәсімен астық сатып, сол ақшамен жоспар орындалсын. Басқа кіру жарна, арнайы жарна аудандық жер-су бөлімінің алдына қойылсын».

(MOMM 17 қор, 3 іс, 66-71 б.)

Өртел мүшелерінің ішетін тамағы, оның үстіне үкіметтің салығын төлейтін есеп шотында қаржы жоқтықтан қордағы аз астығын базарға сатып, қалайда мемлекет салығын өтеу көзделген. Еңбекші халық не болса, ол болсын, бірақ мемлекет мүддесі орындалсын деген тәртіптен туған әміршілік саясат. Ал ол мүдде – елді индустрияландыру болатын. Мал шаруашылығындағы көшпелі халықтың малын тәркілеумен салық арқылы тонап алып, отырықшыландыруға мәжбүр ету арқылы мемлекет астық проблемасын шешіп, өндірісті өркендету үшін қор жинауды мақсат етті. Малды ауылдың азып-тозуының басты себебі осындай саясатта жатқанын қазір «көзі ашылған» адамдар жақсы біліп отыр.

Жоғарғыдағы серіктік мүшелерінің ішкені алдында, ішпегені артында тұрса бір сәрі, бірақ олардың күн көрерлік халі де шамалы екенін «Егісте жұмыс жасаушыға күніне бір қадақ есебінен тары берілсін» деген шешімі көрсетіп берген. Сонда бір қадақ тарының қауызын алғанда онан қанша қоректік таза дән түседі, ол еңбек еткен адамға қорек бола ма, күніне бір қадақ тарымен қоректенген адамның еңбек ету қабілеті қанша күнге жетеді деген мәселелерге ой жіберсе, өмірдің қаншалықты ауыр-жеңіл екенін көз жеткізу қиын емес. Тікелей еңбек еткен жанға берілетін күндік тамақ бір қадақ болғанда, отбасы туралы ойлаудың өзі қиын. Міне, осындай аштыққа ұшырағандар өлмеу үшін әр түрлі әрекет жасады.

Жоғарыдағы «Еңбек» серіктігінің мүшелері: Төреғұлұлы, Еркебайұлы, Өтегенұлы, Нұрқабылұлы, Берқали Айтқұлұлы сінбіректі қорек етуге ұрлағандығы үшін серіктіктің төтенше отырысының қаулысымен көпшілік сотына тартылды. «Жоқтық не жегізбейді, байлық не дегізбейді» деген осы (Аталған қордың 177-178 б.).

Маңғыстау аудандық жер-су бөлімінің бастығы Әзірбайұлына 15-ауыл «Еңбек» серіктігінің бастығы Арыстанұлы былайша шағым

айтқан: «Өзім жарлы адаммын, алып тұрған жалақы болмаған соң сатып, сауатын малым жоқ. Өте ауыр, қиындықта, нашар халде тұрамын. Бұл күйде тұрған күнде қызмет істей алатын емеспін. Тұрмыс көтере алатын емес».

Әртел мүшелері мен оның басшысының тұрмыс халі осындай мүшкіл халде болғанына қарамастан осылардың арасында да тап жаулары жасырын, өздерін бояп, партия мен үкіметті алдап әртелге кіргендер бар деп аштықтан титықтап, ыңыршағы айналып отырған елдің берекесін алды. 15-ауыл кеңесінің қаулысымен Бексейітұлы, Әмірханұлы, Итемгенұлы, Тәжіұлы, Тоқтарұлы, Самықұлы, Жалғасбайұлы, Тілеуұлы, Шотанұлы, Теңізбайұлы, барлығы 10 адам бояма деп табылып, серіктік мүшелігінен шығарылды (МОММ 17 қор, 9 іс, 177-178 б.).

Осындай әрекеттерден ел іші дүрлігіп, жағдай шиеленісе түсті. Жаппай жазалау басталды. Ашаршылық айдаһардай аранын ашып, әбжыландай тілін сумандата түсті. Тұрмыс құлдырап, өмір құрдымға құлай бастады.

### **«Қосшы» одағы – саяси-ағарту жұмысының ұйымдастырушысы**

Адай уезіндегі «Қосшы» одағы елде Кеңес үкіметінің саясатын іске асыруда Коммунистік партияның негізгі тірегі болды. Әсіресе, елде мектеп ашу, әйелдерді жұмысқа тарту және олардың белсенділігін арттыру, кедейлердің таптық сана-сезімін оятып, байларға қарсы күресті ұйымдастыру, діни сенімнен еңбекші халықты бөліп, мешіттен бездіру ісінде күрделі жұмыстар атқарды. Жер-жерден дін иелерін қудалау, мешіттерді жабу, оларды қиратып, не астық сақтайтын қоймаға, не мал қораларына айналдыру, дін бостандығын аяққа басу, дін ұстаушылар мен оны уағыздаушыларды жазалау өріс алды. Орталықтан бастап ауылдық ұйымдарға дейін «Құдайсыздар ұйымы» ұйымдастырылды. Бұндай саясатқа негіз қалаған 1929 жылғы 8 сәуірдегі РСФСР Орталық атқару комитеті мен РСФСР Халық Комиссарлары кеңесінің «Діни бірлестіктер туралы» қаулысы болды. Осы қаулы негізінде Қазақстан Орталық атқару комитетінің жер-жерге циркулярлық хаттары жіберіліп, діни орындарды жою жөнінде тапсырмалар берілді.

«Аңшының ісі оңға басса, аңның өзі келіп қақпанға түседі» дегендей, бұрыннан діни адамдарға, дін иелеріне көз алартып

жүрген желбуаздарға көктен іздегені жерден табылды. Жоғарыда аталған қаулы оларға дыбысын шығармай-ақ дін иелерінің терісін сыпыратын қуатты қару болды. Барлық жерде дін иелеріне, бақсы-балгерлерге аяусыз шабуыл басталды. Соның салдарынан бір-ақ жылдың ішінде тек Ойыл ауданынан 62 молда мен балгер, Маңғыстау ауданынан 20 молда, 10 балгер істің ақ, қарасы ашылмай-ақ жауапқа тартылды (МОНМ 262 қор, 1 тізбе, 1 байлам, 19 іс, 13 б.).

Бұл ретте Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған Салтанат Әлжан баласы Баймырзақұлының Гурьев қаласынан келген комиссияға жазған арызының мазмұнына назар аударайық:

«Өзімнің туған әкем Оспан Баймырзақұлы. Бірақ әкемнің ағасы Әлжан Баймырзақұлының баласы болмағандықтан 2 жасымда ағасына бала етіп берген. 6 жасқа дейін соның тәрбиесінде болдым.

Оспан да, Әлжан да молда болмаған. Екеуі де хат танымайды. Бірақ Форт-Александр қаласындағы ең алғашқы қазақ мешітін сол кездегі судья Николай патшаға қызметімен жағып, медаль алған А.Байзақұлы деген 1888 жылы халықтан қаржы жинап салдырған да, хат танымаса да тақуалығы үшін Әлжан Баймырзақұлын қарауыл есебінде тек азаншы етіп пайдаланған. Ол 1917 жылы қайтыс болғанда азаншы болып оның інісі 75 жастағы Оспан бекітілген. Екеуі де мешітке имам болмаған. Бұл мешітке кезінде солдаттан қашқан Бердіқожа деген ноғай, онан кейін Тұматұлы деген, т.б. адамдар имам болған.

Бірақ өзім молданың баласы деп қуғынға ұшырадым. Қай мекемеге қызметке тұрсам да ықшамдау ретімен қысқартуға ұшырай бердім. Ешбір мекеме қызметке алмай қойды. Өзім жарлы, кедеймін, машинамен қазақша бешпент тігіп, қатын-баламды зордан асырап келе жатқан жайым бар. Үй-ішімде 6 жан, 3 балам бар. Ескі дін ғылымын оқығаным жоқ. 1924 жылдан 1926 жылға дейін партия мүшесі болдым. Бірақ сол кездегі партия жұмыскері Орынжан Шымырұлы күншілдік ретімен дін ғылымын оқыған молдасың деп мені партия қатарынан шығарды».

Оның Адай уезінің «Қосшы» комитетіне жазған арызы былай аяқталады: «Сіздің қарамағыңызда нұсқаушылық орын бар екен. Хал-күйімді жадыңызға алып, жәрдем етіп осы орынға алуыңызды көз жасыммен өтінемін», - деп Әлжанұлы қол қойған. Бірақ оның көз жасы босқа төгілді. Қамқорлық жасалмады. Бірнеше жазылған арыздардан нәтиже шықпады (МОНМ 83 қор, 1 тізбе, 9 іс, 58 б.).

Осы арыздың шындығы қайсы деген сұрауға Закаспий облыстық бастығына 1915 жылғы ақпанда Маңғыстау уезінің бастығы жолдаған ақпарды келтіруге болады:



«Форт-Александровскідегі қырғыз (*қазақ*) мешітін Маңғыстау уезі, Түрікменадай болысы, Шалбар ауылының қырғызы (*қазағы*) 1878 жылы Хиуада білім<sup>2</sup> алған Әлжан ишан қажы Баймурзаев басқарады. Мешітке аздаған жергілікті қызметкерлер мен саудагерлерден басқа елдің көшпенділігіне байланысты адам сирек барады. Мешітті жеңіл жөндеу және оны жылыту, жарықпен қамтамасыз ету тек халықтың молдаға берген аздаған көмегінің есебінен жүргізіледі. Молданың күн көрісі де осының ішінде. Молданың өзі өте кедей тұрады. Қолындағы 3 сиырдан басқа малы, иелігінде жер, суы жоқ. Мешіт жанындағы шағын кішкене үйде тұрады. Онда мектеп орналасқан. Оны молданың тек өз үйінде оқып, өзінен білім алған баласы Салтанат басқарады» (МОММ 40 қор, 1 тізбе, 61 байлам, 1028 іс, 112, 113 б.).

Енді бір деректерде: «Уезде екі мұсылман мешіті бар. Оның біреуі түрікмендердікі, оны түрікмен Өтемұрат Халмұхамедов ахун, екіншісі қырғыздікі (*қазақтар*), оны Әлжан ишан қажы басқарады. Екеуі де Форт-Александровскіде» деп көрсетілген (МОММ 40 қор, 1 тізбе, 61 байлам, 1028 іс, 518 б.).

Бұдан Салтанаттың «әкем Әлжан сауатсыз, тек мешітке қарауыл, азаншы етіп пайдаланған, екеуі де (*өз әкесі Осман да*) имам болмаған» деуінің негізсіздігі көрінеді. Өйткені, заман ағымына қарай Салтанат тегін жасыруға мәжбүр болды. Дінге мұндай көзқарас халықты имандылықтан, ізеттіліктен, қайырымдылықтан, салт-сана, әдет-ғұрыптан, ұлттық сезімнен айырудың бірден-бір таптырмайтын жолы болып, Кеңес үкіметі бұл мәселені өзі аренадан кеткенше күн тәртібінен түсірген жоқ.

Әр істің әділдігі керек, «Қосшы» одағы халық ағарту саласына үнемі назар аударып, оның жыл санап ілгері басуына қолынан келген қамқорлығын аямады. Адай ревкомының қызметі жайлы Садуақасовтың баяндамасында уездегі халық ағарту жұмысына талдау жасаған. 1924 жылы бүкіл уезде 18 мектеп, 836 оқушы, 23 мұғалім болса, 1926 жылдың өзінде ғана мектеп саны 86-ға, оқушы саны 3568-ге, мұғалім 108-ге жеткен (МОММ 276 қор, 1 тізбе, 27 іс, 56-57 б.). 1927 жылғы мәліметтерде, оқушы мен мұғалімдер саны да бірнеше есе өскен.

Жыл өткен сайын халық ағарту саласында ілгерілеу, оған қамқорлық көрсету, жұрттың ықылас-ынтасы арта түскендігін өмірдің өзі көрсетті. Ең алдымен ауылдық, болыстық «Қосшы» одақтарында

---

<sup>2</sup> Басқа құжаттарда ол Форт-Александровскіде жеке молдалардан білім алған деп көрсетілген – З.И.

оқу, мектеп ашу күн тәртібінде жаппай қойылды. Мысалы, «Сақа құдық, Қызыл өзен, Қараған, Саурада, Ақмышта, Жарсу, Торышта, Шайырда мектеп ашылсын, оның оқитын оқушыларының тізімі алынып, мұғалім дайындау мәселесі ауылдық кеңеске тапсырылып, аудандық ағарту бөлімінен сұралсын» десе (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 70 б.). Сақа құдық жерінде өткен жиналыс: «Мектепте оқу жасындағы балалар мен әйелдер таңертеңнен түске дейін, ерлер түстен кейін сағат 2-ден бастап кешке дейін оқытылсын» (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 44-45 б.). Қарағанда өткен жиналыс: «8-12 жас арасындағы балалар түгел оқуға тартылсын» деп қаулы алды (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 20 іс, 109-112 б.).

Бұл шараның «Қосшы» жұмысының ілгері басуына кезінде ықпалы болды. Оқушыларды оқу-жазу құралдарымен қамтамасыз ету де басты назарға ұсталынды. Бұл істе 1926 жылғы 27 қазандағы Өлкелік «Қосшы» одағының төрағасы Хангереевтің, Өлкелік саяси-ағарту бөлімінің бастығы Оразбайқызының «Барлық губерниялық саяси-ағарту бөлімдері мен губерниялық «Қосшы» комитеттеріне «Қосшы» мүшелерінің сауатсыздығын жою жөніндегі» ашық хаты және 1926 жылғы 12 шілдедегі «Қосшы» одағы өлкелік бюросының Адай уездік «Қосшы» одағы мүшелері арасында сауатсыздықты жоюдың практикалық шаралары туралы» нұсқау хаты ерекше роль атқарды.

Онда мына мәселелерді басты назарда ұстау міндеттелді:

«...Сауатсыздықты жою жөнінде науқан өткізіліп, барлық сауатсыз «Қосшы» мүшелерінің жасы көрсетіліп, есебі алынсын.

Халық ағарту мәжілісіне, методикалық бюроға, жергілікті жерде мектеп кеңесіне, мектеп шаруашылық комиссиясына қатысуға тұрақты өкіл бөлінсін.

Сауатсыздықты жою пунктінен шыққан оқушылар және енді өтетіндермен жұмыс жөнінде әрбір үш айда есеп тапсырылсын.

«Қосшы» мүшелерінің жалпы жиналысында сауатсыздықты жою мәселесі талқыланатын болсын, ерекше кеңестер шақырылсын.

Барлық жерде сауатсыздықты жоюдың жоспары жасалып, онда оқитын жері, оқушы саны көрсетілсін.

3-5 шақырым қашықтықтан қатынайтын сауатсыздарды тасымалдау ұйымдастырылсын», - деп нақты көрсетіп, төраға Жандосов қол қойды.

Осыған байланысты «қызыл отау», мектеп ашу қызу қолға алынды. Бұл хаттың негізінде туған «Сауатсыздық жойылсын!» ұранына қосылмаған елді мекен қалған жоқ. Жер-жерде сауатсыздықты жою мектептерін ашу қолдау тапты. Тек Форт-Александр

ровск қаласының өзінде ғана 1929 жылы сауатсыздықты жою жөнінде 10 мектеп ашылып, онда 500 адам оқып, сауаттанды.

Кеңес үкіметі орнаған алғашқы күндерден бастап әйелдерді қоғамдық іске араластыруға ерекше мән берді. Қалыңмал мен көп әйел алуға батыл күрес ашылды. Бұл саясат Қазақ Өлкелік комитеті тарапынан кең қолдау тапты. Жоғарғы орындардан түрлі кеңестер мен мәжілістер өткізіліп, «Қосшы» ұйымына әйелдерді тарту, қалыңмал, көп әйел алуға күрес ашу жөнінде арнаулы қаулылар мен нұсқау хаттар, қатынастар мен талаптар жиі түсті.

Қазақ өлкелік, Адай уездік «Қосшы» комитеттері мен жер-жердегі «Қосшы» одағы бюролары да бұл жұмысқа белсене қатысты. «Жойылсын көп қатын алу» ұранын көтерді. Әйелдер арасындағы жұмысты жақсарту жөнінде нақты шара жасады. Онда әйелдерді әртел, серіктік, кооперация жұмыстарына тарту, әйелдер правосын көтеру арқылы қалыңмал, көп әйел алуға қарсы күресті күшейту, әйелдердің сауатсыздығын жою, «Қосшы» одағына басқару жұмыстарына, қоғамдық ұйымдарға әйелдерді тарту көзделді.

Маңғыстауда алғаш рет 1929 жылғы 14 шілдеде «Жойылсын көп қатын алу, қалыңмал» деген ұйымдастыру бюросы құрылып, оның бастығы болып Масақбаев сайланды (МОММ 17 қор, 1 сілтеме, 6 іс, 3 б.).

Ұйымдастыру бюросы қоғамның үндеуін жариялап, онда: «Қазақ әйелдерін құлдықтан, езушіліктен біржола құтқару, осы уақытқа дейін әйелге деген орын алып отырған теріс көзқарастарға қарсы күресу, олардың тұрмыс-күйін жақсарту, сауатсыздығын жою, олар үшін балалар үйі мен ясли ұйымдастыру, заң талаптарынан көмек беру – басты мақсатымыз әрі міндетіміз» деп көрсетті.

Ұлыбау, Күркіреуік, Түпқараған, Байбол, Төбекұдық, Ақмыш, Жарсу, Торыш, Шайыр жерлерінде өткен «Қосшы» мүшелерінің жиналысында адам сатқандар, қалыңмал мен әйел тендігі мәселелерін қызу талқылады (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 5 іс, 46, 47, 49-54 б.; 83 қор, 1 тізбе, 6 іс, 4, 5 б.).

Әйелдерге мұндай көңіл аудару олардың белсенділігін арттыра түсті. 1927 жылғы наурыз айындағы мәлімет бойынша қаладағы 288 «Қосшы» мүшесінің тек 1-і ғана әйел болса, қарашада 564 мүшенің 13-і әйел болды. Тек III-Бозашы болысының 594 мүшесінің 46-сы әйел болып, олардың қатары күн санап өсе бастады (МОММ 244 қор, 1 тізбе, 2 іс, 2, 38 б.).

Маңғыстау аудандық «Қосшы» ұйымының қаулысымен 1930 жылы ақпанда 13 әйел мүшелікке бірден қабылданды. Болыстық, ауылдық комитеттерге де әйелдер ене бастады.

1927 жылдың өзінде болыстық комитетке – 2, ауылдық комитетке – 2 әйел мүше болып сайланса, 1930-1931 жылдары 12-ауыл кеңес ағасы болып Ақбөпе Төлеген әйелі, 21-ауыл кеңес ағасы болып Сынабай келіні қызмет атқарды. .

Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті президиумының 1928 жылғы 15 наурыздағы мәжілісі «Рулық тұрмыста болатын қылмыстың қалдықтары туралы» шешім алды. Атап айтқанда, қалыңмал берушіге 2 жыл бас бостандығынан айыру және 2000 сом айып төлеу, қалыңмал алушыға алған қалыңмалын тәркілеу және алған қалыңмалы мөлшерінде айып салу белгіленді. Сондай-ақ еріксіз үйлену, әменгерлік немесе қарсы құда түсу, бұл үшін қалыңмал алушыларды 5 жыл бас бостандығынан айыру көзделді. Сонымен қатар әйелдерді еріксіз түрде осындай әрекетке итермелеушіге де осы шараны қолданатын болды. Екі әйел және одан да көп алушылар бір жыл бас бостандығынан айырылып, 1000 сом айып төлейтін болды (ҚРОММ Р-769 қор, 1 тізбе, 84 іс, 8 байлам, 42-43 б.).

Сөйтіп, Кеңес үкіметі кезінде «Қосшы» одағының басқаруымен әйелдердің оқуына, қоғамдық жұмысқа араласуына, еркіндік алуына кең жол ашылды.

## Дауыл алдындағы дүрлігу

Адай уезіндегі (округіндегі) «Қосшы» одағы саясат желі қалай соқса да, заман талабына сай, өз дәуіріне лайық еңбек еткені шындық. Оның басы-қасында «Қосшы» одағының ауылдық, болыстық, уездік бюролары мен оның жекелеген басшылары Нахимжан, Сейтқазиев, Қилыбаев, Даулов, Тұржанов, Еркеғұлов, Ізмағанбетов, Бағдаулетов, Елтебекұлы, Қалмағанбетұлы, Шұмақұлы, Құлбасұлы, Өтегенұлы, Қизатұлы, Нысанұлы, Төлейұлы, т.б. бірнеше ондаған адамдар болды.

Қалай дегенмен де «Қосшы» одағының жұмысы Қазақстан тарихының бір бөлшегі, ол өзінің жұмысын 1926 жылы 20 қаңтарда БК(б)П Өлкелік комитетінің шешімінен бастап, елді жаппай коллективтендіруге көшіруге кіріскеннен кейін, немесе 1930 жылы 17 қаңтардағы Қазақстан Орталық атқару комитетінің «Қосшы» одағын қайта құру туралы қаулысының шешімімен аяқтады.

Қаулыда былай деп көрсетілді:

«Ауыл-қыстақтарда соңғы екі жылда, оның ішінде жүргізілген әлеуметтік, саяси шаралар (жер бөлісі, ұлт және ыңғайлас ау-

дандарын ұйымдастыру, ірі байларды кәмпескелеу, жер аудару және басқа) кедейлердің ұйымдасуына жау, бай-кулактардың еңбек жеуінен, құлдықтан, айуандықтарынан құтылуына мұрындық болды. Ауыл-қыстақтардағы батырақ кедейлердің, орташарлардың саяси белсенділігі анағұрлым көтерілді.

Кенес үкіметінің, Коммунистік партияның басшылығымен, «Қосшы» одағының жәрдемі арқасында жоғарғы айтылған жұмыстар жедел іске асырылып, ауыл-аймақтары өзінің ілгері басу жолында жаңа дәуірге аяқ басып отыр. Отырықшылыққа айналу, жаппай коллективтендіру, егін, мал шаруашылығын орнықты, ғылым жолына салу негізінде жалпы ауыл шаруашылығы социалдық жолмен қайта құрылу дәуіріне бет алды. Социалды құрылыс жоғарғы күрделі міндеттерге жоғарылағалы отыр.

Сондықтан «Қосшы» одағын негізінен қайта құруды керек қылады:

- «Қосшы» одағы қазіргі жаңа міндеттерге сәйкес мүшелері жаңадан сұрыпталып, қайта ұйымдастырылсын. Ендігі жерде «Қосшы» одағы аты қалып, «Кедейлер ұйымы» болып аталсын.
- Өлкелік, округтік және аудандық «Қосшы» одағы комитеттері ажыратылсын. Сол ажыратылған округтік және аудандық «Қосшы» одақтарының қаражаттары мен мүліктері «Кедейлер ұйымына» берілсін. «Қосшы» одағының ауылдық, қыстақтық ұяларының кеңестері мен бюролары таратылсын.
- Ұйымды тап жағынан жат адамдардан тазалау үшін қазіргі міндеттерге сәйкес «Кедейлер ұйымының» қатары қайта қаралып өтсін. Мұның үшін «Қосшы» одағы мүшелерінің қайтадан есебін алу жұмысы жүргізілсін.
- Ауыл-қыстақтарда түсінік беру жұмысы, «Қосшы» одағы мүшелерінің қайтадан есебін алу, «Кедей» ұяларын ашу үшін айрықша «Кедейлер ұйымын» ұйымдастыру бюролары құрылсын.
- «Кедейлер ұйымын» ұйымдастыру жұмысы Қазақстанда 1930 жылдың 1 наурызына дейін аяқталуы тиіс».

(МОММ 17 қор, 40 іс, 18, 19 б.)

Сөйтіп, мекеменің аты өзгерді, нақты іс жүзінде партияның қосшысы болған «Қосшы» одағы өз эстафетасын «Кедейлер ұйымына» өткізді. Бірақ «Кедейлер ұйымы» «Қосшы» ұйымындай беделге ие бола алмады. Ол «қашқанға да, қуғанға да серік» болып, іске тек қуә ретінде тартылатын дәрежеде болды.

Бұл кезде билікті партия, кеңес орындары өз қолына тікелей алды. Олар бұрынғыдай емес нығайды, қуатты күшке ие болды. Оның салдарынан олардың ұйымдастыруымен ел басына тағы бір зобалаңның күні туды.

1930 жылдың наурызынан басталған сұрыптау мен тазалаудың қанша қайғы мен зар әкелгенін тарих біледі. Ең алдымен партия, кеңес орындарының басшылығы мен «Кедейлер ұйымына», жаңадан ұйымдастырылған әртел, серіктіктерге, колхозға жасырын кіріп кеткен тап жауларынан тазарту ұраны қызу қолға алынды. Ел азаматтарының кімнің жау, кімнің қас екенін айыру былай тұрсын, өзінің отбасын, бала-шағасын қалай асырауы таразыға түсіп тұрғанда ел берекесін алған осы ұран көп әбігерге салды, елге ылаң әкелді. Баутин ауыл кеңесі жанындағы кедей-батырақтардың 1930 жылғы 5 тамыздағы жиналысында ауыл кеңесінің бұрынғы құрамы: Сапожниковты, Бекетовты, Водовскийді, Иьющенконы, Консты, Севриткінді, Бондаревті, Горностаевты, Кузнецовты, Страховты «кулак деп табылсын, жұмыстан аластатылсын» деп шешім алды. Бұған қосымша жұмысқа селқос қарады деп, 11 адамды жұмыстан шығарды (МОММ 17 қор, 1 сілтеме, 19 б.).

1932 жылы мамырда 15-ауыл қарауындағы кедейкомы мен батырақтар колхоз мүшелерімен біріккен жиналысында «Колхозды тазалау комиссиясының қорытындысы туралы» мәселе қарап, Ізтұрған Қалиұлын, Нұрым Қожамқұлұлын, Мыңбай Жұмаұлын, Ө.Игісінұлын, Н.Тілепұлын, Ақболат Тілепұлын, Е.Атақозыұлын, Ж.Қозыкенұлын «малдары көп, жалшы ұстап отыр» деген желеумен колхоз мүшелігінен шығарды. Осындай тазалаудың салдарынан 13-ауылдан – 47; 15-ауылдан – 15 адам сайлау еркінен айырылды (МОММ 17 қор, 37 іс, 10, 11, 32 б.).

Бүкіл Қазақстанда, оның ішінде Маңғыстау өңірінде етек алған осындай әпербақандық, солақай саясаттың әсері халықтың әл-ауқатының әлсіреуіне, тұрмысының күйзелуіне, елдің іргесінің сөгілуіне итермеледі. Елдің экономикасы күн санап төмендей бастады. 1932 жылғы нәубеттің халқымызға қанша қырғын әкелгені тарихтан белгілі. Оның үстіне 1933-1934 жылдары арасында да елдің экономикалық жағдайы көтеріліп кете алмады.

«Ер қолынан құс тоймайды» дегендей, мемлекетке аузын ашқан кедей-батырақтардың күйі күн санап төмендеді.

Сол дәуірдегі жағдайдың сұрықсыз кейпін көрсетерлік бұлтартпас айғақтар жеткілікті. Оған Маңғыстау ауданы бойынша 1933 жылдың қарашасынан 1934 жылдың 1 сәуіріне дейінгі күйсіздерге үлестірілген жәрдем астықтың жалпы мағлұматын тілге тиек етейік:

Сектор аттары	Барлығы		Оның ішінде көшіп келгені		Берілген жәрдем астық (кг)				Берілген мерзімі
	Үй саны	Жан саны	Үй саны	Жан саны	Ұн	Сөк	Тары	Барлығы	
Ұйымдасқан сектор	1404	5479	258	1083					1. XI. 1933 -
Жай шаруа	536	2025	123	454					1. II. 1934
Барлығы	1940	7504	381	1537	46410	18488	19664	84562	
Ұйымдасқан сектор	647	2646	145	609					1. II. 1934 -
Жай шаруа	360	1471	69	271					1. III. 1934
Барлығы	1007	4117	214	880	22322	4748	7648	34718	
Ұйымдасқан сектор	688	2543	39	127					1. III. 1934 -
Жай шаруа	244	920	53	213					1. IV. 1934
Барлығы	932	3463	92	340	19469	11860	-	31329	
Жинағы	-	-	-	-	88201	35096	27312	150609	

Ай сайын берілетін жәрдемнің мөлшері де, адамның саны да астықтың тапшылығынан кеми берген. Жан басына ақпан айына дейінгі есеп бойынша ай сайын 3 кг ұн, 1,2 кг сөк, 1,3 кг тары күнелту үшін астық берген.

Халықтың күйсіздігін көрсететін мына фактыға тағы да назар аударар кеткен жөн. 1933 жылы мамырда «Еңбек» серіктігі күйсіздіктен астық сұраған мүшелерінің арызын қарап, күйсіз: «...Қоңырұлына, Түкібайұлына, Аманқұлұлына, Жидебайұлына 8 кг-дан, Құттымұратұлына 10 кг, Қалауұлына 6 кг, Тәжікен әйелі мен Дәріжігітұлына 5 кг, Тағыбердіұлына, Өтепбергенұлына, Шаханұлына, Жалғасбай әйеліне, Аяпбергенұлына, Ханжігітұлына 4 кг,...барлығы 107 кг астық берілсін» деп шешім алды. Әрине, бұл астық қанша адамға, неше күнге талғажау болатынын Құдай білсін. Бірақ өлмесінің күні, жәрдем берілдіге есеп. Мұнан артық мөлшерде көмек көрсетуге серіктіктің қоймасында да астықтың көзі жоқ.

Бұл туралы «Еңбек» серіктігінің бастығы Аманшаұлы аудандық жер-су бөліміне жазған қатынасында: «Складта қалған барлық астық 265 кг еді. Оның ішінде тары 190 кг, бидай 75 кг. Бұл астық серіктік мүшелерінің күйсіздеріне үлестірілгенде, серіктік қызмет-

керлерінің мамыр айындағы нормасына бір де астық қалмай отыр. Серіктік мүшелерінің күйсіздері қолдағы малдарын тамақ үшін сойып жеуде» деп хабарлаған. Ол қатынастың бетіне ауыл кеңесі мен серіктік басқармасы Аманшаұлына: «Жасырын хат жаз. Мал союға рұқсат жоқ, ондайларды біздің алдымызға қоюдың өзі бай-шылдық» деген (МОНМ 17 қор, 1 сілтеме, 1 іс, 164 б.).

Елдегі жалпы жағдай осындай болғаннан кейін тұқым астықты ұрлау, күйсіздерге жәрдем үшін берілген астықты қымқыру етек алды. Бұл әсіресе басшылар тарапынан кездескендіктен Маңғыстау аудандық кеңес аткомы, инспекция, заң орындары мен жергілікті «Кедейлер ұйымдары» бұндайлардың үстінен қылмысты іс қозғап жауапқа тарта бастады. Жәрдемге берілген астықта заңсыздықтарға жол бергені үшін 5, 13, 17-ауыл кеңесі басшылары орындарынан босатылып, сотталса, «Еңбек» серіктігінің бригадирлері: Дәріжігітұлы, Базарбайұлы, Еркеболатұлы тұқым астықты пайдаланғаны үшін істері заң орындарына тапсырылды.

Бірақ елдің аш-жалаңаштығы, ауыр халі ескерілмей, алым-салықтың алуан түрлері өріс алды. Салықтарын мерзімінде төлемегендерге айып салынып, өздері сотқа тартылды. Салықтың үстіне айыптың мөлшері адам төзгісіз дәрежеде болды.

Мысалы, 7-ауылда малдарын төлемегендігі үшін 30 адамға 5000 сомнан 7300 сомға дейін айып салынса, 4-ауылда 17 үйге, оның ішінде Бегіс Тоғанақұлына 52100 сом, Сарыбай Қойшығұлұлына 25730 сом, Шауқар Оразбайұлына 20345 сом, Қойлықұл Аманжолұлына 19500 сом, О.Құлбасұлына 18900 сом айып салынды. Осы ауылдың сегіз адам айыбын төлемегендігі үшін сотқа беріліп, мал-мүлкі тәркіленді (МОНМ 17 қор, 25-а іс, 120 б.).

Бұл көрсетілген сомалардың қаншалықты бағалы екеніне, төлеуге мүмкіндіктің жоқтығына сол кезде 1 кг ұнның бағасы 33 тиын, сөктің бағасы 27 тиын, тарының бағасы 9 тиын тұрғанын еске салсақ қиналмай-ақ көз жетеді (МОНМ 17 қор, 6 іс, 18 б.).

Олар салынған салықтың бірсыпырасын төледі де. Бірақ өзара салық, ауыл шаруашылығы салығы, қамсыздандыру салығы, әр түрлі мақсатта айдар тағылған заемдер тарату, ет, жүн, контрактацияға мал алу, тері-терсек, сүйек, ескі-құсқы, арқан-жіп, таусағыз, қанар, қап жинау да қалған жоқ. Қайта олар күн санап өріс алды. Оған Маңғыстау мемлекеттік мұрағатының деректері дәл жауап береді. 1927/1928 жылы Маңғыстау ауданы бойынша ауыл шаруашылығы салығы 6896 сом 24 тиын болса, 1928/1929 жылы бұл салық 7 есе өсіп 42459 сомға, ал 1929 жылы 103430 сомға немесе 1928/1929 жылмен салыстырғанда 243,4 процентке өсті. Есеп бойынша бұл



кезде ауданда 7583 отбасы болғанын ескерсек, әр отбасына қанша тауқымет әкелгеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл салықтың бір ғана түрі ғой. Басқа салық түрлеріне де назар аударып көрелік. 1929/1930 жылы өзара салық 36299 сом 45 тиын болса, I бесжылдықтың өнеркәсіп заемы 8425 сом, II бесжылдықтағы заемынан ауданға түскен 35500 сомды 48720 сом етіп артығымен орындау халыққа оңай болмады. Оның үстіне бесжылдықты төрт жылда орындау заемы, 64000 сомды өтеу елді әбден тұралатты (МОММ 17 қор, 9 іс, 9, 10, 52, 65-98 б.).

Халықтың қолындағы малдарын еріксіз алу кең өрістеді. Оған көптеген дәлел келтірмей-ақ, тек 1929 жылы Маңғыстау ауданынан халықтың қолынан 3000 түйе, 17307 бас қой-ешкі, ал 1931 жылдың екінші жарты жылдығында 343 түйе, 1082 жылқы, 315 мүйізді ірі қара, 97682 бас қой-ешкіден ет дайындауға тапсырма берілгенін айтсақ та жетіп жатыр (МОММ 17 қор, 9 іс, 9, 10, 17 б.).

Салық үшін өткізген малына өтемді дұрыс жасамады. Оған өздерінше баға қойды. Дайындау мекемелері өткізген еттің 1 центнері үшін 27 кг ұн, 150 гр ғана шай төледі (МОММ 17 қор, 20 іс, 146, 147 б.). «Өткізілген малды, - деп жазады аудандық мал дайындау жөніндегі бригаданың мүшесі Сырым Жиенбаев, - мал алушы агент таразыға өлшемей, көз мөлшерімен алды. Әр қойдан 7-12 сом арасында мал өткізген адамға ақша кем беріледі. Оның қабылдаған малдарында қойдың бағасы 12 сомнан асып көрмеген. Өткізілген қойды мен таразыға тартқанымда олардың бағасы 7 сомнан 23 сомға дейін жеткеніне көз жетті. Екінші кемшілік, қойды «Мясосоюзға» өткізгенде әр қойға тек 2 сомнан ғана ақша береді. Осы кемшіліктерді өзгертуді сұраймын» (МОММ 17 қор, 29 іс, 4 б.).

Міне, сөйтіп халық екі жақты қанауға, біріншіден, қолындағы малын әр түрлі атаулы салыққа өткізіп түссе, екіншіден, табан ет, маңдай терімен жинаған малын екінші біреуге арзан бағамен, тегін, құнсыз беріп, тонауға түсіп жатты.

Бірақ, оған жаны ашыған жан табылмады. Қайта олар жоғары орындармен жең ұшынан жалғасып жатты. Елден мал дайындауға шыққан бригада мүшесі Сырым Жиенбаев: «Жалпы жиналыстың қаулысымен 13-ауылдағы 18 жеке отбасына 3 күн мерзімде 2009 мал өткізу тапсырылған екен. Сонан мен келгенше 400 бас орындалыпты. Қазіргі 17 үй есебінен 2000 бас алынып, бұрынғысымен қосқанда 2400 бас болды. Жоспар 17 үй есебінен орындалады. Бір үй, яғни Құлмамбет Бәшеқұлы мал өткізуден бас тартты. Мал өткізу былай тұрсын, қайта бұл науқанның жүруіне белсенді түрде қарсылық көрсетті. 13-ауыл азаматы Қойбақ Назаровтың көмегімен

кедейлер мен орта шаруалар арасында жиналыс өткізіп, мал өткізбеу және бесжылдықты 4 жылда орындау жөніндегі заемды таратпауға үгіт жүргізді. Оның үстіне 13-ауылда рулық, аталық топтар құрды. Осы мәселеге байланысты барлық мәліметтер мен материалдарды Қызыл отау сотына тапсырамын», - деп жазды ауданның атқару комитетіне 1930 жылы қыркүйекте (МОММ 17 қор, 29 іс, 14 б.).

«Бүгін, - деп жазады аудандық кеңес атқару комитетінен келген өкіл, - 6-ауыл ұя жиналысын өткізіп, ауыл совет төрағасы Сәрсенбаевқа, серіктік төрағасы Тағаниязовқа, өкіл Демеуовке науқанды қарқынды жүргізбегендігі үшін сөгіс жарияланды. Мал дайындауға қарсылық көрсетіп Совет үкіметіне қарсы жұмыс жүргізген Уәзіров Назар мен Алдаш Ескелдиев секілді кедейлерді ОГПУ Әбеновке хабарладым» (МОММ 17 қор, 20 іс, 211-213 б.).

Аудандық партия комитеті мен аудандық кеңес атқару комитетіне 1931 жылы мамырда 13-ауылға шыққан өкілдер Мырзабекұлы мен Алдабергенұлы өз баяндамаларында ел жағдайын былай көрсеткен:

«13-ауылда қазір 130 шамасы үй бар. Негізі кедей, азғана орта шаруа. 1930 жыл ішінде сайлаудан бұрын 107 үй Түрікменстанға көшіп кетті. 8 марттан бері Қараған жеріндегі 115 үй көшіп кетті. Олардың қазір қай жерде отырғанынан мағлұмат жоқ. Көшудің негізгі себептері:

а) Түрікменстанға көшіп кеткендерде өткен жылы мал науқанының жүргізілмеуі, «олар мал науқанынан құтылып отыр» деген өсектің тарауы;

ә) «Оң жағадағы 2, 4, 7-ауылдардан көшкен елдерде мал науқанынан құтылып отыр» деген осы ауыл азаматы Досан Шопанұлының хабар әкелуі;

б) Кедей, орта шаруалардың тапсырған малдарына уақытымен ақшасының берілмеуі және әуелгі уақыттарда кедей, орта шаруалардың «Ауыздыбас» серіктігіне «арзан алды» және «өткен малдарына тауар берілмеді» деп байлардың өсек таратып, орташаларды өз қатарына қосып алуы;

в) Тағы бір жақпас нәрсе – ру, ағайын, ата-жікке бөлінуі;

г) Орта шаруаларға норма бойынша тиісті ақша, мал түрлерінің берілмеуі».

(МОММ 17 қор, 29 іс, 61-62 б.)

Халықтың тақияда тамтығы қалмады. «Күн бір жауса, терек екі жауып» олар тоналудан көз ашпады. Партия, кеңес орындары да, белсенділер де, ең арғысы салық жинаушы агенттерге дейін тонады. Екі көзі жоқ, қармап табатын бәле-салықтың түрлері көбейді. Табыс көзі деп ақша өндіруге құныққандар салықтың алуан түрлерін

ойлап тапты. Әрбір бас түйеге, өгізге, сауынды сиырға 4 сомнан, жұмыс атына 16 сом, қайыққа 20 сомнан салық өндірілді. Таңданарлық нәрсе, сол кезде Маңғыстау ауданындағы тұрғындардағы 7 велосипедке де қатынас құралы есебінде әрқайсысына 2 сомнан табыс салығы салынған (МОММ 17 қор, 9 іс, 8-19 б.).

1928 жылы аудандық дайындау мекемесі мен сауда орындары тарапынан 89559 дана, 1929 жылы 90073 дана ұсақ мал терілерін өндіруге, 31500 кг ішек, 727000 кг жүн, 53777 кг ескі-құсқы заттар, 15000 кг сүйек дайындауға тапсырма беріліп, орындау қатаң бақылауға алынған. «Естімеген елде көп» 1929 жылы 12 аққу өткізу арнаулы жоспарға енгізілген.

Есепсіз салық елді күйзелтіп, есеңгіретті. Олар көзсіз сонадай басын тауға да, тасқа да ұра бастады. «Тоқшылықта – ой аз, жоқшылықта – той аз» дейтін дана халқымыз бұл кезде тойды азайтқанымен, ойға өріс берді. Енді қалған азын-аулақ малдан айырылудың күні жақындағаны сезіле бастады. Мал азайды.

Бұл жөнінде Маңғыстау аудандық атқару комитетінің «Маңғыстау ауданының 1929-1930 жылдардағы экономикалық өзгерістері туралы» баяндамасында 16-ауылда әр отбасына шаққанда 1,7-ден жылқы, 2,4 түйе, 10,2 қой, 2,7-ден ешкі келгендігі көрсетілген. Бұл ауылда мүйізді ірі қара тұқымы таусылған. Бұл бір ғана ауылдың жағдайы. Басқа ауылдардың бұдан тәуірлігі шамалы.

Аудан бойынша әрбір қожалықта 3,06 жылқы, 0,2 мүйізді ірі қара, 3,9 түйе, 30 қой, 7,3 ешкіден келген. Ал осыдан дәл 22 жыл бұрын, яғни 1908 жылы мәлімет бойынша Адай уезінде 1 миллион 786 мың бас төрт түлік болса, сонан 1930 жылы тек 20 проценті ғана қалған.

Елдің осындай ауыр халін көзімен көріп жүрген 16-ауыл кеңесінің ағасы Әнетұлы Маңғыстау аудандық аткомге нақты жағдайды былай деп хабарлайды: «1 ақпанда 1262 шамасында қой науқаны түсіп, үкіметтің бұл жіберген науқанын орындап өткенбіз. Қазір ауылда 715 жан бар. Мал өте азайды. Сондықтан біздің жай, күй-тұрмысымызды еске алып, үкімет жәрдем беруін еңбекші тап атынан сұраймыз».

Бірақ жағдай солай болса да, сол ауылдық кеңес жоғарыдан келген тапсырма бойынша «Байлардан тұқымдық тары, шөп, заем, салық алу туралы» мәселе қараған. Шәукен Бердібекұлына 1,5 тонна шөп, 5 пұт тары, 300 сом заем; Ұзақбайұлына 3 тонна шөп, 4 пұт тары, 200 сом заем; Қоянбай Күржіұлына 2 тонна шөп, 3 пұт тары, 200 сом заем; Жүнісбай Қожырұлына 1 тонна шөп, 5 пұт тары, 100 сом заем салған (МОММ 17 қор, 17 іс, 80-81 б.).

Салық өндіру тізеге салу, қорқыту, қысым көрсету, сырттан өтірік есеп жасау әрекеттерімен орындалды. Әсіресе, мұндай өрескелдіктер мал дайындау кезінде өріс алды. Осыған шыдай алмаған 89 адам аудандық атқару комитетіне, салық комиссиясына арыз берді. Бірақ оның басым көпшілігі қанағаттандырылмады.

Сол қанағаттандырылмағандардың қайта арызданған 63 адамына малын жасырған есебінде 13568 сом айып салынды.

16-ауыл азаматы Қауыс Дүйсенбайұлының 16 саулығымен 13 тоқтысы, 2 ешкісі, 1 лағын (барлығы 32 бас малын), Жұмабайұлының 47 бас қойын; 3-ауылдың тұрғыны Сүлеймен Оспанұлының 18 қойын және 4 отбасының 25 қойын қасқыр қырып кеткендігіне кезінде жасалған актысы болса да, салық комиссиясы оларды тірі қатарына қосып (өткен жылғы есептен кемімейді деген), салық төлеуге шешім қабылдаған. Бұл бұл ма, Қалмағанбет Сағынұлының 50 қойы топалаңнан өлсе де, «арызы мерзімнен кейін тапсырылыпты» деген желеумен кері қайтарылып, табиғи апаттан өлген малға да тірі мал қатарында салық салып, оны өндіруге қаулы алған (МОММ 17 қор, 36-39, 51-52 б.).

«Ел құлағы елу», тірі малды есепке алу былай тұрсын, Құдайдың кереметімен болған алапат кеселден болған шығынды есептен шығармау сияқты теріс әрекеттер бұрыннан ширығып тозып жүрген жүйкені онан сайын ушықтырып, ел намысына тиді, үкіметтен түңілуге, оның ұстаған саясатына сенбеуге итермеледі. Белсенділердің мұндай лаңы алдағы күніміз не болады деп отырған жарлы көңілге май құйып, от тұтатқандай болды. Алдағы күнінің не боларына олардың көздері жеткен жоқ. «Тәуекел етіп, тас жұтты».

Әр ауылдан үдере, дүрліге көшу басталды. Алғашқы кезде бірлі-жарлым отбасы иелері, онан кейін 5-10 адам болып жасырын өтіп, бағдар жасады. Бірақ, оны да жергілікті кеңес басшылары сезіп, біліп, аудандық атқару комитетіне, Саяси басқармаларға дер кезінде жеткізіп тұрды.

16-ауыл кеңес хатшысы Қожахметұлы: «Темірбай Нұрқабайұлы, Алдан Бұхарбайұлы Қызылтас деген жердегі бандыларға 7 адам өткізді: Бердіқұл Тәжібекұлы, Үмбет Тілеуұлы, Түзел Теңізбайұлы, Егінбай Үркімбайұлы, Қ.Оңғарұлы, ендігі екі адамның аты-жөнін білмедім. Егінбай Үркімбайұлы деген нағыз Қаратай бандының баласы. Осыларды апарып тастау үшін 80 сом жалақы алып келулі. Алдан Бұхарбайұлы деген 2-3 рет барып келген», - деп Маңғыстау аудандық атқару комитетіне хабарлаған. Мұндай хабар енді жоғары үкімет тарапынан күні-түні бақылауды күшейтуге негіз болды (МОММ 17 қор, 1 сілтеме, 17 іс, 71 б.).

Сондықтан жасырын 5-10 үйден көшуден бастап, ақырында жаппай, топтана көшу етек алды. 16-ауылдағы 158 үйдің 47-і бір түнде үдере көшсе; 7-ауылда 1928 жылғы есептегі 300 үйдің – 291; 4-ауылдан – 182; 13-ауылдан – 341; 12, 14, 16-ауылдардан 500-дей үй жер ауып көшіп кетті (МОММ 17 қор, 27 іс, 77 б.).

Халық «тарыдай шашылып, торғайдай тозды». Олардың елден кеткеннен кейінгі тағдыры бізге белгісіз. Бір нәрсе анық. Ол – олардың барған жерінде қолын жылы суға малып отыратындай мамыражай тұрмыс құрмағандығы. Мұрағат қорында сақталған құжаттарға талдау жасағанда әзірге ізі шығып тұрған барлық қоныс аударған 1390 отбасы. Ол да тек 9 ғана ауылдық кеңесінің есебіндегі мөлшері. Бұл кезде Маңғыстауда 17 ауылдық кеңесі болғанын ескерсек, қалған 8 ауылдық кеңестен қанша отбасының көшкенінен әлі нақты дерек жоқ. Гурьев ократкомы мен БК(б)П комитетінің Маңғыстау ауданының экономикалық жағдайын зерттеуге жіберген комиссиясы: «Красноводскіде – 757, Байрамалыда – 300 үй қожалық отыр» деп көрсеткен. Ол комиссия барғанша алғашқы дүмпумен Иран, Ауған, Түркияға өтіп кеткендері де болуы мүмкін. Сонымен қатар Өзбекстанның, Тәжікстанның ішіне қоныс аударғандар да аз болмаған. Өмір заңы қатал. «Таңдайыңа ас тигенде, не маңдайыңа тас тигенде білерсің» деп халқымыз бекер айтпаған.

Тағдыр тәлкегіне ұшырағандардың нақты есебі күні бүгінге дейін мәлім емес. Тек Қарақалпақ, Түрікменстан, Түркияда жүр деген жалпы долбар бар. Тарихи деректерге жүгінсек, 1926 жылғы аудандық атқару комитетінің есебі бойынша 55525 адамнан (бір құжатта 53525) 1930 жылы 34097 (Ғылым академиясының есебі бойынша 38012) адам қалғаны әркімге ой салса керек. Бұл, әрине, 1932 жылғы жаппай ашаршылыққа ұшырамай, ел дүрлігу алдындағы есеп. Ал жоғарғыдағы жаппай дүрлігу, аштықтан, босқындыққа ұшыраудан кейінгі есептер назар аударуға тұрарлық.

Тағдырдың жазуымен аштыққа ұшырап өлгендері өлді, ал босқындыққа ұшырағандар өз бетімен Жиделібайсын жерін іздеп кеткен жоқ. «Мені елден айырған хан Жәңгірдің екпіні» деп Махамбет айтқандай, олар Кеңес үкіметінің, оның ішінде қызыл белсенділердің солақай саясатының қысымына шыдамай еріксіз туған жерін тастап, босқынға ұшырады. Кең даласынан тыныш орын таба алмаған олардың аянышты халі жүрек ауыртып, ой-санаға қасірет шындығын қайталап құяды. Қазір олардың көзі тірілері мен ұрпақтары елімізге көптеп қайта оралуда. Соған шүкіршілік етеміз енді. Бір ғана Адай округінен мыңдаған отбасының осылай үдере көшуі Адай көтерілісінің алдындағы дауылдың алғашқы екпіні еді.

Түйінді осылай ғана түйіп қойғаннан гөрі «Жауын бір жауса, терек екі жауадының» керін келтіріп, бұл үлкен саясаттың ұр да жық қолшоқпары өзіміз болғанын жеке-дара бөліп, баса айтуымыз керек. Орта Азия республикаларының бір де бірінде бұл науқандар дәл Қазақстандағыдай, жабайы түрде жеткен жоқ. Біз ұраншылдап, көпірме көпсөзділікпен «үздік» көрсеткіштерге жетіп жатқанда, қазақтардың бұл топалаңнан қашқандары көршілес республикаларға барып жансақтағаны жоғарыда да айтылды.

Тарих бізді өткеннен сабақ алуға шақырады.

# Қосымшалар

**Өлкелік «Қосшы» одағы комитетінің төрағалары:**

**Хангереев  
Дәрібай Хангерейұлы  
(1926-1927 ж-ры)**



**Әлиев  
Төлесін Нұрмағамбетұлы  
(1927-1928 ж-ры)**



**Жангелдин  
Әліби Тоқжанұлы  
(1928-1930 ж-ры)**





اداره قورۇقچىلىق بۆلۈمى، قوشۇمچە ۱-بۆلۈم، قوشۇمچە ۱-بۆلۈم

QO'SHIMCHI  
QO'YIMCHILAR  
BOLGUCI

6 1992

رەسى مەن، مەزكۇر خاراڧ اراسىتىرا لۇمە،  
ۋاردانى مېانا بولسىناردانى، پارومە كامىتەتتەرتە  
ۋەتەننى ۋەتەن ۋەتەنلىك ۋەتەنلىك ۋەتەنلىك  
چولۇپ، ۋەتەننى ۋەتەننى ۋەتەننى ۋەتەننى  
پارومە رەسى نۇسخا لۇمە، رەسى مەن خاراڧ ارە  
مەنلىك چولۇملىككىن پارومە كامىتەتتەرتە  
ۋەتەن چۈمىسنا تەۋرەن كىر مەزكۇرلىككىن رەسى مەن

ۋەتەننى ۋەتەننى ۋەتەننى ۋەتەننى  
ۋەتەننى ۋەتەننى ۋەتەننى ۋەتەننى

(ۋەتەننى ۋەتەننى)

ПРОТОКОЛ № 3:

Уездного Бюро по организации Союза "КОШЧИ" в Адауезде.

13-го мая 1926 года.

гор. Ф-Александровский.

Председательствовал тов. НАХИМЖАН, при секретаре ДАУЛОВЕ.

Присутствовали: СЕВТКАЗЫЕВ и ИБЕДЕВ.

ПОРЯДОК ДНЯ: 1/ О связи с местами и подкрепление поданных на места уполномоченных дополнительными указаниями и материалами.

2/ О порядке расходования денег.

3/ О Багдаулетове.

4/ О секретаре.

5/ Текущие дела.

СЛУШАЛИ:

1/ по первому вопросу докладчик тов. НАХИМЖАН доложил: за неимением связи с уполномоченными, работающими на местах, не имеем достаточных данных, о ходе работ, и также не можем своевременно их инструкторовать, теми указаниями и формами, которыми исходятся центром. Более надежные и близкие к Уездному Центру районы - это: Бузачинский и Александро-Балаский, где мы думаем построить ячейки, аудальные и волостные организации союза "КОШЧИ". Я полагаю, что в эти два района необходимо послать для подкрепления еще по одному Уполномоченному. Посылку же уполномоченного в Уст-Урт-Каракумский, считаю бессмысленным, так как уездные массы населения говорят за то, что там, что-либо сделать невозможно.

Адай уезинде «Қосшы» одағын қуру жөніндегі Адай уезі бюросы отырысының хаттамасы, 1926 ж.

Пролетариям всех стран, соединяйтесь!

Всесоюзная Коммунистическая Партия (б)  
**АДОКРУЖКОМ**

№ 17/11 ..... 192 г.

**Удостоверение № 200**

Адокружком ВКП(б) командирует

Тов. *Визитов* *17/11* *В.И.*

Фамилия *Визитов*

Имя *Виктор* Отчество

Партбилет № *999999* работ.

Масштаб *1:200* Группа *1* Подгр.

В распоряжение *Горкомхоза*

*г.о. с. Косшы* для работы

В качестве *заместителя*



Ответственный секретарь

*Зав. уч. стат. н.о.*

Округтік «Косшы» одағына жұмысқа орналасу үшін берген жолдамалық куәлік, 1928 ж.

**Адай уезіндегі (округіндегі) аудандарында  
«Қосшы» одағының алғашқы төрағалары болғандар**

№	Ныспысы	Қызмет орны
1	Әмзе Нахимжан	Адай уезінде «Қосшы» одағын тұңғыш ұйымдастырушы
2	Смаил Сейтқазыұлы	Адай уезі комитетінің алғашқы төрағасы
3	Құлмырзаұлы	Табын ауданы қосшыком төрағасы
4	Ахмет Елубайұлы	Ойыл ауданы қосшыком төрағасы
5	Бисалыұлы	Алтықарасу ауданы қосшыком төрағасы
6	Қалдыбай Елтебекұлы	Маңғыстау ауданы қосшыком төрағасы
7	Орхан Әнетұлы	Үстірт-Сам ауданы қосшыком төрағасы

**Қолда бар мәліметтер бойынша 1923 жылы  
сайланған болыстық ревкомдар:**

№	Болыс аттары	Ныспысы	Сайланған мерзімі
1	I-Маңғыстау болысы	Сәуірбай Тағайұлы	22.X.1923 ж.
2	II-Маңғыстау болысы	Бөкеш (Бекеш) Елтезерұлы	-/-
3	II-Түрікменадай болысы	Сәуле Сейітұлы	-/-
4	Әли-Бәйімбет болысы	Бөкен (Бекен) Абылайұлы	-/-
5	IY-Бозашы болысы	Сағынай Өрбосынұлы	-/-
6	IY-Адай болысы	Дәмебай Сүйесінұлы	-/-
7	YI-Адай болысы	Қали Көптілеуұлы	-/-
8	YII-Адай болысы	Көңілімқос Сүйіндікұлы	-/-
9	Жем-Сағыз болысы	Галиахун Есмағанбетұлы	-/-
10	Түпқараған болысы	Әнет Қуатұлы	-/-

(МОНМ 214 қор, 1 тізбе, 51 іс, 5 байлам, 119 б.)

1924 жылға дейін Адай уезінде болған Y-Адай болысы YII-Адай болысына біріктірілді. I-II-Сам-Матай болысы біріктіріліп тек Сам-Матай болысы, I-II-Доңызтау-Аққолтық болысы біріктіріліп Доңызтау-Аққолтық болысы болып аталды.

**Адай уезіндегі алғашқы болыстық  
«Қосшы» комитеттерінің төрағалары**

№	Болыс аттары	Ныспысы	Сайланған мерзімі
1	I-Маңғыстау	Сәуірбай Тағайұлы	6.II.1926
2	II-Маңғыстау	Сисенғали Жақыпұлы	15.V.1926
3	Түпқараған	Қалманбетұлы	9.IX.1926
4	II-Түрікменадай	Амантұрлыұлы	12.V.1926
5	Келімберді	Сармағамбетұлы	6.X.1926
6	Жеменей	Салықбайұлы	7.V.1926
7	Райымберді	Алшын Мендібайұлы	6.VII.1926
8	Әли-Бәйімбет	Алдабергенұлы	4.VI.1926
9	I-Бозашы	Алдаберген Шолақұлы	22.V.1926
10	II-Бозашы	Бөлке Дүйсенов	9.IX.1926
11	III-Бозашы	Өтеғұлұлы	20.XI.1926
12	IV-Бозашы	Назарбек Райұлы	19.VI.1926
13	I-Түрікменадай	Сардарұлы	6.VII.1926
14	I-Адай	Берекет Әділбайұлы	14.VI.1926
15	II-Адай	Ахмет Өсербайұлы	26.III.1926
16	IV-Адай	Мәлібекұлы	14.VI.1926
17	VI-Адай	Еркін Әліұлы	13.VI.1926
18	III-Адай	Сүйеген Дәулетұлы	15.VI.1926
19	VII-Адай	Оңайбай Амандықұлы	7.VII.1926
20	Шилі-Сағыз	Қоғабай Төртеұлы	17.VIII.1926
21	Жем-Сағыз	Қалмұхан Есмағамбетұлы	24.V.1926
22	Тайсойған-Сағыз	Бақыт Мұсабайұлы	6.VII.1926
23	Ұлы Сам	Өтешұлы	16.VI.1926
24	Сам-Матай	Ерденай Алданазарұлы	18.VI.1926
25	Доңызтау-Аққолтық	Жексенбай Жаулыбайұлы	17.VI.1926
26	Ойыл	Тәшенұлы	6.VII.1926
27	Қазыбек	Мәді Егізбайұлы	9.IX.1926
28	Форт Александровск (қалалық)	Қалымбетұлы	2.X.1926
29	Ойыл	Игісінұлы	23.VIII.1926

МОММ 262 қор, 23 іс, 1-6 б.; 83 қор, 10 іс, 33 б.;  
83 қор, 3 іс, 1-12 б.; 85 қор, 5 іс, 17-29 б.

Выписка : из протокола заседания Адаевского Революционного Комитета от 24 марта 1923 г. за № 1.

ПРИСУТСТВОВАЛИ: Члены Ревкома: Адаманов, Алчев, и Юдибаев, Упр. комиссар тов. Даудов зав. Р. К. И. Калугин, пом. прокурора Багдавбеком косяев зав. зем. от. делом Джанчуаков.

Под. председателем тов. Алманова при секретаре тов. Виноградовом.

Слушали:

4. Доклад Ал-Байметоваго В.И. Ревкома о прошеденном Уа. пленении Багдавбеков - Туркмен на Киргиз в степи, с сообщением о количестве пострадавших которое выражается 40 чел., Убитых, 38 раненых, 8 женщин, везли в плен, большое количество убитого скота, при чем В.И. Ревком просит оказать помощь семьям пострадавшим, оставшимся без крова и пищи.

Постановили.

- 4. А/ Немедленно послать от здрав. от. дела медицинскую помощь пострадавшим
  - Б/ Восбудить ходатайство перед К.И.И.К. и К.И.К.С.О., об оказании материальной помощи семьям пострадавшим от багдавбеков.
  - В/ собору предложить оказать возможное помощь их имеющихся ресурсов.
- с Подписями: [подпись] подписями с копии верно  
Уп. комиссар тов. Косяев. / НЕД. ОБЩ. Д. ЕВ. /



*Уп. комиссар тов. Косяев*

№ 6. 0. 0.  
Исторический музей  
Уездный Совет  
В. И. Ленин

*Копия из протокола заседания Ревкома от 24 марта 1923 г. за № 1. Председатель Алманов, секретарь Виноградов, члены Ревкома Адаманов, Алчев, Юдибаев, комиссар Даудов, зав. Р. К. И. Калугин, пом. прокурора Багдавбеков, косяев, зав. зем. от. делом Джанчуаков.*

К. Ц. В. К.

Копия.

№ 222.

В Адаевский Уездное сообщается что пострадали их от голода и бандитизма в сикетях, 75 человек, в них 126 человек. Удовлетворения их не представляется возможным за неимением средств, КНОВ в Адаевском Уезде неорганизовано организовать не представляется возможным в связи нехватки о насаждении. Последнего при Адуезде не имеется добровольное пожертвование не производилось Адаевской едциальное обеспечение ходатайствует перед ЦНСОиКНОВ, Кир-республики обратиться более срочным анимация на положении Адаевского Уезда и выдать средства для обеспечения указанных сикетей хотя бы в самом малом размере.

По предварительном подчете необходимо из нужды в сумме 400,000 руб. знаков 1922г.



Председатель Адаевского Уездного Совета *Н. С. Сидоров*

Заместитель Председателя *К. С. Сидоров*

*орис*  
*Кир-респ*

Подписано в мартовском месяце 1922 года

в подлинном верно:

*В. С. Сидоров*

**Адай уезіндегі болыстық ревком төрағалары  
(21 қаңтар 1924 жылғы мәлімет бойынша)**

№	Болыс және ауыл аттары	Үй саны	Болыстық ревком төрағалары және орынбасарлары
1	I-Маңғыстау болысы: Қаржау ауылы Тоқабай Төлеке Өтегүл Жанай Қамысбай Әли Тасым Қожаназар Құлтоян	1540 127 162 104 106 205 268 240 210 118	Төрағасы – Нұрмұхамед Төлөндіұлы (Тілендіұлы, Тілепұлы) Орынбасары – Тайыр Манашұлы
2	II-Маңғыстау болысы: Табынай ауылы Қожа Баубек Монша Шоңай Даң Тоқсанбай	1215 232 200 156 212 118 126 171	Төрағасы – Нұрлы Қалилаұлы (Нұралы Қалиұлы) Орынбасары – Ә.Бекбосынұлы
3	Түпқараған болысы: Батыр ауылы Сүгірәлі-Жәдігер ауылы Байбол Байбоз Боққара 1-ауыл Боққара 2-ауыл Сарболат ауылы Көрпе Маңғыбай-Күйік Сегізбай	1857 150 195 160 252 205 223 169 122 196 185	Төрағасы – Өтесін Баймағанбетұлы Орынбасары – Бөрібай Орынбайұлы (Орақбайұлы)
4	II-Түрікменадай болысы: Бәли 1-ауыл Бәли 2-ауыл Өтеп ауылы Жарбол Есберді	621 127 119 100 146 129	Төрағасы – Ахмет Өсербайұлы Орынбасары – Жолым Қалмағанбетұлы



5	I-Түрікменадай болысы: Тіней ауылы Тәңірберген Құдайберген Байдәулет Шалбар	792 180 240 163 95 114	Төрағасы – Төлеп Тоқжанұлы Орынбасары – Тоқжанұлы*
6	Келімберді болысы: Құнанорыс 1-ауыл Құнанорыс 2-ауыл Қараша ауылы	505 203 149 153	Төрағасы – Қосбол Дәрмекенұлы Орынбасары – Жалғасбай Нұрлыбекұлы
7	Жеменей болысы: Жомарт ауылы Ақша Бегімбет Шолақ Қожағұл Сұлтангелді Қалша	1405 262 192 250 270 161 190 80	Төрағасы – Шәми Тұрмағанбетұлы Орынбасары – Қырымқұл Түкішұлы
8	Райымберді болысы: Әтембек ауылы Қырымқұл Қыдырша Беріш Күлкеш Әнет 1-ауыл Әнет 2-ауыл	1128 248 140 220 130 120 137 133	Төрағасы – Тілеген Қасымұлы Орынбасары – Бәшен Тілегенұлы
9	Әли-Бәйімбет болысы: Әли ауылы Жанқозы Мамыртай-Жақау Жанақ Байсейіт Мырза Құттыбай	981 114 200 310 162 73 122	Төрағасы – Мәрте Тілеуұлы Хатшы – Беген Қуандықұлы
10	I-Бозашы болысы: Ақбота ауылы Байгелді-Аман Есен Өтебай Бөкен Көшке Олжашы 1-ауыл Олжашы 2-ауыл	1213 270 105 229 152 108 90 149 110	Төрағасы – Өтебай Асауұлы Орынбасары – Таңатар Тілеуқұлұлы

11	II-Бозашы болысы: Майлан ауылы Шотан Құдайберген Токтамыс Базар Бектеміс 1-ауыл Бектеміс 2-ауыл Тастемір 1-ауыл Тастемір 2-ауыл	1405 217 80 130 183 127 119 189 197 163	Төрағасы – Сабытай Асқарбайұлы Орынбасары – Айтан Есенұлы
12	III-Бозашы болысы: Кеше ауылы Жарылғас Дәулетәлі 1-ауыл Дәулетәлі 2-ауыл Рсалы ауылы Жетімек Ескелді Игілік	1432 184 240 236 170 147 144 133 178	Төрағасы – Даңбай (Данабай) Өтебайұлы Орынбасары – Сармыс Өтеғұлұлы
13	IV-Бозашы болысы: Кенже 1-ауыл Кенже 2-ауыл Бәйбіше 1-ауыл Бәйбіше 2-ауыл Қаратоқа ауылы Мамыр Қайсар	1043 150 175 167 149 120 120 162	Төрағасы – Сәдет Кенғанұлы Орынбасары – Назарбек Райұлы
14	I-Адай болысы: Көрпежан ауылы Нүрек Есберді Құнанорыс Бәйбіше Қожағұл	775 170 91 156 100 102 156	Төрағасы – Тілеуберген Әғалайұлы Орынбасары – Жолай Байниязұлы
15	II-Адай болысы: Бабық 1-ауыл Бабық 2-ауыл Шартыкен ауылы Көрді Мендіғұл Шағыр Жаубасар-Ожау	785 139 141 149 143 109 104	Төрағасы – Халас Майқыұлы Орынбасары – Әмір (Әмит) Әлиұлы

16	III-Адай болысы: Қарабас ауылы Бодан Бақлық Тікенек Жарылғап Бозашы-Сармыс Тілеген-Төлеген Төленді-Тоғызак Жаналы-Ескелді	1078 106 138 70 85 135 105 151 163 125	Төрағасы – Дәулет Қаражанұлы Орынбасары – Жұмаш Полдашұлы
17	IV-Адай болысы: Есен-тоқал ауылы Қараш Жайылқан Малай-Қозыбақ Қосаяқ Бегей	772 103 133 123 145 156 112	Төрағасы – Қуанышбек Бәкішұлы Орынбасары – Есекенұлы*
18	VI-Адай болысы: 1-ауыл 2-ауыл 3-ауыл 4-ауыл 5-ауыл	655 131 95 140 119 170	Төрағасы – Сұлтансәлі Шолақұлы Орынбасары – Хожанепес Қырланбайұлы
19	VII-Адай болысы: Шалбар 1-ауыл Шалбар 2-ауыл Тіней ауылы Құдайназар Қараменде	773 119 104 108 190 252	Төрағасы – К. Сүйіндіқұлы Орынбасары – Нұрлыбайұлы
20	Шилі-Сағыз болысы: 1-ауыл 2-ауыл 3-ауыл 4-ауыл 5-ауыл	496 116 128 115 62 75	Төрағасы – Аққұбаш Дошанұлы Орынбасары – Қоғабай Тыртықұлы
21	Жем-Сағыз болысы: 1-ауыл 2-ауыл 3-ауыл	428 116 159 153	Төрағасы – Ғалиахун Есмағанбетұлы Орынбасары – Түкібайұлы* (Текебайұлы)

22	Тайсойған-Сағыз болысы: Тазіке 1-ауыл Тазіке 2-ауыл Қосай ауылы Жанбас Табынай-Баубек	653 114 176 106 121 136	Төрағасы – Қапшыш (Қаныш) Дәулетұлы Орынбасары – Қадыр Құрманғалиұлы
23	Ұлы Сам болысы**: 1-ауыл 2-ауыл 3-ауыл 4-ауыл	504 125 127 124 128	
24	Сам-Матай болысы**: 1-ауыл 2-ауыл 3-ауыл	505 207 124 174	
25	Доңызтау-Аққолтық болысы**: 1-ауыл 2-ауыл 3-ауыл	524 126 186 212	
26	Ойыл болысы***		
27	Қазыбек болысы***		
28	Ф-Александрск қаласы	200	
29	Ойыл қаласы		

\* – Жазылған құжатта есімі көрсетілмеген.

\*\* – Құжатта 17 наурызға дейін мәлімет алынбады деген.

\*\*\* – Бұл екі болыс ел кейін Ақтөбе уезіне берілді.

1.01.1924 жылы №5 қаулымен бекітілген

(МОММ 214 қор, 1 тізбе, 8 байлам, 41-47 б.)

Постановление

Советов народных комиссаров Казахской АССР

от 30 августа 1928

На основании постановления КЦИК и КНСК от 27 августа 1928 года Совнарком КАСССР постановляет:

Выселение лиц из отдельных округов Казахстана в другие производить в следующем порядке:

1. Из Жетысуйского и Сыр-Дарьинского округов в Уральский округ.
2. Из Уральского округа в Жетысуйский округ.
3. Из Гурьевского округа в Петропавловский.
4. Из Каркаралинского округа в Кустанайский.
5. Из Семипалатинского округа в Сыр-Дарьинский.
6. Из Павлодарского округа в Актыбинский.
7. Из Петропавловского округа в Актыбинский.
8. Из Кызылординского округа в Адаевский округ.
9. Из Акмолинского округа в Гурьевский округ.
10. Из Актыбинского округа в Каркаралинский округ.
11. Из Кустанайского округа в Семипалатинский округ.

Данное постановление подлежит обязательному исполнению местными исполнительными комитетами.

Пред. Совета нар. комиссаров КАСССР Нурмаев  
Секретарь Совнаркома Петрова.

===== заверенная копия.

=====

Қаз АКСР Халық Комиссарлары кеңесінің 27 тамыз 1928 ж. қаулысы бойынша бір округтен екінші округке жер аудару тәртібі



Даулов Орынбасар

1884 ж. туған. Округтік «Қосшы» одағын құру ұйымының мүшесі, БК(б)П Адай округтік комитеті төрағасының орынбасары. ОГПУ-дың тұрақты өкілдігі қудалап, РКФСР ҚК 58-2 бабы бойынша 09.02.1930 ж. жазаның ең ауыр түріне үкім шығарды. Қазақ КСР Жоғарғы Соты 08.02.1990 ж. ақтады.

У Д О С Т О В Е Р Е Н И Е

Предъявитель сего, ДАУЛОВ Орынбасар Ашиевич, действительно состоит Уездным Продовольственным Комиссаром Адаевского уезда.

Тов. ДАУЛОВ Является ответственным руководителем продовольственной работы в названном уезде и подчиняется непосредственно Комиссариату продовольствия КССР.

Все распоряжения тов. ДАУЛОВА по продовольственному делу обязательны, как для населения уезда, так и для местных учреждений и организаций.

Местные парторганизации и административные органы обязываются оказывать тов. ДАУЛОВУ всяческое содействие, для успешного выполнения лежащих на нем заданий, не выходясь в техническую сторону работы вверенного ему аппарата.

Основание: циркулярное распоряжение Президиума Центрального Исполнительного комитета Советов КССР от 6/IX № 14116 от 1918 г. № 14110.


НАРСЫНБАЙ АШИЕВИЧ  
ПО ПРОДОВОЛЬСТВУ КССР

САМАТОВ /

НА ЧЛЕНОВ АДАЙ ОДАЙ КМИТЕТИ  
ОПЕДІТІНІ

Ч. Б. Р. 1918. 10.

1902 ж. туған. Малшы. «Қосшы» одағының Маңғыстау аудандық комитетінің төрағасы. ОГПУ-дың тұрақты өкілдігі қудалап, РКФСР 58-2 бабы бойынша 09.10.1930 ж. 3 жыл еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеуге үкім шығарды. Қазақ КСР Жоғарғы Соты 08.02.1962 ж. ақтады.



Елтебеков (Елшібеков)  
Қалдыбай

Р а з о г о р д а н ы с

Секретно

АНКЕТАҒА ЖАУАП

Полное наименование учреждения: *Ақсауыттың Оқуындағы Сөз Қолы*

Объект, кәсіпшілігі: *Сөздік Ақсауыттың Оқуы*

---

В О П Р О С Ы :

1. Тамғаны, қып, отбасы /жынысы/: *Бийтібеков Қалдыбай Бийтібеков*

Туған жері мен уақыты: *1902. 6. 8. Ортағары Оузы*

3. Семейлік жағдайы /хотасы, балалары/: *Некмет*

4. Тәрбиесі мен отбасы жағдайы: *Некмет Құлбаев 20. мамыр 1904 ж.*

5. Тәрбиесі мен отбасы жағдайы: *Некмет Құлбаев 20. мамыр 1904 ж.*

6. Тәрбиесі мен отбасы жағдайы: *Некмет Құлбаев 20. мамыр 1904 ж.*

7. Тәрбиесі мен отбасы жағдайы: *Некмет Құлбаев 20. мамыр 1904 ж.*

8. Тәрбиесі мен отбасы жағдайы: *Некмет Құлбаев 20. мамыр 1904 ж.*



Қалиев Әбіш

1892 ж. туған. Қызметкер. ОГПУ-дың тұрақты өкілдігі қудалап, РКФСР ҚК 58-2 бабы бойынша 09.10.1930 ж. 10 жыл еңбекпен түзеу лагерінде жазасын өтеуге үкім шығарды. Қазақ КСР Жоғарғы Соты 08.02.1962 ж. ақтады.

С. С. С. Р.

ЛИЧНЫЙ ЛИСТОК № 2

ОТВЕТСТВЕННОГО РАБОТНИКА

род. ф. Александров, Берлин, область Агасселии уезд, округ ...  
гражданин Каз. С. Криворукий, должность Секретарь, член ...  
РКФСР, ЧК, НКВД

1. Фамилия Калыев имя Әбіш отчество

2. Год рождения 1892 место рождения Агасселии уезд

3. Национальность Казак а Родной язык Киргизский

4. Какими языками, кроме родного, свободно владеете русским

5. Какими местностями СССР хорошо знаете по работе Не знаю

7. Где были за границей, когда, как долго, цель, пробыли, чем занимались Не был

8. Социальное происхождение (прежнее сословие, звание) Служащий РКФСР

9. а) Освоенная профессия Вышивальщица

б) Как долго, с какого времени ею занимаетесь, когда перестали заниматься С 1920 по 1921 в РКФСР, затем в Казахстане

10. Семейное положение и состав семьи Удовен

11. Образование (где учились, окончили ли курс, сколько классов, курсы, курсы) 4 класса

а) Общее в ф. Александров, член РКФСР, член РКФСР

б) Социальное

12. Служил ли в армии (какой, когда, род оружия, чин, звание, должность и т. п.; участие в военных действиях; когда демобилизован) Да, в РКФСР, член РКФСР

13. К какой партии принадлежите (с какого времени, какой организации, когда приняты) без партии

14. К каким партиям принадлежали в прошлом (с какого времени, какой организации, когда приняты) Не принадлежал

15. Ваше участие в революционной и общественной работе:

а) до 1917 года Нет

б) после 1917 года Нет



1870 ж. туған. Маңғыстау ауданының №3 ауылының тұрғыны, ірі саудагер. ОГПУ-дың тұрақты өкілдігі қудалап, РКФСР ҚК 58-2 бабы бойынша 09.10.1930 ж. жазаның ең ауыр түріне үкім шығарды. Қазақ КСР Жоғарғы Соты 08.02.1962 ж. ақтады.



Иманғазиев Отарбай

Отиссе  
 Шешүүестік отиссінан у ер-на Отарбай  
 Иманғазиева протоколмен №3 аудан  
 Маңғыстауского району.

Отиссінан шешүүестік протоколмен Шешүүестік  
 Демек, в присутствии почетного председа-  
 телья №3 аудан Суучева в составе 3 чл  
 Буралибаева

Отиссе ежелден 13<sup>4</sup> февралы 1931г.

№	Наймелетованы Шешүүестік	Мамандық	Тірмелері
1	Баранов	60	Роздано 10/12 Валиев қалмақтан Ісінан ежелден 13/12 1931г. - 30г.
2	Кози	2.	
3	Верный доз	8	
4	Лавров	11	
5	Карова	2	
6	Карт с Кован 5 Кантамас	1	
7	Аоба дт Кавосназ	1	
8	Сурган 4т Ковосназ	1	
9	Сықар престия	1	
10	Вилки	1	
11	Медный руко мейник / Кувотан	1	
12	Османов - Отарбай	1	

У Д О С Т О В Е Р Е Н И Е .

Предъявитель сего гр-н Маңгыстауского рай-  
она Гурьевского округа /Сыз.Ахматовского/ ауд-а *В.И. Сабданов*  
действительно является годоходящим беженцем, постра-  
давшим от джуга в 1927/28 году и находящим из куди-  
венки государственн в 1928 до второй половины 1929  
года, следует с семейством *2* едок. в стороне  
Туркменской ССОР от. от. Тадам, Мерв и Баграм-Али для  
временного проживания, что подлинно и приложенном  
печати удостоверено.

Пред. Оргбиро -

/Мамазов/

Секретарь -

/Чумиков/

Маңгыстау ауданы бойынша жұттан зардап шеккен,  
ашыққан босқындардың куәлігі, 1929 ж.

*Реформадағы* *Сыртқа*  
*Но раздари при помощи Караулы*  
*Кам бозарда 2. Форт Александровск*

<i>фамилия имя</i>	<i>Коси</i>	<i>адрес</i>	<i>күні</i>	<i>түрі</i>	<i>Рос или иностранн</i>
<i>1 Адратов Караулы</i>	<i>5</i>	<i>Нок</i>	<i>1/2</i>	<i>иш</i>	<i>иш</i>
<i>2 Молоченов Кизил</i>	<i>5</i>	<i>92</i>	<i>-</i>	<i>иш</i>	<i>иш</i>

*Форт Александровск*

Форт-Александровск қаласының тұрғындарына  
азық-түлік көмегін көрсетуге арналған ведомост





Маңғыстау ауданының картасы, 1931 ж.

## Махамбеттің кегін алған Асаубай

Махамбеттің өмірімен хабардар оқырман Асаубай есімімен де жақсы таныс. Өйткені, ол Махамбеттің баласы, Махамбеттің тоқалы Тиянның жездесі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған Орынбор комедия театрының 1841 жылғы 24 маусымдағы бұйрығы бойынша Махамбет Орынбор түрмесінен босатылып, Шекара комиссиясына жіберілгендігі, оның 7 шілдеде Арыстан Жантөриннің қарауына «...Шекара бойына жолатпау үшін қазақ даласының алыс жеріне жіберілсін» деген жаздама берілгендігі көрсетілген (ҚРОММ 4 қор, 1 тізімдеме, 2006 іс, 17-19 б.).

Махамбет осы жолдамамен елден жырақ жүргендігін тарихи деректер анықтайды. Міне, батырдың осы ауыр күндерінде Сатыбалды, Сатай батырлар қамқорлық көрсетті. Олар Ішкі ордадағы беделді адамдармен байланыс жасап, Махамбетті ол ауылдарына панахалатты, басына үйлендіріп, қолына қару беріп, Сатайдың Тиян атты қызына үйлендіреді. Үйленгеннен кейін баласы Нұрсұлтанмен табыстырады.

## II БӨЛІМ

Бірақ, Махамбеттің басқару ісін аңдып, оның көзін жолдың амалын іздестіріп, әбден өшіккен Баймағанбет сұлтанға бұл әрекет ұямады. Сол үшін Сатайға, Сырманың баласы Қазига және басқа да ел басқарған билерге, старшындарға хабар жасады. Махамбет сұрышарға қамқорлық жасайтыны, «мал ұрлайды» деген жана жабуға көндірді. Сөйтіп, 1845 жылғы 7 шілдеде олардың қолын қойдырып Орынборға арыз жіберттірді (ҚРОММ 4 қор, 1 тізімдеме, 3414 іс, 46-47, 71-72 б.).

Сатай батыр қанке топырақ шаша алмай Махамбетті Қараойда отырған үлкен қызының күйеуі Асаубай Құдайқұланның ауылына көшірді.

Берін көзжазбай бағылан отырған Баймағанбет сұлтан Қараойға көшіп кеткен Махамбеттің сопына өзінің сыйбайластары Шығалас Төлесов пен жөндесторін жұмсады. Махамбет жана жерге өңді жайғасып жатқан кезде олар Махамбеттің үстінен түсіп, ақынды өңімеге айналдырып, шамсыма тастың сөздер айтып, ұлашандырып, сретсе шегіне жетіп, шнеленіскеңде төртеуі жабыла кетеді. Жүсіп Өтеулин деген басын шабады. Үй-мүлкіс, ақшаларын тонап, 8 жылқы мен 4 түлесін айдап, Махамбеттің басын өңдерімен бірге алып кетеді. Бұл жағдайды Релькиннің 1846 жылғы 31 қазандағы репортны нақты көрсеткен (ҚРОММ 4 қор, 1 тізімдеме, 3414 іс, 174-187 б.).



## Махамбеттің кегін алған Асаубай

Махамбеттің өмірімен хабардар оқырман Асаубай есімімен де жақсы таныс. Өйткені, ол Махамбеттің бажасы, Махамбеттің тоқалы Типанның жездесі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған Орынбор комендантының 1841 жылғы 24 маусымдағы бұйрығы бойынша Махамбет Орынбор түрмесінен босатылып, Шекара комиссиясына жіберілгендігі, оның 7 шілдеде Арыстан Жантөриннің қарауына «...Шекара бойына жолатпау үшін қазақ даласының алыс жеріне жіберілсін» деген жолдама берілгендігі көрсетілген (ҚРОММ 4 қор, 1 тізімдеме, 2006 іс, 17-19 б.).

Махамбет осы жолдамамен елден жырақ жүргендігін тарихи деректер анықтайды. Міне, батырдың осы ауыр күндерінде Сатыбалды, Сатай батырлар қамқорлық көрсетті. Олар Ішкі ордадағы беделді адамдармен байланыс жасап, Махамбетті өз ауылдарына паналатып, басына үй тігіп, алдына мал салып, Сатайдың Типан атты қызына үйлендіреді. Бәйбішесі мен баласы Нұрсұлтанмен табыстырады.

Бірақ, Махамбеттің басқан ізін аңдып, оның көзін жоюдың амалын іздестіріп, әбден өшіккен Баймағанбет сұлтанға бұл әрекет ұнамады. Сол үшін Сатайға, Сырымның баласы Қазифа және басқа да ел басқарған билерге, старшындарға қысым жасады. Махамбет «ұрыларға қамқорлық жасайды», «мал ұрлайды» деген жала жабуға көндірді. Сөйтіп, 1845 жылы 7 шілдеде олардың қолын қойдырып Орынборға арыз жіберттірді (ҚРОММ 4 қор, 1 тізімдеме, 3414 іс, 46-47, 71-72 б.).

Сатай батыр көпке топырақ шаша алмай Махамбетті Қараойда отырған үлкен қызының күйеуі Асаубай Құдайкеұлының ауылына көшірді.

Бәрін көзжазбай бақылап отырған Баймағанбет сұлтан Қараойға көшіп кеткен Махамбеттің соңына өзінің сыбайластары Ықылас Төлеев пен жендеттерін жұмсады. Махамбет жаңа жерге енді жайғасып жатқан кезде олар Махамбеттің үстінен түсіп, ақынды әңгімеге айналдырып, намысына тиетін сөздер айтып, ызаландырып, ерегес шегіне жетіп, шиеленіскенде төртеуі жабыла кетеді. Жүсіп Өтеулин деген басын шабады. Үй-мүлкін, ақшаларын тонап, 8 жылқысы мен 4 түйесін айдап, Махамбеттің басын өздерімен бірге алып кетеді. Бұл жағдайды Редькиннің 1846 жылғы 31 қазандағы рапорты нақты көрсеткен (ҚРОММ 4 қор, 1 тізімдеме, 3414 іс, 174-183 б.).

Бұл жендеттер Махамбеттің басын үлкен олжа тапқандай Баймағанбет сұлтанға апарып берген.

Махамбеттің соңғы тағдырынан хабарсыз қалған Асаубай Құдайкеұлы. Өйткені, өткен түні Махамбет Асаубайды қонаққа шақырған. Сол шақыру бойынша келген Асаубай Махамбеттің ойраны шыққан үйі мен бассыз мүрдесі үстінен шыққан.


Сонан Асаубай ауылын жиып, Махамбет денесін жер қойнына тапсырғаннан кейін елдің беделді ақсақалдарын ертіп, Баймағанбет сұлтанға барып, «Қастасқан жауынды өлтірдің. Бір адамның денесін екіге бөліп көму мұсылман дәстүрінде жоқ. Махамбеттің басын бер. Денесімен бірге көмеміз» деп талап еткен. Бірақ Баймағанбет оған құлақ аспаған, Махамбет өліміне қатысы барын мойындамаған. Асаубай Баймағанбет сұлтанның күдерін үзіп, оның жылқышыларынан сыр тартып, солардың сілтеуімен Махамбеттің басын көмілген жерінен қазып алып, мүрдесінің аяқ жағына орналастырып, үстін екі қанат керегемен (кей деректе екі сықырлауықпен) жапқан. Сөйтіп, Асаубай адамгершілік екі іс тындырған.

Тарих үшін Асаубайдың ұлы ақынның басын мүрдесіне қосуы ерлік. Олай дейтініміз Кенесары хан денесінің қайда жерленгенін анықтау әлі күнге шешілмей келе жатқаны шындық емес пе? Олай болса Асаубай Құдайкеұлына тек Махамбеттің бажасы деп қарау оның адамгершілігіне, ерлігіне қиянат. Асаубай Құдайкеұлы Исатай-Махамбет тарихында өзінің елеулі орнын алуға тиіс.

Асаубайдың ерлігі мұнымен де тынбайды. Ол – Баймағанбет сұлтанның Махамбеттің кегін алды.

1836-1838 жылдардағы Исатай-Махамбет бастаған көтерілісті басуға Баймағанбет сұлтанның «сіңірген еңбегіне» Император аса риза болғандығы тарихтан белгілі. Сол үшін 1846 жылы 2-ші дәрежелі қасиетті Анна орденімен, кейін генерал-майор лауазымымен марапатталды.

Міне, осы жағдайға байланысты Баймағанбет сұлтан Императордың қабылдауында болды, шен-шекпен киіп, атаққа семірді. Мадаққа, шен-шекпенге тасып, төгіліп келе жатқан Баймағанбетті Елек өзенінің өтке-



Махамбеттің  
бас сүйегі бойынша  
жасалған мүсін



Б. Айшуақов



лінде Асаубай қарулы жігіттерімен бірнеше күн күтіп жатты. Паром жүргізушілермен келісті. Сөйтіп, 1847 жылы наурызда мейманасы тасқан Баймағанбеттің алдымен қорғаушыларын өзеннің арғы бетіне өткіздіртеді. Баймағанбет күймесі мен екінші кезекке қалдырады. Осы сәтті күні бұрын күтіп жатқан Асаубай қарулы жігіттерімен тұтқиылдан іске кірісіп, Баймағанбетті күймесімен тасып жатқан Елек суына батырып жіберген. Сөйтіп, Асаубай исі қазақтың ыза-кегін қайтарып ерлік көрсеткен.

Ел аузындағы қисынды әңгіме осылай дейді.

*«Ана тілі» газеті  
24 шілде 2003 ж.*

### **Досан көтерілісі: ашылмаған «ақтаңдақтар»**

Тарихи деректерге зер салсақ, еліміздің бас бостандығы үшін, туған жерінің оты мен суының тұнығын жат жұртқа шайқалтпау үшін үш жүзден астам ұлт-азаттық көтеріліс бұрқ етіп, алапат қан төгілген шайқастар мен арпалыстар өткен екен. Солардың қатарына Маңғыстау өңірінде орыс отаршылардың озбырлық саясатына қарсы шығып, елінің елдігін сақтау үшін күрескен, егеулі найза қолға алып, бүкіл Орынбор губерниясының Калмыков, Темір, Гурьев, Ембі, Маңғыстау уездері мен Закаспий, Орал облыстарын, Хиуа хандығын дүр сілкіндірген, жүрегінің түгі бар, есімі ел жадынан өшпеген батырдың бірі Досан Тәжіұлы бастаған көтерілісті де жатқызар едік. Осы орайда республикамыздағы Орталық мемлекеттік архивте сақталған құжаттар бойынша сараптап, Досанның туған халқы алдындағы қызметін тарихи деректермен дәйектеп, оқырмандар назарына ұсынуды жөн көрдік.



Досан көтерілісінің бірден өріс алуына ықпал еткен және халықтың бұрыннан буырқанып, әбден ширатылып, шегіне жетіп тұрған ашу-ызасын өртке айналдырған оқиға – Маңғышлақ приставында «Адай руын басқарудың жаңа Ережесін» енгізудегі пристав бастығы

подполковник<sup>3</sup> Рукиннің бас-көзге қарамай еріксіз күштеу әрекеті болды. Ал, Рукинге жел берген сол кездегі Жоғары және Төменгі деңгейдегі басшылар – Баймамбет Маяев пен Ғафур Қалбин еді. Олар генерал-губернатор алдында берген уәделерін орындау, әрі патша ағзамның сенімді генералының қолынан алған лайықты шешекпен мен сыйлықтарына іспен жауап беру үшін «жаңа Ережені қабылдауға елдің қарсылығы болмайды» деп жоғарыдағыларды сендірді.

Иса, Досан бастаған 400 адам алдымен Рукиннің өзімен есеп айырысуды жөн деп шешті. Көтерілісшілер 1870 жылдың 24 наурызында сағат 5-те Ұшауызда Рукиннің тобын қоршады. Ереуілдің нәтижесі подполковник Рукиннің, оның жәрдемшісі Баймамбет Маяевтың және 17 казак, 1 урядниктің өлімімен аяқталды. Бұл ереуілшілер үшін үлкен жеңіс болып көрінді. Бүкіл елге олардың атақ-даңқы жайылып, ереуілшілер тобының көбеюіне едәуір ықпал жасады. Ауылдан-ауылға көтерілісшілер тобын көбейтуге беделді адамдардан ұйымдастырушылар жіберілді. Соның нәтижесінде сәуір айының басында олардың жалпы саны 10000-ға жетіп жығылды. Бұл күш ереуілшілерге үлкен рух берді.

Жеңістің алғашқы нәтижесінен қуат алған көтерілісшілер Сарытастағы балықшылар қонысын қиратып, Форт-Александровскіге аттанды.


2 сәуірде олар Николаевскі поселкесін талқандап, 87 үйді өртеп, 8 штаб-офицерді, 4 обер-офицерді, 2 урядникті, 38 казакты тұтқындайды. Бұлардың ішінен кейін 2 обер-офицер, 2 урядник, 17 казак өлтірілді.

5 сәуірден 9 сәуірге дейін көтерілісшілер Форт-Александровскіні қоршауға алса да, қарапайым құс мылтықпен, найза, қылышпен жарақтанғандықтан соғыс техникасымен қаруланған аздаған орыс әскерінің күшін жоя алмады. Адам санының басымдығына соғыс техникасының басымдығы төтеп берді.

Оның үстіне орыстардан «қырғыздар не ілгері, не кейін жүруге мүмкіндік бермейді, шұғыл түрде 20 казакпен бір зеңбірек комплект патронымен жібер» деген хабар алған бекініс капитаны Зелениннің Астраханға жіберген жедел хабарының нәтижесінде Форт қорғаушыларына қажетті көмек жетіп үлгерді. 9 сәуірде 2 зеңбірекпен жарақтанған 2 рота жаяу әскер пароходпен келіп, бекіністің қорғаныс күшін нығайтты.

---

<sup>3</sup> Веревкин «полковник» деп көрсетеді, ал өзі жазған рапортында Рукин «подполковник» деп қол қойған – З.И.



Хиуа (1874 ж. сурет)

Соған қарамастан Досан және оның серіктестері ерлік шабуылды тоқтатпады, жеңістен күдер үзбеді және 20 сәуірде Форт-Александровскі бекінісіне қайтадан шабуыл жасады. Олар өз тағдырларын өлім мен өмірдің таразысына салды. Жан аямай шайқасты. Туған жер үшін жан пида десті. Бірақ амал не, бұл кезде бекіністі қорғауға жан-жақтан келген қарулы әскер мен зеңбірек оқтарына көтерілісшілер шыдас бере алмады. Бекініске топтасып үлгерген 7 рота жаяу әскер, 6 жүз атты әскер, 2 взвод жанындағы 4 зеңбірегімен көтерілісшілерден техника жағынан да, соғыс ісіне жаттыққан әскер күші жағынан да басым түсті.

1870 жылдың саратан (қазіргі мамыр) айы көтерілісшілер үшін қаралы да, қайғылы ай болды. Олар патшаның жазалаушы отрядының қуғындауына ұшырады. Оңтүстігінде Красноводскінің, солтүстігінде Орынбор округінің, батысында граф Кутайсовтың отрядтары ауылдарды шапты, малдарды топ-тобымен айдап алды. Отар-отар қойлар, үйір-үйір жылқылар, келе-келе түйелер орыс отрядтарының талауына түсті.

Көтеріліске қатысушылар мал-мүліктен безіп, Қарақұмға, Аралдың терістік шығыс бетіне, Түгер және Қарабұғаздың шығысына, Үстірттің оңтүстігіне, Хиуаға және басқа жаққа бас сауғалап, үдере көшті. Ел тоналды. Жазықсыз жандар патша жазалаушыларының табанында тапталды. Ал, кезінде халықты көтеріліске итермелеген бірқатар старшындар мен билер алған беттерінен тайқып, жазалаушы отрядтар жағына шығып кетті. Барлық кінәні Досанға аудара салып, әр түрлі айла-әрекеттерге де барды.


Досан екі оттың – Хиуа мен Ресей отарлаушылардың ортасында қалды. Хиуа ханының көзқарасы Досанға бұрыннан белгілі – ол халықты сүліктей сорған, қатыгез саясат. Бірақ орыс отарлаушыларымен болған қанды шайқастан кейін сол қатыгездікті біле тұрса да, Хиуадаң әзірше пана іздеу қажет деп шешеді Досан.

Сөйтіп, өз серіктерімен Хиуа хандығына өтті. Бұл жерде Досан алдына екі түрлі басты мақсат қойды. Соның бірі – әзірге Хиуа ханының сеніміне кіріп, соның көмегімен орыс отарлаушыларына қарсы тағы да шайқасқа түсу, оларға қарсы шабуыл ұйымдастыру, екінші мақсаты қиын-қыстау күндерде ауыр азап тауқыметін тартқан ауылдарға ес жиғызу, уақыт ұтып, шаруашылықты қалпына келтіру еді. Досан Хиуа хандығына тәуекел жасап көшіп барды.


Ал Хиуа ханы мұны сәтті пайдаланып, Досанның қолымен от көсеуді ойластырды. Хан Адайлардан жыл сайын алатын зекеттерін жинатудың және оларды орыстарға қарсы айдап салудың сәті туды деп, құйтырқы саясат ұстады.



Хиуа ханы



1873 жылғы маусым айына дейін дуан бегі болған. Кейін Калугаға жер аударылған.



6 маусым 1873 жылдан Хиуа хандығының дуан бегі.

1874 ж. құрылған комиссияның тапсырысы бойынша жасалған суреттер

Бұл кезде Маңғыстаудан ауып барған елге жәуіттер де тыныштық бермеді. Ауылдарға дүркін-дүркін шабуыл жасап, мал-мүліктерді тонап, әйелдері мен қыздарын алып кету, күң етіп сату сияқты ел намысын қорлайтын тұрпайы әрекеттерін үдете түсті. Сондықтан ауып барған ел Досанды жәуіттерден қорғаушы бастық етіп сайлады. Досанның алдындағы абыройы мен беделіне көзі жеткен Хиуа ханы оны орыстардың ықпалында болған қазақтар мен түрікмендерден өзіне салық жинаушы өкіл етіп тағайындады.

Әу бастағы ой-пікірлерін жүзеге асыру мақсатына сәйкес Досан өз серіктестерінің санын қайтадан көбейтіп, 1872 жылы оның құрамын біртіндеп 200-ге жеткізді. Сөйтіп, ол орыс отаршыларының 1873 жылғы «Хиуа экспедициясы» деген атпен тарихқа белгілі (шығысында – генерал Кауфман, батысында – Маңғышлақ экспедициялық отрядының бастығы полковник Ломакин, оңтүстігінде аты шулы генерал Скобелев басқарған) Красноводскі барлаушы отрядтарына қарсы Ходжейлі, Қарабайлы, Қоңырат және т.б. жерлердегі шайқастарға белсене қатысады, ханның сенімді қолбасшыларының біріне айналады және орыс отаршыларына қарсы күресте ерлігімен көзге түседі.



К.П. Кауфман



Н.П. Ломакин



М.Д. Скобелев

Өкінішке қарай Досан көздеген мақсатына Хиуада да жете алмады. Оның басты себебі орыс армиясының тегеурінді қаруына хиуалықтар төтеп бере алмады, екіншіден, олар орыс саясатының астарына түсінбей, уақытша билікті Хиуа хан, бегіне бергеніне мәз болып, орыс отаршыларының айтқанын толық мойындады. Ал орыс отаршылары өздері нығайып, қуатты күшке айналғанша билікті хан, бегіне тапсырып өздері тікелей бақылаушы ретінде іс жүргізді. Хиуа хандығының билігі әлсірей бастады.



Хиуа (1874 ж. сурет)

Орыс отаршылары Хиуаны алғаннан кейін бұрынғы ұлттар мен ұлыстарды бір-біріне айдап салу саясатын бұл жерде де жүзеге асырады. Бұған көзі жеткеннен кейін және хиуалықтардың енді орыс отаршыларына қарсы күреске шығуға қауқары жоқтығын сезгеннен соң Досан ханның ағасы Әмір Омардың келісімімен Хиуадан кетіп, өзінің ауылына, Маңғыстауға оралады. Досанның алдында енді екі ғана жол тұрады. Біріншісі – орыс отаршыларына мойынсұну да, екіншісі – соңғы демі біткенше отаршылармен айқасып, алысып өту. Ол осы ойдың соңғысына тоқтайды. Қанды көйлек достарының бірі, пікірлесі Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетовты 4 саратан (қазірше мамыр) 1874 жылы орыс отаршылары тұтқынға алғанда, ол бұл ойына түбегейлі бекиді.

Отаршылар да Досанның ізіне түсумен болады. Орал, Закаспий облыстары мен Калмыков, Гурьев, Ембі, Маңғышлақ уездерінің басшылары Досанның жүрер жолдарына алдын ала жанды, жансыз тұзақтарын құрады. Тыңшыларын жібереді. Олардың хабары бойынша оның өзі жоқта Мананда отырған Досанның ауылын Орал орыс-казак жазалаушы отрядтары тонап, Жұманиязды өлтіріп, 2 ерек, 20 әйел мен балаларды тұтқынға алып кетеді.

Досан Жұманиязды ақ жуып, арулап жер-анасына тапсырғаннан кейін қасына ең сенімді серіктерін ғана алып, қалғандарына сәт сапар тілеп, жортуылға шығады.

Бірақ Досанға күн сайын кең дүние тарылып, өмір құрсауы қусырыла бастайды. Ақыры Қабақ Ермамбетов, ағайынды Мұрат, Нұрлы Қаражігітовтердің құрған тұзақ торына (1874 жылы 24 шілде) түседі. Мұрат Қаражігітовтың үйіне жазалаушы отряд Аничхиннің басқаруымен келген казактар Досанды атып, жарақаттайды. Сенімді достары – Қарасай Мыңбаев (Мамбаев), Тілеуберген Орақов, Әлімбаев Сүтімбаев, Дихан Өтепов, Күмісбек (Ақбала) Мүлкібаевты (бір құжатта Жылқыбаев) өзімен бірге тұтқындайды.

Айта кеткен жөн, аңғал батыр сатқындық жасағандар Құлыш Түменбаевқа, Ғафур Қалбинге, Иса Тіленбаевқа, ағайынды Қаражігітовтерге Құдайдай сеніп қалады. Оларға ақылдасуға алдымен ең жақын туыстары мен баласын да жібереді. Сосын еш нәрседен қауіптенбеген ол олардың арнап тіккен үйлеріне түнеп, ас-суын ішеді. Бірақ бұлардың бәрі сатқындық екендігіне тұтқындалғанда барып көзі жетеді. Опасыздық деп осындайды айтса керек.

1874 жылы әсет, сүмбіле (қазақша шілде, тамыз) айлары Досан және оның туыс, достары үшін нағыз қаралы айлар болды. Шолтан Досанов, Демесін Жиенбаев, Жарас Тәжиев, Жаманбала Тәжиев, Табынай Бегешев (Бесенов), Өтеген Итемгенов, Орақ Байдалиев,



Дәулет Қалдыбаевтар старшындар мен болыстардың және олардың ел ішіндегі тыңшыларының көрсетуімен тұтқындалып, түрмеге жабылды.

Досан және оның аталған достарының тергеу жұмысы 2 жылға жуық созылды. Маңғышлақ приставы мен Закаспий облысы басшылары елді қорқытып, үрейді алу үшін оларды Далалық әскери сот соттасын деп, Кавказ армиясы Бас қолбасшысына бірнеше рет өтініш жасады. Олардың өтініші қанағаттандырылып, Дағыстан облысы әскери штабының обер-аудитор прокуроры, кеңесші Карачевтің, Темірхан-Шора әскер басшысының аудитор іс жүргізушісі, лауазымды кеңесші Прилинскийдің қатысуымен, Форт-Александровскі әскер басшысы, подполковник Архангельский басқаруымен сот ісі 1876 жылы 8 наурызда басталып, 12 наурызда аяқталды. Тексеру барысында жинақталған 5 томдық 1110 парақ құжат бойынша Досан бастаған көтерілісшілердің тағдыры бас-аяғы 4 күнде шешіледі.

Далалық әскери сот Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетовты 10 жылға каторгіге жер аударуға, Тілеуберген Орақовты дарға асуға, Дихан Өтеповты, Шурен Имановты әскери сотқа тартуға, Демесін Жиенбаевты, Әлібай Сүтімбаевты, Өтеген Итемгеновті Сібірге әкімшілік жолымен жер аударуға үкім шығарады.

Қарасай Мыңбаевтың ісін ол Досан туралы дерек беруден бас тартқандықтан және Горячинскідегі қанды оқиғаны тексеру ісі әлі аяқталмағандықтан Орал облыстық бастығының шешіміне қалдырады. Кінәлері жеткілікті дәлелденбегендіктен Табан Досанов, Жарас және Жаманбала Тәжиевтер қоғамдық бақылауға берілсін делініп, ал Табынай Бегешев пен Шолтан Досанов қылмысты істен ақталды, Табынай Бегешевті тұтқыннан, ал Шолтанды кепілдіктен босату туралы үкім шықты.

Кавказ армиясы Бас қолбасшысы 3 әсет 1876 жылы Далалық әскери соттың бұл үкіміне өзгерту енгізді. Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетов 1870 жылғы көтерілісшілердің басшысы болмағандығы және оның 1873 жылғы Хиуа экспедициясына өз еркімен келіп қатысқандығы ескеріліп, империя губерниясының алыс түкпірінің біріне 7 жылға жер аударуға, Тілеуберген Орақов ең басты ұйымдастырушы, қылмыскер Досан Тәжиев өлгендіктен және сондай-ақ ол Хиуа ханының тікелей тапсырмасымен ел тонауға қатысқандықтан өлім жазасынан босатылып Сібірге жер аударуға, Дихан Өтепов, Шурен Иманов көп уақыт тұтқында отырғандықтан олардың ісін әскери сотқа бермеу, олардың өздерін империяның алыс түкпіріне 5 жылға әкімшілік шарамен жер аудару туралы, Демесін Жиенбаев, Әлібай

Сүтімбаев, Табан Досанов, Жарас Тәжиев, Табынай Бегешев және Шолтан Досановтар жөніндегі Далалық әскери соттың үкімімен келісу жайында бұйрық шықты.

Көтеріліс кезіндегі және онан кейінгі көтеріліске қатысқандардың келтірген зияндары мен шығындары айыпкерлердің дүние-мүлкі есебінен төленсін, егер олардың мал-мүлкі ол шығындарды өтеуге жетпесе, онда олардың ауылы, не руы есебінен өндірілсін, деген шешім қабылданды.

Алайда, сот үкімі шыққанға дейін Досан және оның бірсыпыра достары түрме азабын көтере алмай өліп кетті. Көтерілісті ұйымдастырушы Досан Тәжиев 1876 жылы 10 үтте (қазірше ақпан), Жаманбала Тәжиев 1876 жылы 18 наурызда, Күмісбек (Ақбала) Мүлкібаев 1876 жылы 24 дәлуде (қазірше қаңтар) жарық дүниемен Форт-Александровскі түрмесінде қоштасты.

Бүкіл Ресей билеушісі Ұлы Мәртебелі Императордың бұйрығы бойынша Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетов, Дихан Өтепов, Тілеуберген Орақов, Демесін Жиенбаев, Әлібай Сүтімбаевтар 4 мизан (қазірше қыркүйек) айында 1876 жылы Дағыстан облысы Петровскі (қазіргі Махачкала) қаласына сот үкімі шыққаннан кейін жарты жыл өткен соң Форт-Александровскі түрмесінен аса қауіпті қылмыскерлер есебінде аяқ-қолдары кісенделіп, сенімді күзетшілермен жөнелтілді. Бұлар тиелген парходқа аяқ-қолдары кісенделіп, өз алдына жеке күзетшімен Қарасай Мыңбаев та Петровскіге жіберілді. Далалық әскери соттың шешіміне сәйкес айыпкерлердің жер аударылатын жерін анықтап, құжаттарын жеткізу мәселелерін шешкенше Форт-Александровскі түрмесінде 1876 жылдың 22 әсетінде (қазірше шілде) Шүрен Иманов қайтыс болды.

Форт-Александровскіден 4 мизанда 1876 жылы шыққан бұл тұтқындар 9 мизанда Петровскіге, онан 18 мизанда Астраханға жеткізілді. Міне, осы жерде олардың барар жері анықталмай, жан-жаққа қатынастар жазылды. Ақырында Астрахан әскери басқармасы олардан тездетіп құтылуды көздеп, «Ұлы Петр» парходымен Қазан қаласындағы Тұтқындарды айыратын және жөнелтетін орталық түрмеге жіберді. Бұл орталық түрмеге олар 8 ақырапта (қазірше қазан) келіп орналасты. Қазандағы орталық түрме бұларды қайда жіберуді білмей дағдарып, Маңғышлақ приставына, Петровскіге, Астрахан әскери бөліміне, ақырында Ішкі істер министріне дейін хабарласты. Нәтижесінде Самар губерниясының Николаев қаласындағы полицияның бақылауына Алғи (Алдоңғар) Жәлімбетов пен Дихан Өтепов жіберілді. Бірақ Алғи тұтқындық ауыр азапты, ұзақ жолды көтере алмай, қатты науқастанып, жолда Симбирскі

түрмесінің ауруханасына түсті. Жүрек тітіркендіретін, өте аянышты халде, жат жерде ол 16 наурызда 1877 жылы жарық дүниемен қоштасты. Ал Дихан Өтепов Форт-Александровскіден бастап 8 ай жол жүріп жер аударылатын жері Николаевқа әзер жетті.

Бостандық үшін бас көтерген Досан бастаған ереуілдің аяғы маңғыстаулықтардың орыс отаршыларына мойынсұнып, бодан болуымен тынды. Елдің мал-мүлкі тоналды, егіні тапталды. Соған қарамастан елге 30000 сом контрибуция салығы тағы салынды. Оған қосымша Далалық әскери соттың құрамына енгізілгендердің жолы, тамағы, жатар орны үшін 465 сом өндірілді. Көтеріліс кезінде тоналған орыс селолары мен керуендердің 20000 сом шығындарын өтеу де міндеттен тыс қалмады. Ақырында көтеріліске қатысқан бөлім, бөлімше, ауылдың әрбір үйі 6 жыл бойы құны 3 сом тұратын бір қойдан төлейтін, ал көтеріліске қатыспағанымен оны біле тұра алдын ала бастықтарға хабарламаған немесе көтеріліс әрекетіне тоқтау жасамаған ауылдардың әрбір үйі 3 жыл бойы құны 3 сомдық бір қой төлейтін болып шешілді.

Яғни, халық «таспен жапалақты ұрсаң да, жапалақпен тасты ұрсаң да жапалақ өледінің» керіне ұшырады. Айып та, салық та бұқара мойнына түсті.

Бүгінде «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – батыр баба Досан аруағына бас иетін мерзім жетті. Досан көтерілісі Маңғыстау өңіріндегі ұлт-азаттық көтеріліс екендігіне дау жоқ. Ол көтеріліске 14 пен 70 жас арасындағы ондаған мың маңғыстаулықтар қатысты. Қарапайым халықтың, оны басқарған Досан мен оның достарының ержүректігіне, батылдығына, жанқиярлығына, жерге, елге деген сүйіспеншілігіне еш күмән жоқ.

Сондықтан да Тәжі ұрпағынан 17 жасар Жаманбала, 19 жасында Жарас Тәжиев, 14 жасында Шолтан, 22 жасында Табан орыс отаршыларына қарсы қанды майданға араласты. Күмісбек Мүлкібаев 27 жасында, Демесін Жиенбаев 36 жасында, Алғи Жәлімбетов 44 жасында, Табынай Бегешев 45 жасында елі үшін оққа омырауларын тосты. Олардың қасиетті аруағын қазіргі ұрпақ бас ие отырып қастерлеуге тиісті.

Осыған байланысты ойда жүрген бірлі-жарым ұсынысты көпке, ел ағаларына ұсынуды жөн көрдік. Орыс отаршыларына қарсы көтеріліп, туған жердің, елдің сән-салтанатын сақтауға, оның әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қорғауға жанын беріп, өмірін қиған боздақтардың өмірден өткеніне үстіміздегі 1996 жылы 120 жыл толды. Оның ішінде Досан батырдың қайтыс болған күні – 10-шы ақпан. Қазір егемендік алып, етек-жеңді жинай бастаған кезде халқының

арман-мүддесі үшін өмірін қиған ерлердің есімін жаңғыртудың сәтті кезеңі туды. Алда жыл сайын 10 ақпан Досан көтерілісіне қатысып құрбан болғандардың аруағын еске алатын күн ретінде белгіленсе, ол облыс көлемінде атап өтілсе дер едік. Оған дейін Досан және оның достарының жұрағаттарын іздестіру, ол туралы кітапты баспадан шығару, Досанның көтерілісі туралы материалдар, қару-жарақтар Ақтаудағы және Форт-Шевченкодағы мұражайлар залына бөлініп қойылса, игілікті істің негізі қаланар еді.

Жер аударылғандардың ішінен тек Дихан Өтеповтың мерзімін өтеп елге аман-сау оралғаны жөнінде архивте дерек бар. Қалғандар жайында архивте дерек кездеспеді. Тек 1941 жылғы бір деректе Досанның немерелері Тастан, Қасжан Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданының «Красный Авангард» колхозында тұрады деген бір хабар естіген едік.

Осы жолдар авторына жақында Ақтау қаласында тұратын Жарастың немересі Тойжанға кездесудің сәті түсті. Оның деректері бойынша Табанның немересі Сансызбай Табанов Ақтөбе қаласында, Төлеген Табанов Ақтөбе облысының Мартүк поселкесінде тұратыны, ал Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында: Жарастың немересі Есқараның, Шолтанның немересі Ермұханның, Алғидың ұрпағы Сағаттың, Дихан Өтеповтың ұрпағы Қалау Шоқарбаевтың тұратындығы анықталды.

Тағы бір айтылатын, іздестіруді қажет ететін мәселе – Досанның өзінің найзасы мен сауыты.

Өйткені Досанды тұтқындаған есауыл Аничхинның Далалық сотқа берген мәлімдемесінде «Досанның үстінде сауыт болды» деп көрсетілген (ҚРОМА 41 қор, 84 іс, 164-167 б.). Маңғыстау облыстық әкімінің орынбасары Келбаев Сақып Бүркітбайұлы: «Соңғы уақытқа дейін Досан бейітінің үстінде сауыты жатқан, бірақ ол қазір жоқ», - дейді. Соған қарағанда сауыттың дерегі шығуы мүмкін. Ал, найзасы жөнінде дерек жоқ. Бірақ кезінде Алаторпа болысы Есенжанов Маңғышлақ приставына: «Сіздің жеке тапсырмаңыз бойынша Ешкі қырған шатқалында отырған Хожанепес Есдәулетовтен Досан Тәжиевтың найзасын алып сізге беріп жібердім» деп хабарлаған (аталған қордың 27 б.).

Бірақ қару айғақ ретінде Гурьевке, онан Оралға сот, тергеу орындарына жіберілуі мүмкін. Досан сауыты оның бейітінің үстіне қойылғанына қарағанда, айғақты материал есебінде сот процесі кезінде сауыт Форт-Александровскіге әкелген болса керек. Бәлкім, Досанның найзасын да сот аяқталған соң туған-туыстарына қайтарған болар деген ой туындайды.

Ел іші – алтын бесік. Мүмкін көтерілісшілер жұрағаттарында, құда-жекжаттарында, дос-жарандарында олар ұстап-тұтынған мүліктер, қару-жарақтар сақталған да болар. Болашақ мұражайға жинастырса, олар қазіргі ұрпақтарға ғана емес, келер ұрпаққа да аса қажетті мұра боларына күмән жоқ.

Тағы бір пікір, өмірінің соңғы сәтіне дейін дұшпандарына тізе бүкпеген ерлердің есімін мәңгі есте қалдыру мәселесін жергілікті басшылар тарихи әділеттілікпен шешер деген үміттеміз. Қазір ұжым, мектеп, көше аттарын беру, әр түрлі жұлделер белгілеп, жарыстар, кештер өткізу дағдылы дәстүрге айналууда. Бұл істен маңғыстаулықтар да кенже қалмас деп ойлаймыз.

Бізше, Досанның және оның майдандас достарының екінші өмірі енді басталды. Сондықтан, оның атына қор ашылса, қаржы да жиналар еді. Досан қорына үлес қосудан Маңғыстау өңірінде ешкім бас тарта қоймас деп үміттенеміз. Мұны Түркістандағы, Қарақалпақстандағы туыс-бауырлар да қолдайтыны күмән туғызбас.

Батыр бабалар жөнінде әзірге айтайық дегеніміз осы. Аруақтардың табасына қалмайық, ағайын!

*«Ақиқат» журналы  
№3, 1996 ж.*

## «Еділді тартып алғаны...»

### 1. «Азияға шығатын қақпаның кілті...»

Тарихқа көз жіберсек орыс отарлаушыларының қазақ даласына көз тігуінің түп тамыры тереңде жатыр.

1552 жылы орыс әскерлерінің Қазанды алуы, Алтын Орданың құлап, 1556 жылы Астраханның орыстарға соғыссыз берілуі Ресей шекарасының қазақ даласына шектесіп, тірелуіне әкеп соқты. Орыс мемлекеті Каспий теңізіне дейін Еділ өзенін қатынас жолына айналдыруы Еділдің екі жағындағы маң даланы өз билігіне алуына және оны емін-еркін билеп-төстеуіне мүмкіндік жасады.

«Россия, - деп жазды орыс тарихшысы Н.М.Карамзин, - Каспий теңізіне өз билігін жүргізумен бірге өзіне байлық пен күштің жаңа көзін ашты» («Орыс мемлекетінің тарихы». 1851-1853 ж., VIII т., 139 б.).

Белгілі саясаткер, орыс мемлекетін қалыптастыруда ерекше тұлға – Петр I – Каспий теңізі жағалауын игеруге ерекше маңыз берді. Осы мақсатын жүзеге асыруға Каспий теңізі оның терістік, шығыс жағалауларын, әсіресе, қазақ даласын игеруді ХVIII ғасырдың алғашқы 20-жылдығында-ақ кірісті.

Мұны 1722 жылы Парсы жорығында Петр I тілмашы болған Тәуекелевтің (А.И. Тевкелев) мына сөзі дәлелдейді:

«Киргиз-кайсацкие степи...являются ключем и вратами всем азиатским странам и землям, и той ради причины оная – де Орда потребна под Российской протекцией быть, чтобы только через их во всех азиатских странах команикацию иметь и к российской стороне полезные, и способные меры взять», - деп ұлы Петрдің берген анықтамасын Тәуекелев тілге тиек еткен.

(«Разные бумаги генерал-майора А.Тевкелева об Оренбургском крае и киргиз-кайсацких ордах», 1762 г., кн. 13, отдел III, стр. 15)

Жоғарыда келтірген «Азияға шығатын қақпаның кілті» деп айтқан ұлы Петрдің сөзін онан кейінгі орыс патшалары мен орыс отарлаушылары Иса пайғамбарының айтқан сөзінен де, дұғасынан да күшті ұғынды, заңдандырып ешбір тыным таппай іс жүзіне асырды. Каспийдің терістік, шығыс жағалауын игерудің бастамасын ұлы Петрдің өзі бастады. Бірақ тағдыр оның аяқталуына Петрдің өмірін жеткізбеді.

Орыс отарлаушылары о бастан жаңа елді, жерді басып алуында негізінен үш түрлі сұрқиялық саясатты қолданды.

Оның біріншісі және ең бастысы, жергілікті халықты алдау үшін бейбіт мақсатпен деген желеумен елдің, жердің жағдайын білу, халықтың тұрмыс-күйін, мінез-құлқын, тыныс-тіршілігін, жаратылысын, ауа райын зерттеу үшін экспедиция ұйымдастыру ісін негіздеп қолға алды.


Екіншіден, жергілікті тұрғын халықты ығыстырып, орыстарды қоныстандыру, бекініс салуды берік мақсатқа айналдырды.

Үшіншіден, жаңадан отарлаған жердің бұрынғы атауларын өзгертіп, толығынан орыс атауларын енгізуді жүзеге асырды.

Қазақ жеріне жасалған экспедицияның қай-қайсысы болса да осы үш мақсатты бірден жүзеге асырып отырды. Қазақстанның басқа жерлеріндегі орыс отарлаушыларының осындай экспедицияларына тоқталмай, әңгімемізге арқау болып отырған Каспийдің терістік, шығыс жағалаулары мен Маңғыстау өңіріне отарлаушылардың



А.И. Тевкелев



ұйымдастырған кейбір экспедицияларының іс-әрекетін тарих таразысына салуды жөн көрдік.

## 2. Бекович-Черкасскийдің экспедициясы

Орыстың отарлау саясатындағы құйтұрқы, бейбітшілік мақсатты пайдаланған сайқалдық саясатымен, ұлы Петрдің тапсырмасымен ұйымдастырылған экспедицияның бірі – 1715 жылғы князь Бекович-Черкасский басқарған экспедиция.

Ұлы Петрдің сеніміне ие болған Александр Бекович-Черкасский – христиан дінін қабылдағанша Дәулетгерей, кабардалық князь, Бекмурзиндер тұқымынан, князь Б.Голициннің үйінде тәрбие алған.



1715 жылы Астраханнан бұл экспедицияның құрамында 1760 адам, 31 кеме, 1877 әскер мен 19 зеңбірек болса, екінші жорығында 10 теңіз офицері, 14 астрахандық дворян 150 түйесімен, 6350 адам 20 кемемен аттанды.

1716 жылы 6655 әскери адам мен 22 зеңбірек, 138 қайықтармен, кемемен шығып қазанның 9-да Түпқараған шығанағына келіп бекіністерін салуға кірісті. 1717 жылы Александр Бекович-Черкасский хиуалықтардың қолынан қаза тапты.

Әрине, осыншама қарумен әскери-соғыс кемелерімен жасалған экспедицияны бейбітшілік сөзімен сиыстыру ешбір ақылға сыймайды.

## 3. Хиуа экспедициясы

Маңғыстау приставында «Адай руын басқарудың жаңа Ережесін» енгізуге қарсы күрескен Досан Тәжіұлының қанды шайқасын айуандықпен басып, елді бодандыққа еріксіз бағындырғаннан кейін орыс отарлаушыларының алдында ұлы Петрдің орындалмаған арманын жүзеге асыру тұрды. Оның үстіне Адай жеріндегі көтерілісті қанды қырғынмен уақытша басып, жаншып, тұншықтырғанмен келешегіне онша сенімді болмады. Қалай дегенмен де Адай елі ертелі кеш есін жинап, Хиуа хандығымен бірлесіп қайта бас көтеруі мүмкін деп топшылады.



Олардың бұл түйткілі, негізсіз емес еді. Оған архив деректерінен нақты дәлел келтірейік. Маңғыстау приставы Дағыстан облыстық бастығына жазған баяндамасында: «Адайлар жөніндегі бұрынғы үстемдігі мен ықпалын қайтару жөнінде хиуалықтар жасырын түрде де, ашық түрде де біздің әрбір ісімізге, бастамамызға жаулық және қастандық көзқараспен қарауда» деп көрсетсе (ҚРОМА 85 қор, 1 тізбе, 2 байлам, 22 іс, 64-71 б.), әскери губернатор, генерал-майор Веревкин бұл пікірді онан әрі нақты да дәл түрде Кавказ әскери Бас қолбасшыға:

«...Біз тек мынадай қорытындыға келуіміз керек: қырғыз (*қазақ*) халқына өз ықпалымызды, билігімізді сөзсіз жүргізетіндей дәрежеге жетуіміз керек, ол үшін бекіністер санын көбейтумен ғана шектелмей, гарнизондар кінәліні сол минутында жазалай алатындай мүмкіндігі бар күшпен нығайтуымыз керек. Ондай күшке ие бола алмайтын болсақ, қырғыздар (*қазақтар*) қарулы күшімізге көзі жетпесе, әр уақытта бізге қарай қарулы қолын көтеретіні сөзсіз.



Н.А. Веревкин

...Сөйтіп далалық жердегі, ел ішіндегі тәртіпсіздікті тыйып, сыртқы жаулардың ықпалын жоюға тиістіміз.

Маңғыстау жеріндегі біздің әлсіздігімізді сезген Хиуа үкіметі осы уақытқа дейін өздеріне орыс қаруының тісі батпайтындай сезініп, бізге деген жаулық, қастандық, жек көру әрекеттерін тоқтатар емес. Бұл үшін Хиуа үкіметін бір жола жою керек, немесе, ең болмағанда әрекеттерінің жазасыз, жауапсыз қалмайтынын білетін дәрежеге келтірген жөн.

Олай болмаса қырғыз (*қазақ*) даласында біз өзіміз қалағандай қажетті тыныштыққа қол жеткізе алмаймыз және олардың бізге деген барлық қастандықтары мен арам ниеттеріне, күдікті көзқарастарына бақылау жасау қиындыққа әкеліп соғады.

Бір сөзбен атқанда, іштей қырғыздарға (*қазақтарға*) өз ықпалымызды күшейте отырып, сыртқы жаудың күшін әлсірету – біздің ең басты мақсатымыз.

Өзіміздің жағдайымызға және халқымыздың әл-ауқатын көтеру үшін осы жолда бар мақсатты жүзеге асыруға бағыттауымыз керек».

(ҚРОМА 85 қор, 1 тізбе, 23 іс, 1-15 б.)

Генерал-майор Веревкиннің қазақтар мен хиуалықтарға деген арам ойы мен пиғылына қосымша түсінік жасау артық. Ол отарлаудың түпкі мақсатын, айла-тәсілдерін айқын көрсеткен.

Міне, осы саясатты жүзеге асыру мақсатында 1873 жылы атақты Хиуа экспедициясы ұйымдастырылды. Экспедицияның басты мақсаты сұрқиялықпен бүркемеленгенімен іс жүзінде хиуалықтарды қарудың күшімен бағындыру болды. Қанды шайқастар болды.

Істің шындығына келсек, жоғарыдағы Маңғыстау приставы мен Веревкиннің айтқаны айдай келіп, 1870 жылы подполковник Рукинді өлтіріп, Николаевск селосын талқандап, Форт-Александровскіні қоршап, ақырында патша әскерінің қарулы күшіне төтеп бере алмай шегінген Досан Тәжіұлының жасақтары осы экспедицияның қарулы қолына Ходжейлі, Қарабайлы, Қоңырат тағы басқа жерлерде өз жасағымен бірнеше майдан ашты, тікелей шабуыл жасады. Досан Хиуа ханының сенімді қолбасшыларының бірі болып, қанша ерлік көрсеткенімен Хиуаның қоқандаған сарбаздары патша әскерінің тегеурінді күшіне төтеп бере алмады.

Оның үстіне хиуалықтар орыс отарлаушылары саясатының астарына түсінбей, айтқанын толық мойындады. Орыс отарлаушылары өзіне-өзі келгенше билікті хан, бегіне беріп, өздерінің тікелей бақылауымен іс жүргізді. Бірте-бірте Хиуа ханы да, бегі<sup>4</sup> де биліктен тайдырылып, ақырында орыс отарлаушыларының боданына біржола көшті.

Осы жерде бір қызықты дерекке назар сала кеткен жөн. Ол – Алғи Жәлімбетовтің Хиуа экспедициясы кезінде осы экспедицияға қатысуы. Бұл мәселе сот процесі кезінде де айқын анықталған. Сот үкімі бойынша Алғи Жәлімбетов 10 жылға каторгіге кесілгенімен, Хиуа жорығында Ломакин отрядына 1873 жылы өз еркімен қатысқаны ескеріліп, оның жазасы 7 жылға түсірілген. Бұл жұмбақ іс.

«Алғи Жәлімбетов неліктен Досан Тәжіұлы жасағынан кетті?, Ломакин отрядына қосылуға итермелеген не жағдай?» деген сан тарау сұрақтар өзінен-өзі туындайды. Бұл әрине, әзірге белгісіз. Архив қойнауында жасырын сырды анықтар құжаттар табылар деген үміттеміз.

Жоғарыдағы әңгімемізге қайта оралайық. Орыс отарлаушылары үшін Хиуа экспедициясы үлкен маңызы болды. Ол ескерусіз қалған жок. Хиуалықтарды бағындырған экспедиция жеңісінің құрметіне Форт-Александровскі қаласының іргесіндегі жартасқа ескерткіш орнатылды. Қалада шағын шіркеу бой көтерді. Әңгімені осымен доғаруға болар еді.

Бірақ...

---

<sup>4</sup> Диван-бегі – дуан бегі – бірінші министр (Гродеков Н.И.)



#### 4. Отарлаушылар орнатқан ескерткіш

Бұл жөнінде Маңғыстау уезі бойынша мәліметте былай жазылған: «Қала іргесіндегі<sup>5</sup> жартасқа, жартастың жалғасы іспеттес етіп биіктігі 1<sup>1</sup>/<sub>2</sub> аршын Александр II-нің кеуде мүсіні (*бюсті*) шойыннан құйылып орнатылған. Мүсін тұғырының қабырғаларына тау зеңбірегінің 2 моделі (*горных пушек*) бейнеленген. Тұғыр қабырғаларында мынадай сөздер бар:

«Бұл ескерткіш даңқты Хиуа жорығына қатысқан Маңғышлақ экспедициялық отрядының бұрынғы аға дәрігері Иван Иванович Одаховскийдің ұсынысы бойынша және оның өз мүлкі есебінде Хиуа жорығының құрметіне орнатылды.

Хиуа жорығын жасадық  
Еңбекпен, табыспен, намыспен.  
Жауды да, табиғатты да жеңдік біз  
Қарумен, күреспен, крестпен.  
Бүкіл әлемге артсын даңқымыз  
Үнемі осылай «Ура!» - мен  
Русь пен патша үшін, дін үшін!

И.Одаховский

1873 жылғы Хиуа жорығына қатысқан Маңғышлақ экспедициялық отрядының жоғары шенді офицерлері:

Отряд бастығы – полковник Ломакин.

Штаб бастығы – подполковник Гродеков.

Атты әскер бастығы – полковник Тер-Асатуров.

Артиллерия бастығы – полковник Големский.

Отряд бастығының қарауында:

Подполковник Скобелев 2-ші,

Подполковник Пожаров,

Капитан, князь Меликов,

Ротмистр Алиханов,

Штабс-капитан Беер,

Штабс-капитан Шкуринский 2-ші.

Отрядтың аға дәрігері Одаховский.

Прусс генерал штабының:

Лейтенанты фон-Штум,

Майор Аварский,

Майор Ловинецкий,

Майор Буховцев.

<sup>5</sup> Форт-Александровски – З.И.

Рота командирлері:

Хиуа соғыс қаруын талқандаған Апшерон полкының зеңбірек командирлері: капитан Бекузаров, капитан Левенцов,

Мұсылман жүздігінің командирі: подполковник Квинитадзе.

Терск жүздігінің командирі: есаул Сушевский-Ракуса.

Отряд тілмашы – Косум Мурзабаев».

(ҚРОМА 40 қор, 1 тізбе, 41 байлам, 808 іс, 166-168 б.)

Міне, орыс отарлаушылары халықты алдау үшін, өзінің отарлаушылық саясатын бүркемелеп, сайқалдық саясат ұстағандығын көрсететін деректі ескерткіштің тарихы осындай.

Әрине, біз экспедицияға қанша әскер, қанша техника қатысқанын талдап көрсеткеніміз жоқ. Экспедицияға қанша әскермен техника күші қатысқанын басқасын есептемегенде ескерткішке есімі енген 3 полковник, 4 подполковник, 3 майор, 5 капитан, 1 ротмистр, 1 лейтенанттың қатысуынан оқырмандардың өзі-ақ шамалар деп ойлаймыз.


Екіншіден, Хиуа экспедициясының бейбіт мақсатта болмағанын дәлелдейтін тағы бір дерек жоғарыдағы И.И.Одаховский жазған өлең тексті.

Үшіншіден, Хиуа хандығын бағындырып, жорықты табысты аяқтағаны үшін отряд бастығы полковник Ломакиннің Кавказ әскери округінің қаңтардың 31-індегі 1874 жылы №24 бұйрығымен<sup>6</sup> әскери атағы генерал-майор дәрежесіне көтеріліп, өзі Закавказия әскери бөлімінің бастығы болып тағайындалды және оған Сухумидің Цебельды деген жерінен 300 десятина жер өзіне және оның ұрпағына өмірлік пайдалануға берілді.

Сонымен бірге осы жорықты ұйымдастыруға белсене қатысқан Маңғыстау уезінің кейінгі уез бастығы Навроцкийге де жоғарыда аталған учаскеден 300 десятина жер сыйға тапсырылды.

(ҚРОМА 85 қор, 1 тізбе, 93 іс, 22 б.)

Бұлармен қатар осы экспедицияға қатысқан Маңғыстау уезінің бірнеше болыстары мен старшындары 1873 жылғы «Хиуа жорығы үшін» медалімен және «Мінсіз қызметі үшін» алтын, күміс медальдармен наградталды.



<sup>6</sup> Закавказия әскери бөлімінің 1874 жылғы №26 бұйрығы осы бұйрыққа негізделген – З.И.

Сөйтіп, орыс отарлаушылары тілегіне жетті. Орыстардан қысым көрсе Хиуа хандығына, хиуалықтардан зәбір-жапа шексе орыстарға паналап жүрген маңғыстаулықтардың енді барар жері, басар тауы күн санап тарылып, лажсыздықтан орыстарға біржола бодан болудан басқа жолы қалмады. Архив деректері осыны анықтайды. Осы отарлаудың құрметіне орнатқан ескерткіш авторы Одаховский кейін отставкаға шығып, 1888 жылдан бастап уезден кетіп Польшаның Вильно қаласына тұрақтайды. Бұл жөнінде де архивте құжаттар жеткілікті. Біз білетін Одаховский деректері осы.

Енді бізге белгісіз бір-ақ нәрсе. Ол – жоғарыда айтылған ескерткіштің және шіркеудің тағдыры. Қазіргі таңда ескерткіш орнатылған жерде бар ма? Бар болса оның жағдайы қалай екен? Бізше, ескерткіш сол орнында болмауы мүмкін. Себебі, кешегі қызыл қырғилардың, коммунистік идеология шабармандарының қырағы көзінен ондай мұралар таса қалуы мүмкін емес...

*Қолжазба  
25 қыркүйек 1995 ж.*

## **Қосым, Ержан Мырзабаевтар кім?**

Өзіміздің өткенімізді білуіміз үшін де, сол білгенді елге жеткізу үшін де ауқымы кең, арналы қазына – архив. Республикамыздағы сондай қазынаның бірегейі – Орталық мемлекеттік архив болып табылады.

Міне, осы архивтен осыдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын өткен Маңғыстау уезінің азаматтары – Қосым және Ержан Мырзабаевтардың өмірі туралы деректерді өзім ақтарып көріп, архив қолжазбаларынан алып, ел-жұртқа таныстыруды жөн көрдім.

...1874 жылдың күзінде Кавказ армиясының Бас қолбасшысының тікелей тапсырмасымен Закаспий әскери округі Атрек өзенінің оң жағалауына соғыс қимылын ұйымдастыруға өз әскерін кіргізді. Ондағы мақсаты – өзінің келешек ықтимал жауының кім екенін анықтау, ол үшін көшпелі ел тұрмысын, оның жер жағдайын, халқының құрамын, құрал-жабдықтарын анықтап білу, алдын ала барлау, зерттеу, тексеру болды.

Нәтижесінде бұл соғыс әрекеті патша үкіметіне генералдар ойлаған дәрежеден әлдеқайда пайдалы болып шешілді. Себебі, патша үкіметі бұл жорықтан қанды қасап шайқастың алуан түрін көз алдына елестеткенмен соғыстың нәтижелі шешілуіне жергілікті түрікмендермен бірге Маңғыстау адайларды да түйемен, атпен, адам күшімен белсене көмек көрсетті.

Сондықтан да Кавказ армиясының Бас қолбасшысы 1875 жылғы 16 қаңтардағы №13 бұйрығында:

«За столь добросовестное исполнение указаний моих по управлению краем вообще и за отличный успех произведенной ныне рекогносцировки я объявляю искреннюю мою благодарность начальнику Закаспийского военного отдела генерал-майору Ломакину, благодарю его подчиненных, так же как и господ офицеров частей войск участвовавших в движении, и нижним чинам, мое душевное спасибо.



М. Романов

Генерал-фельдцейхмейстер<sup>7</sup> Михаил»,  
- деп ақ жүрегінен жарылып қол қойған.

(ҚРОМА 85 қор, 1 тізбе, 93 іс, 10 б.)

Міне, осы соғыс әрекетінде ерекше ерлік көрсеткендердің бірі – Маңғыстау приставының тілмашы Қосым Мырзабаев екен. Қосым Мырзабаевтың осы соғыстағы ерен ерлігіне сүйсінген барлау ұйымдастырушы, Закаспий әскери бөлімінің бастығы генерал-майор Ломакин тікелей өзінің жеке ұсынысымен Қосым Мырзабаевты «юнкер-милиция» атағымен наградтайды (жоғарыда аталған қордың 93 ісі, 34 б., №92 бұйрық, 14 қараша 1875 жыл).

Ал, Ержан Мырзабаев болса 1860 жылдан 1870 жылға дейін Маңғыстау уезінің Форт-Александровск жерінде тұрған. Орал казак полкының жүздігінде аңшы болып тіркелген. Ол 1870 жылдан бастап дағыстандықтардан құралған салт аттылар командасының жолбасшысы, бастығы, патша үкіметінің 1873 жылғы Хиуа жорығы кезінде генерал-майор Ломакиннің жеке хат тасушысы болған.

Кейін осы генерал-майор Ломакиннің тапсырмасымен 1877, 1878, 1880, 1882 жылдары Ахалтеке экспедициясына тікелей қатысқан. Ахалтекеліктерді біржола бағындыру жөніндегі генерал-адъютант Скобелевтің басқаруымен өткен шайқасқа бірнеше рет қатысып, ерекше ерлік көрсеткен.

<sup>7</sup> Генерал-фельдцейхмейстер – артиллерия басшылары үшін әскери жоғары шен.

Бұл жөніндегі 1881 жылғы 21 қаңтардағы бұйрықта: «...Вполне цена молодецкую службу джигитов (в списке на обороте сего поименных) по представленной мне власти, на основании №17 инструкции, именем Его Императорского Высочества, генерал-фельд-маршала, Главнокомандующего Кавказской армиею, в воздеянии отличной храбрости и мужества оказанных ими в разновременных делах с текинцами, награждаю знаками отличия военного ордена и медалями согласно отметок в списке.

Временно командующий войсками генерал-адъютант Скобелев»  
- деп, азулы генерал сүйсіне қол қойған.

(Аталған қордың 239 ісі, 6 б.)

Міне, осы тізімде бірінші тұрған юнкер-милиция Ержан Мырзабаев христиан дініндегілерден басқаға берілетін орденнің №510-шы санына ие болған. Мұнымен бірге Маңғыстау уезі бойынша осы бұйрықпен урядник Мұхамед Сафа Хисамутдинов, жауынгер жігіттер Сафар Әлиев, Шоман Мамыров (ерлігі үшін алтын медальмен), Құрман Қалқымбаев, Ақжан Токжанов, Нұрман Бисенбаевтар (күміс медальмен) наградталған.

Бір сөзбен айтқанда, Ержан Мырзабаев 1882 жылы 2 қарашада №485 бұйрықпен Маңғыстау уезі басқармасының тілмашы болып тағайындалғанға дейін де және онан кейін де өзінің қабілеті мен іскерлігі, ұйымдастырушылық шеберлігі, ақыл-парасаты мен сол кездегі уез басшылығына, облыстық және аймақтық әскери комитеттерге жақсы жағынан көрінген.

Сондықтан да уез, облыс басшылары тарапынан Ержан Мырзабаевқа ең жауапты істер тапсырылған. Атап айтқанда, Красноводск қаласында князь Дондуков-Корсаковты қазақтың беделді, ел басқарған билері мен старшыналарының, ақсақалдарының қарсы алуын ұйымдастыру, 1883 жылы патша ағзамның келуі құрметіне Тифлиске әсем безендірілген қазақтың киіз үйін жеткізу, 1884 жылы Өлі қолтыққа сапар шеккен полковник Генерозовқа тілмаш болу, Ешкі қырған-Қоңырат әскери экспедициясымен Хиуа хандығына дейінгі жолдарды зерттеу, картаға түсіру ісіне жолбасшылық жасау тікелей Ержан Мырзабаевтың жауапкершілігіне тапсырған.

Бұл тапсырмаларды Ержан аса жауапкершілік сезіммен орындап, абыройға ие болған. Сол үшін ол бірнеше рет «Жігерлі қызметі үшін» («За усердие») медалімен наградталған.





Әрине, Мырзабаевтардың екеуі де мұнан өзге елеулі дәрежелі жұмыстар атқара алмаған. Себебі, біріншіден, Қосым сауатсыз болған, екіншіден, ерте қайтыс болған. Ал, Ержан тек хат таныған, оның үстіне 1884 жылы 50 жасқа толғанда денсаулығы нашарлап, қызметтен өз тілегі бойынша босанған. Сонан кейін Форт-Александровскиде ені 30, ұзындығы 70 сажындық жерді үкімет басшыларынан арыз жазып сұрап алып, үй салып өмір сүрген. Патша үкіметі Мырзабаевтардың екеуіне де зейнеткерлік жәрдем төлеуге қаулы алған.

Әңгіме – бұлардың қамшының сабындай қысқа өміріндегі азғантай еңбектерін, қызметін ел жұртына жеткізу болды. Олардың ұрпақтарынан кешегі аласапыран, тарыдай шашылған аумалы-төкпелі заманда кім қалғанын білуімен қатар олардың ұрпақ, жұрағаттарына, туған-туыстарына, еліне осы деректі хабарлау еді. Ел іші – алтын бесік. Мүмкін Мырзабаевтардың деректерін толық білетіндер табылар. Дегенмен, олардың көпшілігі тарихи деректермен тиянақталмаған. Сондықтан, менің мақсатым – Орталық мемлекеттік архивте сақталған Мырзабаев Қосым мен Ержан туралы осы деректі «Маңғыстау» бетінде жариялау болды. Дерек ел кәдесіне жараса – мақсаттың орындалғаны.

*«Маңғыстау» газеті  
6 қазан 1994 ж.*

## **Өлкеміздегі тұңғыш халық санағы**

Ресей империясы XIX ғасырдағы 80-жылдардың аяғы, 90-жылдардың басынан бастап күшейіп, әсіресе, көлік пен ауыл шаруашылығында басқа елдерге қарағанда өркендеу сатысына едәуір көтерілді.

1891 жылы 7000 шақырымдық Транссібір теміржолын бастап, 1897 жылдың басында онымен пойыз қатынатуға мүмкіндік туды. Бұл кезде Ресей шетелдерге (экспортқа) астық шығаруға да көп көңіл аударды. 1861 жылдары шет елге тек 79 860 000 пұт астық шығарған болса, 1900 жылдың өзінде-ақ оны 444 116 мың пұтқа жеткізді. Ресей ақша реформасында да қолайлы жағдайда өмір сүрді.

Соның нәтижесінде 1895-1897 жылдары Қаржы министрі С.Ю. Вит-тенің жүргізген ақша реформасы дүниежүзілік беделге ие болды. Ресей ақшалары шетелдік банктерде қымбат бағалы қағаздары мен алтын ақшаларына тоқтаусыз айырбасталатын дәрежеге жетті. Осындай қуатты күшке еніп тұрған кезде Ресей Ішкі істер министрлігінің Орталық статистикалық комитеті тұңғыш рет Бүкілресейлік халық санағын өткізуге шешім жасады (ҚРОМА 40 қор, 1 тізбе, 529 және 564 істер, 1896 ж. 13 шілде).

Аталған құжаттарға сүйенсек Ішкі істер министрлігінің Орталық статистикалық комитеті халық санағын дұрыс жүргізу үшін 12 сұрақ дайындап, оны барлық губерния, облыс, өлке, уездерге таратып, нұсқауларын, қажетті үлгілерін жеткізген. Онда негізінен халықтың қандай жерде тұратындығына баса назар аударған. Атап айтқанда: бір ғана елді мекеннің орналасқан жағдайын білу, анықтау үшін сұрақтар тәпшітеліп, негізделген: басыбайлы емес халық тұратын село ма (слобода)?, немесе, тұрғын үйлер орналасқан елді мекен бе (усадыба)?, не арнайы бөлінген поселке ме (поселок, выселок, мызь, казарма)?, жол үстіндегі қонақ үй ме (погост, трактир, т.б.)? - деген сияқты сұраулар қойса, жеке үйлердің тұрған орны бойынша: сай-сала, жыра, шатқал, құрғақ сай, өзек, құдық, өзен, көл, теңіз жағалаулары, теміржол бойларының атауларымен нақты көрсетуді талап еткен. Сонымен қатар әрбір елді мекендегі діни орындардың да дін түрлері бойынша: монастырь, мешіт, кирка, шіркеу, часовня, костелл, т.б. атауларын анықтау, сауданың, базардың жағдайын білуге тапсырылған. Бір сөзбен айтқанда әскери құпиялық ескерілген.

Закаспий облысы Ішкі істер министрі Орталық статистикалық комитетінің тапсырмасына сәйкес Маңғыстау уезі бойынша Халық санағын өткізетін комиссия төрағасы етіп сол кездегі уездің бастығы Тараринді және комиссия мүшесі етіп Геогтепе батальонының подпоручигі Лебедевті бекітті. Халық санағын өткізу жөніндегі Маңғыстау уездік комиссия 28 қыркүйек (бұрынғыша мизамда) бүкіл уездегі халықтың әрбір болыстар бойынша тұрған жерінде есебін жүргізуді, сөйтіп, бүкіл уезді 8 учаскеге бөлуді ұсынды және осы ұсынысты дұрыс деп санады.

Ол учаскелер мынау:

1. Түрікмен болысына Абдал, Ходжа және Игдыр-1 ауылдары, Николаевск елді мекені мен Александровскі слобадасы, Кендірлі шығанағындағы және Бекдаштағы тұрғындар;
2. II-Бозашы болысына барлық ел тұрғындары және Заворот, Долгий орыс селосының тұрғындары қарады.

Мұнан басқа І-Бозашы, Маңғыстау, Түпқараған, Түрікменадай, Жеменей, Райымберді болыстары әрқайсысы жеке өз алдына қалдырылды және жоғарыда аталған учаскелерде халық санағын жүргізу жауапкершілігі мыналарға жүктелді:

№1 учаске – уез бастығының орынбасары Говоровқа.

№2 учаске – халық санағын өткізу комиссияның мүшесі подпоручик Лебедевке (кейін тәртібіне байланысты босатылған – З.И.).

Қалғандары әр болыстың хатшыларына, атап айтқанда: Келбатыр Қабақовқа, Бозша Еділовке, Сейітқазы Жүзбатыровқа, Бисенбі Қожбановқа, Жаман Матовке, Елемес Аймамбетовке.

«Закаспий облыстық әскери-халықтық басқармасының осы жылғы №165 бұйрығының екінші пунктіне сәйкес қала тұрғындарының есебінен Александр слободасындағы 2-гильді саудагер Николай Эрлыхты, жергілікті халықтың есебінен Қабақ Ермамбетовті (І-Бозашы болысының болысы) уездің халық санағы комиссиясының мүшелігіне енгізу облыстық бастықтан сұралсын», – деп шешім алды (ҚРОМА 40 қор, 1 тізбе, 529 іс, 19 байлам, 81-85 б.). Бірақ, Закаспий облыстық бастық пен облыстық санақ комиссиясы бұл шешімді мақұлдамады. Олар Маңғыстау уездік санақ жүргізу учаскесін бөлді де, оның басшыларын, құрамын қайта құрды.

Олар:

1. Түпқараған учаскесіне – Құлалы, Долгий және Орлов аралдары, Бозашы, Маңғыстау түбектері мен осы түбектер айналасындағы елді мекендер, Үстірт, Сеңгіркүм құмдары, Шопан ата, Сұмса құдықтары, осы құдықтардан Кендірлі шығанағына дейінгі жолдар. Бұл учаскенің жауапкершілігі Маңғыстау уезі бастығының орынбасары Говоровқа жүктелді;
2. Үстірттің терістік беті – Орал облысымен шекаралық шектелетін жолға дейін Үстірт түгелімен және Сеңгір құмнан Қоңырат қаласына, Аққыз, Ханға баба, Қосан құдық, Мешет, Жәрпенбай, Жеті иір жол, Үшқұдық, Аққұдық, Сүмбет, Ербалақ, Ұялы және Қарақұдық құдықтарына дейінгі. Бұл учаскені басқару Закаспий атқыштар батальонының поручигі Атантаевқа тапсырылды;
3. Жоғарыда аталған елді мекендерден басқа оңтүстік Үстірттің жартысы және Красноводскі уезіне баратын шекаралық жолдар. Бұл учаске Закаспий атқыштар батальонының поручигі Юзбашинскийге бекітілді;
4. Кендірлі учаскесіне уез территориясының қалған бөлігі беріліп, оны басқару Закаспий атқыштар батальонының поручигі Карандаковке міндеттелді.

Бұлардан басқа Форт-Александровск слободасы, Николаевск, Маяк және Тұпқараған шығанағындағы елді мекендердің санағын жүргізетін қалалық екі комиссия құрылды. Халық санағын жүргізу үшін бүкіл Маңғыстау уезіндегі 8 болыс елден 70 түйе бөлінді, хат танитын адамның тізімі алынды. Бірсыпыра тілмаштар, есепшілер, ел басшылары халық санағын алуға өз ықтиярларымен еңбекақысыз қатысуға тілек білдірді.

Маңғыстау уезіндегі тұңғыш халық санағы өте ауыр жағдайда өтті. Оның негізгі себебі, жер шалғайлығы мен халықтың мал жағдайына байланысты орналасу, қоныс тебуі еді. Бұл жөнінде нақты дерекке жүгінейік. «Халық санағын жүргізу жөніндегі тапсырманы жүзеге асыру үшін, - дейді есепті комиссия мүшелері, - бүкіл Маңғыстау уезі тұрғындары орналасқан 190200 шаршы шақырым қашықтықты жүріп өтуге тура келді». Осыншама шашыраңқы өлкенің әрбір шаршы шақырымына бір үйден де келмейді. Сондықтан да халық санағы 19 қаңтар (бұрынғыша дәлу) 1897 жылы басталып, төрт айда аяқталды.

Алынған мәліметтерді тәржімалауға, көшіруге, тексеруге, тіркеуге алынғандардың дұрыс-бұрыстығын анықтауға үш ай мерзім кетті. Төрт ай бойы әр учаскенің басқарушысы өз құрамымен күн сайын 30 шақырымнан, жалпы есебі 3600 шақырым жол жүруіне тура келді (Аталған кордың 264 ісі, 1-6 б.).

Халық санағының учаскелер бойынша бұл алынған қорытындысы уездік санақ комиссиясының мәжілісінде комиссия мүшелерінің және бүкіл уездегі старшындар мен мырзалардан шақырылған 130 адамның қатысуымен талқыланып, нақтыланды.

Алынған мәліметтердің қорытындысы бойынша 29 сәуір 1897 жылы Маңғыстау уезінің бастығы, комиссия төрағасы Говоров Петербург халық санағын өткізу жөніндегі құпия кеңесшісі Тронницкийге №1789 санды мынадай жеделхат жолдады:

	Есептелген құрамы	Тұрақты құрамы
<b>Селолық жерде:</b>		
Ер	29808	30634
Әйел	29046	28790
<b>Қалалық жерде:</b>		
Ер	573	520
Әйел	309	282

Алайда тексеру барысында 600-дей отбасы тіркеуге алынбағандығы, кейбір отбасының 2-3 реттен қайта-қайта тіркеуге алынғандығы анықталды. Оның үстіне елге шыққан комиссияларға, әсіресе, жергілікті халық өкілдеріне, уездің басшылары тарапынан сенімсіздік туғызылып, әрбір тізімге тіркелетіндер тек комиссия басшысының тікелей тапсырмасымен, бақылауымен, нұсқауымен жазылғандықтан жоғарыдағыдай кемшіліктерге жол берілді. Оның үстіне комиссия мүшелерінің Лебедев сияқты адамдары маскүнемдікке салынып, жауапкершілігін сезінбеді.

Сондықтан да есеп-санақ жұмысы уақытында аяқталмай, 1898 жылдың 30 қарашасына (бұрынғыша қауыс) дейін созылды. Қалай дегенмен де Маңғыстау уезіндегі тұңғыш халық санағын өткізу ісіне көптеген азаматтардың адал да жауапкершілікпен қатысқандығын архив құжаттары дәлелдейді. Атап айтқанда:

Бірінші учаске бойынша: Жеменей болысы Есен ауылының старшыны Игмат Аманиязов, II-Бозашы болысы Тастемір ауылының старшыны Өтеғұл Қаленов, Түпқараған болысы Боққара ауылының старшыны Ниязбай Сүйінішбеков, есепшілер: Ораз Оңғалбаев, Қаражан Тасымов (бұлар тегін, еңбекақысыз қатысқан), Қалиса Аманов, Тілеген Қабақов, Абдолла Жұмабеков, Сарбай Өтегенов, Петр Лукьянов (мұғалім), Добротворский (Астрахан балық және итбалық аулау өндірісін басқарушы), уездік басқарма мырзасы, тілмаш Нұрмұхамед Мырзабеков.

Екінші учаске бойынша: Түрікменадай болысы Қараш-Бегей ауылының старшыны Төлеген Қалдыбаев, Райымберді болысы Әли ауылының старшыны Еснияз, Жеменей болысы Бегімбет ауылының старшыны Смадияр Бастов, есепшілер: Мұқат Кулушев, Тәңірберген Мақтаниязов, Ораз Назаров, Досан Баймамбетов, Елемес Аймамбетов, Мұхамед Магомедов (тілмаш).

Үшінші учаске бойынша старшындар: Құнан орыс ауылынан Арықбай Өтегенов, Олжашы-Бокен ауылынан Аманша Шолақов, Уәли ауылынан Қораз Дәрмембетов, есепшілер: Бекмұхамед Сүлейменов, Әбіл Қалқанов, Қожабай Қалмұратов, Таңбай Жұрынбаев, Келбатыр Қабақов (тегін қатысқан), Сарықожа Құдайбергенов, Қодар Дарманбетов (екеуі де тегін қатысқандар), тілмаш Ақмырзаев.

Төртінші учаске бойынша: Біләл Аққұлиев, Мамед Құлатов, Ойрат Досмұхамедов, Әділ Өтеғұлов және еңбекақысыз, тегін жұмыс атқарған тілмаш Махсұтовтар.

Бұлардан басқа көпшілігі Бүкілресейлік халық санағының қорытындысы бойынша, яғни Маңғыстау уезінің 29 азаматы қола медалімен наградталған.

Бұлардың ішінде Райымберді болысының бастығы юнкер-милиция Тілеген Есенжанов, II-Бозашы, Түпқараған болыстарының Тастемір, Бокқара ауылдарының старшындары Өтеғұл Қаленов, Ниязбай Сүйінішбеков, есепші Сәдуақас Сұлтанбеков ерекше марапатталған (16 қазан 1897 ж. құжаттар, аталған қордың 564 ісі, 125 б.).

Бүкілресейлік халық санағының тұңғыш рет Маңғыстау уезінде жүзеге асқанына бір ғасырдай мерзім өтті. Сонан бері өмірде үлкен өзгерістер болды. Ұрпақтар өзгерді, жер жаңарды. Қоғамдық жүйе қайта-қайта өзгерді. Сондықтан бұл архив қазынасын көп назарына ұсынуды мақсат еттік.

Ондағы ой – тұңғыш халық санағының Маңғыстау уезінде қалай ұйымдастырылғанын, халық санын, жер-су аттарын, ұйымдастырушылар мен оған қатысушылардың есімдерін кейінгі ұрпаққа жеткізу болды. Бұл хабардың ел экономикасына қосар үлесі болмағанмен ел тарихындағы маңызы зор. Оқырман қауымнан жер-су аттары мен адам есімдерінде дәлдік болмаса кешірім өтінемін. Олай дейтін себебім, құжатта оларды қалай жазса сол күйінде көшірілді.



*«Маңғыстау» газеті  
14 желтоқсан 1995 ж.*

## **Маңғыстау уезіндегі мұсылман мектептері**

Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік архивте 1860-1917 жылға дейінгі сақталған құжаттарды қарағанда Маңғыстау уезінде Қазан төңкерісіне дейін қазақ мектептері (Форт-Александровскідегі қазақ балалары үшін ашылған интернат, орыс-өзбек мектебінен басқа) негізінен көшпелі ел тұрмысына бейімделгендігіне көз жетеді. Сондықтан да уездің Закаспий облысына берген есептерінде, «көшпелі мектептер» деген арнаулы есеп жүргізілген. Оның басты себебі Маңғыстау уезінің тұрғындарын негізінен бір шеті Гурьев,

Ойыл, Жем, Сағыз бойларымен Тайсойған құмдарына, екіншісі Сам, Үстірт пен Хиуа хандығы қаласына дейін мал жайылымына байланысты көшіп-қонып, ауа райына, шөптің шығымына байланысты Маңғыстау, Бозашы түбектері, Каспий жағалауларына, Ақтау, Қаратау өңірлеріне қыстаған. Балаларды оқыту ісі де өмір тіршілігінің көзі – мал шаруашылығының жағдайына сәйкес ұйымдастырылған. Олардың тұрақты орны, нақты бала саны, мұғалімі болмаған. Ол қыстаудың жағдайына сәйкес жыл сайын өзгеріп, жаңарып отырған.

Архивте сақталған құжаттарда Маңғыстау уезіндегі мұсылман мектептері туралы деректер 1886 жылдан басталады. Ол «Маңғыстау уездік басқармасы» деген 40-шы қордағы деректер. Енді сол деректерге сөз берейік.

Маңғыстау уезінің Закаспий облыстық штабына тапсырған 1886 жылғы статистикалық есебінде:

«Мұсылман бастауыш мектептері – 21. Жыл басындағы оқушы саны белгісіз. Жыл аяғында 140 оқушы (оның 7-і қыз) оқыды. Бірақ бұл нақты мәлімет емес, өйткені, мұсылман мектептерінде оқудың басталуы, оған оқушының қатысуы, оқудың аяқталу мерзімі елдің көшіп-қонуына, қыс айларында қоныстануына байланысты. Тұрақты орны, оқушының саны үнемі өзгерісте болады» деп көрсетеді (Аталған қордың 102 ісі, 6 байлам, 1-11 б.).

Бұл пікір сол кездегі болыс басшыларының уезге жазған қатынастарында да нақтылы дәлелденген.

Маңғыстау уезі басқармасына 30 желтоқсан 1887 жылы (қатынас №375) І-Бозашы болысы Т.Есенжанұлы былай деп хабарлаған:

«Мен басқарған болыста Шетпеді Қытар Тыңдамасұлы<sup>8</sup> басқаратын бір медресе, Бұлтта молда Сәрсен Тыңдамасұлы басқарған бір медресе жұмыс жасайды. Бірақ бұл медреселерде оқу қыс айларында ғана жүреді. Бала саны 10-15-тен аспайды. Негізінен 7-20 жас арасындағы ер балалар оқиды. Медреседе оқу Құдай заңдарымен, оқу-жазудан алғашқы сауатын ашу араб тілінде, түрік үндестігінде жүргізіледі, басқа ғылым салалары оқытылмайды».

(Аталған қордың 101 ісі, 6 байлам, 17 б.)

Міне, осыдан кейінгі тарихи деректерге қарағанда мұсылман мектептері мен медреселерінің саны бірде өсіп, бірде кеміп отырғанымен оған қатысқан оқушылардың саны үнемі артқан.

Архивте сақталған құжаттарға сүйенсек 1889 жылы Маңғыстау уезінде 22 мектеп пен медресе (онда 145 оқушы, оның 8-і қыз), 1890 жылы – 15 (оның оқушысы 272), 1892 жылы – 34 (оның оқушысы

---

<sup>8</sup> Бір құжатта Тәттіқадамұлы – З.И.

372, 170-і қыз), 1900 жылы (бұл жылы III-Бозашы және Түпқараған болыстарынан есеп алынбаған) – 15 (оған 118 оқушы қатысқан), 1904 жылы – 41 (оған 395 оқушы қатысқан), 1907 жылы – 115 (оған 1742 оқушы қатысқан, оның 434 қыз), 1908 жылы – 80 (оған 1126 оқушы қатысқан), 1910 жылы (II-Бозашы, III-Бозашы, Түрікменадай және Түпқараған болыстарының есептері кірмеген) – 65 (оған 721 оқушы қатысқан, оның 32 қыз) жұмыс жасаған.

Әрине, бұлардың барлығы дерлік жоғарыда айтылғандай «аттың жалында, атанның қомында» жүріп оқыған оқу екендігінде дау жоқ. Оған тілге тиек етерлік мәліметтер де жетерлік. II-Бозашы болысының 1887 жылы саратан айының (қазіргі мамыр айы) 10-ы күні уездік басқармаға жазған №178 қатынасы бұған нақты жауап береді. Онда: «Мен басқаратын болыста мектеп пен медресенің қай жерде ұйымдастырылатыны жөнінде, онда болатын оқытушы-молданың аты-жөні туралы, оған қанша оқушының қатысатындығы жөнінде анық мәлімет бере алмаймын. Себебі, оқу қыста ел қыстауға келгеннен кейін әр қыстауға қанша үй қоныстанатындығына, ондағы үйлерде қанша бала болатындығына байланысты да, ерте көктемде мал жағдайына байланысты ел көшетіндіктен оқу тоқтайды», - деп дәл көрсеткен.

Оның үстіне табиғаттың құбылмалы әсері, мал жайылымының өзгеруі елдің шаруашылық бағытын, көші-қон реті тұрақты мектеп орнын ашу, оған белгілі мұғалім ұстауға да мүмкіндік бермеген. Бүкіл Маңғыстау уезінде мектепке сабақ беруге құқы бар бір-ақ адам болған. Қалғандары дін орындарынан шыққан молдалар. Ал кейбір елді мекендерде татар, ноғай, парсы, түрік елдерінен келгендерді уақытша жалдамалы мұғалім ретінде пайдаланған.

Қыз балаларға мектепке қатысып, сауатын ашу үлкен қиындыққа түскен. Бұл жөнінде Маңғыстау болысының 1887 жылғы 20 сүмбіледе (қазірше тамыз) Маңғыстау уезі басқармасына: «Болыстың қарауында 13 медресе бар, бірақ онда мал жайылымына, көшіп-қонуға байланысты оқушының санын көрсету мүмкін емес. Оқу татар, парсы, араб тілдерінде жүргізіледі. Қыз балаларды тек намаз үйрену үшін ғана қатынастырады», - деп көрсетті.

Мұндай жағдай баланың сауаттануына, тиянақты білім алуына, ғылым саласынан хабардар болуына, елеулі кеселдік келтіретіні сөзсіз. Бауыр еті баласының өмірден өз үлесін аларлықтай-білім алмағанын сезген зерделі азаматтар-тұрақты оқу орнын ашуды қолға алғанын тарихи деректер қуаттайды.

Бұл жөнінде Орталық архивте 1889 жылғы саратан-(мамыр)-айындағы Жаппарберді Жылкелдіұлының өз болысына мектеп



салу жөніндегі өтініші сақталған. Осы өтінішке сәйкес Жеменей болысының Маңғыстау уезі басқармасына жазған қатынасы және Маңғыстау уезі басқармасының оған рұқсат етілген №1462 санды куәлігі сақталған.

Жыл өткен сайын халық білімсіз өмірдің келешегі қаранғы екенін сезе бастады. Әр ауыл, әр болыс жаппай мектеп пен медресе ұйымдастыруға, оған оқушы тартуға кірісті. Алайда, Маңғыстау уезіндегі мектеп пен медреселерді тұрақты орнымен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар көшпелі тұрмыста өз нәтижесін бере қоймады. Себебі, халықтың күн көретін негізгі көзі мал шаруашылығы болғандықтан, салынған құрылыстар пайдасыз бос тұру жағдайына әкеліп соқты.

Бұл жөнінде Маңғыстау уезінің бастығы подполковник Говоров 1901 жылы Закаспий облысының бастығына әсетте (шілде): «Түрік-менадай болысында мектеп үшін салынған 6 үйде бірде-бір мұғалім-молда болмағандықтан, не оқушы қатыспағандықтан сабақ жүрмеді. Сондай-ақ II-Бозашы болысында 4 медресе, 10 мектеп салынған. Үйдің тек біреуінде ғана (онда да бір оқытушының қарамағында 15-ақ оқушы) оқыды. Ал Жеменей болысында медресе үшін салынған 2 үй оқушы, не мұғалім болмағандықтан жыл бойы бос тұрды», - деп мәлімдеді.

Жасыратыны жоқ, бұл жылдарға дейін ұйымдастырылған мектептер мен медреселерді сан жағынан көбейту, оған мұғалім-молда табу, оқушы тарту жергілікті жерде оңай болған жоқ. Бірақ соған қарамастан ел азаматтары қолдан келген шараларын жасады.

1887 жылы ұйымдастырылған мектептер мен медреселерге ел ішіндегі молда, ишандар мен сауатты адамдар сабақ берді. Олар мыналар:

Болыс	Мектеп, медресе	Сабақ бергендер
Маңғыстау	Сұмса Қаржау Жарна Күйман Шонақ Жыңғылды Ақтөбе Жағаш Ақбап Сенек Қаражар Ф-Александровск	Молда Таймас Молда Аққұлы Түркістанұлы Якуб Қожаканұлы Молда Сейтмағанбет Молда Құрбанәлі Ескали Бимамбетұлы Молда Оразәлі Нұрнияз Төлепбергенұлы Молда Есенбай Аманат Сүлейменұлы Молда Төлей Құдайбергенұлы Молда Қуанғали

І-Бозашы	Шетпе Бұлт	Молда Қитар Тәттіқадамұлы Молда Сәрсен Тындамасұлы
Түпқараған	Тасорпа Басқұдық Тартал	Қабдел Мантықұлы Молда Бердіқожа Ағамұхамедұлы Ишан Байтілеу Өтешұлы
ІІ-Бозашы	Бесқұдық Шебір Түйекұдық Четан Жармыш Иткелді Қаламқас-Қайлы	Құлмамбет Нұрымұлы Төлеу Сұлтангелдіұлы Айдар шейх Исламұлы Жанұзақ Есенгелдіұлы Орынбай Қолдаманұлы Қылышанияз Ахтубек Тілеке Үсенұлы
Түрікменадай	Ақшұқыр	Молда Өмірниязұлы

Тарихи деректерге талдау жасап қарасақ, ең алдымен, патшалық Ресей қазақ даласындағы мешіттер мен мектеп, медреселердің ашылуына, онда балалардың оқуына, білім алуына құлықты болмағанына көз жетеді.

«...На странице 1-ой по поводу мечетей и туземных школ. Надо поменьше мечетей, а в школах ввести преподавание русского языка. Правитель канцелярии, полковник», - деп қол қойылған уез бастығына жазған хатта. Бұл тарихи құжат мешіт салуға тек тежеу салуды ғана емес, орыстандыру саясатын енгізуді меңзеп тұрғанына ешкім күмән келтіре алмас.

Патша үкіметінің тағы бір саясаты мектептер мен медреседе сабақ берген молда, ишандардың сыртынан тыңшы қойып, олардың ісіне қатаң бақылау жасау. Бұл жөнінде Закаспий облысы кеңсе басқармасының бастығы, подполковник Губердің 3 дәлуде (қаңтар) 1897 жылы жолдаған №5 қатынасындағы: «...По встретившейся надобности начальник области приказал принять все меры для секретного наблюдения за действиями мусульманского духовенства и влиятельных мусульман», - деген тапсырмасын келтірсек те жеткілікті.

Бірақ, Маңғыстау уезі бастығының Закаспий облысы халықтық училище инспекциясына 8 сүмбіледе (тамыз) 1908 жыл №7776 санды қатынасында патша үкіметінің саясатын онан әрі тереңдетіп, нақты да айқын атап көрсеткен: «Увеличение числа туземных учебных заведений должно быть признано явлением нежелательным, но

т.к. таковое зависит от увеличения спроса на образование, борьба с этим явлением возможна только путем увеличения количества русско-туземных школ в степи», - деп жазады.

Патша үкіметі тарапынан берілген осындай құйтұрқы әрекеттің салдарынан жоғарыдағы аттары аталған Маңғыстау уезінде алғаш рет мектептер мен медреселерді ұйымдастырған молда, ишандардың ішінен Жанай ауылынан молда Табар Есенұлы, ишан Есқали Бимамбетұлы, Қаржау ауылынан ишан Аққұлы Түркістанұлы, молдалар: Жанмұхамед Құлтыманұлы, Есенберді Шағырұлы, Сегізбай-Сарыболат ауылынан Байтілеу Өтеуліұлы, Өтебай-Көшкі ауылынан Айтқұл Алдамжарұлы, Сұлтангелді ауылынан Сәрсен Тындамасұлы, Түрікменадай болысынан Есенбай Есенұлы, Әлжан Баймырзаұлы, II-Бозашы болысынан Төлеу Сұлтангелдіұлы, Айдар шейх Исламұлы, Нұржан Құлжұмырұлы бақылауға алынған. Әсіресе Аққұлы Түркістанұлы туралы жан-жақты сұрақ салу, бақылау, тексеру болғаны архив деректерінен анықталады.

Бұлармен қатар Маңғыстау уездік басқарма Закаспий облыстық бақылау органына 1900 жылы 8 ишанның мәліметін жіберген.

Міне, осындай жан-жақты бақылау, тексеру, тіміскілеу әрекеттері Маңғыстау уезінде кейінгі кезде мектептер мен медреселерде оқудың болмауына, жоғарыда айтылғандай салынған құрылыстардың қаңырап бос қалуына әкеліп соққан. Патша үкіметі әкімдерінің халыққа білім беру жөніндегі озбырлығы мұнымен шектеліп қоймаған. Көшпелі ел тұрмысында ұйымдастырылған мектептер мен медреселерден тиянақты білім ала алмайтынына көзі жеткен кейбір азаматтар өз балаларын шет аймақтардағы тұрақты оқу орындарға, қалаларға оқытуға талаптанса, оған да тосқауыл қойылды. Бұған да дәйекті дәлел келтіру жөн.

Ол мынау:



А.Н. Куропаткин

Предлагаю Вашему Высокоблагородию к числу других мер направленных к воспрещению отправлять детей туркмени-киргизов в Бухару для обучения, принять еще следующее: туземцам, желающим отправиться в Бухару, выдавать паспорта на короткие сроки, мальчикам же туземцам паспортов вовсе не выдавать.

Начальник Закаспийской области,  
генерал-лейтенант Куропаткин

Бұған түсінік айтып жату артық. Себебі, тиісті құжатсыз елден шет жерге шығуға болмайтындығы өз-өзінен түсінікті.

Өмір шіркін құйындай ұйытқып, ғасырлық бейнелерді былай қойғанда күні кеше өткен кеңестік дәуірдің аласапыран кезеңдерін көзімен көріп, өмір тәлкегін басынан өткізгендердің өз күні, кешегі халқымызды қынадай қырған 1932 жылғы ашаршылық, байларды жер аудару, 1937-1938 жылдардағы еліміздің ақыл-ой қаймағын қалқып алып, желкелерін қиған қанды қырғындардың кейбір көріністері де тарих қатпарында қалып үлгерді.

Сондықтан, біріншеден, халқымыздың білім алу саласындағы патша үкіметінің бізге белгісіз болып келген зымияндық саясатының кейбір көріністерін архив деректері бойынша оқырмандарға жеткізуді мақсат еткенбіз. Бұл, әрине, тек Маңғыстау уезі үшін ғана емес, бұл сол кездегі патшалық отарлау саясатының басты бағыт-бағдары екендігі сөзсіз.

Екіншіден, күні бүгінге дейін мектептердің ашылу тарихын 1917 жылдан басталды деп ұғынушылар басым. Шын мәнісінде, қазақ мектептерінің ірге тасының қалануы ерте екені күмән келтірмейді. Күні бүгінге дейін біз діни мектептер мен медреселерді, бала оқытқан мешіттердің есебін айтуға батылдығымыз жеткен жоқ. Меніңше, енді мұнан былай мектептердің ұйымдасуын сол медресе, мектептер мен бала оқытқан мешіттерден бастап есептеп, мектеп тарихын қазіргі ұрпаққа дәл жеткізу жолдарын ойластырғанымыз жөн.


*«Маңғыстау» газеті  
13 мамыр 1995 жс.*

## **Қазақ бұрын қажыға қалай барған?**

Қазан төңкерісінен бұрын мұсылман дініне еркіндік болған деп ұғынып келдік. Шын мәнінде келгенде біздің бұл ұғымымызға архив деректері мүлдем қайшы келеді.

Архив деректеріне жүгінсек, мұсылманшылықтың бесінші парызын өтеу мәселесімен 1869 жылға дейін Әскери-халықтық ведомство, онан кейін Ішкі істер министрлігі, 1876 жылдан бастап Полиция департаменті, 1879 жылдан бері қарай жергілікті губернаторлар мен облыс басшылары тікелей айналысқан. Қажыға бару үшін тілек білдірушілер ең алдымен өз болысына жылдық немесе жарты

жылдық мерзімге шетелге бару үшін паспорт алуға көмек сұрап арыз береді. Болыс оның тілегін уез бастығына жеткізеді. Уез бастығы басқару жөніндегі Ереже, 1859 және 1890 жылғы Әскери ведомство мен Ішкі істер департаментінің бұйрық, нұсқауларына сәйкес «паспорт беруге қарсы емеспін және мемлекетке ешқандай қарызы жоқ» деп хабарлайды. Осыдан кейін губернатор не облыс басшысы Құдай итеріп, мейірімі түссе, оларға «Паломнический для мусульман» деген паспорт береді. Мұндай паспорт алған әрбір адам «Мен заңды бұзбаймын, тәртіп сақтаймын, көрсетілген жол, қала бойынша карантиннен өтемін» деп тілхат беруге міндетті.



«Паломнический для мусульман» паспорта, 1908 ж.

Қолда бар архив деректеріне қарағанда Маңғыстау уезінен Меккеге барып Пайғамбар ғалайссалам рухына тәуәп ету үшін тілек білдірушілер туралы дерек 1887 жылдан бастап кездеседі. Оған дейінгі деректерге зер салсақ, 1881 жылдан бастап Ресей қол астындағы мұсылмандарға Меккеге баруға тыйым салынған. Алайда, халықты Алладан ажырастыруға заңның күші толық жетпеді ме, әлде көп мұсылманның қарсылығына ұшыраудан қорықты ма, қалай дегенмен де Меккеге барушыларға там-тұмдап болса да рұқсат берген. Сондықтан да 1887 жылы Маңғыстау уезінен бір адам (Құлыш Түменбаев), 1892 жылы 7 адам (3 қазақ, 4 түрікмен) Меккеге барып, аман-сау елге оралған.

Әрине, олар қазіргі замандағыдай ешбір бейнетсіз, таңертеңгі асын ішіп, түстігін самолет үстінде жеп, қағанағы қарық, сағанағы сарық алты айлық жерге алты-ақ рет қанат қаққанда жеткізетін алып самолеттермен Меккеге бармаған. Меккеге арып-ашып жет-

песе, «Құдайға құлшылық етудің рәсіміне нұқсан келеді» деген ұғым олардың саналарына сіңген. Мекке сапарында ауыр азап көру, шаршап-шалдығу, жаяу жүріп, жол, шөл азабын тарту, «темір таяғынан тебендей, темір етігінен теңгедей қалғанда» жету – күнәдан тазарудың жолы деп білген. Бұл жолда мұндай азапқа шыдау түгіл өлуге риза болып, оны шейіт өліміне санаған. Олар жолда өлсе де қажы деп есептелген.

1892-1902 жылдар арасында Маңғыстау уезінен бірде-бір мұсылманның Меккеге баруы жөніндегі тілегі орындалмаған. Әрине, ол Меккеге баруға ықыластың жоқтығынан емес, отарлаушылардың әр түрлі айла-шарғысы арқылы Меккеге баруға рұқсаттың берілмеуі салдарынан болды. Оған дәлел Меккеге бару үшін 1894 жылы – 7, 1897 жылы – 8, 1898 жылы – 22 маңғыстаулықтың берген арызы Орталық архивте тігулі тұр.

Жоғарыдағы айтқан ойымызды дәлелдеу үшін архив деректеріне зер салыңыздар. Закаспий облыстық бастығы 1895 жылы: «Важное. Запросить сколько ездили в Мекку в прошлые годы из Мангышлака. Имеет ли увеличение, чем было оно вызвано? Надо осторожность. Прошу завести учет всех ездивших в Мекку по уездам с 1890 г. Завести особое дело. (Ерекшелеген сөздерге назар салыңыздар – З.И.). Насилия не делать. Будет хуже», - деп подполковник Губер уез бастығына «екі шұқып, бір қарауды» үйрете отырып, оларды ерекше есепке алуды тапсырады (ҚРОМА 40 қор, 539 іс, 30 б.).

Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын жақсы зерттеп білген отарлаушы уез бастығы өзінің облысқа берген есебінде: «Олар біздің үстемдігімізді мойындайды, сондықтан да басқа мұсылмандарға қарағанда мұнда біздің азаматтықты қабылдау әлдеқайда жақсы жүреді деп сенім білдіруге болады», - деп ашық кірісе берудің мүмкіндігі бар екендігіне жоғарыдағы басшылардың көзін жеткізеді (аталған қордың 462 ісі, 63-86 б.).

1896 жылы Маңғыстау уезі бастығына жоғарыда аталған подполковник Губер: «...қайсыбір қисындарға байланысты бұратаналарға Құдайға сыйыну үшін Меккеге бару паспортын беру мәселесін шешу мүмкін емес», - деп түсініксіз, күмәнді, сүйкей салды (аталған қордың 539 ісі, 26 б.), бірақ жүрекке жайсыз нұсқау жолдаса (осы текстен еш өзгеріссіз 1897 жылдың қаңтар айының 4, 11, 14, 15 күндері №53, 411, 609, 808 қатынастарды түйдектете жолдаған), кейінгі бір жылда «Түркияда оба ауруының шығуына байланысты Меккеге баратындарға паспорт берілмесін», - деп істі біржола тындырыпты (ҚРОМА аталған қордың 489 ісі, 1-2 б.). 1898 жылы «...на основании телеграммы Его Императорского Высочества

принца Александра Петровича Ольденбургского от 13 января с.г. за №158 объявленного в приказе по Военно-народному управлению от 15 того же января за №9 выдача заграничных паспортов в текущем году мусульманам-паломникам запрещено», - деп жоғарыда аталған Губер кол қойған (аталған қордың 611 ісі, 36 б.).

Міне, осындай тосқауылдардың кесірінен бесінші парызды өтеуге деген маңғыстаулық қазақтардың тілегі он жыл бойы аяқсыз қалған. Дұрысын айтқанда, алғашқы қажыға барушыларды емексітіп, көрер-көзге алдап, паспорт алуға ақшаларын төлеттіріп, кейбіреулеріне паспорттын тапсырған. Бірақ артынан жоғарыдағыдай сылтаулармен қайтадан ақшаларын қайтарып алуға, алған паспорттарын тапсыруға мәжбүр еткен. Алайда, халықтың қажылыққа баруға деген ынтасына үнемі мұндай жалғандық тосқауыл бола алмады. Паспорт беруге еріксіз итермеледі. Соның арқасында 1902-1911 жылдар арасында 78 маңғыстаулық Мұхамед ғалайссалам рухына тәуәп етіп қажы атанды. Бұлардың жол сапарында қандай қолайсыз оқиға, төтенше әрекеттер болғаны жөнінде архивте дерек кездеспейді. Алайда, осы қажылардың ішінде Тастан Көбеев пен Иман Нәдіров туралы назар аударатын екі мәселе бар.

Оның біріншісі, Маңғыстау уезінің тілмашы Тастан Көбеевке (31 желтоқсан 1903 ж.) №9266 куәлік берілген. Онда: «Қажылық үшін Меккеге баратын ерекше паспорт бойынша жанында алты атары бар» деп көрсетілген (аталған қордың 689 ісі, 9 б.).

Тастан Көбеевке неліктен суық қару және не үшін, қандай мақсатпен ерекше паспорт берілді? «Ерекше паспорт» деген қандай паспорт? Меккеге баратын басқа мұсылмандарды қаруландырмай, тек Көбеевті қаруландыруға қандай себеп болды? Ол суық қарумен Қағбаға қалай тәубе етті? - деген жұмбақ-сұраулар өзінен-өзі туындайды.

Екіншіден, II-Бозашы болысынан Меккеге барған Иман Нәдіров деген кісі хабарсыз кеткен. Баласы Жүсіп жоғалып кеткен әкесі Иманды іздеген. Осы арызға сәйкес іздеу салған құжаттар архивте сақталған. Орыс дипломатиялық шенеунігі А.Половцев Жеддідегі консулмен хабарласқанда: «Иман Нәдіровтің қажылықтан елге оралғанына 7 ай өтті» деп 24 сәуір 1903 жылы хабарлаған (аталған қордың 21 ісі, 320 б.). Архивте оның елге келгені-келмегені жөнінде ешбір дерек кездеспейді.

Біздің ол туралы әңгіме қозғауымыздың себебі – өзімен бірге барған Шоланбай Қосуақов, Саламат Әкімов, Селбай Шолтақаевтардан қандай жағдайда ажырасып қалды? Жат елде, хат танымайтын, тіл білмейтін, жалғыз қалған Иман елге аман-сау оралды ма,

жоқ па? - деген мәселелер архив деректерінде кездеспеді. Мүмкін ел-жұрты білер деген оймен осы екі мәселені жұртшылық назарына ұсынып отырмыз.

Маңғыстаулық қажылардың ішінде Нұғман Құлжұмыров, Баймырзаев Әлжан сияқты бірлі-жарым молдалар мен Тастан Көбевтен басқаларының сауаты жоқ. Арыздарында «хат танымайды, өтініші бойынша» деп басқа адамдар қол қойған. Олардың тек «қажыға барып келді» деген аты болмаса, мемлекеттік саясатпен істері жоқ-тұғын. Бірақ, солай болса да отарлаушылар олардың сыртынан тыңшы қоюды бір сәт те көзден таса қылмаған. Құпия агенттер ұстауға арнаулы қаржылар бөлген. Бұрын бұл салаға Маңғыстау уезінде смета бойынша 100 сом күміс қаралса, ол 600 сом күміске дейін көтерілген. Себебі, «сырттан тыңшы жіберу істі бүлдіреді, зиян болады, сондықтан, олардың өз айналасындағылардан агенттер ұстап, құнды мәліметтер жинауымыз керек», - деп көрсетілгені.

Ойымызға дәйекті айғақ – Түркістан генерал-губернаторының 1904 жылғы №108 қатынасындағы: «Меккеден қажылыққа барған мұсылмандардың оралуына орай, Жоғары мәртебелім, Сізден олардың соңынан бақылау қоюыңызды өтінемін, зиянды үгіт таратып жүрмей ме, соған ерекше назар аударыңыз», - деген өз сөзі (аталған қордың 690 ісі, 64 б.). Екінші дәйек, Маңғыстау уезінің бастығы Михайлов уездің кезекші бастығына: «Молда Шейқы Қоңырбаевтың артынан оның саяси сенімділігін анықтау үшін астыртын (Монша ауылы, II-Маңғышлақ болысы) бақылау жүргізіңіз, барлық байқалған жайды маған хабарлап отырыңыз» деген бұйрығы (аталған қордың 1076 ісі, 37 б.).

Міне, осындай тосқауылдар салдарынан маңғыстаулық қажыға барушылардың мәліметі 1911 жылмен аяқталады. Мұның өзіндік себептері тек жоғарыдағылар ғана деп тапсақ, онда бір жақты бағалаған болар едік. Оның өзіндік басқа да себептері бар. Оларды топтап, түйіндегенде мына жағдайлар басты назарға алынады.

Ең алдымен 1911-1912 жылдары Маңғыстау уезінде болған жұт, ашаршылықтан ел есеңгіреп, тоз-тоз болды. «Балапан басына, тұрымтай тұсына кетіп», «Ораза, намаз – тоқтықта, ашаршылық болғанда сәлде қалар боқтықта»-ның керіне ұшырады. Табиғат апатынан ел енді-енді есін жия бастағанда, Бірінші дүниежүзілік соғыстың шарпуына ұрынды. Онан 1916 жылғы патша ағзамның 25 зауза (қазіргіше маусым) жарлығына ұласып, елдің есін кетірді. Оның ақыры Маңғыстау уезінде 1920 жылға дейін аумалы-төкпелі үкіметтердің бірі келіп, бірі кетіп, онсыз да титықтап, жілік майы





үзілуге жақындаған елдің Мекке туралы ойлауға шамасын келтірмеді. Ақырында 30-жылдағы ашаршылық, жұт, елді коллективтендіру, советтендіру, байларды тап ретінде жою, діні мекемелер мен дін иелеріне шабуыл, «халық жауларына» қарсы күрес ашу деген құйтырқы құйын саясат 1941-1945 жылдардың қырғынына ұласты. Ел есін жинауға мүмкіндік таппады. Атырау, Астрахан, Ақтөбе, Байрамалы, Майкөп қалаларынан көптеген маңғыстаулықтар Қарақалпақ, Өзбекстан, Түрікменстан республикаларына, шет елдерге бас сауғалады.

Жасыратын несі бар, Кеңес үкіметіне үміт артып, елде қалған қажылар мен олардың ұрпақтарын «мынау қажы», «мынау қажының баласы», «қажының ұрпағы» деп көздерін шұқыды. «Отырса опақ, тұрса сопақ» етті, мал-мүлкін тәркіледі, өздерін бала-шағасымен жер аударып, от басының ойран-ботқасын, ала-топалаңын шығарды, олардың басына ақырзаман орнатты.

Егемен ел болғаннан кейін тәубәға келіп, оң-солымызға қарап, еңсемізді көтере бастадық. Аллаға жалбарынуға бет алдық. Ұзағынан болғай! Сондықтан да Орталық мемлекеттік архив қазынасында ғасырлық тарихы бар құжаттар бойынша қазіргі ұрпақтарға белгісіз 69 маңғыстаулық қажыларды елге таныстыруды жөн көрдік. Әрине, мұның ішінде 1892, 1906 жылдары Меккеге барып қайтқандардың кім екені белгісіз. Уез бастығының 1892 жылы – 7, 1906 жылы – 10 адам барып қайтты деп Закаспий облыстық бастығына берген есептерінде көрсетілген деректерге сүйендік. Оның үстіне кейбір қажылардың өз есімі, ауыл, болыс аттары архив деректерінде жазылмағандықтан, біз де сол қалпында өзгеріссіз бердік. Қалай дегенмен де қажылардың аруағы риза болсын, пәлен болыстан, не пәлен ауылдан, пәлен деген кісі қажыға барып келіпті деген дерек, атадан балаға, жалпы ағайын арасында күні бүгінге дейін ізін жоғалтпай келе жатқан сүрелер архивтегі кемшілікті толықтырады деп ойладық. Бүгінгі ұрпақ маңғыстаулық 69 қажыдан хабарсыз болуы да мүмкін. Кейбіреулері тағдыр тәлкегінен естен шығып та кетуі ғажап емес. Сол үшін олардың тізбесін хабарлауды дұрыс деп шештік.

Орталық мемлекеттік архивте анықталған маңғыстаулық қажылар:

1. Құлыш Түменбаев – Маңғыстау болысы
2. Зибакан Мамед Жалқаева – Түрікменадай болысы
3. Қадірберді Тәңірбергенов
4. Талма Шөкелекова
5. Меке Есбергенов

Алкоголь  
 список лиц, признанных виновными

№	Имя	Имя и фамилия	№	Имя	Имя и фамилия
1.	Аманжол	Аманжол Аманжолов	15.	Аманжол	Аманжол Аманжолов
2.		Аманжол Аманжолов	16.		Аманжол Аманжолов
3.		Аманжол Аманжолов	17.		Аманжол Аманжолов
4.		Аманжол Аманжолов	18.		Аманжол Аманжолов
5.		Аманжол Аманжолов	19.		Аманжол Аманжолов
6.	Аманжол	Аманжол Аманжолов	20.	Аманжол	Аманжол Аманжолов
7.		Аманжол Аманжолов	21.		Аманжол Аманжолов
8.		Аманжол Аманжолов	22.		Аманжол Аманжолов
9.		Аманжол Аманжолов	23.		Аманжол Аманжолов
10.	Аманжол	Аманжол Аманжолов	24.	Аманжол	Аманжол Аманжолов
11.		Аманжол Аманжолов	25.		Аманжол Аманжолов
12.		Аманжол Аманжолов	26.		Аманжол Аманжолов
13.		Аманжол Аманжолов			
14.		Аманжол Аманжолов			

Молдалар тізімі

6. Азамат Шөкелеков
7. Мағжан Кенесариев
8. Қарабала Жақыпов
9. Азнабай Нұреслиев
10. Әлібай Нұров
11. Бәжбен Жолыбеков
12. Тілеміс Башақов
13. Өсер Бектауов
14. Мұстапа Дінішев
15. Байғана Дінішев
16. Жаппар Бегімов
17. Әршек Ниязов
18. Шәкім Исаев – Түрікменадай болысы
19. Сәкен Бекенжанов – қыдырша
20. Жұмабай Қуатов
21. Бектұр Жұмабаев
22. Боранқұл Тілегенов
23. Орынбай Қайынов
24. Шанды Бексаров
25. Қайнел Әдіков
26. Қаражан Айтбаев
27. Өтеп Байсариев
28. Байтілеу Үйтөлиев
29. Бек Бектауев
30. Басен Қалдыбаев
31. Кенжебай Иманқұлов
32. Шолақбай Қосуақов – II-Бозашы болысы
33. Саламат Әкімов
34. Иман Нәдіров
35. Селбай Шолтақев
36. Басбаев
37. Мұнайтбасов
38. Қошқарбаев
39. Қодар Қабылов
40. Тұрмағанбет Қабылов
41. Қошқаров
42. Масабаев
43. Қаленов
44. Құлшуманов
45. Әлжан Баймырзаев – Түрікменадай болысы
46. Өтегенов
47. Тастан Көбеев

48. Өсербаев
49. Өмірбай Уәлиев
50. Әбілғазы Қуанышев
51. Мулла Уде Муллаев – Түрікменадай болысы
52. Машрек Ходжаназаров
53. Сұлтан Шәріпов
54. Шәріп Қалбиев
55. Күнсары Нарымбаева
56. Жарылқап Жұбанов
57. Нұржан Шапанова
58. Жанұзақ Қалниязов
59. Алдияр Тагаев
60. Жансейіт Қалдыбеков
61. Дүзжан Сегізбаев – Олжашы-бөкен
62. Бөлебай Қаржауов
63. Қалнияз Сексенов – II-Бозашы болысы
64. Жақсылық Сағындықов – Маңғышлақ болысы
65. Жақып Сағындықов – Маңғышлақ болысы
66. Нұғман Құлжұмыров – II-Бозашы болысы, құдайберген
67. Бегіндік Түгелов – III-Бозашы болысы, игілік
68. Аман Сақбаев
69. Өмірзақ Ащетеров.

(ҚР Орталық мемлекеттік архивтің 40 қоры, 1, 2 тізбелері, 18, 21, 81, 170, 689 істерінің 2, 119, 134, 205-297, 327, 369 б.)



*«Ана тілі» газеті*  
*8 ақпан 1995 ж.*

## Тобанияз туралы тың дерек

Егеменді ел болып, ес жинағаннан бері елі үшін жанын қиған ерлер есімі құрметтеліп, санамызда қайта саралана бастады.

Соның бірі, бірі емес-ау бірегейі – Тобанияз Әлниязұлы. Қызыл қырғилардың қанды тырнағына ілініп, өзі орнатқан үкіметтің қапас түрмесіне қамалып оның жендеттерінің қолынан қаза тапты.

Күні кешеге дейін Кеңес үкіметі оның есімін тарихтан өшіруге бар жанын салды. Ол туралы деректерді құпия сақтады. Халықтан жасырды. Алайда қашанда әділдіктің ақ жолы ерте ме, кеш пе қайта айналып соғатындығына тағы да көз жетті. Сөйтіп, Тобанияздың екінші өмірі қайта басталды. Бұл жөнінде маңғыстаулықтардың атқарып жатқан ісіне, бүкіл ел болып оның аруағы алдында парызын өтеуге кірісіп жатқандығына алғыстан басқа айтар сөз жоқ. Сондықтан да баспа беттерін көрмеген, Орталық архивте сақталған Тобанияз Әлниязовқа қатысты кейбір құжаттарды елге таныстыруды жөн көрдік.

Тобанияз жөніндегі архив құжаттарына талдау жасасақ, ол тек қана халыққа қамқоршы болған, оның жоғын жоқтап, мұңына ортақтасып, қабырғасы қайысқан бір туар азамат. Себебі, Тобанияздың ат жалын тартып, азамат болған шағы Маңғыстау уезіндегі елдің басында табиғат апатынан болған қайғы мен қасіретіне толы кезең еді. Олай дейтініміз Маңғыстау уезі тек XX ғасырдың алғашқы 30-жылдығында 8 рет жұт пен ашаршылықтың тақсіретін тартты. Әсіресе, 1910-1911 жылдары өткен жұт Маңғыстау өңіріне адам айтқысыз апат әкелді.

Бұл жөнінде 1912 жылғы 22 наурызда Закаспий облысының бастығына Маңғыстау уезінің бастығы, подполковник Бялонович былай деп мәлімдеді: «...Уезде 12-15 мың жаны бар 3000 үй ешқандай қаржысыз, қарекетсіз қалды. Малдың қырылғаны соншалықты бұл өлке жақын шамада ешқандай табыс бере алмайды. Аш-жалаңаш қалғандардың бірсыпырасын егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік жасауға болар еді, бірақ оған бұлақтарды, жер асты су көздерін іздестіруге, суды көтеруге шара жасау қажет. Оған айналып келгенде көптеген қаржы мен уақыт керек», - деп уездегі жағдайды нақты көрсеткенмен, елді әлеуметтік қиындықтан, аштықтан, жалаңаштықтан құтқарудың жолдары жөнінде жағын ашпаған.



Т. Әлниязұлы

Осындай тағдыр талкегіне ұшыраған ел қасіретіне Тобанияз Әлниязұлы немкетті қарамады. Оған оның адамгершілігі, азаматтық ар-намысы да төзбейтіндігі тумысынан белгілі. Сол ел қайғысын өз қайғысы деп түсінді. Солай сезінді. Енді бұл ауыртпалықтан алып шығудың жолын іздеді. Күні-түні тыным таппай уездегі беделді адамдарды ұйымдастырып, ақ патшаның жергілікті көзі – уез бастығына елдің бұл күйзелістен шығу жолдарын көрсетіп төмендегідей өтініш жасады (оқырмандарға түсінікті болу үшін өтініштің текстін қаз-қалпында ұсындық – З.И.).

Жоғары мәртебелі Маңғыстау уезінің бастығына

Малдары қырылып, қырғынға ұшырап күйзелген  
Маңғыстау уезі қырғыздарының (қазақтарының – З.И.)  
атынан сенімді өкілдерден

### Өтініш

1910-1911 жылдың қысында малдарының жұтқа ұшырауына байланысты аштық пен қайыршылыққа душар болған Маңғыстау уезінің қазақтары осы күнге дейін тек үкіметтің көмегі мен берген қарызы арқасында тіршілік етіп, күн көріп келеді. Жұтқа ұшыраған тұрғындардың келешек өмір сүруін ойластыра келіп төмендегі біздің ой-пікірімізді пайдалы шешуіңіз үшін Сізге баяндаймыз:

1. Үстірттегі, Төбекұдықтағы, Таушықтағы, уездің Қаратау және басқа жерлеріндегі қайнарлар мен бұлақтардың көзін инженерсіз ашу мүмкін емес. Сондықтан бұлақтар мен қайнар көздерін ашуды және оны қарау, зерттеу, байқау жұмыстарын бұрғылау әдісімен іске асыруды қазына есебінен жүргізуді сұраймыз. Егер де бұлақ көздері ашылатын болса кедейлер үшін астық тұқымынан және жұмыс күші үшін шығындарға мемлекет тарапынан көмек көрсетілсе, сондай-ақ, шөп шабатын құралдар беру көзделсе;
2. Шығынға ұшырап күйзелгендерге және ешбір жұмыссыз жүргендер үшін Каспий теңізінде балық аулауға жеңілдіктер беру, әрбір бес немесе он үй иесіне бір-бірден өзенде жүк таситын тіркеме қайық (*подчалок* – З.И.) қазына есебінен беру сұралса;
3. Жұтаған Маңғыстау қазақтарына 20-30 жылға шөп шабу және егін егу үшін Орал облысынан жер бөлу үшін жоғарғы орындарға өтініш жасалса. Егер егін егуге және шабындыққа жер бөлінетін жағдай болса онда қазына тарапынан тұқым, шөп шабатын және егін шаруашылығына қажетті

құралдар берілсе. Осыдан 42 жыл бұрын бір рет Орал қазақтары да біз сияқты, мүмкін бізден де нашар жағдайда, қоян жылын бастарынан өткізіп жұтаған. Бірақ олар егін егіп, жер шаруашылығымен айналысуының арқасында шаруашылығын тез бұрынғы қалпына келтіріп, жөндеп алды. Біздер де күйзелген қазақтар үшін қандай да болса күн көрістік қаржы табатын жұмыспен қамтамасыз етіліп, сонымен шұғылданса жақсы болар еді деп ойлаймыз;

4. Хиуа хандығы жерінде егін егу үшін Әмудария өзенінен су жүретін канал тарту ісіне рұқсат сұрап алынса;
5. Егінмен айналысу үшін Тежен уезінде және Байрамалыдан жер бөлуге өтініш берілсе;
6. Сұралған жерлерге қоныс аударуға тура келетін жағдайда қоныс аударушылардың жол қаражатын мемлекет есебінен беру;
7. Уақытша қоныс аударушылардың төлейтін міндетті борыштарын почта арқылы мерзімінде жыл сайын жіберіп тұруға жағдай жасалса.

Маңғыстау уезі кедейлерінің ешбір кепілдікке алынбаған, күйзелген, мұқтаждықтан туған жоғарыдағы ой-пікірлерін хабарлай отырып, басшы орындарға өтініш, ұсыныс жасауға және көмек көрсетуге ыңғай бола қалған жағдайда оған Сіздің келісім беруіңізді сұраймыз.

Жұтаған, ашыққан ел атынан сенімді өкілдері:

I-Бозашы болысынан құрметті Тобанияз Әлниязов (мөрін басты)  
II-Бозашы болысынан Мұхамедин Мәтжанов (қолын қойды)  
Тұпқараған болысының старшынасы Тілеген Мәмбетов (мөрін басты)

I-Маңғыстау болысынан Шапшақбай Сафарбаев (қолын қойды)  
II-Маңғыстау болысынан Абжі Күлишев (қолын қойды)  
Жеменей болысынан Тілеген Қабақов (қолын қойды)

(ҚРОМА 40 қор, 1 тізбе, 5 байлам, 60 іс, 11-12 б.)

Ел басына түскен ауыртпалықтан шығудың жай-жапсарын бүгешігесіне дейін ұғындырып жазған бұл өтінішті қайта талдап, түсіндіріп жату артық.

Ел мұңын жоқтап, қабырғасы қайысқанда туған ерлердің бұл өтініші 27 ұт (қазіргіше ақпан) 1912 жылы №2274 санмен тіркеуден өтсе де оған бір айдан кейін, яғни 27 наурызда: «Осындай сұрау облыс бастығына бұрын берілген, бірақ бұған әзірге қаржының жоқ екендігін атап өтуім керек, күн көріс үшін басқа жерге еңбек етушілерді жіберу, олардың азық-түлігі үшін қарыз беру жөнінде



По английскому списку

Пока предоставляем копию оной Управителю  
 1 Милитаризованной комиссии. За 1910 год огр.  
 Имена и фамилии, дуты и количества оной,  
 которые поименованы ниже - - - - -

№ по списку	Имена и фамилии	Кубин.	инж.	франц.	Бразил.	Корд.	Италия.	Венг.	Кавказ.	Итого в кв.
	По оному казенному									
1)	Маслов Кузьмич	1	1	2	60	=	1	5	=	
2)	Кудряков Василий	1	1	1	50	20	1	6	=	
3)	Кудряков Василий	1	1	2	-	-	-	7	-	
4)	Мандриков Александр	1	2	1	30	50	1	3	-	
5)	Колесников Николай	1	1	1	20	10	"	6	-	
	По оному казенному									
6)	Кудряков Василий	1	2	2	60	10	-	5	-	
7)	Мандриков Александр	1	2	1	60	-	2	3	-	
	По оному казенному									
8)	Кудряков Василий	1	1	1	40	10	1	2	-	
9)	Кудряков Василий	1	2	1	30	1	1	2	-	
10)	Кудряков Василий	1	1	1	100	11	5	6	-	
11)	Кудряков Василий	1	2	1	50	15	1	3	-	
12)	Кудряков Василий	1	2	1	60	20	1	7	-	
13)	Кудряков Василий	1	2	1	90	-	1	7	-	
14)	Кудряков Василий	1	1	1	100	-	1	10	-	
15)	Кудряков Василий	1	3	1	70	-	1	8	-	
16)	Кудряков Василий	1	1	1	80	-	1	6	-	
17)	Кудряков Василий	1	2	1	100	-	5	7	-	
	Итого	17	27	20	1000	156	23	93	"	
18)	Кудряков Василий	1	2	1	40	-	1	10	-	
19)	Кудряков Василий	1	3	1	50	-	1	5	-	
20)	Кудряков Василий	1	2	1	80	5	1	6	-	
21)	Кудряков Василий	1	1	1	30	4	1	4	-	
	По оному казенному									
22)	Кудряков Василий	1	3	1	100	-	2	7	-	
23)	Кудряков Василий	1	2	1	70	-	3	5	-	

өтініш жасалды» деп уез бастығы Бялонович бұрыштама соққан. Уез бастығы айтқандай Мерв, Мургаб және Теженге, Байрамалыға, тағы басқа жерлерге мыңдаған маңғыстаулықтар күн көріс, аштан өлмеудің қамына кірісіп, жұмыс іздеп кеткендігін архив деректері дәлелдейді.

Алайда, уез, облыс басшылары тарапынан ел тағдырына күйзелген жоғарыда аттары аталған азаматтардың ұсыныс-пікіріне, өтінішіне жөнді құлақ аспағандықтан Тобанияз бастаған болыстар мен билер бұл мәселені қайта көтеріп, ақыры олардың талап етуімен және барлық болыстар мен билердің, старшындардың, ел басшыларының қатысуымен уез бастығы 18 дәлу (қазіргіше қаңтар) 1914 жылы қарауға мәжбүр болды.

Онда: 1910-1911 жылдың қысында елдің 80-90 процент малының қырылып, Өлкелік азық-түлік капиталынан берілген 80 мың сомның, Империялық азық-түлік капиталынан берілген 230 мың сомның өтеу мерзімінің аяқталғаны, енді оны өтеуге күйзелушіліктің салдарынан мүмкіндіктің жоқтығы, соның салдарынан жоғарыдағы қарыздарды айып өсімімен есептегенде 800 мың сом құрайтындығы тілге тиек етілген. Егер де оны өндіретін болса елдің аштан қырылудан басқа шарасы қалмай тұрғандығы қаулыда ашына жазылған.

«Мұны көз алдында елестетудің өзі қорқынышты» деп қаулыда анық айтылған (Жоғарыда аталған қордың 75 ісі, 1-2 б.).

Сөйтіп, Тобанияз бастаған топ мынадай негізгі талапты қойған:

1. 1913 жылдың 1 қаңтарына дейінгі қарыздарға кешірім жасау, оған дейінгі төленген қарыздарды елдің меншігі деп табу;
2. Қазіргі кассада бар ақшаны және 1913 жылғы қарыздарды келешектегі касса қоры деп есептеу;
3. 1915 жылдан бастап уездегі 16 мың үйдің әр отбасына 30 тиыннан есептеп, жыл сайын 4800 сомға дейін жинап, әр ауыл бойынша 1913 жылғы 1 қаңтарға дейінгі қарыздарды өтеп, бас-аяғы 6-7 жылда кассаның қорын өз қалпына келтіруге міндеттенеміз.

Уез бастығы Соколов «1910-1911 жылдың қысында Маңғыстау уезінде малдың жаппай қырылуы себепті елдің күйзеліске, аштыққа ұшырауына байланысты барлық қайырымдылықты көрсетуге шешім қабылдауды» сұрап өтінішін Закаспий облыстық бастығына жолдады. Өкінішке орай, еңкейген кәрі мен еңбектеген баланың ашыққан зары, ел-мұңын жоқтаған азаматтардың өтініші облыстық, не өлкелік басшылар тарапынан қолдау таппады. Олар бұл кезде «Байтал түгіл бас қайғы» болып, дүниежүзілік соғыстың алапатына араласып, оның аяғы 1916 жыл оқиғасына ұштасты да патша

үкіметінің уездегі, облыстағы басшылары көмек берудің орнына қайта елден жылу жинап, Маңғыстау уезінен 1917 жылғы 22 қаңтарға дейін 462 мың 500 сом ақша, 1000 түйе, 1000 әскери ат жинап алды. Сөйтіп, патша ағзамнан қайыр көрейін деген үміт елдің қалған тырын сыпырып алумен тынды (Аталған қордың 2 тізбесі (қосымша), 6 байлам, 56 іс, 8, 12 б.).

«Бай бір жұттық, ер бір оқтық» дегендей халықтың даналық сөзіне Тобанияздың көзі жетті. «Ұрттап тоймаған, жалап тоймайтындығы» өмір тәжірибесінен белгілі.

Күйзеліске ұшыраған ел жер емшегін ембей көнеуі кеткен шаруасын қалпына келтіре алмайтынына көзі жеткен Тобанияз бұл іске өзі мұрындық болуды және тікелей өзінің бастап іске кірісуін жөн деп шешті. Тобанияз егін егуді күн көрісі нашарлауынан емес, бұл істі өзі бастап елге үлгі көрсету, соған халықты үйрету үшін қолға алды. Әйтпесе, оның өзіндік малы, жағдайы, дүниемүлкі болғаны анық. Оған ешкім де күмәндана алмайды. Патша үкіметі тарапынан қайырым мен қамқорлық болмайтындығына көзі жеткендіктен елді егінмен айналысуға итермеледі. Осыған сәйкес Тобанияз Әланиязовтың Маңғыстау өңіріндегі Қаратаудың бұлақтары бастарынан шығыр орнатып, егін егумен айналысу үшін уез бастығына жазған екі арызы және осы мәселеге байланысты 7 құжат Орталық мемлекеттік архивте сақталған.

Соның бірі – 1912 жылғы 3 наурызда уез бастығынан Қаратаудың «Аусар» бұлағы жанынан, «Сары аша» бұлағы басынан («Сары аша» «Аусардың» солтүстік бетінен 4 шақырым жерде) егіндік жер сұраған арызы. Тобанияздың бұл өтініші Жеменей болысының кандидаты Тұрмағанбет Әбілғазиевтің, Тоқабай ауылының ауылдық сотының кандидаты Оразбай Шораевтың, Шоңай ауылының ауылдық сотының төрағасы Сәрсен Қарамановтың, Есен ауылының ауылдық соты Арзықұл Қабиғұловтардың қолдарымен қанағаттандырылды. 1912 жылғы 4 сәуірде Тобаниязға қарайтын 10 үйге жер беріліп, «Сары ашаға» 4 шығыр орнатып, егін егу үшін жер берілгендігі жөнінде арнайлы куәлік тапсырылды (Аталған қордың 958 ісі, 54 байлам, 12, 14-15 б.). Отырықшы болып қоныстанып, егін егумен айналысудың тиімділігін Тобанияздан көрген маңғыстаулық көшпенділер енді бұл мәселеге айрықша назар аударып, уез бастығынан Қаратау бойындағы бұлақ бастарынан егін егуге жер сұраушылар көбейді. Тобанияз бастамасы аяқсыз қалмады. Жыл санап оның қатары молая түсті. Солардың қатарына Қанбақты сайдан жер алған Өтегұл Жәненовті, Бес бұлақтан егін еккен Қосжановтарды атауға болады.

Біз Тобанияз Әлниязовтың халық қамқоршысы болған бір ғана ісіне шолу жасадық. Архив құжаттарына үнілсек, оның бұлардан басқа да талай халық үшін, Маңғыстау өңіріндегі ел үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Әсіресе, оның Маңғыстауды Қазақ өлкесіне қосу, Адайлар съезін шақыру, Адай атты әскер полкын ұйымдастыру, елдің экономикасы мен мәдениетін көтеру жөніндегі ұйымдастырушылық іс-әрекеттерін ешкім жоққа шығара алмайды.

Әділдігі керек «Атқа міндің, ажалға міндің», «Ағайыным барда жауым жоқ деме» деген қазақтың сөздері дәл Тобанияздың да басында болды. Кезінде Тобанияздың тасы өрге домалап тұрғанда түкірігін жерге түсірмеген кейбір желөкпелер кейін басына талай бәлені жауып, жалған арызбен басына найза ойнатты. Ақыры сол арыздың құрбаны болды.

Ақтың отын ақымақ өшіре алмады. Халық қамқоршысы Тобанияз тарихтың жаңа белесіне қайта көтерілді.

*«Маңғыстау» газеті  
1993 ж.*

## **Тағы да ... Тобанияз туралы**

Тобанияз Әлниязов. Бұл есімді маңғыстаулықтар, әсіресе, аға ұрпақ өкілдері жақсы біледі. Мақтан тұтады, құрметтейді. Ол туралы әңгіме әлі күнге ел арасында аңыз ретінде айтылып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып келеді:

...Таза мінсіз асыл тас

Су түбінде жатады.

Таза мінсіз асыл сөз

Ой түбінде жатады,

- деп Асан Қайғы бабамыз айтқандай осы жылғы «Ақиқат» журналының маусым айындағы санында тарих ғылымының докторы Талас Омарбеков «Адай кінязі кім еді?» деген мақаласында архив деректерінен кезінде бір тайпа ел ғана емес, исі Батыс Қазақстанға белгілі Тобанияз Әлниязовтың дерегін жария етті. Оның күні бүгінге дейін тарихқа белгілі болса да кейінгі ұрпаққа белгісіз өмір жолдарын, қызметін, заңсыз жазалаудың құрбаны болғанын дәйектеп дәлелдейді. Жақсының жақсылығын білу, оны үлгі етіп елге таныстыру – үлкен адамгершілік. Тобанияз туралы деректі

іздеуде ғалымның аз тер төкпегені материалдан айқын аңғарылады. Тобанияз туралы бір қарағанда осының өзі де жеткілікті сияқты көрінгенімен, ғалым Талас Омарбековтың жоғарыда аталған мақаласындағы өзекті ойлары мен тұжырымды пікірлері ойды қозғап, оның әлі де ашылмаған, оқырман қауымға белгісіз өмір жолдарын қолымыздағы әзірге бар материалдар арқылы көпшілікке таныстыруға түрткі болды.

Менің «әзірге» деуімнің себебі Орталық мемлекеттік архивтегі бұл тұлға туралы деректер әлі толық зерделеніп, тексеріліп, барлық құжаттар сарапқа салынып, жүйеге келіп, анықтауға қол жеткен жоқ. Басқаша айтқанда, қаймағы бұзылмай жатқан тың дүние. Сонымен, Тобанияз Әлниязовтың өмір жолына байланысты архив құжаттарын ұсынып отырмыз.

Сол кездегі (яғни, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі) Маңғыстау уезі – көлемі жағынан өте кең алқапты алып жатқан өлке. Қатыгез тағдырдың салдарынан Маңғыстау уезі ХХ ғасырдың алғашқы 30-жылдығында 8 рет жұт пен ашаршылықтың тақсиретін тартты. Осындай тағдыр тәлкегінен құтылудың бірден-бір жолын Тобанияз отырықшы болу деп тауып, егін егуге өз қарауындағы ағайын-тумаларын жұмылдыруды 1912 жылдан бастаған. Тобанияз Әлниязовтың Маңғыстау өңіріндегі Қаратаудың бұлақтары басына шығыр орнатып, егін егумен айналысу мақсатын көздеп, уез бастығына жазған екі арызы және осы мәселеге байланысты 7 құжат архивте сақталған.

Оның біріншісі 1912 жылы 3 наурыздағы арызы:

### **Жоғары мәртебелі мырза!**

Қаратаудың «Аусар» бұлағы жанынан «Сары аша» бұлағының басынан 2 шаршы шақырым жерді І-Бозашы болысы арқылы менің пайдалануыма жарлық беруді сұраймын. «Сары аша» «Аусардың» солтүстік шығыс бетінде 4 шақырым жерде.

Сұраушы Тобанияз Әлниязов, мөрімді бастым.

(ҚРОМА 40 қор, 54 байлам, 958 іс, 12 б.)

Міне, осы арызға байланысты уез бастығы 6 наурыз 1912 жылы №2252 қатынасымен болыстан мәлімет сұраған.

«Сары аша» ешкімнің иелігінде жоқ», - деп Жеменей болысының кандидаты Тұрмағанбет Әбілғазиев, Тоқабай ауылының ауылдық сотының кандидаты Оразбай Шораев, Шоңай ауылының ауылдық сотының төрағасы Сәрсен Қараманов, Есен ауылының ауылдық соты Арзықұл Қабиғұловтар мөрлерін басып, уез бастығына жауап берген.

Осыған сүйене отырып, уез бастығы подполковник Бялонович 4 сәуір 1912 жылы Тобанияз Әлниязовқа мына куәлікті береді:

### КУӘЛІК

Осы куәлік І-Бозашы болысы Кенже ауылының қырғызы (қазағы – З.И.) Тобанияз Әлниязовқа берілді. Себебі оған өзіне қарайтын 10 үй басшыларымен бірлесіп, Қаратауға жақын жердегі «Аусарға» таяу «Сары ашада» 4 шығыр орнатып, егін егу үшін тиісті жер берілді. Бұл жер мемлекеттікі, ол бұл жерді уақытша пайдаланады. Талап еткен мерзімде бірден сөзсіз босатып беруге міндетті.

Осыны растап қол қойылып, мөр басып куәландырылды.

(Аталған қордың 958 ісі, 54 байлам, 14-15 б.)

Отырықшы болып қоныстанып, егін шаруашылығын өркендетудің тиімділігіне көзі анық жеткен Тобанияз Әлниязов 1916 жылы уез бастығына тағы да өтініш жазып, енді егін егетін жер көлемін ұлғайтуды көздеді. Сөйтіп, ол «Аусар», «Онды», «Шетпе», «Қарқын», «Ақмыштан» тұрақты жер беруді сұрайды. Бірақ уез бастығы оның бұл өтінішін қанағаттандырмайды және Тобанияздың бұл мәселені шешуде тек уез бастығымен шектеліп қалмайтындығына көзі жеткен болуы керек. Сондықтан да уез бастығы Мемлекеттік мүлік және жер жөніндегі Асхабад және Красноводск уездері басқарушысына 17 қыркүйек 1916 жылы №10361 қатынаспен былай деп алдын ала хабар жібереді:

«Менің қарауымдағы уездегі бұлақтардың барлығын бұрыннан келе жатқан дәстүр бойынша бүкіл қауым пайдаланады. Сондықтан оны жеке адамның иелігіне беру ру арасында қолайсыз пікір туғызады. Егер Әлниязов аталған бұлақтарды пайдалануға қоғамдық қауымдастықтардың қарсылығы болмайтындай келісімі мен шешімін алса, онда оны Әлниязовтың пайдалануына шешуге болады. Өйткені кез келген далалық сахарда тұрушының кез келген әрекетіне аса сақтықпен қарауға тура келеді. Мен бұл мәліметке қарсымын және оны қабылдамауды сұраймын (астын сызған – З.И.). Сұраушының жеке иелігінде пайдалануға құқы болмаса да «Аусар» бұлағын пайдаланып келеді».

Уез бастығынан осындай тұжырым алған меңгеруші Гаврилов 28 қыркүйек 1916 жылы №1520 қатынаспен Маңғыстау уезінің бастығына: «Жоғары мәртебелі мырза! Сіздің Әлниязовқа Қаратаудың бес бұлағынан сұраған жерін бермеу туралы қорытындыңызбен келісе отырып (ол І-Бозашы болысының Кеңсай (дұрысы Кенже – З.И.) ауылында тұрады) оның тілегі қанағаттандырылмайтындығын хабарлауды ұмытпауыңызды сұраймын», - деп істі тындырған.

Біз бұл құжаттарды астын сызып, толық көлемде көрсетуіміздің өзіндік мәні бар. Ең алдымен мұнда орыстардың отарлау саясатының құйтұрқы іс-қимылы анық көрініп тұр. Олай дейтініміз, Маңғыстау жеріне Ресейдің еуропалық бөлігінен ел көшіріп қоныстандыруды уез бастығы талай рет ұсынған.

Екіншіден, бұл кезде уез бастығы Каспий жағалауының әр жерінен ең азы 80 үйлік бірнеше орыс поселкелерін салып, оған Еділ бойымен Астрахан, Самара, Петербургтен шаруалар шақырып, оларға берілетін жеңілдіктер мен көрсетілген жәрдем мөлшерін айтып, онды-солды қатынастар мен хаттар жазып жатқан кезі. Бұларды архивте сақталған құжаттар толық дәлелдейді (аталған қордың 39 ісі, 3 байламы, 2, 9, 10 б.).

Осыдан кейін жергілікті халықтың қоныстануына, тұрақтануына, егін шаруашылығымен нақты айналысуына келгенде олардың қыңыр көзқарасы айқындала түседі. Қалайда ел көшпенді, тұрақты қоныссыз өмір сүрсе, олардың дегені болатынына көздері ерте жеткен. Бұл жөніндегі қазақтардың салт-санасын, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын терең зерттеген. Бұл да архивтегі құжаттарда айқын жазылған.

Архив деректеріне қарағанда Тобанияз болыстық басқару жұмысына 1908 жылдан бастап тікелей араласып, өмірдің ащысын да, тұщысын да басынан өткізді. Ол жалған дүниеге келіп, фәни дүниеден құр алақан аттанатындығын сезбейтін, өмірдің құнын білмейтіндердің жапқан жаласы мен қара күйесіне талай рет шарпылды. Бірақ «ақтың ісін ақымақ өшіре алмады». Әділдік үстемдік алды. Әсіресе, 1915 жылдан бастап І-Бозашы болысы Қарағұл Қарамырзаевтың қарауында көмекші болып жүргенде де оны қаралаушылар, жала жабушылар аз болмады.

Қазіргі күні жариялылықты желеу етіп өткен кезеңнің бәрін мансұқ етіп, оның адамдарын қаралауға бағыт алсақ, онда ақ пен қараны ажырата алмағандығымыз болып шығатыны сөзсіз. Сондықтан ақты ақ, қараны қара деп ажыратуымыз керек. Бұл қазіргі таңда тарихты дұрыс түсінуге, ақ пен қараның ара-жігін ажыратуға аса қажет. Осыны негізге алғанда Тобанияз Әлниязов 1914 жылғы дүниежүзілік соғыста патша үкіметінің жеңісіне, 1916 жылғы 25 маусым жарлығын жүзеге асыруда және оны ұйымдастыруда елеулі еңбек еткені рас. Оны өзі де теріске шығармайды. Бірақ бұған қарап Тобанияз патша ағзамның қолшоқпары болды деуге негіз жоқ. Тапсырылған жұмысты абыроймен орындау – адамгершілік пен жауапкершілікті сезіну. Тобанияздың уез бастығынан алғыс алуың, наградаға ие болуың біз осы тұрғыдан

түсінуіміз керек. Бізде ертеден келе жатқан бәле – адамның зердесіне, санасына, көзқарасына ой жібермей, қылдан тайса, күстаналау өз көлеңкедей еріп қалмайды. Бұл дерттен арылатын кез келді. Осыған байланысты Тобанияздың Маңғыстау уезінің бастығына 18 ақпан 1917 жылы жазған арызында (жоғарыдағы ойымызды толықтыру үшін қысқаша мазмұнын беріп отырмыз):

«...Мен тапсырылған жұмыстарды нақты, дәлме-дәл орындадым. Жәрдем кассасының қарыздарын өз мерзімінде тапсырдым. Мұқтаждарға 40 мың сомның астығын тараттым. Соғыс мүддесі үшін І-Бозашы болысынан 110 ат (*уез бойынша 1000 ат – 3.И.*) жинап тапсырдым. Өз қаржыма, 8500 сомға ұзақ мерзімді облигация билетін алып (басқа болыстар үшін) армияға көмектестім. 1916 жылы тамыз айында тылдағы жұмысқа адам алу жөніндегі патша ағзамның бұйрығын және өз болысым мен басқа да болыстардың халқына «адамдарды жұмысқа емес майданға алады екен» деген алыпқашпа қауесеттердің терістігін түсіндірдім, елдің үрейленуіне тоқтау салдым. І-Бозашы болысынан 345 адам тылдағы жұмысқа жіберу жөніндегі тапсырманы 335 адам етіп орындап, соғыс мүддесі үшін 11120 сом қаржы жинадым», - деп мәлімдеген (аталған архив қорының 1104 ісі, 41-42 б.).

1914 жылғы атқарған жұмыстары үшін Тобанияз Әлниязов Станислав ленталы «Жұмысты ынталы істегені үшін» деп жазылған кіші күміс медалімен наградтауға ұсынылса, 1916 жылы соғыс мүддесіне 110 ат жинап тапсырғаны үшін уез бастығы тарапынан алғыс алған (аталған қордың 176 ісі, 57-61 б.).

Уез бастығы Тобанияздың тапсырылған іске аса жауапкершілікпен қарайтынын ескеріп, бүкіл уез көлемінде майдандағы армияның тылдағы жұмысына адам алу жөніндегі 25 маусым 1916 жылғы жарлықты ел арасында түсіндіру және болыстарға тізім жасауды үйрету, ұйымдастыру үшін елге беделді құрметті азамат Нұрмұхамбет Мырзабеков және уез басқармасының тілмашы Асқар Үсембаевпен бірге<sup>9</sup> Әлниязовқа да 25 қараша 1916 жылы №11723 куәлік берілді. Онда былай деп жазылған:

### КУӘЛІК

Осы куәлік І-Бозашы болысының жәрдемшісі Тобанияз Әлниязовқа берілді. Себебі ол майдан тылындағы жұмысқа өз болысынан және уезге қарайтын басқа да болыстардан Фортқа жұмысқа алына-

---

<sup>9</sup> Еске аларлық мәселе бүкіл уез бойынша куәлік берілген тек осы үш-ақ адам – 3.И.



тын жұмысшыларды жеткізу үшін өз шабармандарымен жіберілді. Сол үшін уез көлеміндегі барлық жауапты қызметкерлерге Әл-ниязовқа барынша көмек көрсете отырып, жалпы күшті біріктіріп жұмысқа алынатындарды жинап Фортқа жеткізуді бұйырамын.

Уез бастығы Быков

(Аталған архив қорының 1081 ісі, 329 б.)

Маңғыстау уезінің бір шеті Хиуа хандығынан бастап Темір, Гурьев, Ембі, Калмыков уездері мен Орал облысына, бір шеті Красноводскіге дейін мал жайылымына байланысты көшіп-қонып жүрген елден жарлыққа сәйкес адам жинау, тізім дайындау оңайға түспейді. Оның үстіне бірсыпыра азаматтар күн көру үшін Астрахан, Баку, Петровск, Мерв, Мургаб, Ташкент, тағы да басқа қалаларға жұмыс істеуге кеткен. Оларды іздеу, болмаса орнына адам белгілеу, ауыстыру көптеген қиындық келтірді.

Сондықтан да Тобанияз Ойылдан уез бастығына 22 қыркүйек 1916 жылы: «№9039 тапсырмаңызды алдым, жұмысқа алынатындардан 148 адамға жасалған 7-шешімді 22 қыркүйекте поштаға тапсырдым. Екі старшынаға қарайтын ел және Қараша ауылының жартысы Хиуа хандығы жерінде. Жоғарыда аталған 148 адаммен қоса барлық тізімге және оларды Фортқа жеткізу жөніндегі міндеттемеге құрметті ақсақалдар мен старшындардың қолдарын қойдырып, 1 қарашаға жеткіземін. Әлниязов» деп жеделхат жолдады (аталған қордың 1081 ісі, 184 б.).

Оған уез бастығы 18 желтоқсан 1916 жылы №12289 жеделхатпен: «І-Бозашы болысына. Жұмысқа алынатындарды жеткізбегендігіңіз үшін Сіз сөзсіз тез арада қызметтен босатылып, сотқа тартыласыз. Жұмысқа алынатындарды қай жерге жинайтындығында менің шаруам жоқ, менің шаруам маған болыс бастығы мерзімінде жұмысшыларды жеткізуінде. Егер де тізімге тіркелмегендердің ішінде жақын жерде жүргендері жоқ болса, онда оларды жеребе салу арқылы басқалармен ауыстыр. Быков» деп жауап берді (Аталған қордың 1081 ісі, 394 б.).

Алайда, Тобанияз Әлниязов қосымшасымен жұмысқа алынатын 345 адамды дер кезінде әкеле алмады. Белгіленген мөлшерде 10 адам<sup>10</sup> жетпеді. Осыны тілге тиек етіп, Тобаниязды қамауға алды. Бірақ істің түйіні бұл емес еді. Уез бастығы Тобаниязды уақытша болса да «Бір әрекет келсе, осыдан келеді-ау» деген қауіппен әдейі қамауға алған.

---

<sup>10</sup> Шындығына келгенде 6-ақ адам, онда да 6 адамды дәрігерлердің өздері босатқан – З.И.

Өйткені, Тобанияздың осы кездегі көзқарасы, іс-әрекеті уез бастығына да, Закаспий облыстық бастыққа да ұнамады. Олар Тобаниязға сенімсіздікпен қарады. Оған себеп Маңғыстау уезіндегі халық басқарушылары жарлыққа қарсылық білдіретіндей күн туа қалса, Форт-Александровскінің абақтысында соғыстан түскен тұтқындармен қатынас жасайды, көтеріліс болуы мүмкін деп қауіптенді.

Оны алдын ала сезген уез бастығы Быков 6 қазан 1916 жылы: «Жұмысқа адам алу басталса, онда бұратаналар мен әскери тұтқындардың<sup>11</sup> араласуы мүмкін. Оларды қорғауға Фортта күш те, мүмкіндік те жоқ. Әскери тұтқындар мен бұратаналардың араласуы қауіпті жағдай туғызуы мүмкін. Сондықтан әскери тұтқындарды жақын арада тездетіп әкетуді ұсынамын», - деп қаулы алып, облысқа жолдаған (аталған қордың 42-43 б.).

Осы оймен уез бастығы ең алдымен Тобаниязға құрық салды. Оған 7 ақпан 1917 жылы Закаспий облысының бастығы генерал-майор Калмаковтың №3507 қаулысы нақты дәлел:

### ҚАУЛЫ

Мен, Закаспий облысы, генерал-майор Калмаков Түркістан генерал-губернаторының міндетті қаулысы негізінде 31 тамыз 1916 жылғы Закаспий облысы бойынша жарияланған №374 бұйрыққа сәйкес қаулы етемін: I-Бозашы болысының кандидаты Тобанияз Әлниязов тылдағы жұмысқа бұратана халықтардан адам алуға тосқауыл болып, оған жол бермеуге әрекет жасап, әкімгершіліктің ісіне араласқандағы үшін 3 ай мерзімге қамауға алынсын.

Генерал-майор Калмаков  
(Аталған қордың 1104 ісі, 47 б.)

Оған екінші дәлел Тобанияз болыс емес, ол болыс Қарағұл Қарамырзаевтың көмекшісі. I-Бозашы болысына уез бастығының 18 желтоқсан 1916 жылы берген жеделхаты бойынша адамдарды Фортқа әкелу тек болысқа міндеттелген. Бірақ нақты іске келгенде Қарамырзаев жауапқа тартылмай, Әлниязов тұтқынға алынған.

Үшінші дәлел, Түркістан өлкесінен 120 мың, ал уез бойынша 2730 адам жұмысқа алу көзделсе, онан майдан тылындағы жұмысқа уезден 2465 адам жіберілді. Сонда белгіленген жоспардан 265 адам кем орындалды. Оның үстіне I-Бозашы болысында 10 процент үстемемен есептегенде 345 адам, ал қосымшасыз 313 адам тапсыру

---

<sup>11</sup> Бұл кезде Форттағы тұтқын үйінде 428 әскери тұтқын болатын, оның 17 әр түрлі дәрежедегі офицерлер еді – 3.И.

керек болса, Тобанияз 10 процент қосымшаны есептегенде (өзінің айтуы бойынша) 10 ғана адам әкелмеді. 10 процент үстемені шығарып тастағанда, болыс бойынша жоспар толық орындалды.

Оған қосымша Тобанияз Әлниязов бұл кезде науқас болса да, оны қамауда ұстады. 18 ақпан 1917 жылы подполковник Быков Тобаниязды Форт-Александровскідегі емдеу орнына жіберіп, «емделіп шыққаннан кейін түрмеге қайта отырғызу үшін маған әкел» деп тапсырма бергенмен, аурухана бастығы «орын жоқ» деп қабылдамады. Сондықтан, Тобанияз уез бастығына «уақытша мені босат, мен кейін түрмеде қалған мерзімді өтейін» деп арыз берді. Бірақ өтініші аяқсыз қалды.

Төртінші дәлел, Закаспий облысының бастығына уез бастығы Быков тылға жұмысқа адамдарды уез бойынша толық аттандарып болысымен: «Барлық болыстардан реквизиция жұмысы тыныштықпен, қолайлы жағдайда адамдар жіберумен аяқталды. Барлық болыстардың тілегі бойынша қамауда отырған Тобанияз Әлниязовты және Есенжан Тұяқовты<sup>12</sup> босатуыңызды өтінемін» деп жеделхат жолдады (аталған қордың 1104 ісі, 48-49 б.). Бірақ, облыс бастығы Тобаниязды бірден босатып жіберуге асықпады. Сонда да болса елдегі жағдайдан қауіптенді ме, әлде болыстардың қайта-қайта талап етуінен сескенді ме, Тобаниязды тұтқыннан босату туралы уез бастығы облысқа 4 рет жеделхат жазғаннан кейін барып Тобаниязды бостандыққа шығарды.

Осыдан кейін, «кінәсіз Тобанияз Әлниязовты азапқа салудың себебі не?» - деген сұрақ өзінен өзі туындайды.

1916 жылғы жарлық көкірегі ояу, көзі ашық, халқының басындағы тағдырды бүге-шігесіне дейін, оның қыр-сырын жете білетін Тобаниязға ерекше ой салды. Күн санап ұжмақ орнына тамұққа кіріп, бостандықтың орнына қамыт киіп, бал орнына у ішіп отырған ел тағдыры Тобаниязға қатты батты. Ең алдымен патша үкіметінің ру арасындағы теңсіздік саясаты оның жанын жегідей жеп, шегіне жетті. Оған дәлел жеткілікті. Ішкен суы, жұтқан ауасы бір, патша ағзамның жарлығы бойынша түрікмендер де бұратана халық есебінде майданға қара жұмысқа алынуы керек. Бірақ солай болса да, алғашқы кезде уездегі Түрікмен болысынан алынуға жоспарланған 196 адамның өзі артынан сиырқұйымшақтанып, ақырында түрікмендерден адам алынбайтын болды.

---

<sup>12</sup> Есенжан Тұяқов медициналық тексеруде жарамсыз болып шығып, жұмысқа аланғандарды гарнизонға қамау кезінде гарнизонға жасырын кіріп, Ерсалиев дегенді ауыстырғандығы үшін 3 айға сотталған – З.И.

Алғашқыда 25 қаңтар 1917 жылы «Түрікмен болысынан алына-тын-дарды айрықша тапсырма болғанша тоқтат» деп бұйрық берсе, ақырында «түрікмендерден реквизицияға адам алынбайды, тарат» деп Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин жеделхатпен оларды бұл тауқыметтен біржола босатты (№756).

Оның үстіне қазақтарға қарағанда патша үкіметі түрікмендерді тонның ішкі бауындай бұрыннан өздеріне жақын ұстайтын. Бұған жергілікті халық іштей наразы болып жаны ауыратын. Сондықтан да уездегі 1045 үй (жан саны – 4865) түрікмендер 14965 үй (жан саны – 65738) маңғыстаулық қазақтардың көп мәселеде тағдырын шешеді. Оған дәлел уездегі мұсылмандық билік шығару ісі, қазылық билік айту, төрелік беру, сот ісі, дін ісі, тағы басқа мәселелер осы түрікмендердің қолында болды. Оның үстіне олар қазақ болыстарына қарағанда алым-салықты аз төледі. Атап айтқанда, мемлекеттік салықты қазақтар үй басына 4 сом, жер салығын 2 сомнан төлесе, түрікмендер мемлекеттік салықты 2 сомнан, жер салығын 50 тиыннан төледі. Сөйтіп, әділдік болмады. Руаралық, ұлтаралық дау-шар көбінесе заңсыз болса да, түрікмендердің пайдасына шешілді. Балық аулау ісінде жіліктің майлы басы түрікмендердің қолында болды. Қазақ руларының арасындағы хал-жағдайдың барлығы дерлік уез басшыларына тек түрікмендердің хабарымен жеткізілді. Уездік бақылау ісінде олар шешуші орын алды. Тобанияз мұндай әділетсіздікке төзбеді. Істің ушығуының басты бір себебі осы болды дей аламыз.

Тарихқа төрелік айту қиын. Дегенмен, Тобаниязды түрмеге жабудың тағы бір себебі (бұл бастысы да болуы мүмкін – З.И.) сырты құлпырғанымен, іші қара күйе оның кейбір замандастарын уез басшылары Тобанияз сыртынан тыңшы ретінде пайдаланды. Солардың пікірімен Тобаниязды реквизиция адамдарын жібергенше тұтқында ұстауды қолайлы деп шешкендігін жоғарыда тілге тиек еткенбіз. 1916 жылғы жарлыққа байланысты ереуіл тек жоғарыда аталған губернияларда ғана емес, Қазалы, Ташкент, Торғай, Жизак, Ферғана, Жетісу, Сырдария жерлерінде де бой көтеріп, өріс ала бастаған толқулар мен көтерілістерден елінің тағдыры арқасына аяздай батқан Тобанияздың хабарсыз болуы мүмкін емес. Осыған байланысты уез басшылары ел ішіндегі жағдайларды, халықтың көңіл-күйін, жеке адамдардың іс-әрекетін ай сайын хабарлап, облысқа жеткізіп тұрғандығын архив деректерінен кездестіреміз. Сондықтан да уез басшыларының ел арасына қойған тыңшылары арқылы Тобанияздың іс-қимылын, сөйлеген сөзін дер кезінде жеткізіп тұрған. Сол үшін ел ереуілге шығып кетеді деген қауіппен

заңсыз болса да, Тобаниязды қамауда ұстауды дұрыс деп шешкен. Бірақ бұл құрықтан жоғарыда айтқандай босағанымен арасы дәл үш ай өткенде, яғни 8 мамыр 1917 жылы замана ағымын, билеу жүйесінің өзгерісін тез сезген Тобанияз Әлниязов тағы да тұтқындалды.

Жоғарыдағы ойымызды толықтыру үшін имандылықтың есігін жаптырып, тозақтың дарбазасын аштырған фактіге жүгінейік. Ол Маңғыстау уезі атқару комитеті мәжілісінің 8 мамыр 1917 жылғы қаулысы. Көпшілікке түсініктірек болу үшін осы қаулыны қазқалпында бергенді жөн көрдік (Аталған қордың 1104 ісі, 122 б.):

«...7. Бұрынғы болыс Тобанияз Әлниязовтың тәртібі және оны тоқтатудың шаралары туралы.

Атқару комитетінің мүшелері, куәгер: Оңғалбаевтың, Досановтың және Иманғазиевтың түсініктерін тыңдап, мынаны атап көрсетеді: Әлниязов Тобанияз Уақытша үкіметке қарсы қастандық үгіт жүргізеді. Уақытша үкіметке және оның халық қалап сайлаған жауапты қызметкерлерінің және үкіметтің сот мекемелерін «бұл ескі режимнің мекемесі» деп олардың қасақана беделін кетіруге, халық алдында сенімін жоюға, сөйтіп, оларға қарсы ылаң салып, оны өршітіп, қоздыруға тырысуда. 5 мамырда атқару комитетінің бюросына жауапқа шақыртылып, онан жауап алу кезінде мәжіліс өткізуге мүмкіндік бермегендіктен, оның кабинеттен шығып тұруын ұсынған кезде өзінің шектен шыққан іс-әрекетімен комиссардың жәрдемшісін қорлады.

#### **Атқару комитетінің бюросы қаулы етті:**

Әлниязов Тобанияз тез арада Форт-Александровск жанындағы тұтқындар үйіне қамауға алынсын және осы қаулының көшірмесі Әлниязовқа қарсы шұғыл қылмыстық іс қозғау үшін Маңғыстау уездік бітістіруші (*мировой судья*) сотқа тапсырылсын.

Бұған қосымша, бітістіру сотының тексеру жұмыстарынан, сотқа жауап беруден Әлниязовтың жалтарып кету жолдарына тосқауыл қою үшін оны тұтқында ұстау сұралсын. Өйткені, Әлниязов уез басқармасынан өзі көзден таса болып жасырынып, басқа жаққа кету үшін паспорт алуға барлық әрекеті мен айласын жасайды. Ал Әлниязовты жасырып, құтқару, бой тасалату үшін және оның ел ішінде Уақытша үкіметке қарсы қоғамдық, зиянкестік үгіт жүргізуіне мүмкіндік беріп қолайлы жағдай туғызу үшін қызмет орнынан босатылған бұрынғы басшылар – ескі режимді жақтаушылар барлық күш-жігерін жұмсайды. Әлниязовты тұтқындау жөніндегі осы қаулыны орындау уездік комиссарға тапсырылсын.

Атқару комитетінің төрағасы прапорщик Краснодембский»

Осы қаулыға сәйкес Тобанияз 10-27 мамыр арасында Қылмыс заңының 100, 125, 129-баптары бойынша айыпкер қатарында Форт-Александровск әскери гауптвахтасында тұтқында жатады (Аталған қор, 1104 іс, 137-138 б.). 1917 жылғы 27 мамырда уездік бітістіру соты Заңдар жинағының жаза туралы 125 және 129-баптарына сәйкес Тобанияз Әлниязовтың ісін қарап мынадай қаулы алады:

«...Маңғыстау уездік бітістіру соты 1917 жылы 27 мамырда Заңдар жинағының жаза туралы 125 және 129-баптарына сәйкес қылмыскер ретінде айыпкер Тобанияз Әлниязовтан оның әрекетінің түбі – құқын жоюға апарып соғатынын ескертіп жауап алды.

Бірақ оның қылмысты әрекетін дәлелдейтін айғақты материалдар әлсіз, әрі айыптауға жинақталған жанама дәлелдер азайды. Айыпкерді тұтқында ұстау шарасының орнына оған бұлтартпау шарасы ретінде 1000 сом төлеу дұрыс деп белгіленді. Қылмыс заңының 6-п. 416, 419 және 421-баптарына сәйкес уездік сот қаулы етті:

Бұлтартпау шарасы ретінде 1000 сом төлеу және оны тапсырғанша қамауда ұстау таңдалды.

Маңғыстау уездік бітістіру соты *(қолы қойылған)*

Бұл қаулы айыпкердің өзіне хабарланды».

(Аталған қор, 1104 іс, 131 б.)

Сыныққа сылтау іздеп, тек өз мүддесінен басқаны көздемейтін, бір ұртына май, бір ұртына қан тыққан кейбіреулер Тобанияздың аз уақыт ішінде екі рет тұтқындалып істі болғанын желеу етіп, оны енді құрдымға құлатудың жолын іздеді. Осының арқасында «екі жеп биге шығып», жаңа заманға лайық билікке араласуды көздеді. Топ құру, арыз ұйымдастыру етек алды. Бұл жаңадан басшы ауысса, не заман ауыс-түйіс күйге ұшыраса, бұрын ел басқарғандарды «қара есекке теріс мінгізіп», ит қосып қуу қанға сіңген әдет, теріс мінез Тобанияздың басына да қара бұлт төндірді.

Бұл жөнінде Орталық архивте І-Бозашы болысының сенімді өкілдері мен куәлерінің атынан 1917 жылғы 30 қарашадағы үкімі сақталған. Енді сол үкімді тыңдап көрейік:

«...Біздер төменде қол қоюшылар І-Бозашы болысының сенімді өкілдері мен куәлерінің қатысуымен осы үкімді жасадық.

Маңғыстау уездік атқару комитетінің қаулысында, уақытша комитеттің ережесіне сәйкес уездегі барлық болыстар қызмет орындарын теріс пайдаланып, қиянат жасағандықтары үшін қызметтерінен аластатылды. Бұл іс жүзінде дәлелденді, әсіресе, мемлекеттік салықтарды дұрыс төлемеу және белгіленген мерзімде өткізбеу, т.б., сондықтан да олар барлық уақытта борышты болды. Біздің басқарушымыз Абдулла Мамаев барлық салықтарды және

қарыздарды мүмкіндігінше тапсырды. Абдулла Мамаев ел арасында абыройға ие болған, беделді адам. Оны жоғарыда аталған атқару комитетінің ұсынуымен халық сайлаған. Абдулла Мамаев осы уақытқа дейін ешқашанда орындамаушы, іске салғырт қараушы болмаған, қайта, керісінше, бізге пайдалы қоғамшыл болды.

Тылға жұмысшы жіберу мәселесіне келсек, тек Абдулла Мамаевтың арқасында І-Бозашы болысы басқалар үшін үлгі болды (асты сызылған сөйлемдерге назар аударыңыздар, бұл кездерде ол І-Бозашы болысының басқарушысы болмаған – З.И.).

### **Комиссар мырза!**

Біз осы үкімді басқа біреуге басшылықты бермеу үшін жасадық. Ал біздің елден шыққан қырғыз (*қазақ*) Тобанияз Әлниязов пен Қарағұл Қарамырзаевқа келсек, олардың империялық және азық-түлік қорына халықтан жиналған 8000 сом ақшаны бас пайдаларына жұмсау үшін қызмет орындарын пайдаланып, қоғамға қиянат жасағандықтары үшін сотқа тарту керек.

Әлниязовтың қызмет орнын пайдаланып қиянат жасағандығы атқару комитетінің қаулысынан да белгілі. Тұтқынға алынып ісі сотқа берілген. Қазіргі күні ісі Асхабад округтік сотында. Ол қазіргі күні тәжік Қарамырзаев және басқалардың 1000 сом төлеуімен қамаудан босап кепілдікте жүр.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келіп, біздер келешек біздің болысты басқарушы Абдулла Мамаев болуын сұраймыз».

(Аталған қордың 1078 ісі, 10-12 б.)

Осы үкімге Ақбота ауылынан Өмір Бәкімбаев, Байгелді-Аман ауылынан Толыбай Наурызалиев, 1-Олжашы ауылынан Бердімұрат Чонтаев, 1-Бәйбіше ауылынан Қуанбаев, Бөкен ауылынан Құлшық Тілеубаев... – барлығы 184 адам қол қойған.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» – Мамаев Абдулланың болыс болып қалуы. І-Бозашы болысын ұзақ жылдар басқарған Қарағұл Қарамырзаев пен Тобанияз Әлниязовтың бұған дейінгі атқарған істерін жоққа шығарып, олардың басындағы олқылықтарды айтамын деп, Уақытша үкімет орнағанша елдегі беделді екі азаматты орынсыз қаралап, беделіне күйе жағып, енді ит қосып қуып, берісі кіріптар етуді, әрісі соттатуды ойластырған.

Әділдігі керек, Тобанияз бен Қарағұлдың «тасы өрге домалап» тұрғанда осы үкімге қол қойғандардың көпшілігі олардың сөзін аяқ асты ету былай тұрсын, тасбихтай қадірлегендер. Енді қолдың кіріндей, қолға ұстаған мұздай баянсыз қызмет үшін екі азаматтың мойнына тас байлап, құрдымға лақтыруға шімірікпей-ақ барып тұр. Әрине, арыздағы 184 адамның бәрі бірдей қол қоймаған болуы

керек. Арыз жеке адамның ұйымдастыруымен өмірге келген. Түп-теп келгенде, бұл нағыз жатып атар, көрпе астынан қолтығыңа ши жүгіртер көлеңкенің әрекеті. Арызға кезінде уез бастығы Черкасов та күмәнданып, осы үкімнің бетіне «Қазіргі күні кім басқарады? Бұл үкім неліктен шығарылған?» деп 1918 жылы қаңтарда қол қойған. Алайда шындық пен әділдіктің жолы қашан да ауыр, қиын болғанымен, Тобанияз бұл жаладан да аман құтылады.

Әланиязов тағдыр талқысына талай рет түссе де, жаланың азабын тартса да, келешектен үмітін үзбеді. «Тұйықтан шығар жол қайсы? Халық мүддесін қалай ақтаймын? Қазір алдымда маған белгісіз екі айырық жол тұр – қай жолға түскенім дұрыс?» - деген тоқсан толғауы бар сұрақтардың шешімін іздеді. Сөйтіп, жабылған жалаларға қарамай, тәуекел етіп, 1920 жылы наурыз айында КИР Өлкелік комитетіне бүкіл Адайлардың атынан келіссөз жүргізуге делегацияны ұйымдастырып, басқарып келді.

Себебі, бұл кезде бұрынғы Маңғыстау уезінде Кеңес үкіметі орнамаған, бұрынғысынша Закаспий облысына қарайтын. Закаспий облысы, Форт-Александровск қаласы қызыл армияның қарулы күшінен ығысқан ақ гвардияшылар мен генерал-лейтенант В.С.Толстов басқарған ақ казактар отрядтарының билеуінде еді.

Сондықтан да ақ пен қараны айыру қиын болып тұрған дүрбелең шақта да ақ казактарға арқа сүйеген және орыс отарлаушыларының сеніміне бұрыннан ие болған генерал-лейтенант Толстовтың қолдауымен түрікмендер Маңғыстау уезін мекендеген қазақ ауылдарын шауып, мал-мүлкін тонап, әйел-қыздарын олжалап, берекесін кетіре бастады.

Тобанияз Әланиязов бұл қорлыққа, ел намысының көрер көзге тапталуына шыдамады. Елдің ар-намысына ақау түсіргісі келмеді. КИР Өлкелік комитетінен көмек сұрады. Бұл жөнінде Орталық архивте сақталған құжаттар жеткілікті. Осыған орай Қазақ өлкесін басқару төңкеріс комитеті қаулылар қабылдаған. Архивте бұлармен қатар 1920 жылдың наурыз-сәуір айларында Закаспий облысы Адайлар өкілдерінің Адайларды КИР өлкесіне қосу туралы; Адайларды басқару туралы; Адайлар ісі жөнінде арнаулы өкіл сайлау туралы; Адайлар съезін шақыру туралы; Адай әскери атты әскер полкын ұйымдастыру туралы; Красноводск уезінен екі болыс елді Маңғыстау уезінің құрамына қосу туралы; тағы басқа аса күрделі, өзекті мәселелер қаралып, тұжырымды қабылданған шешімдер бар.

Бұл шешімдердің қабылдануына сөзсіз Тобанияз Әланиязов тікелей қатысқан. Олай дейтініміз 1920 жылы 24 сәуірде КИР Өлкелік комитеті Ғұбайдулла Әлібековті Адай ісі жөніндегі арнаулы



өкіл етіп тағайындап мандат беріп, маусым айында Маңғыстаудан өз алдына уез ұйымдастыруға жібереді. Бір құжатта Ғ.Әлібеков Адай руына қарайтын барлық топтары мен бөлімдері өкілдерін қатыстырып, Адай уезінің ұйымдастыру съезін (дұрысы кеңесін) Ақшелек деген жерде өткізді деп көрсеткен. Ал, архив деректері бойынша 11-14 маусым 1920 жылы Боркөл шатқалында Закаспий облысы Маңғыстау уезіндегі көшпелі Адайлар мен Табын, тағы басқа рулардан және Темір, Красноводск уезінің бірсыпыра болыстарынан сайланған делегаттардың I-съезі өткен. Адай уезі бұрынғы Маңғыстау уезінен 13 болыс, Темір уезінен 11 болыс, Красноводскіден ІҮ және V-Адай болыстары, Гурьевтен екі болыс ел, яғни 28 әкімшіліктен ұйымдастырылды. Уез тікелей Орынборға бағынатын болды. Съезде уездік төңкеріс комитетінің басшылары сайланды. Төңкеріс комитетінің төрағалығына Тобанияз Әлниязов, орынбасарына Сыдиық Жұбаев, мүшесі болып Хұсайын Жаналиев бекітілді.



Ғ. Әлібеков



Т. Әлниязов



С. Жұбаев

Съезд Маңғыстау уезінің көшпелі жағдайына байланысты (кезінде Ғ.Әлібековке Адай уезін басқарудың уақытша жеңілдетілген үлгісін жасау тапсырылған – З.И.) шаруашылық, мәдени және т.б. мәселелерді шешу жөнінде кең көлемді қаулы қабылдады. Уездің алғашқы ұйымдастыру жұмысы көшпелі өмір тұрмысында өте ауыр кезеңде өтті. Уездік төңкеріс комитетінің тұрақты орны болмады. Ойылда, онан кейін Қолада, ақырында Форт-Александровскіде орналасты.

Қалай болғанда да осындай кең көлемде «аттың жалында, атанның қомында» жүріп, бұрын негізі жасалынбаған, жаңа жүйеде уезді ұйымдастыру, оны Кеңес үкіметінің бағытына көшіру, көшпелі өмірді кеңестік өмірге бейімдеу, шаруашылық, мәдени, оқу-ағарту, сауда, т.б. халық шаруашылығын жаңа арнаға салу оңай емес. Қазіргі күні білімді кадрлары жеткілікті, экономикасы, техникасы,

шаруашылығы қалыпқа түскен кездің өзінде заманның өзгерісіне сай басқарудың бір жүйесін екінші жүйеге ауыстырудың қаншалықты қиындыққа душар етіп отырғанын еске алсақ, Тобанияз Әлниязовтың бұл кезеңдегі атқарған жұмыстарын тек ерлік іс деп бағалаймыз. Әділдігін айтқанда, Маңғыстау уезіне Красноводскіден екі болыс елді қосып алу, Қарабұғаздан бастап Ойылға дейін кең көлемді аумақты сақтап қалу Тобанияз сияқты елін ардақтаған, адамгершілігі мол азаматтың қажырлы еңбегі.

Әрине, Тобанияз Әлниязов төңкеріс комитетінің төрағасы болған кезең ел өміріндегі өте ауыр кезең екені баршаға аян, оған тарих куә. Соған қарамастан елдің елдігін, салт-дәстүрін сақтауда, экономикасын нығайтуда, елді Кеңес үкіметінің бағытына бұруда Тобанияздың үлкен қажыр, қайрат жұмсап, іскерлік танытқаны шындық. Ол Қазақстан тарихында елеулі орын аларлық тарихи тұлғалардың бірі. Алайда ел ардақтыларын қылмысқа тартудың, оларды масқаралаудың қара дауылын әкелген, оларды тарих тұңғығына батырған Ф.Голощекиннің әпербақандығы кезінде өзі ұйымдастырған уезде елін көркейту жөнінде аянбай терін төккен асыл ер Тобанияз ОГПУ-дың құрбандығына шалынды. Талай боздақтар «тобаниязшылар», «әлниязывшылар» деген айдармен жазаға тартылды. Тек тәуелсіз ел болып, енді-енді алды-артымызға көз жүгіртіп, біз кім болдық, қандай жолдардан өттік дегенді сарапқа сала бастадық. Елі үшін өмірін қиған ерлер есімін елеп-ескеруге мүмкіндік туды.

Әрбір адам жазылмаған бір дастан деп ұқсақ, Тобанияз Әлниязовтың дастаны енді басталды. Біз ұсынып отырған деректер сол дастанды толықтырар беттердің бірі деп білеміз.

*«Ақиқат» журналы  
№10, 1995 ж.*

## **Архив құжаттарынан**

1 қараша 1921 жылы Адай уезі бойынша 2000 бала аштыққа ұшыраса, бас-аяғы төрт айда бұл көрсеткіш 3079-ға жетті. Төнген ажалдан елін құтқарған Адай уезінің сол кездегі ревком төрағасы болған Жалау Мыңбаев азаматтығын көрсетті.

Ашығын айтуымыз керек, Тобанияз Әлниязов өз басына төнген қауіп-қатерге қарамастан аштықтан халқын аман сақтау үшін

Қазақстан Орталық атқару комитетіне: «Уездегі ашыққандарды жеке байларға бөліп беру керек», - деген ұсыныс қойды. Бірақ өзімен жолда сапарлас, дастарқанда табақтас болған «жылтаны сыртта, іші арам» «жолдастары» Тобанияздың бұл ұсынысын жоғары үкімет басшыларына, заң орындарына солақай түсіндірді. «Тобанияз байлардың сойылын соғушы, кедей-жалшыларды байларға құл етіп бермекші, мақсаты хан болу, Кеңес үкіметін танымайды, Кеңес үкіметіне қарсы қарулы әскер жинап жатыр, салықтан жиналған малды жақын-жуық, жекжаттарына таратып берді» деп жалған жалаларды арызбен де, ауызша да Қазақстан басшыларына жеткізіп, оларды теріс ұғындырды. Өсекке жел берді. Сондықтан Қазақстан басшылары Тобанияздың ақылды ұсынысын қолдамады. Партия, үкімет басшылары тарапынан қолдау таппағаннан кейін елі үшін туған ер алған бетінен қайтпады. Алым-салықтан жиналған мал мен астықты ашыққан кедейлерге таратып берді. Тобанияздың бұл әрекеті өзінің мойнына үзілмес бұғау болып ілінді. Ақыры жоғарыдағы жаламен 1922 жылғы 19 қазан күні Орынбор абақтысына Тобанияз жабылды.

Ал, Жалау Мыңбаев осы кезде азаматтығын танытты. Тобанияздың кейбір жолдастарындай оған бәле жаппады. Тобаниязға жабылған «жаланың бәрінен хабарсызбын, білмеймін» дегеннен басқа тергеушіге жөнді жауап бермеді. Оған дәлел ретінде Қазақ Өлкелік Жоғарғы Сот трибуналының тергеушісі Кудиновке 25 қазан 1922 жылы берген жауабын толық келтірейік.

«...Куэ Мыңбаев мынаны көрсетті:

Мыңбаев Жалау Мыңбайұлы 36 жаста. Адай уезі Келімберді болысы, 1-Құнанорыс ауылында туған. Қаз.Орталық атқару комитетінің және Адай ревкомының мүшесі, партияда жоқ, сотты болмаған...

Әлниязовтың Кеңес үкіметіне қарсы үгіт жүргізгені маған белгісіз. Мен тек жергілікті кеңес қызметкерлерінің оны сауатсыздығы мен қараңғылығы үшін сүймейді деп естідім.

Әлниязовтың болыстық атқару комитетін, болыстық және аудандық ревкомдарды өз бетімен қызметтен босатқандығы маған белгісіз.

Хорезм республикасына Әлниязов қандай өкілдікпен барғанын да білмеймін. Хорезм республикасына барар жолда далалықта не істегені де белгісіз. Тек Әлниязовтың аз отрядпен Форттан шыққанын ғана білемін.



Ж.Мыңбаев

Әлниязов азық-түлік салығын жинағанын білемін, бірақ оны қайда, қалай жұмсағанынан хабарым жоқ. Бұл салықтан Әлниязов өз пайдасына жаратты ма, жоқ па ол да маған белгісіз.

Әлниязов жергілікті үкіметтің тапсырмасын орындамайды деп естідім, бірақ оған нақты дәлелім жоқ. Өйткені, қайталап айтамын, тек солай деп естідім. Басқа көрсететін еш нәрсем жоқ».

(ҚРОМА 256 қор, 3 тізбе, 19 іс, 138 б.)

Міне, «көрдім деген көп сөз, көрмедім деген бір сөз». Тобанияздың басына төнген қара бұлтты сейілту үшін Жалау билсе де, білмеді, көрсе де көрмеді, естісе де естімеді, азаматтығын көрсетіп азаматтың бағын кірлегісі келмеді. Қалайда Тобаниязды арашалаудың осыдан басқа амалы жоқ деп шешті.

Т.Әлниязовты абақтыға жапқаннан кейін Адай уезіне ревком сайлау Қазақстан басшыларына оңайға түспеді. Алдымен Темірбек Жүргеновке құрық салып көріп еді. Ол ат-тонын ала қашты, «аурумен» деген сылтаумен бұнан сытылып шықты. Сонан кейін Жангелдин, Қазыбеков аз уақыт Адай ревкомы қызметтерін уақытша атқарды. Уақытша болғандықтан өздерін «қонақ» санап, халыққа пайдасы тиерліктей ізгілікті із қалдыра алмады. Ақыры салмақ Жалауға түсті.

Жоғарыдағыдай қаңқу сөздердің әсері болса керек, Тобанияздың бар кезінде де онан кейінгі, Адай уезінің ашыққандарын сүйеу, көтермелеу, жәрдем беру істеріне Қазақстан Орталық атқару комитетінің жанындағы Ашыққандарға жәрдем көрсету жөніндегі орталық комиссия, оның төрағасы Сергеев қырын қарады, уез халқының ашыққандығына жаны ауырмады, безбүйректік танытты. Сондықтан да РСФСР Азық-түлік халық комиссары тарапынан Қазақстандағы ашыққандарға жәрдемге жіберілген астықтан, ақшадан, Қазақстан басшылары құр алақан қалдырды.

Міне, осы жағдай Жалаудың арқасына аяздай батты. Жүрегіне инедей қадалды. Ел тағдырына қабырғасы қайысты, халқының мұңын – мұңдап, жоғын – жоқтады.

Бұл пікіріміз Жалаудың 18 маусым 1923 жылғы (№2041) Қазақстан Орталық атқару комитетіне жазған хатынан айқын көрінеді. Ұзақ та болса хаттың өзін тыңдап көрелік:

«...Қазатком жанындағы Ашаршылық салдарына жәрдем көрсету жауапты үштігінің РСФСР Азық-түлік халкомынан наряд бойынша алынған 97 миллион пұт астықты Қазреспубликасы губкомдарына бөлу мәселесін қарап шешкен 24 сәуір 1923 жылғы №10 қаулысының көшірмесіне Қазатком іс басқарушысының 26 сәуірде қол қойып жіберген қатынасын 13 маусымда алдық.

Бұл астықты бөлу кезінде қалай екені белгісіз көшпелі Адайлардың азық-түлікке өте қатты мұқтаждығы назарға алынбаған. Бұл уездің егін екпейтін ерекше жағдайы, тіпті жақын жерден олардың астық алуға мүмкіндігінің жоқтығы, азық әкелуге жіберілген керуендердің қауіп-қатерге душар болуы, Жөнейтхан бандыларының олардың мүліктерін тонап, жүздеген адамды өлтіргендігі басшы орындардың барлығына бұдан бұрын әбден жеріне жеткізе негізделіп хабарланған.

Адай уезінің көшпелі жағдайына байланысты мүгедектерге, қызыл әскер отбасыларына, мыңдаған мұқтаж мүгедек кедей қазақтарға өзара жәрдем ұйымдастыруға мүмкіндіктің жоқтығы ең соңғы мәліметке дейін түп-түгел егжей-текежейлі бұған дейін бірнеше рет ауызша да, жазбаша да мәлімденген.

Қазақтар арасында еш нәрсесі жоқ, мұқтаж кедейлер мың-мыңдап саналады. Көшпелі тұрмысқа байланысты оларды бір жерден тамақтандыруды ұйымдастыру мүмкін емес. Айдалада жыл он екі ай бойы көшіп-қонып жүретіндердің соңынан еріп жүруге мүмкіндік таппағаннан бөлініп-бөлініп Хорезм республикасының Көне Үргенш, Қоңырат, Ходжелі, т.б. астықты жерлеріне босып кетті. Бұлардың ішінде де жарлы, еш нәрсесі жоқ мұқтаж кедейлер өте көп.

Азық-түлік жәрдемін бөлушілер тарапынан Адай уезінің азық-түлікке деген дағдарысына маңызды көңіл аударғанда, орталықтан жіберілген 97 миллион пұт астықтан белгілі бір үлес міндетті түрде тиген болар еді.

Жоғарыдағы жағдайларға ой жүгірткенде жәрдемге жіберілген астықты бөлу кезінде Адай уезіндегі астыққа деген лажсыз мұқтаж, дағдарыс жағдай ешкімге мәлімделмеген деп ойлаймын. Сондықтан, жоғарыда баяндалғандарды қорыта келгенде республиканың жеке-леген губерниялары мен уездеріндегі мұқтаждықты ескере отырып Кирреспубликасы үшін РСФСР-дан жәрдемге келген астықты бөлу жөніндегі Киратком жанындағы аштық салдарынан көмек көрсету үштігі мәжілісінің №10 протоколын қайта қарауды және онан Адай уезіне тиер белгілі үлесін беруді талап етемін. Мұның үстіне Адай уезіне бөлінетін нарядты келешекте Гомель губерниясынан емес, Астрахан губерниясынан, немесе, Петровскіден алуға ауыстыруды ұсынамын.

Менің осы мәлімдемеме сәйкес алынған шешімді Адай ревкомына хабарлауды сұраймын.

Адай ревкомының төрағасы Мыңбаев

(ҚРОМА 215 қор, 1 тізбе, 13 іс, 12 б.)

Жалаудың бұл хатын Қазақ Өлкелік атқару комитеті 7 шілде 1923 жылы «РСФСР тарапынан Қазөлкесіне жәрдемге жіберілген астықтың дұрыс бөлінбеуі туралы Адай ревкомының 18.ҮІ.1923 жылғы №2041 қатынасына сәйкес тиімді шара көр» деп №5053 қатынаспен Ашыққандарға жәрдем көрсету жөніндегі орталық комиссияға жіберді.

Бұл хаттағы сөздер комиссия бастығы Сергеевтің<sup>13</sup> шиканына ши жүгіртіп, жарасына тотияйын құйған болуы керек. Сондықтан да сұмжүрек Сергеев 9 шілде 1923 жылы Қазаткомге:



С.Д. Сергеев

«Адай уезі ашыққандарға жәрдем көрсету жөніндегі уездік комиссия тарапынан бұған дейін ашыққандар жөнінде бірде-бір хабар түскен жоқ. Сондай-ақ аштыққа ұшырағандардың саны, олардың мекен-жайы жөнінде мәлімет жоқ.

1921-22 жылдар үшін ашыққандарға жәрдем көрсету жөніндегі уездік комиссия әлі күнге есеп жібермей отыр.

Сондықтан қазіргі жағдайда Адай уезіне жәрдем көрсету мүмкін емес.

Қазақстан Орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары Сергеев», - деп шімірікпестен қол қойып жауап берді.

(Аталған қор мен істің 11 б.)

Сөйтіп, Қазатком төрағасының орынбасары Сергеев Адай уезінің халқына зұлымдық жасады. Ашыққандарға жаны ашымады. Қазатком басшыларына жалған мәлімет берді.

Адай уезіндегі аштық жөнінде Жалау Мыңбаевтың «ауызша да, жазбаша да бірнеше рет хабарланды, мәлімденді» дегені рас. Оны Қазақстан Республикасы Орталық архивте сақталған 1922 жылдың қараша айының 17, 19, 28 күндері (№89, 91, 92) Қазаткомге жолдаған хаттар, протокол көшірмелері, жеделхаттары толық дәлелдейді. Алайда, Жалау Мыңбаев кездескен кедергілерге тауы қайтқан жоқ, халқын ашаршылық апатынан аман алып қалу үшін қолынан келген қызметін атқарып, азаматтығын көрсетті. Кейін Қазатком тарапынан аз да болса азық-түлік пен ақшалай жәрдем алуға қолы жетті...

*«Маңғыстау» газеті,  
1997 жс.*

<sup>13</sup> Ол әрі Қазатком төрағасы С.Мендешевтің орынбасары – З.И.

## Доссор жұмыскерлері 20-жылдарда

«Бір аштықтың бір тоқтығы, бір тоқтықтың бір жоқтығы болады» дейді халқымыз. 1921-1922 жылдардағы ашаршылықта халықтың паналаған жері өнеркәсіп орындары болды. Өйткені, өнеркәсіп орындары өзек талмас қорек берді. Солардың бірі – Доссор мұнай кәсіпшілігі.

Біз Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорында сақталған «Еңбекшіл қазақ» газетінің 1924 жылғы сандарынан (№157, 17 қаңтар) еліміздің қоғам, мемлекет қайраткері жазушы Сәбит Мұқановтың сол жылдардағы Доссор жұмысшыларының халі туралы мақаласын араб әрпінен аударып, оқырмандарға ұсынып отырмыз. Ол материалда сол кездегі мұнайшылар тұрмысын, жергілікті халықты кемсіту, қорлау әрекеттерінің көрінісі айқын жазылған.



С. Мұқанов

Шамасы, Сәбең қаламының ұшы бұл мәселеге батыңқырап кетсе керек, мақала мәтіндегі жиырма жол алынып тасталыпты. Газет бетінде 20 жолдық орынның ашық қалғанына қарағанда, цензура газет беттеліп, машинкаға басылып кеткеннен кейін байқап қалып, қайта жазуға мүмкіндік болмаған болуы ғажап емес. Сондықтан, 20 жолдың орнын ашық қалдырып,<sup>14</sup> соңғы екі сөйлемді ғана жаза салған. Бірақ, соған қарамастан бұл мақала ашық та, ащы шындықтарға толы:

Доссор дейтін жерден жер майы (нефть) шығады. Патша заманында болсын, соңғы кездерде болсын, ол жерде жұмыс қылатындардың көбі қазақтар. Жұмыс табылып, еңбегі төленіп тұратын болса, барлық Гурьев уезінің қазақтарын жұмыскер деп санауға болады. Себебі, Гурьевтің қазақтарында қол күшінен басқа күн көрерлік дәулет шамалы. Доссорда өмірін соның жұмысымен өткізіп келе жатқан 600 шамалы қазақ бар. Патша заманында жұмысшылардың қандай халде болғандығын айтудың қажеті жоқ. Ақтар заманында пәлендей істелді деп айтуға болмайды.

Жұмысшылардың хукіметі – Совет хукіметі. Сондықтан, Совет хукіметінің тұсындағы халдерін айтып кетуге тура келеді.

<sup>14</sup> «Қазақ» газетіндегі патша үкіметіне қолайсыз жазылған сөйлемдерді тұтасымен алып тастап, орнын ашық күйінде жіберу патша цензурасының әдістері – З.И.

Саяси ағарту деген нәрсе Доссор қазақ жұмыскерлерінің арасында болған емес. Совет хукіметі орнағалы қазақ жұмыскерлері Коммунистік партияның бағыты түгіл кім екенін бір адамнан естіген жоқ. Бірлі-жарымды кіндіктен келген адамдар орыстар болғандықтан, қазақтарға түк түсіндіре алмады. Партияға кіруді де ұғындырған кісі жоқ. Доссордың яшейкесінде 8-ақ кісі бар. Оның 7-уі шеттен келген орыс жолдастар. 8-дің біреуі қазақ. Өзі кіргісі келген қазақтар куәлендіретін (рекомендатор) кісі болмағандықтан, партияға кіре алмай жүр.

Жұмыскерлердің арасында қараңғылық күшті. Жұмыскерлер түгіл басқарушылардың өздері кеңселеріне ағаш құдайларын (икона) 23-жылға шейін алып келіп, жуырда жұмыскер арасына келген Бисәлиев жолдастың күшімен зорға алып тастады.

Оқу деген шала-жансар. Бір мектеп балаларға арналып 22-жылдан бері ғана ашылды. Онда осы күні 100 шамалы бала оқиды. Қалған жұмыскер балалары оқусыз қаңғырып жүр. Мұғалім біреу-ақ. Үлкен жұмыскерлерге хат таныту деген ойланған жұмыс емес. Неден қорыққаны белгісіз, бір мектеп үлкендерге арналып жуырда ашылды. Оның да қай уақытта оқытатынын білмей, жұмыскерлер оқи алмай жүр. Кітапхана бар. Бірақ, барлық кітап орысша. Қазақша бір кітап жоқ. Газет-журналды жұмыскерлер білмейді.

Тұрмыс жайлары өте нашар. Жұмыскерлер жердің астынан жасаған казармада жатады. Төсек-орын атымен жоқ. 15-20 үйлі жан бір жерде жатып-тұрады. Тас үйлерді, ағаш үйлерді бастықтар: «Қазақтар тәртіп білмейді, үйдің ішін былғайды», - деп, қазақ жұмыскерлеріне бермек түгіл, маңайына да жуытпайды.

Азықты жалпы тәртіппен беретін болғанымен, Мәскеуден телеграмм алғанша беретін күні өтіп кетіп, жұмыскерлер қатты аштыққа ұшырайды. Қызмет ақыға ақшаның жоқтығынан кредит қағаз береді. Бұдан жұмыскерлер залал көреді.

Бұл ауданда жұмыскер әйелдер де көп. 22-жылдары жұмыс табылғанда 4-5 жүзге жетіп жығылып еді. Осы күні көбі тарап, азы қалды. Олардың да баяғы халдері басынан кеткен жоқ.

...(Осы жерден бастап 20 жол ашық қалған – З.И.).

Жалғыз-ақ көңіл қанағаттандыратын аурухана мен дәрігерлік іс ғана. Бұларды жақсы деп айтуға болады.

Сәбит

*Араб әрпінен кириллицаға аударған З.Ижанов  
«Ана тілі» газеті  
12 қараша 1998 ж.*



## Үлкен арнаның бір саласы

*Кешегі Новобогат (Қамыс қала) бүгінгі Исатай ауданынан да мол мұнай өндірілгенін бүгінгі ұрнақ білсе зой...*

Атырау өңірінен мұнай іздеуге патша үкіметінің 1894 жылғы 22 мамырда бекіткен заңына сәйкес әр түрлі қоғамдар, бірлестіктер, қалталы капиталистер жаппай аттанды. Солардың ішінде Новобогат жері де көзден таса қалған жоқ.

Күні кешеге дейін Новобогаттың байырғы тұрғындарымен сөйлесе қалсаң: «анау аурухана тұрған үй ағылшындардың атқорасы», «мынау кеңселер солардың мұнайшыларға салған жатақханасы еді», «анау жүрген кешегі ағылшынның ат айдаушысы еді», «ағылшындар Новобогат мұнайына ие бола алмай, аспанға шапшыған мұнай көшелерге ағып, өрттен қорқып бір жыл бойы жергілікті тұрғындарға от жақтырмай, тамақты сырттан тасып беріп тұрды. Кеңес үкіметінен кетерінде мұнай көзін қасақана жауып кетті. Сонан бері Кеңес үкіметі олар жапқан жерден мұнай ағыза алмай жүр» деп әңгімелейтін.

Сондайда: «Ойпырмай, ағылшындардың тұяғы тимеген жер қалмаған екен-ау», - деп ойлайтынбыз. Сөйтсек, «бақсақ бақа екен» дегендей ағылшындар деп жүргеніміз, ағылшын емес, қазақ даласының өкпесін тесіп, жіліктің майлы басын ұстап, майын сорып жүрген орыс отарлаушылары екен.

Атырау өңірінің басқа жерлерін тіміскілеп, мұнай іздегендерді айтпағанда бір ғана Сарайшық станицасына қарайтын Новобогат (Қамыс қала) поселкесі айналасынан 90 мың шаршы сажын<sup>15</sup> жерден өз үлесін бөліп алып, 27 адам мұнай барлау экспедициясын жүргізді. Ағылшын еместігіне жұрттың көзін жеткізу үшін олардың аты-жөнін толық көрсетуді жөн көрдік. Олар: коллеж-ассесоры<sup>16</sup> Борис Помпеевич Мультановский (Санкт-Петербург), дворян Александр Богданович Асрибеков, Сергей Николаевич Абрикосов (Мәскеу), Ино Карлович Адлер (Гельсингфорс), мещанин Владимир Ильич Больфсон (Подольск), Николай Ювенальевич Вабилин (Санкт-Петербург). Солардың бірі – ағайынды Нобельдер. Олардың тұрағы Лондон қаласы болғанымен өндіріс орындарын сенімді өкілдер мен директорлары шоғырланған Санкт-Петербург қаласындағы мекемесі арқылы басқарды.

<sup>15</sup> Бір сажын – 2,134 м.

<sup>16</sup> Коллеж-ассесор – YIII сынып азаматтық шен.

Жергілікті халықтың ағылшындар деп жүргені осы ағайынды Нобельдер, оның сенімді өкілдері Стенросс, Бишау және басқалар. Ағайынды Нобельдер Атырау өңірінің мұнайын барлау жұмысына 1911 жылдан бастап кірісті. Олар Ташкент-Орынбор теміржолы бойындағы Жұрын станцасында өзінің жүк түсіріп, тиеу базасын ашып, сол кездегі әкімшілік аймақ бөлінісі бойынша айтқанда Торғай, Орал облысына қарайтын Итассай, Кейкібас, Сатыбалды, Мортык, Құмсай, Қызылжар, Таскемер, Қияқты, Шенгелді, Теген, Қараөзек, Дөңгелек сор және Новобогат жерінен мұнай барлау жұмысын жүргізуге куәлік алды.

Ақырында ағайынды Нобельдің үміті ақталды. Новобогат жанындағы Құлпытастағы №2 учаскенің 64 скважинасынан бұрғы 113 сажынға барғанда 1915 жылы 23 шілдеде мұнай фонтаны атқылап, тәулігіне 25000 пұт мұнай берді. Сондай-ақ 4/55 және 5/53 учаскелерден де мұнай белгілері анықталды. Бірақ 2/64 скважинадан атқылаған мұнайға ие бола алмағандықтан оларды онан әрі бұрғылауды тоқтатты. Мұндай мұнайдың мол көзіне кездесемін деп ойламаған Нобельдер асығыс түрде 50 мың пұттық жерге қойма жасап соған құйды. Есепсіз аққан мұнай бұл қоймадан асып, Новобогат көшесін бойлап ағып кеткендіктен 75 мың пұттық тағы да жер қойма жасап, соған ауыстырды. Темір резервуар ол кезде дайын болмады, әрқайсысы 250000 пұттық екі темір резервуар 1916 жылдың наурыз айына дейін іске қосылмады.

«Новобогаттағы мұнай, - деп жазды сенімді өкіл өзінің 1915 жылға берген есебінде, - бұл тек мұнай қабаты ғана емес, ол мұнай ұясы (*гнездо*). Оның қуатын анықтауға мүмкіндік болмады. 113 сажын жерден мұндай мұнай атқылау басқа бір де бір өндіріс орнынан кездеспеген жағдай».

Новобогаттағы мол мұнай көзіне кездескен ағайынды Нобель серіктестігінің алдына өндірілген мұнайды сақтау, оны пайдалану, өркендету, тасымалдау, саудаға шығару, т.б. мәселелерді қойды. Ең алдымен бұл жерде тұрақты мұнай көзі болғандықтан әкімшілікке кеңсе, мұнайшылар үшін үй, өндіріс базасы, қоймалар, шеберханалар, насос және электр станцияларын салу, өндірілген мұнайды тасымалдау кезек күттірмейтін мәселе болды.

Сол үшін ағайынды Нобельдер бірлестігінің сенімді директоры Белямин, сенімді өкілі Стенросс 1916 жылы 7 қаңтарда (№3) өлкелік инженерге, 24 наурыз 1916 жылы Астрахан генерал-губернаторына, Орал әскери шаруашылық басқармасына, Орал әскери казак атаманына Новобогаттың биік жерінен 8 десятина жер бөлуді, өндірілген мұнайды Астраханға жеткізу үшін Каспий теңізі жаға-

лауындағы Бабан учаскесінде пристань салуға, оған дейін мұнайды құбырмен айдау үшін Құлпытастан Шұбартөбе арқылы Жанбай шығанағына трубамен мұнай жеткізетін орын және жолда мұнай айдау станцияларын салуға 5 десятина, сол бағытқа мұнай құбырын жүргізуге және тар табанды теміржол салу үшін ендігі 3 сажын жер бөлу жөнінде ұсыныс қойды.

Сонымен қоса өндірілген мұнайды Каспий арқылы кемемен тасу, не Астраханға дейін құбырмен жеткізудің мардымсыз екендігіне баса назар аударып, қалай болғанда да мұнайды сауда базарына шығару үшін Новобогат арқылы Самар-Гурьев теміржолын салуды ұсынды. Астрахан генерал-губернаторына: «...Әзірге темір резервуарларды көбейтіп, мұнайды соған жинап, насоспен құбыр арқылы Каспий теңізіне, онан кемемен Баку мұнай өндеу заводына жеткізу, екіншіден, Астраханға жеткізіп, сауда базарларына шығару қажет» деп талап қойды (ҚРОМА 686 қор, I тізімдеме, 30 іс, 24-26 б.).

Бұл күрделі мәселе шешімін тапқанша ағайынды Нобельдер серіктестігі өндірілген мұнайды Бабанға құбыр арқылы жеткізуден бұрын Бақсай өзенін (жергілікті халық Боқсақ деп атайды) мұнай тасудың тиімді жолына айналдырмақшы болып, өзенге жүзбелі понтон жасап, өзеннің ағысымен мұнайды Бабан пристанына бөшкемен тасуды ойластырды. Қатынас жолын қысқарту және оны тиімді пайдалану үшін Бақсай өзеніне Новобогат тұсынан ағаш көпір салуды қолға алды. Бұл көпір әлі де бар.

Алайда тағдыр ағайынды Нобельдер бірлестігінің мақсат-мүддесін ойлаған дәрежеде шығармады. Новобогат мұнайы шетелдіктердің игілігіне толық айналмады. Бірінші дүниежүзілік соғыстың тақсиреті оны дамытуға белгілі дәрежеде кедергі, кесел болды. Нобельдіктер тек Бабан пристанына мұнай жеткізу мақсатын көздеп, құбыр тартуға дайындық жұмыстарын жүргізді де жаңадан мұнай өндіру, мұнай көзін ашумен айналыспады.

Сондықтан да Нобельдің сенімді өкілі Стенросс 1916 жылы 7 қаңтарда: «Өндірісті жетілдіру және оны жаңарту жөнінде еш нәрсе жасалған жоқ» деп хабарлады. Осыдан кейін: «Соғыс жағдайына байланысты және финанс міндеттемелерін орындау мерзімін кейінге қалдыру салдарынан ең көп болғанда 1 миллион пұт мұнай өндіруді ғана 1916 жылға жоспарлап отырмыз» деп рапорт берді (ҚРОМА 678 қор, I тізімдеме, 10 іс, 17, 80-95 б.).

Бірақ істің нәтижесі 1916 жылдан бастап құрдымға кете бастады. 1916 жылы Новобогат мұнай өндірісі тек 50 мың пұт қана өндірді. 1917 жылдан бастап өндірістің де, жұмысшылардың да халі нашарлады.

Жұмысшылардың ай сайын 1 сом 20 тиыннан 2 сом 25 тиынға дейін алатын еңбекақысы күн көруге, өмір сүруге жетпеді, жұрт азып-тозды.


Гурьевтегі сенімді өкілі И.И.Зейденбаумға 1917 жылы 8 наурызда өндірісті тексеруге келген өкілі А.Скоморовский:

Аса құрметті Иван Иванович!

Мен Новобогатқа келгенде мынадай қайғылы жағдайға кездестім: дүкенде азық-түліктен еш нәрсе жоқ. Етті көптен көрмеген, балық та жоқ, жұмысшылардың киімдері алба-жұлба, жыртық, жалаң аяқ. Оларға қосалқы шаруашылықтан бөліп берер еш нәрсе жоқ. Сондықтан Гурьевтен мата, аяқ-киім сатып алуға, тамақ үшін 25-30 қой сатып алуға, әрине, ірі қара болса әбден жақсы, көмек көрсетсеңіз екен» деп жазды.

(ҚРОМА 686 қор, I тізімдеме, 24 іс, 79-80 б.)

Сол уәкіл 19 наурыз күні: «Бірінші кезекте бізге ішуге жарайтын ұн жіберуіңізді өтінемін, мүмкіндігі болғанынша молырақ, бізде еш нәрсе жоқ» деп соңғы хатын жіберді.



Ақырында ағайынды Нобельдердің бірлестігі 1918 жылдың ортасына жетпей-ақ жылжымайтын мүліктерін Кеңес үкіметіне тастап, жұмысшы-қызметкерлерімен есеп айырысып, Кеңес үкіметінен аттонын ажыратып тынды.

Кейін Кеңес үкіметі Новобогат мұнайын өндіру жөнінде тынымсыз жұмыс жүргізді. Новобогат мұнайы кеңестік жүйеге жеткіліті бұйырмады, мұнай сараң өндірілді. Соңғы кезде Забурын, Марташи және 1997 жылдан бастап Новобогат алаңдары игеріліп, жылына бір миллион тонна қара алтын өндіретін үлкен салаға айналды.

*«Ана тілі» газеті  
11 маусым 1998 ж.*

## Кәмпескелеу қасіреті

**Кәмпеске** – латынның confiscation – мүлікті иесінің ықтиярынсыз алу деген сөзінен шыққан. Кеңес үкіметінің кулактар мен байларды тап ретінде жою мақсатында жүзеге асырған саяси науқаны. Бұл жымысқы саясатты «тендік», «еркіндік» ұранымен бүркемеледі. Ғасырлар бойы қанап келген байлардан үлесінді алып береміз. Байларды кедейлерге теңейміз, байлар мен ауқаттылардың мал-мүлкін кедейлерге, жоқ-жұқаларға тегін үлестіреміз. Байдың малы кедейдің малы, кедейдің маңдай терімен жиылған мал. Ол кедейді қанау арқылы байып отыр деп алдын ала баспа сөздерде жұртқа ұғындырды.

КОКП Орталық комитетінің, Орталық атқару комитетінің бұл құйтырқы саясатын Қазақстан басшылары қолдады. Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы Ф.Голощекин, Орталық атқару комитетінің төрағасы Е.Ерназаров пен Халық Комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Нұрмақовтың қолдарымен және ОГПУ, НКВД органдарының күшімен жүзеге асыруға кірісті.

1926-1927 жылдары РСФСР Қылмыс заңының 62-бабына сәйкес Қазақстанның әр округінен жекелеген байларды республикадан тыс жер аударып халықтың мінез-құлқына қаншалықты әсер ететіндігіне алғаш рет байқау жүргізді. 1921-1924 жылдардағы ашаршылықтан титықтаған, әрі «байдың малы – сенің маңдай терің» деген жылы сөзге сенген аңқау халық мұны қолдады.

Сонан кейін Қазақ Өлкелік партия комитеті 1927 жылы қараша айында ҮІ-пленумында «Байларды тап ретінде жою туралы» мәселені талқылап, әрбір ауыл, аудан, округ бойынша байлардың құпия түрде мал-мүліктерін, жан есебін кәмпескеге жататын байлардың жасырын тізімдерін жасау ОГПУ органдарына тапсырылды.

16 тамыз 1928 жылы «Кәмпескеге дайындық және оны өткізудің тәртібі туралы» Ноготовичтің баяндамасы Орталық парткомиссияда талқыланып бекітілді. Ірі байларды кәмпескелеу туралы қаулының іске асыру жобасын Н.Нұрмақов, партия ұйымдары мен ауыл коммунистеріне ашық хатты О.Жандосов пен Ғ.Тоғжанов, батырақтар мен кедей-жалшыларға арналған үндеуді Ғ.Тоғжанов пен А.Асылбеков, «Қосшы» ұйымдары мен орман-тоғай қызметкерлеріне арналған ашық хат-үндеуді С.Сапарбеков, Т.Әлиев, С.Атырауов, қаулы-қарарларға қосалқы түсініктемелерді Н.Нұрмақов, М.Мырзағалиев, Ж.Садуақасовтар дайындады. Ғ.Тоғжанов науқанға қатысты листовка тақыраптарын айқындады. Олар жанкешті еңбек етті. Қаулы-қарарларды, үндеу-ашық хаттарды екі күн ішінде әзірледі.

Сөйтіп байларды кәмпескелеу туралы қаулы да, декрет те 27 тамыз 1928 жылы жарияланды. Заң бойынша ірі қараға шаққанда көшпелі аудандарда 400-ден астам, жартылай көшпелі аудандарда 300, отырықшы аудандарда 150 бас малы барлар және малының саны бұл мөлшерге толмағанмен өзінің үстемдігімен әлеуметтік істерге тигізген зияны жергілікті әкімшілік орындары арқылы анықталғандар, сұлтандар мен хандардың ұрпақтары, ел билеген болыстар, атқамінер мансапқорлардың мал-мүлкі кәмпескеленіп, жер аударылатын болды. Кәмпескелеу сол жылы 1 қыркүйекте басталып 1 қарашада аяқтау міндеттелінді.

Кәмпескеленуге жататын қожалықтың «жалпы саны 700-ден, Қазақстаннан тыс жерге аударылатындар саны 75 кісіден аспасын» деген мөлшер бекітілді. Қазақстан бойынша 12 округтегі «кәмпескеленетін байлардан 300 мың бас мал алынады» деп жоба жасалды. Сонымен бірге кәмпескеленген мал мен мүліктің 60-70% кедейлерге, құрал-саймандар ұжымдық бірлестіктерге, олардың үйлері мектептер мен мәдени мекемелерге беру көзделді.

Кәмпескені жүзеге асыруға 1500 комиссия құрылды. Жер-жерге республиканың орталық ұйымдарынан 922 өкіл жіберілді.

Кәмпескелеу барысында әділетсіздік өрістеді. Қорқыту, зорлау етек алды. Көпшіліктің санасы уланды. Әкеге баласын жау санатты, ананы баласынан айырып, зарлатты. Бірақ нақты жағдайдың бәрі бүркемеленді, халықтан жасырын, құпия сақталды. Соның салдарынан күні бүгінге дейін Қазақстанда қанша қожалық, олардан қанша мал-мүлікті кәмпескеленген туралы нақты дерек анықталмаған. Орталық комитеттің есепті баяндамасында 696 қожалық, жариялаған есептерінде 657, ППОГПУ қызметкері Сергеевтің ОАК-нің төрағасы Е.Ерназаровқа 8.12.1928 жылы тапсырған мәліметінде 656, информатор Беспаловтың 28.11.1928 жылы дерегінде 664, ППОГПУ шығыс бөлімі – Саенконың 25.10.1928 жылы мәліметінде 710 қожалық тәркіленгені жазылған. Кәмпескеленген мал басы мен мүліктер туралы деректерде осындай шатысқан былықтар.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатындағы 135 қорда кәмпескеге ұшыраған ірі байлар туралы 927 папка кәмпескеге ұшыраған қожалықтар саны мұнан әлдеқайда көп екенін көрсетеді. Оның басты себебі Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И.Голощекин өзі айтқандай: «Кәмпеске науқаны кіші Қазан төңкерісі есебінде жүргізілді».

Байларды кәмпескелеу жөніндегі қаулыда «кәмпескеленген байлардан 300 мың бас мал аламыз» деген жобаның жартысы да орындалмағандықтан оның орнын толтыру мақсатында әрбір тәркі-

ленген байға орта есеппен 3 шаңырақтың, еншісі, есебі басқа болса да, оның туысқан, жекжаты, тіпті көршілерінде қосып кәмпескеледі. Оны Қазақстан Орталық партия комитеті, Орталық атқару комитеті, республикалық сот, прокуратура орындарынан бастап И.В.Сталинге, М.И.Калининге, одақтық сот, прокуратура басшыларына жазылған 916 байдың арыз-шағымдары нақты дәлелдейді. Бұған қарағанда жалпы есебі 2000 шаңырақтан асады. Ал жан саны он мыңға жетіп жығылады.

Осындай кәмпеске қасіретіне шарпылған Қазақстандағы 12 округтің бірі – Гурьев (қазіргі Атырау облысы). ППОГПУ-дың шығыс бөлімі ҚазАКСР бойынша өкілінің жасаған алғашқы мәліметі бойынша Гурьев округінен 35 байды кәмпескелеу белгіленген. Бірақ, ократком төрағасы бұл тізімдегі байларды уақытында нақтылап ОАК-не тапсырмаған.

Сондықтан, Е.Ерназаров пен Волленберг 6 қыркүйек 1928 жылы ократком төрағасы Ж.Мыңбаев пен окрОГПУ бастығына: «Сіздің округке 35 байдың мал-мүлкін кәмпескелеуге жоспар берілген еді. Бірнеше рет ескертіле тұрса да көрсетілген мерзімге ешбір мәлімет бермей отырсындар. Мұны маңызды науқанды жүзеге асыруға жасалған қылмысты әрекет деп табамыз. Сондықтан екі күн мерзім ішінде барлық материалдарды жинастырып тапсыр» деген қаһарлы жеделхат жолдады (ҚРОММ 135 қор, 10 іс, 19 б.).

Осыдан кейін округ бойынша кәмпескеге жататын 33 байға тізім жасалды, ол кейін 24 адам болып нақтыланды.

Олар:

Бірінші топпен:

1. Доссор ауданы бойынша: Саржан Нұржан әйелі, Қазыбек Бекмырзаұлы, Жақсығали Үмбетәліұлы, Ермағанбет Баетұлы, Шоқан Қарағұлұлы, Жексенғали (Жақсығали) Жақсыбайұлы.
2. Қызылқоға ауданынан: Байтілеу Кемесайұлы, Избасар Жанайысұлы (Жанақұлы), Бейсенбай Есболғанұлы, Дүзелбай Жұмабайұлы, Демеу Менделіұлы, Жақсығали Мырзағалиұлы, Бабас (Баяс) Елеубайұлы.
3. Теңіз (Құрманғазы) ауданынан: Өтепқали Әлиұлы.
4. Жаманқала (Махамбет) ауданынан: Сырәлі Бегәліұлы.
5. Новобогат ауданынан: Смадияр Смағұлұлы, Қажығали Мәменұлы, Арыстанғали Бейсәліұлы.

Екінші топпен:

1. Қызылқоға ауданынан: Жұмағұл Жұлдызұлы, Әлжан Игілікұлы.

2. Теңіз ауданынан: Құсайын Танашұлы, Қайырлы Құрманбайұлы.
3. Новобогат (қазіргі Исатай) ауданынан: Майран Омарұлы, Ерғали Жармағанбетұлы.

Округтік «Жұмыскер тілі» газетінде 5 қазан 1928 жылы (№50) жарияланды. Тізім соңына «ократком төрағасы Ж.Мыңбаев пен хатшысы Ақтанов» деп жазылды. Сонымен бірге «бірінші топта көрсетілгендер ірі байлар мен бектер, екінші топта ірі байларға жатпаса да Кеңес үкіметіне пейілі теріс, қарсы қызметі болғандықтан қоғамға өте-мөте қауіпті адамдар деп табылған» деп ескертпе берілді.

Кейін бұл тізімге ОАК тарапынан мынадай бірқатар өзгерістер енгізілді: «Доссор ауданындағы тізімнен Шоқан Қарағұлұлы мен Жексенғали (Жақсығали) Жақсыбайұлын, Қызылқоға ауданынан Избасар Жанайысұлын (Жанак), Бейсенбай Есболғанұлын, Жақсығали Мырзағалиұлын, Теңіз ауданынан Өтепқали Әлиұлын тізімнен шығарып олардың орнына Аманбай мен Жаман Қожағұлұлдарын, Аманша Ақжігітұлын, Гапу Жұбаниязұлын, Жұмағали Сәмиұлын, Майқы Мамышұлы (Мәменұлы, Маймышұлы деп әр түрлі жазылған), Дүзелбай Жұмабайұлын, т.б. тіркеуге алып кәмпескелеңдер» деп ократкомге тапсырма берген.

Е.Ерназаровтың «мал-мүлкі кәмпескеленіп өздері жер аударылған байлардың кейбір әйелдері осы кезде байынан айырылып басқаға тисе, қыздары күйеуге шықса – жер аударылмайды» деген сөзі газетте жарияланысымен Гурьев округінен Муравник Ф.Голощекинге: «...Қаз ЦИК-тің байынан ажырасқан әйелдері елінде қалсын деген шешімі, олардың балиғатқа жетпеген бала-шағасы ата жұртында қалсын деген сөз. Олай болса кәмпескеге түскендердің барлығы да осыны желеу етіп, отбасы түгелдей өз елінде қалдырма деп біз қауіптеміз» деген жеделхатпен Е.Ерназаровтың үстінен шағым жіберді.

Кәмпескелеу науқанын өрістетуге өзге ұлт өкілдері бәрінен де қатты кіріскендігін мұрағаттық құжаттар айқындайды.

Байларды кәмпескелеу науқаны кезінде ел берекесін кетіріп, бала-шағаны үрейлендіріп, кәмпескелеуге жатпайтын көптеген байларды тіркеп Қазақ Орталық атқару комитетінен, ППОГПУ орындарынан тәркілеуге кемейтін байлардың санын көбейту жөнінде бірнеше рет Гурьев округтік кәмпескелеу комиссиясы жазған. Ондай байлар қатарында: Дүйсәлиев Бектібай, Исалиев Сахи, Дүйсәлиев Орынбасар, Есболғанов Бейсенбай, ағайынды Жанесовтер, Сәденов Сағат, Қисықов Жұмағали, Дүйсенғалиев Сахи, Алдабергенев



Төкеш, Адаев Сәбит, Әлжанов Ыбраш, Қожаров Ғабдулла, Жанкожин Жұмағали, Әлиев Өтепқали, Бәйтiлепов, т.б. бар.

Округте байларды кәмпескелеу ісіне жауапсыз қараған, қарсылық білдірген немесе оларға көмектесті деген желеумен 8 адамның ісі сотқа берілген. 2 кісінің материалдары партия органдарына тапсырылған.

Байларды кәмпескелеуге жіберілген өкілдер мен кейбір басшыларға (11 адамға) сөгіс жарияланып, кейбірінің бетіне басу шарасын қолданған. Бұлардың ішінде Қызылқоға ауданының өкілі, БК(б)П мүшесі, тергеуші Әбдешев, осы ауданның №2 ауыл кеңесінің төрағасы Абенов, «Қосшы» одағының төрағасы Жақыпов Ақтай, осы кеңестің хатшысы Сұлтанғалиев Үйтолған, аудандық милиция бастығы Пірімов, №13 ауыл кеңес төрағасы Дәуітжанов, Новобогат ауданы Қаңбақты ауыл кеңесінің төрағасы Ықыласов, аупартком өкілі Алдоңғаров, Доссор ауданынан Жұмағазиев, Теңіз ауданы бойынша №3 ауыл партиячейка хатшысы Оразбаев, ауылдық кеңес хатшысы Әлекешев, №14 мемлекеттік балық тресі кәсіпшілер комитетінің төрағасы Нұғманов, т.б. бар.

Ақырында 24 отбасы олармен бірге 36 отбасы қоса кәмпескеленіп 260 жан қайғы-қасіретке ұшыраған. Кәмпескеленгендердің отбасында емізулі баладан 88 жастағы қартта бар екені құжаттарда нақты анықталған. Кәмпескеге ұшырағандардың арыз-шағымдары еш жерден қолдау таппады.

Гурьев округінен тәркіленген 24 байдың: Петропавл округіне 20, Қазақстаннан тыс жерге 3, Гурьевтен Қазақстанның басқа округіне өз қалауы бойынша тұруға жер аударуға 1 байға шешім жасалған. Жер аударылуына байланысты 10 әйел ерінен ажырасқан.

Округ бойынша тәркіленген байларға 365 мал қалдырып, 1643 жылқы, 514 түйе, 1106 мүйізді ірі қара, 11685 қой, ірі қараға шаққанда 4592 мал тәркіленген. Мұнан басқа 19 киіз үй, 5 кірпіш үй, 18 түкті кілем, 13 текемет, 6 қыстау, 5 шолан, 4 шөп оратын мәшине, 4 тарантас, 17 жүк арба, 4 жүк шанасы, 21 жертөле, 1 сепаратор, 2 тайқазан, 3 алтын зерлеген белбеу, 1270 сом ақша, 15 ат, өгіз, түйе қамыттары, 3 терезе, 2 есік, 9 тіреу, 106 уық, 41 өре киіз хатталған.

Қыстың көзі қырауда жер аударылғандықтан отбасындағы жан-дардың бірсыпырасы елде қалып, бірқатары баймен бірге жер ауып, бір отбасы бірнешеге бөлінген. Қараша мен желтоқсан айының жауынды, боранды күндерінде көрсетілген жерге жете алмай, боранға ұшыраған тәркіленген байлар Ақтөбе, Теке, Адай өңіріне қыстап шығуға рұқсат сұрап Қазатком басшыларына жеделхаттар жолдауға мәжбүр болды.

Сөйтіп, айрандай ұйып отырған отбасының шаңырағы шайқалды. Ата-анадан бала, жасы жеткен, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрған ата-ана балалары мен немерелерінен айырылып, бағыт-бағдарын білмейтін алыс жерге жер аударылды.

Байлардан тәркілеп алған малдарды жаңадан ұйымдастырылған колхоздарға, жеке кедейлерге таратқанда, қыстың көзі қырауда, оны жем-шөппен қамтамасыз ету уез, округ басшыларына оңайға түспеді. Малға қажетті жем-шөп үшін бөлінген 65 мың сом жетпей қалды. Округ басшылары қосымша тағы да мемлекеттен 75 мың сом сұрауға мәжбүр болды. Оның үстіне округ бойынша 24 байды тәркілеуге 10 қарашаға дейін 11838 сом жұмсалды. Бұлардан басқа байларды тәркілеуге жұмсалған жергілікті шығындарды өтеу үшін Қазақстан Халық Комиссарлары кеңесіне 6798 сом 95 тиын ақшаны бюджетке аудару жөнінде өтініш жасалды. Тұтастай, Гурьев округінен 24 байды тәркілеу мемлекетте 148636 сом 95 тиынға түсті.

Маңғыстау Адайлары кәмпескелеу туралы заңда «Кәмпескеге тартылмасын» деп ашық жазыла тұрса да кәмпескелеу өртіне шарпылды. Кеңес үкіметінің мұндай зұлымдық саясатына ашынған халық кейін Адай көтерілісіне ұластырды. Бірақ Кеңес үкіметі оларды қызыл қанға бөгеп, үнін өшірді.

*Қолжазба  
10 наурыз 1999 ж.*

**Қазақ Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесінің 1928 жылы 27 тамыздағы Декретіне байланысты Гурьев округінен жер аударылған байлар:**

– **Бегалиев Сырәлі** (кей құжаттарда Бигалиев Сарала) – №7 ауыл тұрғыны, 77 жаста. Толық емес мәліметтерге қарағанда отбасында 6 жан.

– **Маймышев Майқы** (кей құжаттарда Мамышов, Маймиев, Мәменов Майкес болып та жазылады) – №27 ауыл тұрғыны, 46 жаста, отбасында 17 жан. 1-топ бойынша жер аударылған.

– **Смағұлов Смадияр** – Қаңбақты ауылы, жасы 45-те, отбасында 11 жан. «Бұрынғы болыс старостасы, 40-50 түйесі, 60-70 жылқысы, 100 мүйізді ірі қарасы, 1000 қойы бар» деп айыпталған.

Смадияр інісі Нұржанмен 23.09.1928 ж. тұтқындалып, жер аударылған. Екі шешесі Оралда қаңғып қалған (85, 70 жаста). 1-топпен жер аударылған.

– **Бейсәлиев Арыстанғали** (кей құжатта Бисәлиев) – Бесарал ауылының тұрғыны, 43 жаста, отбасында 8 жан. Арыстанғали және оның ұлы Хасан 1-топпен жер аударылған.

– **Мәменов Қажығали** (кей құжатта Мәмеков) – Манаш ауылы, 44 жаста, отбасында 9 жан. 1-топпен жер аударған. Кәсіптік мамандығы – медфельдшер. Оны «60 түйесі, 100 жылқысы, 100 ірі қарасы, 200 қойы бар, рушылдықты өрістетуші, жікшіл» деп айыптаған.

– **Омаров Майран** (кей құжатта Умаков Майрам) – Қаңбақты ауылынан, 68 жаста, отбасында 6 жан. «70 түйесі, 60 жылқысы, 100 мүйізді ірі қарасы, 700 қойы бар, бұрын ауыл старостасы болған» деп кінә тағылған.

– **Жармағанбетов Ерғали** – Қамысқала тұрғыны, 63 жаста. Отбасында 19 жан. Қазақтың белгілі ақыны Хамит Ерғалиевтің әкесі. Оған: «Бабасы Жәңгір ханның уәзірі болған. Әкесі Теңіз өңірінде Ішкі орданың депутаты, пристав қызметін атқарған. Ерғалидың өзі 1895-1917 жылдар арасында ауылнай болып, елге үстемдік жүргізген. Кеңес үкіметіне қарсы насихат жүргізеді. Бұрынғы болыс старостасы, бірінші бай, 40 түйесі, 30 жылқысы, 60 мүйізді ірі қарасы, 1000 қойы бар» деген айыптар тағылған.

12.09.1928 жылы округтік комиссиясының шешімімен (№2 хаттама. ҚРОММ 135 қор, 1 тізімдеме, 10 іс, 164 б.) тәркілеу жүрместен бұрын «Жармағанбетов Ерғали мен Жанқожин Жұмағазыны қамауға алып, уақытша бөлек ұстауға» қаулы алған. 2-топ бойынша жер аударылған.

– **Кемесаев Байтілеу** – №13 ауыл тұрғыны, 55 жаста, отбасында 7 жан. Оған: «10 жыл болыс болған. Ықпалы зор, жікшіл. Жұмабаев, Жұлдызов, Құлбасов, т.б. байлармен тығыз байланыс жасайды. Малын жасырып, салықты кем төлейді» деген айыптар тағылып, «100 жылқысы, 60-70 түйесі, 100-200 мүйізді ірі қарасы, 100 қойы бар, 10 жалшы ұстайтын бірінші бай, ықпалды адам» деп көрсетілген. «Жау элемент» деп таныған. 1-топпен жер аударылған.

– **Жұмабаев Дүзелбай** – 45 жаста, отбасында 10 жан. Оған: «1800 қойы, 60 түйесі, 40 жылқысы, 200-ден артық мүйізді ірі қарасы, малдарын 2-3 болыс елге таратқан. Бөлек тұратын баласы бар, бірақ бірге тіршілік етеді, ірі қанаушы» деген айып тағылған. 1-топпен жер аударылған.

– **Меңдәлиев Демеу** – №12 ауыл азаматы, 45 жаста, отбасында 13 жан. Оған: «1200 қойы, 40 жылқысы, 30 түйесі, 150 мүйізді ірі

қарасы бар бай, сайлау дауысынан айырылған, жікшіл, өзінің партиясына кіргендерге малын таратып береді» деген айыптар тағылған. 1-топпен тәркіленіп, жер аударылған.

– **Жұлдызов Жұмағұл** – №12 ауыл азаматы, 60 жаста, отбасында 10 жан. Оған: «патша заманында пристав, уез тілмашы, 20 жыл болыс болған, Алашорда үкіметінде милиция бастығы, уездік жер басқармасының мүшесі, №18 ауылда бірнеше қазақтарды атып өлтірген. Кеңес үкіметіне қарсы жат элемент, ру жігін тудырушы, сайлау дауысынан айырылған» деген кінәлармен ОГПУ абақтыға жапқан. Бір ер жеткен баласы, 18 жасар Тоғайбекпен балашағалары жер ауып, қыстың көзі қырауда жолда қалған. 2-топпен жер аударылған.

– **Игілікөв Айтжан** (кей құжаттарда Әлжан) – №2 ауыл азаматы, отбасында 9 жан. Оған: «патша заманында 3 жыл болыс болған, байлардың мүддесін қорғап, кедейлердің жерін тартып алып ауқаттыларға үлестірген. Кеңестендіру ісіне қарсы, құн төлеуге байланысты тұтқындар үйінде отырған, малдарын тәркілеуден қашуға әрекеттенген» деген айыптар тағылған. ОГПУ алғаш рет Игілікөвті 1-топпен тәркілеуге тіркесе де, кейін 2-топқа өткіздірген. Оның тәркіленуіне қарсы болып 103 кісі қол қойып «приговор» жасағанмен 500 кісі қатысқан жиналыс оны бәтуға алмаған. Сондай-ақ, 1920 жылы Кеңес үкіметіне 200 қой, 13 сиыр, 3 пұт майды өз еркімен берген де есептелмеген. 2-топпен тәркіленген.

– **Елубаев Бабас** (кей құжаттарда Медетов болып та жазылған) – №17 ауыл азаматы, отбасында 8 жан. Кезінде аудандық милиция бастығы Пірімов «тәркілеуге жатпайды» деген куәлік бергендіктен, ол Адай округіне ығысып кеткенімен, Гурьев округінің тәркілеу комиссиясы арнаулы отряд шығарып, Адай ОГПУ ократком мен қызметкерлері бірлесіп ұстап, тәркілеп, 1-топпен жер аударылған.

– **Нұржанова Саржан** (кей құжаттарда Нұржанова Сарпжан, Нұржанова Саджан, Нұрманова Сарман, Шоқпарова Сарджан) – №10 (кейде 11) ауыл тұрғыны, отбасында 7 жан. Оны: «бұрын 12 жыл болыс болған Шоқпаров Нұржанның әйелі. Төңкеріске дейін ірі қараға шаққанда 433 басқа дейін малы және көптеген үй-мүлкі болған. Тұрақты түрде 5 жұмысшы ұстайды, маусымды жұмыс кезінде онан да көп жұмысшы жалдайды. Ел ішінде беделі зор. Бұрынғы правительдің әйелі ретінде және байлардың, тіпті БК(б)П мүшелері мен кеңес қызметкерлерінің өздері қолдайды. Әйел екендігіне қарамастан сайлау науқанына, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, ықпал жасайды. Әлеуметтік тұрғыда қауіпті элемент» деп тапқан. 1-топпен жер аударған.

– **Үмбетәлиев Жақсығали** – №7 ауыл азаматы, жасы 40-та, отбасында 11 жан. «Ауылдағы әлеуметтік ең қауіпті адам» деп айыпталған. Отбасындағы 11 жаннан 7-мен 1-топпен жер аударылған.

– **Бекмурзин Қазыбек** – №18 ауыл азаматы, отбасында 11 жан. Отбасындағы 11 жанның алтауымен 1-топ бойынша жер аударылған.

– **Жұбаниязов Ғапу** – №6 (кейде №18) ауыл азаматы, 33 жаста, отбасында 8 жан. Оған: «бай, жікшіл, қауіпті элемент, байлардың жоғын жоқтаушы, дауыс жинау үшін кедейлерге дүние береді» деген кінә тағылған. Тәркіленетін байлардың алғашқы тізіміне ілікпеген. Кейін Қызылқоға ауылынан тәркілену тізімінен шығарылған Есболғанов Бейсенбай мен Жанайысов Избасардың орнына Жұбаниязов Ғапу мен Айжігітов Аманша тәркіленген. Отбасындағы 8 жанның бесеуімен 1-топ бойынша жер аударылған.

– **Айжігітов Аманша** (кейде Айтжігітов болып жазылады) – №7 (кейде №1) ауыл тұрғыны, 65 жаста, 2 әйелі, 7 баласы бар. Оған: «ірі бай, қауіпті элемент, кәмпеске хабарын естіп Ақтөбе округіне қашып, көшіп кетті» деген кінә қойылған. Байлардың тәркілеу жөніндегі алғашқы тізімге енбеген. Бірақ, Жұбаниязов Ғапу екеуі Қызылқоға ауданынан тәркіленбей қалған байлардың орнына 1-топпен жер аударылған.

– **Баєтов Ермағанбет** – №7 ауыл азаматы, отбасында 12 жан. Оған: «болыстың баласы, өзі 11 жыл бұрын болыс болған, ру басылары мен атқамінерлердің ұйытқысы. Әлеуметтік тұрғыда қауіпті элемент, беделді, байлығы мен ірілігі бірдей жүретін кісі» деп кінә тағылған. 2-топпен жер аударылған.

– **Қожағұлов Аманбай** – №3 ауыл азаматы, отбасында 13 жан. Гурьев округінен тәркіленетін байлардың алғашқы тізіміне тіркелмеген. Бірақ Теңіз ауданының есебінен тәркіленуге тиісті Әлиев және Елеубаевтардың орнына мал-мүлкі тәркіленген. Оған: «905 бас малы бар ірі бай, пиғылы жат, кісі еңбегімен күн көрген, кеңес құрылысына қарсы» деген кінә қойылған. 1 топпен жер аударылған.

– **Қожағұлов Жаман** – №3 ауыл азаматы, отбасында 4 жан. Ағайынды екеуін жер аударуға шешім қабылдаған. 1-топ бойынша жер аударылған.

– **Сәмиев Жұмағали** – Ботақан ауылы, 37 жаста, отбасында 15 жан. Әкесі Сәми 82, баласының ең кенжесі 1 жаста. Оған: «қажының баласы, төңкеріске дейін саудамен айналысқан. Азамат соғысы кезінде ағасы Тілеуғали екеуі ақтар жағында соғысқан. Тілеуғалиды 1920 жылы әскери трибунал атып тастаған. Шаруа салығын жасырғаны үшін жауапқа тартылып жүр. Малдары құмдағы

бекініс учаскелерінде, әлеуметтік қауіпті адам» деген айыптар тағылған. Гурьев округінен тәркілеуге жататын байлар тізіміне алғаш рет енбеген. Алғашқы тізімдегі Мырзағалиев Жақсығалиды тәркілеу тізімінен шығарып, оның орнына жартылай отырықшыдан отырықшыға көшіріп, үш шаңырағының есебіндегі малдың бәрін Сәмиев Жұмағалидың атына жазып, 2-топпен жер аударған.

– **Құрманбаев Қайырлы** – Мыңтөбе ауылының азаматы, жасы 54-те, отбасында 12 жан. Оған: «Төңкеріске дейін правитель және полиция пристава болған, патша үкіметінен бірнеше наград алған, Кеңес үкіметінің қас жауы, үкіметке қарсы насихат жүргізеді. Жақын арада Англия Кеңестер Одағына соғыс ашады деп сөз таратып жүр» деген айып тағылып, 2-топпен жер аударған. Бұл кезде ол Гурьев абақтысында жатқан.

– **Танашев Құсайын** – Бірлік ауылының азаматы, отбасында 6 жан. Отырықшы ретінде бекітіп, 2-топпен жер аударуға шешім алынған. Тәркілеу кезінде өзі Гурьевте абақтыда жатқан.

*Қолжазба*

*10 наурыз 1999 ж.*

## **Бұларды білетіндер бар ма екен?**

Коммунистік партияның тап мақсаты, тап саясаты ұранымен «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деп байларды тәркілеудің елімізге қаншама қайғы-қасірет әкелгені туралы деректер – архив қазыналары өз сырын аша бастады.

Солардың бірі – Маңғыстау мемлекеттік облыстық архивіндегі 276 қор, 1 қосымша, 1 тізбесі, 1 байламында 22 іс болғанына менің көзім жетті. Бұл істің басынан аяғына дейін Қызылорда округінен Адай округінің Ойыл, Алтықарасу аудандарына 1928 жылдың 7 қазанындағы округтік атқару комитетінің 90-шы қаулысымен жер аударылғандардың тізімі, соған байланысты материалдар тіркелген.

Сол материалдардың ішінен араб әрпімен жазылған бұрынғы Тереңөзек, Аламесек аудандарынан жер аударылғандардың тізімін іріктеп, теріп алып (өйткені бұл екі аудан бірде қосылып, бірде ажыратылған) жолдап отырмын.

Жер ауған жерлестердің ең болмаса рухы риза болсын, білетін жақын-жуық жұрағаттар болса, есіне алар, немесе, өрттен қалған мақтадай тағдырдың жазуымен көзі тірілері болса, осы хабардан өмірін көз алдына елестетер деген оймен отбасындағы жандардың аты-жөнін, мүмкіндігінше жастарын да көрсеттім.

### Тереңөзек ауданы бойынша:

- 1. Көлбай Бекбауұлы** (бір құжатта Құлымбай) – №1 ауылдан, 72 жаста.  
Құлымбай әйелі Күлпариза 49 жаста.  
Ұлы Төлеубай 16 жаста, ұлы Мағзұм 21 жаста.  
Қызы Орынша 12 жаста.  
Ұлы Жүсіпбек 48 жаста, әйелі Жәмиға 37 жаста, әйелі Әпиза 36 жаста, қызы Күләш 14 жаста, Дәмеш 5 жаста, ұлы Ораз 12 жаста.  
Тағы бір ұлы Нұрсейіт 47 жаста, әйелі Жарқын 38 жаста, шешесі Зәуре 65 жаста, қызы Шолан 3 жаста.  
Ұлы Жармұхамед 30 жаста, әйелі Қасиет 26 жаста, қызы Шолпан 2 жаста.  
Ұлы Расмұхамед 35 жаста.
- 2. Қыпшақбай Нұрмұхамбетұлы** (бір құжатта Қыстаубай Нұрмағамбетұлы) – №2 ауылдан, 41 жаста.  
Әйелдері: Рахима 22 жаста, Тазабала 47 жаста.  
Ұлы Қали 19 жаста, оның әйелі Ныса 17 жаста.  
Ұлы Әбдірахман 2 жаста, Иса 4 жаста, қыздары Күляш 1 жаста, Күміс 2 жаста, Кәмеш 1 жаста.  
Қызы Зәбира күйеуге кеткен.
- 3. Сейіт Нұрмұхамбетұлы** – №2 ауылдан, 63 жаста.  
Әйелі Алтын 35 жаста  
Қызы Қаншайым 3 жаста  
Ұлы Қазы 13 жаста, Қабдол 2 жаста (өлген)  
Қызы Раушан 18 жаста.
- 4. Құлмағамбет Сүлейменұлы** (бір құжатта Болғанбайұлы) – №4 ауылдан, 62 жаста.  
Әйелі Дина 50 жаста.  
Ұлы Сапар 27 жаста, келіні Байқатша 24 жаста, қызы Қарашаш 2 жаста.  
Ұлы Мұхтар 22 жаста, келіні Жәмилә 20 жаста, қызы Шолпан 1 жаста, ұлы Ахмет 9 жаста.

5. **Жұрынбай Тұржанұлы** (бір құжатта Нұржанұлы) – №7 ауылдан, 45 жаста.  
Жұрынбай әйелі Базар 36 жаста.  
Қызы Палыкүл 8 жаста,  
Ұлы Үсен 16 жаста.  
Тұрғанбай Тұржанұлы 48 жаста.  
Тұрғанбайұлы Әлиақбар 24 жаста.  
Оның әйелі Несібелі 18 жаста.

#### Аламесек ауданы бойынша:

Аламесек ауданынан Алтықарасу ауданына 3 адам Қызылорда округтік аткомының 4.XI.1928 жылғы қаулысымен жер аударылған.

1. **Қыстау Тәжібайұлы** – №7 ауылдан, 51 жаста.  
Әйелі Қаншай 28 жаста  
Баласы Өтеген 2 жаста.
2. **Маханбетжан Алпысбайұлы** (бір құжатта Мұхамбетжан) – №16 ауылдан, 60 жаста.  
Әйелі Масаты 40 жаста.  
Қызы Күлжахан 4 жаста  
Баласы Зұлпықар 2 жаста, Әбдіхамит 1 жаста.  
Баласы Қаршыға 28 жаста, келіні Күнтай 30 жаста.  
Немересі Әмзе 1 жаста.
3. **Садық Шайманұлы** – №18 ауылдан.  
«Қарауында 5 жан бар» деген 29.V.1929 жылы  
Алтықарасу аудандық ұйымдастыру бюросының өкілі  
Айдаралиннің берген мәліметінен басқа мағлұмат жоқ.

Екі ауданнан жер аударылып Адай округінің Алтықарасу ауданына келгенінен бері талай ұрпақ ауысты. Өмір өзгерістері де аз емес. Тәубадан жаңылдыратын да, тәубаға келтіретін де күндер өтті. Аласапыран жылдардың құйындары да аз болған жоқ. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» бас сауғалайтын сын сағаттар талайдың тағдырын шешті. Сондықтан аға ұрпақтар заңды, заңсыз болса да өмірден өтті. Сол кездегі сәбилер мен балауса қыз-жігіттердің аман қалғандары болса, осы хабар олардың өмірінің бір елеулі кезеңі болар деген оймен жазылды.

*«Жалағаш жаршысы» газеті  
15 шілде 1993 жс.*



## Арал ауданы бойынша:

Арал ауданының бұл байлары Қызылорда ократқару комитетінің 7.Х.1928 жылғы №90 қаулысымен Адай округінің Алтықарасу ауданына жер аударылған.

- 1. Мергенбай Дәкібайұлы** (бір құжатта Даңбайұлы) – №1 ауылдан, жасы 46-да.  
Әкесі Дәкібай 75 жаста.  
Дәкібай әйелі Қатыш 73 жаста.  
Мергенбай әйелдері: Айман 35 жаста, Қарашаш 28 жаста.  
Қыздары: Закен 12 жаста, Ажар 6 жаста.  
Ұлы Ермекбай 3 жаста.  
Шегенбай 32 жаста, оның әйелі Айсұлу 27 жаста.  
Ұлдары: Сағынбай 6 жаста, Шаңғытбай 4 жаста,  
Шалғынбай 1 жаста.  
Шешесі Жарқынай 54 жаста.
- 2. Әбдіразақ Бектібайұлы** – №1 ауылдан, жасы 29-да.  
Әйелі Дүріш 27 жаста.  
Меңдібай 33 жаста, оның әйелі Күлпия 28 жаста.  
Ұлы Жатқазы 5 жаста.  
Бұлардан айырылып Аралда қалғандары:  
Әбдіразаққызы Салтанат 3 жаста (өлген),  
Ұлы Қалдыбай 1 жаста, қызы Зағипа 1 жаста.
- 3. Қайып Әлімбайұлы** – №5 ауылдан, 39 жаста.  
Әйелдері: Ақбалдақ 39 жаста, Дәметкен 25 жаста.  
Ұлдары: Қарабала 18 жаста, Шөмекей 3 жаста.  
Қыздары: Масаты 8 жаста, Мақпал 11 жаста.  
Қарабала әйелі Қаншай 19 жаста.  
Шегенбай Әлімбайұлы 36 жаста, оның әйелі Нәзира 27 жаста.  
Ұлы Қосыбай, қыздары: Орын 3 жаста, Мағрипа 2 жаста.  
Жолдыбай Әлімбайұлы 26 жаста, оның әйелі Айнагүл 24 жаста.  
Ұлы Насырат 4 жаста, қызы Балауса 6 жаста.  
Бақтылы 70 жаста.
- 4. Құлсары Тәйімбетов** (бір құжаттарда Баекеев, Бәйімбетов) – №5 ауылдан, жасы көрсетілмеген.  
Отарбай 37 жаста.  
Көшербай 34 жаста.  
Самрат 24 жаста.

Шегетай 5 жаста.

Ақатай 5 жаста.

Нағашыбай 1 жаста.

Бұлардың Құлсарыға бала, іні, не басқа қандай туыстығы бары көрсетілмеген.

5. **Мырзағұл Құлсариев** – №5 ауылдан.

Збира 25 жаста.

Қайыпқамал 2 жаста.

Үсен (Үсейін) 4 жаста.

Артықбай 18 жаста.

Балкен 43 жаста.

Қалам 3 жаста.

Нияз 36 жаста.

Алматай 27 жаста.

Жолым 47 жаста.

Ашықбай 18 жаста.

Асан 10 жаста.

Әуезхан 3 жаста.

Матай 1 жаста.

Мырзағұлға бұлардың кім екендігі анық көрсетілмеген. Осы отбасыдан мұнда келмеген Балшекен дегеннің тұсына «72 жаста, менің семьямда жоқ» деген сөз жазылған.

*«Толқын» газеті  
23 қыркүйек 1993 ж.*

**1928 жылғы 27 тамыздағы Қазақ Орталық атқару комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі Декретімен Қызылорда округінен тәркіленіп жер аударылған байлар тізімі:**

- **Ағайдаров Бердібек** – Қызылорда ауданы №20 ауыл, 75 жаста. Отбасында 5 жан. Адай округіне жер аударылған.
- **Айкісінев Айымқұл** (Айкөпесұлы Айнақұл деп те жазылған) Қазалы ауданы №8 ауыл, 82 жаста. Отбасында 11 жан. Адай округіне Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Аймағанбетов Баймахан** – Шиелі ауданы №17 ауыл, 62 жаста. Отбасында 8 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.

- **Алпысбаев Мұхаметжан** (Маханбетжан) – Аламесек ауданы №16 ауыл, 60 жаста. Отбасында 18 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Ахметов Қалам** – Қазалы ауданы (Қармақшы ауданы деп те жазылған) №8 ауыл, 26 жаста. Отбасында 10 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған. Өзімен бірге отбасындағы 11 жанның 4 барған, 7 елде қалған.
- **Әбдіқожаев Шәмен** (бір құжаттарда Айқожаев, Айтқожаев болып жазылған) – Шиелі ауданынан, жасы 46-да. Отбасында 11 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Әлімбаев Қайып** – Арал ауданы №5 ауыл, 39 жаста. Отбасында 18 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Баекеев Құлсары** (бір құжаттарда Тәйімбетов, Бәйімбетов болып жазылған) – Арал ауданы №5 ауыл. Отбасында 14 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Базарбаев Нұғман** – Қармақшы ауданынан. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған.
- **Байділдаев Бектібай** (бір құжатта Бектібаев Байдолла) – Қазалы ауданы №3 ауыл, жасы 72-де. Отбасында 19 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған. Отбасындағы 19-дың 6-8 жолда қалған.
- **Байғабылов Кірбас** – Қызылорда ауданы №13 ауыл, жасы 77-де. Отбасында 13 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған. Отбасынан 6 жан жолда қалған.
- **Бегенов Шам** – Қармақшы ауданы. Отбасында 9 жан. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған.
- **Бектібаев Әбдіразақ** – Арал ауданы №1 ауыл, 29 жаста. Отбасында 7 жан, оның 3-і елде қалған. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Бекжанов Нұрәбіл** (бір құжатта Нұрасыл деп жазылған) – Қазалы ауданы №16 ауыл (бір құжатта №8 ауыл), жасы 23. Отбасында 14 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Бекбауов Құлбай** (бір құжатта Көлбай, бір құжатта Құлымбай) – Тереңөзек ауданы №1 ауыл, жасы 72-де. Отбасында 18 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Бисенбаев Шанен** – Тереңөзек ауданы №2 ауыл, отбасында 19 жан.

- **Болғанбаев Құлмағанбет** (бір құжатта Сүлейменов) – Теренөзек ауданы (бір құжатта Қызылорда ауданы) №4 ауыл, жасы 62-де. Отбасында 19 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Дәкібаев Мергенбай** – Арал ауданы №1 ауыл, 46 жаста. Отбасында 13 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Есенжолов Әйімбет** – Шиелі ауданы №17 ауыл, жасы 66-да. Отбасында 13 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Естаев Қуан** – Қазалы (Қармақшы деп те жазылған) ауданы №8 ауыл, жасы 58-де. Отбасында 11 жан болған, оның 7 елде қалған, өзімен бірге Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылғандарынан 3 жолда өлген.
- **Есқожаев Әбдіхалық** – Қызылорда ауданы. Отбасында 9 жан.
- **Жаманкөзов Мамыр** (бір құжатта Жаманқұлов) – Қармақшы ауданы №5 ауыл, жасы 43-те. Отбасында 5 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Жанаев Ерімбет** (Жанәлі деп те жазылған) – Қазалы ауданы №5 ауыл, жасы 66-да. Отбасында 6 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Жанайдаров Омарбек** – Қарсақбай ауданы №16 ауыл, жасы 50-де. Отбасында 3 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Жаубасаров Байшуақ** – Қарсақбай ауданы №3 ауыл. Отбасында 8 жан.
- **Жұмағұлов Қасымбай** – Қызылорда ауданы. Отбасында 7 жан.
- **Күлетов Оспан** – Қызылорда ауданы.
- **Көрпеев Арын** – Қарсақбай ауданы. Отбасында 10 жан.
- **Көтібаров Әлдебай** – Қазалы ауданы №5 ауыл, жасы 46-да. Отбасында 7 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Көтібаров Мұса** – Қазалы ауданы №5 ауыл, жасы 29-да. Отбасында 7 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Қабыланов Қазихан** (Қобланов деп те жазылған) – Қармақшы ауданы №5 ауыл, жасы 42-де. Отбасында 4 жан.
- **Қарабаев Мәмбет** (кейде Қирабаев) – Қызылорда ауданы. Отбасында 12 жан.

- **Қасқабасов Қасенхан** – Қарсақбай ауданы. Отбасында 7 жан.
- **Қашақов Ғабдулда** (Қабылда, Ғабділда деп те жазылған) – Қармақшы ауданы. Отбасында 6 жан. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған.
- **Қашақов Досым** – Қармақшы ауданы. Отбасында 9 жан. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған.
- **Қонтаев Рахмет** – Қармақшы ауданы. Отбасында 3 жан. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған.
- **Қоспанов Мырзабай** (бір құжатта Мырзалы) – Қазалы ауданы №7 ауыл, жасы 79-да. Отбасында 6 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Құлсариев Мырзағұл** – Арал ауданы №5 ауыл. Отбасында 13 жан, 72 жастағы анасы Балшекен елде қалған. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Мамыров Қаумен** – Қармақшы ауданы №2 ауыл, жасы 70. Отбасындағы 9 жан Адай округі Алтықарасу ауданына, өзі Ойыл ауданына жер аударылған.
- **Малқаров Тайша** – Қызылорда ауданы №37 ауыл. Отбасында 11 жан.
- **Махамбетжанов Ахмет** – Қызылорда ауданы. Отбасында 4 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Нұрманов Аймахан** (Аймұхан деп те жазылған) – Тереңөзек ауданы №1 ауыл, жасы 57-де. Отбасында 4 жан.
- **Нұрмұхаметов Сейіт** (Нұрмұхамбетов, Нұрмағамбетов деп те жазылған) – Тереңөзек ауданы №2 ауыл, жасы 63-те. Отбасында 7 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Нұрмұхаметов Қыпшақбай** (Нұрмағамбетов, Нұрмұхамбетов Қыстаубай деп те жазылған) – Тереңөзек ауданы №2 ауыл, жасы 41-де. Отбасында 10 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Нұржанов Жүргенбай** (Тұржанов Жұрынбай, Нұрманов Жұрымбай деп те жазылған) – Тереңөзек ауданы №17 ауыл, жасы 45-те. Отбасында 12 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Сакиев Дүйсеаман** – Қызылорда ауданы №34 ауыл. Отбасында 19 жан.
- **Сәрсенбаев Күйрықбай** – Қызылорда ауданы (Қармақшы ауданы деп те жазылған) №3 ауыл. Отбасында 7 жан, 4-і елде қалған. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған.

- **Сүлейменов Тәшпай** – Қызылорда ауданы №13 ауыл, жасы 38-де. Отбасында 8 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Тәжібаев Қыстау** – Аламесек ауданы №7 ауыл, жасы 51-де. Отбасында 8 жан, онан 2 өзімен бірге Адай округінің Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Тәжібаев Нығметбай** (бір құжатта Қажыбаев) – Қармақшы ауданынан.
- **Тәкеев Ізтелеу** – Қызылорда ауданы. Отбасында 5 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Телібаев Баһрам** – Қармақшы ауданы (бір құжатта Қазалы ауданы) №1 ауыл.
- **Түгелбаев Байжан** (бір құжатта Теңелбаев) – Қармақшы ауданы. Отбасында 5 жан.
- **Тұрымбетов Дүйсен** – Қармақшы ауданы (бір құжатта Қазалы ауданы) №7 ауыл, жасы 32-де. Отбасында 6 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Тышанбаев Мәмбетбай** – Қарсақбай ауданы. Отбасында 11 жан.
- **Шәйменов Садық** – Аламесек ауданы №18 ауыл. Отбасында 5 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Шәйкемелов Жәкен** – Қармақшы ауданы №1 ауыл, жасы 56-да. Отбасында 4 жан. Адай округі Ойыл ауданына жер аударылған, кейін Алтықарасу ауданына ауыстырылған.
- **Шортанов Кәрібай** – Қазалы ауданы №5 ауыл. Отбасында 10 жан. Адай округі Алтықарасу ауданына жер аударылған.
- **Шүленбаев Әлібек** – Қарсақбай ауданы №5 ауыл. Отбасында 3 жан.

Бұл деректер ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаттың 135-інші қорынан және Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағатының 276-ыншы қорынан алынды.

*Қолжазба  
9 ақпан 1999 ж.*

## Дауыл алдындағы дүрлігу

О, тоба. Сонан бері аттай 62 жыл өте шығыпты-ау. Талайдың есіне қайғылы із қалдырған ол күн мен түн көңілден өшер ме? Қанмен жуылған көз жас кебер ме? Тағдыр тәлкегіне ұшыратқан сол күнді ойласаң көз алдына мына елес еріксіз келеді.

Жұрттың бәрі қабағынан қар жауып, қара жамылып, азалы күн өткізгендей, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан безгендей. Кезінде талайдың жүрегіне махаббат ұшқынын шашқан нұрлы бота көздерді ауыр қайғы басқан. Ең болмаса, іштегі запыран-қайғы, шерінді шығарып, дүниені күңіретіп, «елім-ай» деп дауыс салып, үн шығарған да жақсы екен-ау. Бұларда олай етуге шама да жоқ. Әйтпесе үдере көшкелі буынып, түйініп отырған 300-дей жанның тағдыры тасталқан болып бүлінеді. Сол үшін де еңкейген кәрі мен еңбектеген жасқа дейін тек жан жүрегімен, сезім-жүйкесімен іштей тынып, «аһ» ұрып, үнсіз жылайды. Жалғанда үнсіз жылаудан қиын не бар екен?

Ауыл ақсақалдары жылайды, жылайды да ойлайды: «Көргеніңнен көп екен көрмегенің» дегендей, дауды да, жауды да көрдік. Бірақ дәл мынадай ар-ұятты, обал-сауапты, ынсап-қанағатты білмейтін қызыл көз лаңды көрген жоқпыз. Біз болсақ жақсылы-жаманды өмір өткіздік. Мына отбасындағы сары үрпек балапандар мен жастардың тағдыры не болады? Бұлардың алдында не тұр? Тағдырдың қандай алапатына кездеседі? Туған жерден ошақтың орнындай жер бұйырмайтындай не жаздық бұл Құдайға? Еңбектеніп өмір бойы жинаған мал-мүлік ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп тоз-тоз боласың ба? Ата-бабамыз «Тәуекел ет те, тас жұт, ажалың жетпей өлмейсің» демеп пе еді? Бұл жерге ата-бабамыз сонау Шығыс Түркістаннан оңайлықпен келмеген. Сонан бері қанша заман өтті, неше ұрпақ өзгерді? Тәуекел, өзекті жанға бір өлім. Сондықтан ең соңғы дем таусылғанша буыны бекіп, бұғанасы қатпаған мына сарыауыз балапандарды да, өрімдей жастарды да, сүйген жарды да «қызыл көз көпірлердің» тепкісіне бергенше алысып өлген абзал. Ия, Алла оң сапарыңды бере гөр! Аруақ! Аруақ!».

Кейуана да жылайды, жылайды да зарлайды: «Сағанақты салдырлатып қайда көшеміз? Не күй кешеміз? Өлер шағымда туған жер, атамекен, абысын-ажын ортасынан ажырайтындай о, Тәңірім, не ісім жақпады саған? Айналайын жаратқам Ием, бар болсаң балашағаны аман қыла гөр!».

Сән, Қолқанат, Айтуған сияқты тұл әйелдердің зары да, күйініші де құйқа тамырынды шымырлатқандай, әрі ащы, зәрлі үні естіліп

тұрғандай. Олардың ойынша: «Жетібасты жалмауыз да дәл осы әпербақан шолақ белсенділерден жақсы, ол да алдына барғанды ғана жұтады. Ал мыналарда толғау да, талғам да, ынсап, қанағат та, қайырым, шапағат та жоқ. Нағыз безбүйрек, тасбауыр, қатыгез. Жесір қатын, жетім бала бұларға жуас түйе, шөгермей-ақ жүндей бер. Құдай бар болса, қызыл белсенділер, сендер де біздей болып шуландар! О, Құдай, тағдыр тәлкегіне бізді саларың бар, отбасындағы еркекті алғанша жемтігіңе бізді тықпадың ба? Мына көзін алған көбелектей өңшең жетімді қалай асыраймың? Кім бұлардың маңдайынан сипайды? Танымайтын ел, көрмеген жерде бізді кім мүсіркейді?».

Жастар мен жігіттер де тас түйіліп: «Мандайға салғанын көрдік, Алла басымызға салған екен, көндік.

Ат үстінде күн көрмей,  
Ашаршылық шөл көрмей,  
Өзегі талып ет жемей,  
Ер төсектен безінбей,  
Ұлы түске ұрынбай,  
Түн қатып жүріп, түс қашпай,  
Тебінгі теріс тағынбай,  
Темір қазық жастанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме?

- деп Махамбет атамыз айтқан емес пе? Тек «жалаулы найза қолға алып, жау тоқтатар күн қайда?» дегендей қызыл белсенділермен жағаласатын күн тезірек туса екен. Ата жауым большевик, қызыл белсенді. Құдай бар болсаң ат басын теңестірет күнді тездет!», - деп кіжінді.

Қыздар мен жас келіндерде сөйлеуге шама жоқ, іштен тыну, жалбарыну: «Айналайын Жаратушым, өзің сақта. Алдағы күнім не болады? Қандай жанның отын жағып, түтінін түтетеміз?» - деп зарлайды қыз байғұс. Келіндер кіндік кескен жерін, ата-анасын, бауырын іздейді. Ең болмаса үдере көшкенде олармен бір ауыз тілге келіп, ақырғы сапарға аттанарда «қош бол» айтып қала алмайтынына қабырғасы қайысады.

Бұл түйенің қара қайыс болған, 1931 жылдың саратан айының сәрсенбісі, «сәтті» күнгі көрініс.

Күн көзі көк жиектен жасырынғаннан бастап «Айырылған ағайыннан жаман екен, мөлтілдеп екі көзден жас келеді» деп жылап жүріп, үй жығып, жүк тиеді. Бір-біріне сәт сапар тілеп, ел түн жамылып үдере көшті. Мал көш соңынан айдалды. Оның алдында ғана елден үдере көшу жөнінде 47 үйдің басшылары сөз байласқан-



ды. Әйел, бала-шағаға ауыздарына ие болуды қатаң тапсырған. Өйтпегенде ше, олардың бұл әрекеті ауылдық кеңеске, шолақ белсенділерге сезіле қалса, онда тоз-тоз болғаның. Басың байлауға, малың айдауға түсетіні сөзсіз.

Оған нақты дәлел осы 16-ауыл кеңесінің хатшысы Қожахметұлы «16-шы ауыл азаматы Темірбай Нұрқабайұлы, Алдан Бұхарбайұлы (бір құжатта Бұхрабайұлы делінген) Қызыл тас деген жердегі бандыларға 7 адам өткізді. Бердікұл Тәжібекұлы, Үмбет Тілеуұлы, Түзел Теңізбайұлы, Егінбай Үркімбаулы, К.Оңғарұлы, ендігі екі азаматтың аты-жөнін білмедім. Егінбай Үркімбаулы деген нағыз Қаратай бандының баласы. Осыларды апарып тастау үшін 80 сом жалақы алып келулі. Алдан Бұхарбайұлы деген 2-3 рет барып келген» деп Маңғыстау аудандық атқару комитетіне хабарлаған (МОМА 17 қор, 1 сілтеме, 17 іс, 71 б.).

Халық бастарына төнген кесепаттан дүрлікті. Алым-салықтың алуан түрлері көктемгі жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай өрбіп, бірнеше түрлері шықты. Олар оның бірсыпырасын төледі де. Өзара салық, ауыл шаруашылығы салығы, қамсыздандыру салығы, әр түрлі мақсатта айдар тағылған заемдар тарату, ет, жүн, контракцияға мал алу, тері-терсік, сүйек, ескі-құсқы, арқан-жіп, таусағыз, қанар, қап жинау да қалған жоқ. Қайта олар күн санап өріс алды. Оған Маңғыстау мемлекеттік архивінің деректері дәл жауап береді. 1927/1928 жылы Маңғыстау ауданы бойынша ауыл шаруашылығы салығы 6896 сом 24 тиын болса, 1928/1929 жылы бұл салық 7 есе өсіп 42459 сомға, ал 1929 жылы 103430 сомға, немесе, 1928/1929 жылмен салыстырғанда 243,4 процентке өсті.

Есеп бойынша бұл кезде ауданда 7583 отбасы болғанын ескерсек әр отбасына қанша тауқымет әкелінгеніне көз жеткізу қиын емес. Бұл салықтың бір ғана түрі ғой.

Басқа салық түрлеріне де назар аударып көрелік. 1929/1930 жылы өзара салық 36299 сом 45 тиын болса, I-ші бесжылдықтың өнеркәсіп заемы 8425 сом болса, II-бесжылдықтағы заемынан ауданға түскен 35500 сомды 48720 сом етіп артығымен орындау халыққа оңай болмады. Оның үстіне бесжылдықты төрт жылда орындау заемы 64000 сомды өтеу елді әбден тұралатты (МОМА 17 қор, 9 іс, 9, 1, 52, 65-98 б.).

Халықтың қолындағы малдарын еріксіз алу кең өрістеді. Оған көптеген дәлел келтірмей-ақ, тек 1929 жылы Маңғыстау ауданынан халықтың қолынан 3000 түйе, 17307 бас қой, ешкі, ал 1931 жылдың екінші жарты жылдығына 343 түйе, 1082 жылқы, 315 мүйізді қара, 97682 бас қой, ешкіден ет дайындауға тапсырма берілгенін айтсақ та

жетіп жатыр. Әрбір бас түйеге, өгізге, сауынды сиырға 4 сомнан, жұмыс атына 16 сом, қайыққа 20 сомнан салық өндірілді. Таңданырлық нәрсе, сол кезде Маңғыстау ауданындағы тұрғындардағы 7 велосипедке де қатынас құралы есебінде әрқайсысына 2 сомнан табыс салығы салынған (МОМА 17 қор, 9 іс, 8-19 б.)

1928 жылы аудандық дайындау мекемесі мен сауда орындары тарапынан 89559 дана, 1929 жылы 90073 дана ұсақ мал терілерін өндіруге, 31500 килограмм ішек, 727000 килограмм жүн, 53777 килограмм ескі-құсқы заттар, 15000 килограмм сүйек дайындауға тапсырма беріліп, орындау қатаң бақылауға алынған. «Естімеген елде көп» 1929 жылы 12 аққу өткізу арнаулы жоспарға енгізілген. Есепсіз салық елді күйзелтіп, есеңгіретті. Олар көзсіз сонадай басын тауға да, тасқа да ұра бастады. «Тоқшылыққа – ой аз, жоқшылыққа – той аз» дейтін дана халқымыз бұл кезде тойды азайтқанымен ойға өріс берді. Енді қалған азын-аулақ малдан айырылудың күні жақындағаны сезіле бастады. Мал азайды. Бұл жөнінде Маңғыстау аудандық атқару комитетінің «Маңғыстау ауданының 1929-1930 жылдардағы экономикалық жағдайының өзгерістері туралы» баяндамасында 16-ауылда әр отбасына шаққанда 1,7-ден жылқы, 2,4-тен түйе, 10,2-ден қой, 2,7-ден ешкі келгендігі көрсетілген. Бұл ауылда мүйізді ірі қара тұқымы таусылған.

Бұл бір ғана ауылдың жағдайы. Басқа ауылдардың бұдан тәуірлігі шамалы. Аудан бойынша әрбір қожалыққа 3,06 жылқы, 0,2 мүйізді ірі қара, 3,9 түйе, 30 қой, 7,3 ешкіден келген. Ал осыдан дәл 22 жыл бұрын, яғни 1908 жылғы мәлімет бойынша Адай уезінде 1 миллион 786 мың бас төрт түлік болса, сонан 1930 жылы тек 20 проценті ғана қалған.

Елдің осындай ауыр халін көзімен көріп жүрген 16-ауыл кеңесінің ағасы Әнетұлы Маңғыстау аудандық аткоміне нақты жағдайды былай деп хабарлайды: «1 ақпанда 1262 шамасында қой науқаны түсіп, үкіметтің бұл жіберген науқанын орындап өткенбіз. Қазір ауылда 715 жан бар. Мал өте азайды. Сондықтан біздің жай, күй-тұрмысымызды еске алып үкімет жәрдем беруін еңбекші тап атынан сұраймыз» (МОМА 17 қор, 17 іс, 80, 81 б.).

Бірақ, жағдай солай болса да, сол ауылдық кеңес жоғарыдан келген тапсырма бойынша «Байларға тұқым, тары, шөп, заем салу туралы» мәселе қарап, Шәукен Бердібекұлына 1,5 тонна шөп, 5 пұт тары, 300 сом заем, Ұзақбайұлына 3 тонна шөп, 4 пұт тары, 200 сом заем, Қоянбай Күржіұлына 2 тонна шөп, 3 пұт тары, 200 сом заем, Жүнісбай Қожырұлына 1 тонна шөп, 5 пұт тары, 100 сом заем салған (МОММ 17 қор, 17 іс, 80-81 б.).

Салық өндіру тізеге салу, зорлау, қорқыту, қысым көрсету, сырттан өтірік есеп жасау әрекеттерімен орындалды. Әсіресе, мұндай өрескелдіктер мал дайындау кезінде өріс алды. Осыған шыдай алмаған 89 адам аудандық атқару комитетіне, салық комиссиясына арыз берді. Бірақ оның басым көпшілігі қанағаттандырылмады. Сол қанағаттандырылмағандардың қайта арызданған 63 адамына малын жасырған есебінде 13568 сом айып салынған.

Маңғыстау мемлекеттік архивте сақталған кейбір арыздарға назар аударып көрелік: 16-ауыл азаматы Қауыс Дүйсенбайұлының 16 саулығы мен 13 тоқтысы, 2 ешкісі, 1 лағын (барлығы 32 бас малын), Жұмабайұлының 47 бас қойын, 3-ауылдың тұрғындары Сүлеймен Оспанұлының 18 қойын және 4 отбасының 25 қойын қасқыр қырып кеткендігіне кезінде жасалынған актысы болса да салық комиссиясы оларды тірі қатарына қосып (өткен жылғы есептен кемімейді деген), салық төлеуге шешім қабылданған. Бұл бұл ма, Қалмағанбет Сағынұлының 50 қойы топалаңнан өлсе де «арызы мерзімінен кейін тапсырылыпты» деген желеумен кері қайтарылып, табиғи апаттан өлген малға да тірі мал қатарында салық салып, оны өндіруге қаулы алған (МОМА 17 қор, 36-39, 51-52 б.).

«Ел құлағы елу», тірі малды есепке алу былай тұрсын, Құдайдың кереметімен болған алапат кеселден болған шығынды есептен шығармау сияқты теріс әрекеттер бұрыннан ширығып, тозып жүрген жүйкені онан сайын ушықтырып ел намысына тиді, үкіметтен түңілуге, оның ұстаған саясатына сенбеуге итермеледі.

Сөйтіп, «қайда барсаң да Қорқыттың көрі» кездесе бергендіктен «шешінген судан тайынбас» деп ел дүрлікті, бір түнде 16-ауылдың 47 отбасы (бір құжатта 51, кейін ауткомға берген мәліметтерде 55, бірақ біз алғашқы хабарды негізге алдық) қош, сау бол, туған жер деп үдере көшкен. Олар мыналар:

1. Үркімбай Қожаұлы
2. Өтесін Бимағанбетұлы
3. Наурызбай Құрақұлы
4. Есбол Қарашолақұлы
5. Жолдасбай Атанұлы
6. Жаманша Күржіұлы
7. Қаржаубай Шалұлы
8. Қыдыр Бердібекұлы
9. Нұрберген (бір құжатта Құдайберді) Байболатұлы
10. Қалмұқан Қарашолақұлы
11. Досбатыр Ешанұлы
12. Жүнісбай (бір құжатта Жүндібай) Жәукенұлы

13. Сәуіржан Көжекұлы
14. Мұхан Қисықұлы
15. Ізтілеу Күржіұлы
16. Жәукен Бердібекұлы
17. Балму Жаманшаұлы
18. Қадірмағанбет Жаманшаұлы
19. Әділ Тасболатұлы
20. Атажан Өтежанұлы
21. Құбатай Күржіұлы
22. Есіркеп Сәдірбайұлы (бір құжатта Шәдібайұлы)
23. Қалдығұл Қарашолақұлы
24. Сән (жесір әйел)
25. Балшан Жәукеұлы
26. Көшек Кәдірбекұлы
27. Дүзбай Қисықұлы
28. Нұрмұхан Қаржаубайұлы
29. Ерпанай Ақбалаұлы
30. Серғазы Сарбалаұлы
31. Боқай Дарқанбайұлы
32. Тасқара Ақбалаұлы
33. Қолқанат (жесір әйел)
34. Жалғасбай Раманқұлұлы
35. Сәрсенбай Керелбайұлы
36. Жиенқұл әйелі Айтуған
37. Бекмырза Сәлібайұлы
38. Өтеген Түсіпұлы
39. Төлепберген Бимағанбетұлы
40. Жұмағазы Жалғасбайұлы
41. Адірай Байболатұлы
42. Керелбай Барақұлы
43. Дүйсенбек Қожаұлы
44. Орысбай Жолдыбайұлы
45. Аманша Ақбасұлы
46. Жолдасбай Шәтенұлы
47. Құлбай Өтенұлы.

Ескере кетерлік бір жәй – кісі есімдері әр тізімде әр түрлі көрсетілген. Өзгеріс болуы да мүмкін. Оған қосымша кейбір құжаттарда Құдайберді Байболатұлы, Атшыбай Өтежанұлы, Тілеп Бисенұлы, Жаңбыр Қожаұлы, Ақбала Басшыұлы, Дүзбасұлы, Жұмабай Жәукенұлы, Өтеген Сүйеуұлы, Аманжол Ұзақбайұлы дегендер де Түрікменстанға кеткендер тізіміне тіркелген.

Біз 16-ауыл кеңесінің төрағасы Әнетұлының аудандық атқару комитетіне 21 мамырдағы №993 санды қатынасы бойынша берілген тізімді және ондағы: «...2 кулак, 5 бай, 9 орташа, 25 кедей, 6 әлді шаруа, барлығы 47 үй көшіп кетті. Малдарының тізімі жөнінде мәлімет жоқ», - деген хабарын негізге алдық.

Бұл 47 отбасының ішінде ауылдық кеңестің мүшелері: Өтесін Бимағанбетұлы, Балму Жаманшаұлы, Наурызбай Құрақұлдары бірге көшкен. Олар келешектегі өз жағдайларының не боларын ертерек ойлаған болуы керек.

Сөйтіп, олар тәуекелдің белбеуін берік байлап, ауыр іске арқасын тосып, елден біржола көтерілді. Өйтпеске де шара қалмаған сияқты. Жыл басында бұрынғы салықтардың үстіне кесімді түрде бай, кулак, әлді шаруа қатарында Жолдасбай Шәтенұлына 108 қой, Жолдасбай Атанұлына 9 түйе, 109 қой, Наурызбай Құрақұлына 7 түйе, 103 қой, Балму Жаманшаұлына 101 қой, Аманжол Ұзақбайұлына 90 қой мал салып, онсыз да күніміз не болады деп қобалжып отырғанның ойына май құйып, от тұтатқандай болды. Бұлар, әрине, өздерінен кейінгі ел тағдырының не боларын кезінде де білген жоқ. Бұл 1932 жылғы бүкіл халқымызға опат әкелген ашаршылықтың, онан кейінгі Адай көтерілісінің алдындағы бүкіл ауылдың дауыл алдындағы дүрлігуі еді.

Менің назарымды аударған да осы. Бұл кезде әр ауылдан 5-10 үйден елден көшу болғанмен, 16-ауылдағы 158 үйдің үштен бірінің бірден дүрлігуі кездейсоқ оқиға емес. Олар әбден ашынғандықтан үкіметке, оның саясатына, ел басқарған азаматтарына көрсеткен қыры. Олар иілсе де сынбайтын, сүрінсе де жығылмайтын, Адайлық мінезбен, қайсарлықпен үрдес қадам жасап, бастарын қатерге тікті. Әрине, олардың елден кеткеннен кейінгі тағдыры бізге белгісіз, бір құжаттарда Красноводскіге 757, Байрамалыда 300 үй қожалық отыр деп көрсетілген. Әлде олар Иран, Ауғанстан жаққа қоныс аударып кетті ме, кім білсін? Таяуда Ираннан туған Отанына, Маңғыстау өңіріне келіп жатқандардың ішінде осылардың жұрағаттары болуы да мүмкін ғой.

Өмір заңы қатал. «Таңдайыңа ас тигенде, не маңдайыңа тас тигенде білерсің» деп халқымыз бекер айтпаған. Тағы да «Сөзден сөз туады, ойды ой қозғайды» деген аталы сөз бар. Архивтегі сақталған осы құжаттарды оқып отырғанда мынадай ой келеді: осы 47 үй ғана емес, әзірге ізі шығып тұрған барлық қоныс аударған 1057 үйдің тағдырлары не болды екен? Қайда барып, қайда тұрақтады деп іле-шала іздеу салатын жағдай болмады, оның үстіне саясат тосқауыл қойғаны жасырын емес. Олардың атын айтудың

өзі басқа қатер төндірді. Сөйтіп, уақыт өтіп, талай сырды, ізді жасырды, көзден таса қылды. Сол дүрлігуден кейінгі туған баланың өзі қазір 60-тан асып, аға ұрпақ санатына қосылды. Өмір заңы бойынша дүрлігу кезінде еліне басшылық жасаған қамқоршылар өмірден озды. Тарихи дәйектемеге қарап отырсақ, өз туған жерінен босқандар әсіресе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Семей, Маңғыстау өңірінен өте көп. Бірақ солай болса да, бұрынғы Адай уезі (округі), қазіргі Маңғыстау облысы бойынша қаншама отбасы, қанша жан елден еріксіз, босқындыққа ұшырап кеткенінің нақты дерегі жоқ. Тек Қарақалпақстанда, Түрікменстанда, Түркияда жүр деген жалпы долбар айтамыз.

Олай болса, облыс бойынша (республиканы айтпағанда) тарыдай шашырап кеткендердің есебін шығаратын, олардың тағдырына зер салатын, зерттейтін бір қоғам құруға неге болмайды? Қазір не көп, қоғам көп. Меніңше, адам тағдырынан артық еш нәрсе жоқ. Сондықтан облыста осындай қоғам құрудың мезгілі жеткен сияқты. Біреулер көші-қон жөнінде комитет бар, қоғамның не қажеті бар деуі де мүмкін. Көші-қон комитеті бұл мәселемен айналыспайды. Оның негізгі мақсаты – шет елдердегі қазіргі нақты қожалықты, олардың жан, мал есебін алу, мамандардың білімін анықтау, қай жерге орналастыру, оларға қамқорлық жасау.

Ал елден 1938 жылға дейінгі әр түрлі себептермен кеткендердің тағдырын іздеу оңай шаруа емес. Тарихи деректерге жүгінсек 1926 жылғы аудандық атқару комитетінің есебі бойынша 55525 адамнан (бір құжатта 53525) 1930 жылы 34097 (Ғылым Академиясының есебі бойынша 38012) адам қалғаны әркімге де ой салса керек.

Екінші айтайын дегенім, олар өз жерінен өз еркімен жайлы қоныс, бақытты жер, Жиделібайсынды іздеп кеткен жоқ. Махамбет айтқандай: «Мені елден айырған хан Жәңгірдің екпені» деп, олар Кеңес үкіметінің, оның ішінде шолақ белсенділер мен қызыл саясаттың қысымына шыдамай, еріксіз туған Отанын тастап, босқынға ұшыраған. Осы қасіретті бейнелейтін Ақтау қаласының бір көрікті жеріне ескерткіш-монумент орнатса, тарих алдындағы бір қарыздың өтелгені болар еді. Әрине, қазіргі кезеңде бұл шешімін табуы қиын мәселе болып көрінуі мүмкін. Кейбіреулер «көтере алмаған қоса арқалайдының кері» деп ойлауы да ғажап емес. Бірақ халық қолдаса, бітпейтін іс жоқ. Игіліктің ерте-кеші жоқ.

*«Маңғыстау» газеті  
15 қазан 1993 ж.*

## Босқыншылық

Қазақстанда 1921-1924 жылдар арасында болған ашаршылық 1931-1932 жылдардағы аштыққа жалғасты. Оның басты себебі халықты тап жағынан бір-біріне айдап салып 1928 жылы ірі байларды тап ретінде жоямыз деген ұранмен тіршілік көзі қолындағы малдан айырды. Оның үстіне елді еріксіз түрде ұжымдастыру, отырықшылыққа айналдырамыз, «алып колхоздар құрамыз» деген асыра сілтеу саясаты күйзелтті.

Оның нақты дәлелін КСРО Орталық комитеті Жұмысшы-шаруа инспекциясының аға инспекторы Лежневтің БК(б)П Орталық комитетінің 17.IX.1932 жылғы «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы туралы» қаулысының орындалу барысы туралы Қазақстан Өлкелік партия комитетінің Өлкелік жұмысшы-шаруа инспекциясының коллегиясына 20.01.1934 жылы тапсырған 83 беттік баяндау хатынан табуға болады. «Қазақстанда, - дейді ол, - 1929/1930 жылы 39,5 миллион мал басы болса, сонан 1930/1931 жылы 10,5 миллион, 1931/1932 жылы 5,5 миллионға дейін қысқарған. ...Мал басының өлкеде күрт кемуі Голощекиннің асыра сілтеуі, саяси қатесі. Ұйымдастыру жұмысындағы олақтық, «алып колхоз» ұйымдастыруға ұмтылушылық».

«Алып колхоздар» ұйымдастыру ұраны еріксіз жүргізілді. Оны ұйымдастыруға ауыл мен ауыл, белсенді мен белсенді арасында «шапшаңдық», еселенген екпінді жарыстары ұйымдастырылды. Соның салдарынан 01.12.1930 жылы Қазақстандағы еңбек ұйымдарының 33% ұйымдастырылса, ол 1931 ж. 1 қаңтарда 37%, наурызда 41%, мамырда 47%, шілдеде 60%, қыркүйекте 64,1% жетті.

Отырықшыландыру кезінде әр түрлі рулардан кедейлер мен орташаларынан «колхоз поселкесін», қазақ, орыс, т.б. ұлт өкілдерінен араластырып «интернационалдық колхоз, аудан» құру ұсынылған. Осыдан барып арасы алшақ әр рудан, әр ұлттан кедейлер мен орташаларды еріксіз көшіруге, топтастыруға тура келді. Мұның аяғы шекпенді әркім өзіне қарай тарту – қолайлы жерді, орталықты әр ру, жеріне, өз ыңғайына қарай бұру етек алып, аяғы дау-жанжалға, алауыздыққа, бітпес дауға айналды. Ауыл мен ауыл, ру мен ру, ел мен ел қырқысып, алакөз болды. Тіпті үй мен үй көрші отырып қырқысатын қатыгездікке, қайырымсыздыққа әкелді.

Осыдан барып Қазақстан өлкесіндегі 123 ауданның 70 (оның ішінде көшпелі және жартылай көшпелі 50, отырықшы аудан 20) аудан жаппай босқыншылыққа ұшырады. Оған себептер: 1916 жылғы патшаның жазалаушы отрядтарының қысымы, 1921-1924

жылдар арасындағы ашаршылық қырғыны, Кеңес үкіметі мен Коммунистік партияның солақай саясатының салдарынан 1928-1929 жылдардағы жаппай ұжымдастыруға байланысты байларды тап ретінде жою, 1931-1933 жылдардағы ашаршылық болды.

Міне, осындай себептерден, арғы жағындағы босқындарды есепке алмағанда 1931 жылдан кейінгі жағдайды алып қарасақ та жантүршігерліктей.

Қаз АКСР Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы О.Исаевтың 1932 жылы тамыз айында И.В.Сталинге жазған 14 беттік хатындағы мына деректер жоғарыдағы Лежневтің айтқанын толықтырады:

«Мәселен, - дейді О.Исаев, - ..Қазақстандағы нақты есеп бойынша 1929 жылы 40 миллион бас мал болса, онан қазір тек шамамен 6 миллиондай бас мал қалды. Оның да 2 миллиондайы совхоздарда да, 4 миллиондайы колхоздар мен жеке секторларда, онда да республика халқының негізі болып табылатын мал шаруашылығымен айналысатын қазақ аудандарында емес, оның басым бөлігі орыс аудандарында.

Мұндай жағдайдың ауырлығы қазақтарға елеулі соққы болып тиді. Қазір 10-12 аудандағы халықтың көпшілігі аштыққа ұшырап, көктемнен бері 10-15 мың адам өлді. Өлім әсіресе 1931 жылдан бастап күшейді. Көптеген қазақ аудандарында 1929 жылмен салыстырғанда халқының жартысы да қалған жоқ. Соның салдарынан өлкедегі халықтың жалпы саны 23-25% кеміп кетті. Ашаршылықтың үстіне жұқпалы аурулар қосылып етек алуда.

Сондықтан 1931 жылдан бастап басқа өлкелер мен республикаларға жаппай босқыншылық қазір де тоқталар емес. Қазақстандағы мұндай өрескел жағдайдың барлық кінәсін байларға аударуды дұрыс деп санамаймын. Әрине, шындығына келгенде байлардың тап жауы екені рас, таптық күресінің бір тәсілі ретінде өзінің қолындағы малын жоюы, осы жолға өзгелерді де итермелеуі болды.

Осы жағынан алғанда Өлкелік партия комитетінің басшылығы елеулі кемшілік жіберді. Олардың басты кемшілігі елді күштеп 100% тездетіп ұжымдастыру, барлық малдарды еріксіз түрде қоғамдастыру және мал дайындау ісін тікелей бассыздыққа жол берілуінен, шындықты бояп көрсетуден, науқаншылықтан, ауытқушылықтан, азық-түлік жөніндегі қиындық пен бұрмалаушылықтан туды. Осындай қателіктерден туған жағдайлар халықтың жаппай Қазақстаннан көршілес республикалар мен өлкелерге босуына әкеп соқты».

(«Партийная жизнь Казахстана»,  
1990 г., №6, 83-89 с.)



О.Исаевтың бұл дерегі негізсіз емес. Қолда бар дерекке сүйенсек Қазақстан өлкесінде (1921-1924 және 1928-1929 жылдарда елден кеткендерді есептемегенде) 1931 жылы 1119 мың қожалық болса, сонан 1932 жылы 723 мың, ал 1933 жылы 612,9 мың ғана қожалық қалған. Тек 39 ауданнан алынған деректер бойынша қазақ өлкесінен 76896 қожалық, немесе 308432 адам республикадан тыс жерге босып кеткен. Атап айтқанда Сібірге (27,5%), Төменгі Еділ бойына (8%), Өзбек КСР-на (8,2%), Қарақалпақ автономиялық облысына (15,9%) және Түрікмен республикасы мен басқа да жерлерге босып кетті. Сол босқындардың ішінде Адай уезіндегі халықтар қомақты орын алады. Оны босқындарды артынан қуып барып, елге еріксіз қайтару жөнінде жіберілген өкілдер мен отряд басшыларының деректерімен баяндауды жөн көрдік.

Мәселен, Табын ауданының өкілі 8.04.1931 жылы БК(б)П Өлкелік комитетке жазған ақпарында: «...Красноводск ауданының аймағында Зал, Қарабұғаз, Аунамас құдығына дейін айналасы 190-200 шақырым жерде Маңғыстау, Жылыой, Табын аудандарынан 2000 үй отыр. Бұлардың арасындағы орташалар мен кедейлер астықтан өте тарығып тұр. Олардан басқа 1500 үй 1-5 үйден бөлініп-бөлініп құм, тау беткейлеріне тарап көшіп кеткен. Қазіргі мен тұрған құдықтар: Язейтіде – 25, Келанда – 20, Тозме атада – 30, Тер-ресахалда – 40, Еройларда – 35, Кемалда – 160, Огозки-Аджысуда – 100 үй отыр» деп көрсеткен (ҚРОММ 30 қор, 7 тізімдеме, 100 іс, 82 п.).

Ал, Табын ауданының өкілі Сәтов Ахмет:

«...Қазақстаннан көшіп келгендерді қайтару, үгіт-түсінік жүргізу мақсатында Түрікменстанның Жебал, Бага-Бегел, Келте, Қаралжық, Қожасу, Қазаншық аудандарында болдым. Оларға саяси-экономикалық және ет дайындаудың мақсаттары мен мәнін түсіндірдім.

Бірақ, Маңғыстау ауданының Адай руының Байбоз аталығына қарасты 40 үйден астам қожалықтың басшысы атақты Шалды байддың балалары құжаттарын көрсетуден бас тартты, әрі: «Қасық қанымыз қалғанша Қазақстанға бармаймыз да, Қазақстаннан келген өкілдердің ешқайсысының талаптарын орындамаймыз», - деп жауап берді. Сол секілді Маңғыстау ауданының осы ауылда тұрған Жанай аталығының 20 үйінің өкілі Ақжан да біздің көзімізше құжаттарын өкілдерімізге көрсетуден бас тартты. Сол жердегі кедейлердің сөзіне қарағанда ол жекеше секілді.

Мансу деген жерде Уәли руының 80 үйі (Жылыой ауд.) тұрады. Олардың басшысы Танат жоғарыда айтылған Маңғыстау ауданының азаматтарымен бірге ол да Қазақстанға қайтудан бас тартты әрі

біздің көзімізше Персия шекарасына жақын Жебел немесе Қызыл Атрекке есепке тұруға екі барлаушысын жіберді.

Қазақстаннан елдің Түрікменстанға жаппай көшу тілегі отрядтың келуіне байланысты 15 сәуір 1931 жылдан басталды. Оған дейін бұл жаққа көшкендер Ермекбай Төлегенов секілді жекешелер. Оның тобына кейін Бегей руынан Бижан Есназаров және басқа бай, ауқатты өз туысы мен руластарымен Бага Бегелке ауданына есепке тұрған. Түрікмендер бай, орташа, кедей деп бөлмейді, тап айырмашылығына, тегіне қарамай арыздары бойынша оларды есепке ала береді. Сондықтан Төлегеновтер артта қалған ел арасына үгіт жүргізеді.

Кабматқа жақын тұрған Ойыл ауданынан келген бай Жұбановтар және басшылары Конек, Қаражігіт дегендер өткен жылы бұл жаққа көшіп келгендер жекешелер секілді өз алдына жеке ауыл кеңес болып ұйымдаспақшы.

Қожасу ауданында Аунамас және Тогор құдықтарына дейін Қазақстаннан келген 2500 үй тұрады. Олар біздің өкілдерімізге кері Қазақстанға қайтамыз деп ауыз екі айтқанымен Персия шекарасына қарай Жебел, Қызыл Атрек бағытына жылжып барады... және Қазаншық ауданына, Жебел-Бага Бегелкеде көптеген үйлер отыр. Қазақстан ұйымдарынан өкілдер мен отряд шықты деген хабарды Жебел-Бага Бегелкеде естіген 1500 үй құмға, сондай-ақ Балқан тауына қарай шағын топтарға бөлініп көшіп кетті деген хабар естіледі.

Табын, Маңғыстау, Жылыой аудандарынан қазақтардың жаппай көше бастаған кезінде Түрікмен ССР-на, ОГПУ органдарына «Персияға өту мақсатымен жекешелер көшіп бара жатыр. Оларды ұстауға жәрдем етіңіздер» деп хабарлағанбыз. Біздің жорамалымыз дұрыс шықты. Табын ауданынан қашқан Тайман байдың Персияға өтпекші болғаны анықталды және оны біздің өкілдеріміздің мәлімдемесі де нақтылады.

Сондықтан 1-2 сәуірде Қазаншық, Қожасу, Келте Қарашық, Жебел-Бага Бегелке аудандарына ОГПУ ерікті отрядтарын, шекара отрядтарын және 4 арнайы отрядты бөлдік. Оларға өз отрядымдағы жігіттерді қостым. Сонымен қатар түрікмен, қазақ белсенділерінен үгітші тобын жібердік.

Алайда алынған мәліметке қарағанда олардың қазір ешқайсысы да Қазақстанға қарай көшуге ықыласы жоқ. Бұрынғы орнынан көшсе құмға кіріп кетіп жоғалады, ізін таптырмайды... Сондықтан біздер өкілдер, отряд басшылары, ОГПУ малын талан-таражға салғаны, мемлекеттік тапсырманы орындамағаны үшін 1 не 3 байды

тұтқындап, малы мен үй-мүлкін кәмпескелеп, үлгілі сот өткізуге келістік. Көшіп бара жатқан арасында үгіт-түсінік жұмысын жүргізуге Табын ауданынан бөлінген 6-7 өкіл жеткіліксіз, сол үшін Өлкелік комитеттен Маңғыстау, Жылыой аудандарына өкілдер жіберуді сұраймыз...Көшіп келгендердің көпшілігі кедей, малдары жүдеу, қаржылары жоқ. Сол үшін олар кері қарай көшетін болса Қырық сегіз, Қараой, Сағыз, т.б. жерлерге қажетті астық, өндірістік тауар, жем-шөп дайындалуы тиіс» деп 1931 жылы 9 сәуірде жазған.  
(ҚРОММ 30 қор, 7 тізімдеме, 100 іс, 83-84 п.)

Бір сөзбен тиянақтағанда толық емес мәліметтер бойынша Түрікменстанда бір ғана Табын ауданынан 7070 үй көшіп барған. «Жауыр үстіне шықан шығатын» әдет ежелден қалыптасқан. Бұл өз елінен еріксіз Түрікменстанға көшіп бара жатқандардан ет-жүн, мал дайындау, өткен жылғы салықтарынан қалған қарыздарын өндіру жөнінде және сол қашқан елді кері қайтаруға әр ауданнан құрамында 7 адамнан экспедиция ұйымдастырылып жіберілді.

БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесінің 6 ақпан 1931 жылы арнайы жеделхаттары Маңғыстау, Табын, Жылыой аудандарына жетті. БК(б)П Өлкелік комитетінің жеделхаттарына сәйкес жоғарыда аталған үш ауданның экспедиция басшыларына, өлкелерге жеделхаттар толассыз барып жатты. Бірақ ол жеделхаттарда алынған малдарға ақша төлеудің және ол малдарды бағатын бақташыларға берілетін еңбекақы төлеудің жолдары, мөлшері, жем-шөппен қамтамасыз етудің шаралары көрсетілмеген. Елге өз еркімен оралғысы келетін орташалар мен кедейлерге қандай жеңілдіктер берілетіні айтылмаған. Сондықтан олар бұл тығырықтан шығу жолына нұсқау беру жөнінде БК(б)П Өлкелік комитетіне, Халық Комиссарлар кеңесіне, ППОГПУ-ге, тиісті аудан басшыларына жеделхаттармен қоса ақпарлар, мәліметтер жолдаудан басқа шарасы қалмаған.

Себебі, экспедиция басшысы Сәтовтың БК(б)П Өлкелік комитетінің атына (көшірмелерін Қазақ Халық Комиссарлар кеңесіне, ППОГПУ-ге) жолдаған баяндау хаттарына, басқа да мәліметтеріне қарасақ Қазақстаннан өз беттерінше Түрікменстанға көшкен қазақтар мен Түрікменстанда жүрген Қазақстаннан барған «бандылар» жергілікті жерде Жөнейтхан және Ақмұраттың отрядтарымен бірлесіп бұл экспедицияның жұмыс атқаруына мүмкіндік бермеген. Экспедиция мен түрікмендер тарапынан ұйымдастырылған отрядтарға олар шабуыл жасап елеулі шығын келтірген. Атап айтқанда Табын ауданының экспедициясындағы Құби Қошақановты (ГПУ өкілі), Сейтқан Әділовты (ауатком өкілі), Сержниковты

(отряд бастығы), Қарасай Жұбанқұловты, Алтыбай Шәуменовты, Манаевты, т.б. өлтіріп, басқаларын тұтқындап алып кеткен. Оның үстіне бұл экспедиция мүшелерінің, отрядтың Түрікменстанға өз беттерінше көшіп кеткен үйлерді кері қайтаруға шамасы келмейді.

Сондықтан, Қазақстан Өлкелік партия комитеті мен Халық Комиссарлар кеңесі, Түрікменстан, Қарақалпақстан автономиялық облысына еріксіз көшіп барғандарды кері қайтару және олардан өткен жылдар үшін ет, жүн және басқа салықтарын өндіру мәселесімен беделді басшылардан өкілдер жіберді. Олар Адай өңірінен еріксіз көшіп кеткендердің аш-жалаңаш екендігіне көздері жетті.

15-16.11.1931 жылы БК(б)П Қарақалпақ автономия облысының бюросы «Қазақстаннан келген көшпенділердің жағдайы туралы» Қазақстан өкілі А.Асылбековтың баяндамасына байланысты қабылдаған қаулысында: «...Қыс түсуіне байланысты және көліктің, жылы киімнің, астықтың жоқтығынан кері қайтару мүмкін емес... Сондықтан Адай уезінен көшіп келген 3000-дай адамға қосымша жәрдем беру жөнінде Орта Азия бюросынан және оларды орналастыру жөнінде жоғары орындар арқылы шешу» ұсынылды.

Бірақ босқындар легі толастамады. Қайта жыл санап көбейе түсті. «...10 қаңтар 1934 жылға дейін көшіп келген 3875 қожалықтың (оның 15616 еңбек жасындағы, 1439 бала) Қарақалпақстанда қалуға тілек білдіруіне байланысты 3589 отбасыны: 1612 – колхоздарға, 1977 – ТОЗ-ға, 61 қожалықты балық артеліне, 100 қожалықты Арал мемлекеттік балық тресіне» орналастыруға шешім алынды. Ал қалған «...125 – жеке қожалықтар».

Шын мәнінде бұл кезде Қарақалпақстанның солтүстік жағына 1934 жылдың 5 мамырына дейін 10399 қожалық топтасты. Олардың жағдайы өте ауыр болды.

Өзбекстан ҒА Қарақалпақстандағы Н.Дәулетқараев атындағы тарих, тіл және әдебиет институтының кеңестік кезең тарих бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты А.Б. Бекімбетовтың естелігінде: «...Мен қарақалпақ жеріне барған қазақтардың аштықтан көрген азабын күні бүгінге дейін ұмытқаным жоқ. Ол кезде мен жасөспірім бала едім. Базарда аш адамдар топ-топ болып қаптап жүретін. Олардың ішінде көшіп келген қазақтар өте көп болды. Олар өздерінің балаларын, әсіресе қыздарын аштан өлмесін деп түрікмендерге, қарақалпақтарға, өзбектерге бір бөлке нанға сатты. Күні бүгінге дейін Нүкіс құрылысының қақпасы алдында көктемде күнге күйіп аштықтан іштері кеуіп іскен, өлім халінде жатқан адамдар көз алдымда тұр», - деген аянышты сөздер жазылған.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 324.

Совета Народных Комиссаров Узбекской Советской  
Социалистической Республики.

от 7 апреля 1935 г.

Ташкент.

О КАЗАКАХ - ОТКОУЧЕВНИКАХ.

1. Сообщение представителя Казахской АССР т. МЕНДЭШИ  
на принять к сведению.

2. Считать, что работа по возвращению казаков-откоу-  
чников в Казахстан может быть проведена на следующем осн-  
вании:

а) Хозяйства, осенние в Узбекстане, ни в коем слу-  
чае не могут быть в принудительном порядке отправлены в  
казахстан, для чего бригаде- выявить также хозяйства ка-  
заков и представить свои соображения в СНК УзССР о заклю-  
чении местных колхозов, в целях их закрепления;

б) казахские хозяйства, заключившие с хозяйственными  
организациями УзССР хозяйственные договоры на перловку  
(зернофураж), не могут быть отправлены в казахстан до  
окончания сроков договорных обязательств;

в) казаки-откоучевники, которые или вошли в колхозы,  
или сами организовали отдельные колхозы, занимающиеся  
хлопком и заключившие контрктационные договора по хлопку  
не могут быть по выполненая договоры возвращены в казах-  
стан;

г) по отношению к остальным слодам откоучевников рабо-  
та должна быть поставлена таким образом, чтобы возвраще-  
ние их происходило исключительно на основе добровольност

3. Считать необходимым в бригаду т. МЕНДЭШИВА вклю-  
чить представителя СНК УзССР т. УРАНАЕВА.

Считать, что во всех действиях настоящей бригады,  
в бригаду автоматически входят представители колхозов.

и.п. Зам. Председателя  
Совета Народных Комиссаров  
УзССР /КАРМОВ/

Управления делами  
Совета Народных Комиссаров УзССР /КОНОБЕВ/

Осындай қолайсыз, жан ауыртатын деректерді Мәскеу қаласы Дзержинский ауданы атқару комитеті төрағасының орынбасары Қарақалпақ облысын шефке алуға келген С.И.Усыткин деген азаматтың Шымбай, Мойнақ қалаларында ашыққандарды өз көзімен көргенін айтады (ҚРОММ 141 қор, 1 тізімдеме, 5192 іс, 16 п.).

Бірақ, БОАК-нің жанындағы Қазақстанның өкілетті өкілдігінің 22 маусым 1934 жылғы №101 шешімінде жоғарыда аталған 10399 қожалықтың (олар 45221 жан) 7000 отбасын (30800 жан, оның 9300 бала): «Қарақалпақстанда орналастыруға мүмкіндік жоқ болғандықтан Қазақстанға қайтарылсын, олар Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылады» деп, оларды Арал стансасына дейін, онан кейінгі баратын жерлерінің жол шығындарының мөлшерін де анықтап көрсеткен...

Амал не, олардың бірқатары жол азабына шыдамай әрі аштықтан өмірден қоштасқанын мұрағат деректері айғақтайды.

*Қолжазба  
2006 жс.*

## **Құдық қазғаны үшін 3 сом айып**

Қазір жұрттың бәрі өткен күнге, тарихқа көз жібере бастағаны белгілі. Аға ұрпақтың басынан кешкен ауыр азап пен қасіретті күндер, ашаршылық тауқыметі, қуғын-сүргін, босқыншылық сияқты аласапыран, қайғының қара бұлты торлаған нәубеттер аз болған жоқ. Солардың ішінде Қазан төңкерісінен кейінгі жұт пен ашаршылық зардаптарынан қазіргі жастардың мағлұматы әлі де кем. Сондықтан мен Маңғыстау облыстық мемлекеттік архивінде жатқан қазіргі Атырау облысының Теңіз ауданына байланысты тарихи деректерді хабарлауды жөн көрдім. Бұл – 17 қор, 1 сілтеме, 1 істе сақталған 197 парақ құжат.

Көп уақыт бұл құжаттарға назар аударылмаған. Оған себеп материалдың бірсыпырасы араб әрпімен жазылған. Орыс тілінде жазылғандармен бірге араб әрпімен жазылған қазақ тіліндегі материалдарды оқығанда, онда бұрынғы Орал губерниясы Бөкей уезі Морской, Ботақан және Забурын ауылдық кеңестерінде және Теңіз аудандық атқару комитеті мен Теңіз аудандық қауіпсіздендіру агенттігіне, Бөкейлік ағаш отырғызып, жер өңдеу мекемесінің

Ақтөбе учаскесінде «Үш шеркеш» жеріне байланысты материалдар екендігіне көз жетті. Материалдар 1926-1930 жылдардан мағлұмат береді.

Оларды жеке-жеке топтастырар болсақ, мынадай:

1. Қауіпсіздендіру агенттігінің хабары – 32 дана;
2. Забурын ауыл кеңесінің қаулылары – 8 дана;
3. Қалғандары – қатынастар, тілхаттар, мәліметтер және айып салу хаттама-актілері.

Менің қолыма қалам алдырған осы құжаттың ішіндегі екі материал болды. Өйткені олардың ел тарихына аз да болса өз үлесін қосатыны сөзсіз. Онда адам тағдыры, ел басына түскен тауқыметтің түрі, сол кездегі өмір бейнесі, сол дәуірдің бізге тартқан сыбағасы айқын сезілетіндіктен, жастар тәрбиесіне, мектеп оқушыларына ел тарихын түсіндіруге таптырмайтын мағлұматтар деп есептедім. Осы бағытта ең алдымен Забурын ауылдық кеңесі бойынша 8-16 жас арасындағы оқу жасындағы балалардың саны деген мәліметке зер салайық:

«Забурын ауыл советі қарауында 8-16 жас арасындағы бала саны 667, осылардың орта халділері 125, жарлылары 542; бұлардың 325-і ер бала, 342-сі қыз бала, осының ішінде әкесі жоқ жетімдер – ер бала 210, қыз бала 200, шешесі жоқ жетімдер – ер бала 300, қыз бала 275».

(МОМА 17 қор, 1 сілтеме, 1 іс, 14 б.)

Бұл құжат араб әрпімен жазылған және Теңіз аудандық атқару комитетінің 04.ҮІІІ.1927 жылғы №1722 санды қатынасына (қатынасқа аудандық атқару комитетінің төрағасы Жанбайұлы, саяси ағарту бөлімінің бастығы Хайроллаұлы қол қойған) сәйкес тапсырылған мәлімет. Бұл құжатқа зер салсаңыздар, 8-16 жас арасындағы оқу жасындағы 667 баланың 410-ының әкеден, 575-і шешеден айырылған баланың жетім болып, тағдыр тәлкегіне ұшырағандар екеніне жүрек сыздамай, толғанбай, тебіренбей оқу мүмкін емес. «Құдай қорлағанды пайғамбар асасымен түртеді» дегендей, өзі жарлы, сіңірі шыққан кедей болса, өзі әкеден не шешеден айырылған жетім болса, оның күйі, келешек өмірі не болды екен? Әрине, бұл бір ғана Забурын ауылдық кеңесіндегі жағдай ғой. Баланың жетім қалуы негізсіз емес. 1927 жылға дейін ел басынан өткен жұт, ашаршылық, елдің басына түскен аласапыран шапқыншылық, босқын өмірдің қалдырған ізі екендігіне күмән келтіруге болмайды.

Екінші назар аударатын мәселе – сол кездегі заңды-заңсыз айып салудың тәртібі жайлы.

Тарихи деректерге қарағанда, айып салудың неше түрлі айла-шарғылардың адам естімеген түрлері болғанын білеміз. Сақалдың ұзын-қысқалығына, көздің түр-түсіне, үйдің терезе әйнектерінің үлкен-кішілігіне қарай айып салу бір кезде Ресейде, Балтық елдерінде орын алғаны белгілі.

Мен кезінде осы айыптарды тарихи құжаттардан оқып, Балтық елдерін аралағанда естігенде жамандаудың түрі шығар деп ойлаған едім. Жоқ, мен қателескен екенмін. Өз халқымыздың басынан өткен зобалаңды, қолдан жасалған қатыгездіктің, тізеден басу заңдарын әлі де болса жеткілікті білмейтіндігіміздің салдары екен.

«Сөзді Лұқпан хакімнің өз аузынан айтқызып, тыңдаған жақсы» дегендей, архивте сақталған құжаттардың өзіне сөз берейік:

### **Протокол №1747/29**

1928 жыл, 29 октябрь күні

Сүндетәлиев Қапышқа «Үш шеркеш» жерінен бір құдық қазғаны үшін 3 сом айып салынсын.

Протокол жасаған Юсупалиев.

### **Протокол №631**

1929 жыл, 10 ноябрь күні

Қожамұратов Ғұбашқа Ақтөбе учаскесінен бір кубометр ақтікен шапқандығы үшін 3 сом 75 тиын айып салынсын.

Протокол жасаған Досаев.

### **Протокол №526**

1929 жыл, 23 май

Сейітов Есетке учаскеде бір бас түйесін жайғандығы үшін 75 тиын айып салынсын.

Протокол жасаған Сүлейменов.

### **Протокол №1236**

1929 жыл, 7 июнь күні

Сандиев Сқаққа участоктен шөп шауып алғандығы үшін 4 сом айып салынсын.

Протокол жасаған Хайрошев.



## Протокол №3902

1930 жыл, 9 октябрь күні

Хайроллаев Хишекенге 70 метр жерден 100 шөмеле құмаршық шауып, жинағандығы үшін 2 сом 10 тиын айып салынсын және құмаршығы конфескеленсін.

Протокол жасаған Мұқашев Сатқан.

(Протокол сөздері әдейі өзгеріссіз алынды)

Қазіргі жағдаймен есептегенде, айып мөлшері еш нәрсе құрамайды. Бірақ сол дәуірде ол аз қаржы емес. Осы айыптарды төлемегендігі үшін арнайы қатынаспен ауылдық кеңестерге, жоғары орындарға хабарлап, өндіру талап етілген. Ол қатынастар да осы құжаттарға қоса тіркелген.

Міне, осы секілді Бөкейлік ағаш отырғызып, жер өңдеу мекемесі қызметкерлерінің Ақтөбе учаскесіне қарайтын «Үш шеркеш» жеріне малын жайғандығы үшін 72 адамға, ауыз суға және малдарын суғару мақсатында құдық қазғандығы үшін 11 адамға, ақтікен және жыңғыл шапқандығы үшін 5 адамға, шөп дайындағаны үшін 5 адамға, құмаршық орып, дайындағаны үшін 3 адамға, құмаршық өскен жерге малын жайды деп 6 адамға, т.б. сылтаулармен 130 адамға айып салынып, акт-протокол жасағанын қалай түсінуге болады?

1926-1930 жылдары халқымыздың көрген азабы, тартқан тауқыметі аздай-ақ, енді қолында қалған бірер-жарым малын жаюға жер бермесе, оны суғару үшін құдық қаздырмаса, еңбектеніп, бейнеттеніп қазған құдығына, күн көру үшін шапқан отынына, құмаршығына айып салып тәркілеп тартып алса, ол адамның жан дүниесіне қаншама күйзеліс, қаншама қайғы түсіретінін ойға оралтудың өзі ауыр тозақ.



Сонда деймін-ау, құдық қаздырмаса — адам да, мал да қаталап өлмей ме? Өзіне азық, малына шөп дайындамаса, олар аштан қырылмай ма? Мал да, адам да жер баспай, от жеп, су ішпей, ауаға жайылу керек пе сонда? Басқа елдерде, тіпті, қазақтың басқа облыстарында елсіз жерде құдық қазғандарды, өткелсіз жерде көпір салғандарды ерекше құрметтейтін жақсы қасиет бар емес пе? Оны «пәленнің қазған құдығы, пәленнің салдырған көпірі» деп есімін қоса атап, адамгершілігін асқақтата көрсетеді.

Ал, бөкейліктер керісінше оларды айыптап, «өлмесен тұрма», «жаны ашымастың қасында басың ауырмасынның» керін келтірген, оны жасаған, айып-протоколдарын толтырғандардың басым көпшілігі – өз қандастарымыз екен.

Иә, аға ұрпақтың басынан не күндер өтпеді? Бұл күнде мұндай қолайсыз деректерді жастарға айтсақ, оған сенімсіздікпен қарайды. Бірақ ащы шындық осы. Ол – өмірдің шындығы. Оған ерекше назар аударып, зер салып, жастарға өткен күндерде аға ұрпақтың басынан кешкен тірідегі тозақтары мен азаптарынан тағылым аларлық ой салған жақсы-ау.

*«Ана тілі» газеті  
16 қыркүйек 1993 ж.*

## **Азалы ауыл, күңіренген ел**

Қазақстан егеменді ел болғаннан бері бұрын халықтан жасырын сақталған құжаттарға аз да болса қол жете бастады. Аз да болса деуіміз – Қазақстан Республикасы Президент архиві мен Қауіпсіздік комитеті архивінде сақталған көптеген құпия құжаттарға әлі де қол жете бермейді. Бірақ солай болса да күні бүгінге дейін «халық жауы, шет ел тыңшысы» деген күйе жағылып келген ел ардақтарының ақталып, анықталып жатқаны егемендіктің үлкен жемісі, халқымыздың жеңісі екендігі сөзсіз.

Қазіргі таңда Коммунистік партияның, Ф.Дзержинскийдің темір сауыт кең шекпенінің етегіне ықтап, сая тапқан, талай ердің шыбын жанын шырқыратып, айуандықпен азаптаудың адам төзгісіз әрекеттерін ойлап тауып жауап алғандардың зұлымдығын әшкерелеуде аз еңбек атқарылып жатқан жоқ.

Солардың бірі – академик М.Қозыбаев, Қазақстан Республикасы архив және құжаттар басқармасының бастығы М.Хасанаев, жазушы А.Жовтис мырзалар басқарған республикалық «Әділет» қоғамының жұмысы. Бұл қоғам Қазақстан Республикасы Президент архиві, Ұлттық қауіпсіздік комитеті архиві, Орталық мемлекеттік архив қорларынан қуғын-сүргінге ұшыраған, жазықсыз жазаға тартылған отыз мың адамның есімін, өмірі мен еңбек жолын анықтады. Бұл – қыруар еңбек. Оларды жинауға, анықтауға қаншама тер төгілді,

уақыт кетті. Бірақ нәтижелі, игілікті іс болды. Жазықсыз жапа шеккендердің есімін тарихқа мұра етіп, мәңгі қалдыру үшін «Азалы кітап» («Книга скорби») шығаруды қоғам қолға алды. Бұл кітаптың алғашқы I томының тұсаукесер рәсімі 1996 жылдың 29 қарашасында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивте өткізілді. «Азалы кітаптың» I томына Алматы облысы мен Алматы қаласынан 1680 адам енгізілген.



Кітаптың тұсаукесер рәсіміне қатысушылардың ерекше назар аударғаны, әрі кітаптың құндылығы деп тапқаны аяулы азаматтардың аты-жөнін ғана көрсетіп қоймай, олардың туған, қайтыс болған мерзімін, өмірі мен еңбек жолынан, Қылмыс заңының қай бабымен қандай жазаға тартылғанынан, қандай заң орнының кейін оларды қашан ақтағанынан аз да болса мағлұмат беруі, әсіресе мүмкіндігі болғанынша (табылғанына қарай – З.И.) фотосуреттерін беруі болды.

«Азалы кітаптың» алғашқы томына енген адамның аты-жөнін, өмірбаянын, еңбек жолын анықтау, оларды архив деректерімен салыстырып зерделеу, фотосуреттерін іздестіру үшін олардың ұрпақтарын, жақын-жекжат тумаларын сұрастыру, баспасөзге жариялау арқылы тауып, олармен жүзбе-жүз сөйлесіп деректерді нақтылауда құрастырушы – редактор Назым Ғазизұлы Ялымов мырза тынымсыз еңбек етті. Сонысы үшін ол жиналған қауымның алғысына ие болды.

«Азалы кітаптың» тұсаукесер рәсіміне жасалған баяндамалар мен сөйлеген сөздерде жазықсыз жандарды қуғын-сүргінге ұшырату, «халық жауы» деген желеумен кадрларды жаппай қыруға аттаныс жасау республика көлемінде БК(б)П Орталық комитетінің 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумынан кейін шұғыл басталып, кең етек алғанын I-II дәрежеде қамауға алынатындардың мөлшерлі тапсырмасы Мәскеуден – орталықтан берілгендігі бұлтартпас тарихи құжаттар арқылы дәлелденді, оған нақты дәйектемелер келтірілді.

Бұл берілген тапсырманы аса шұғыл қысқа мерзімде үлгеруге мүмкіндік болмағандықтан әрбір облыста (кейде аудандарда – З.И.) «үштіктер» құрылғаны, олар істің ақ, қарасын ажыратпастан қалайда кадр көзін жою жөніндегі тапсырманы орындау мақсатында асығыс, үстірт шешімдер қабылдағандығын дәлелдейді. Тек Алматы қаласының өзінде ғана 23 ақпанда – 37, 25 ақпанда – 39, 27 ақпанда – 41,

наурыз айында күніне 50 адам атылып, жарық дүниемен қоштасқанын тілге тиек етті. Анықталған құжаттарға қарағанда «халық жауы», «шетел тыңшысы» деп жазаланғандардың 30-32% ғана қызметкерлер болса, 40-43% шаруа, 20-25% жұмысшы. Бұл – адам баласын көрер көзге қолдан қыру үшін әдейі жасалған қылмыстық әрекет деп тапты жиналған жұрт.

Сөйтіп, «Азалы кітаптың» тұсаукесер рәсіміне жиналғандар «Әділет» қоғамының атқарған жұмысына лайықты әділ бағасын берді. Сонымен қатар олар қоғамның алдында жауапкершілік пен міндеттің, қыруар жұмыстың тұрғандағын да баса әңгіме етті. Оның ең бастысы – қаржы көзін іздестіру, екіншіден, қазіргідей экономикалық жағынан ескексіз қайықтай қалт-құлт етіп тұрған заманда қаржы тапшылығына қарамай «Азалы кітаптың» қалған томдарын шығару, сөйтіп жазықсыз жазаланған отыз мың адамның рухын тірілтуді қажет деп шешті. Ол үшін мемлекет ақшасы мол, қалталы акционерлік қоғамдар, ұйымдар, мекемелер, жеке азаматтардың жәрдем беру мәселесін көтеру «Әділет» қоғамының міндеті екендігіне назар аударды.

«Азалы кітапты» құрастырушы-редактор Н.Ф.Ялымов мырзаның адамгершілігі мен қамқорлығы арқасында біз де Маңғыстау (бұрынғы Маңғыстау ауданы) облысы бойынша жазықсыз жазаға тартылған 206 адамның тізімін алдық (Бұл үшін Н.Ф.Ялымов мырзаға алдын ала оқырмандар атынан алғыс айтамыз). Оған бізді итермелеген ең басты жағдай «Азалы кітаптың» алғашқы томын құрастырушы Н.Ф.Ялымовтың басында болған қиындықтар біздің көз алдымызда өткендігі болды. Ол қиындықтарды жоғарыда айттық десек те Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінен алынған тексеру істері мәліметтерінде кейбіреулердің аты-жөні дұрыс жазылмаған немесе жазалау үкімдерінен басқа, өмірі, еңбек жолы нақты көрсетілмеген, фотосуреттері тіркелмегендігі анық. Ол кезінде қандай дәрежеде жазылса, жинақталса, сонан өзгеруі мүмкін еместігі айқын.

Шындығына келгенде Маңғыстау облысынан «Азала кітапқа» енеді дегендердің өмірбаяны, еңбек жолдары жеткіліксіз, оның үстіне фотосуреттері жоқтың қасында. Сондықтан Маңғыстау облысы бойынша жазықсыз қуғындалғандар жергілікті баспасөздерде бұрын жарияланғандығынан хабардар бола тұрсақ та Маңғыстау облысы бойынша шығарылатын «Азалы кітаптың» сапасын жақсарту және келешек ұрпаққа жазықсыз жапа шеккендер тарихынан жақсы да нақты, дұрыс мұра қалдыру үшін халықты күні бұрын хабардар етіп жоғарыда аталған кемшіліктерді алдын ала жөндеу

үшін олар туралы тізімді тағы да жариялауды дұрыс деп шештік. Екіншіден, «Азалы кітаптың» келешек томдарының жарық көруі қаржыға байланысты. Қаржы жоқтықтан алғашқы томның жарық көруі де жұтаң – барлығы 1000 ғана дана. Ол кімге жетсін?! Ал «Әділет» қоғамының барлық облыстар бойынша «Азалы кітапты» таяу уақытта шығаруға қаржысы жоқ. Әр облыс Отан соғысы жылдарында қаза тапқандарды есте қалдыру үшін «Боздақтар» кітабы сияқты мұны да өздері әр облыс елдік жасасақ дегенді құптайды. Біз де маңғыстаулықтар мұндай игілікті істен бас тартпас, елдігін танытар деген үміттеміз. «Азалы кітаптың» Маңғыстау облысы бойынша тезірек жарық көруіне, ел игілігіне айналуына, олардың рухының риза болуына облыстық, аудандық әкімшіліктер, мүмкіндігі бар қоғамдық ұйымдар, мекемелер, жеке азаматтар лайықты үлес қосар деген сенім де мол.

Енді әңгімеміздің негізгі арқауы – 206 маңғыстаулықтың жағдайына талдау жасасақ, қолдағы мәліметке қарағанда, олардың көпшілігі (бәрі десе болады – З.И.) Қылмыс заңының 58-бабымен «үштіктің» немесе Жоғарғы Сот, әскери коллегиялардың, әскери трибуналдардың үкімімен «халық жауы» атанып, жазаға, жауапқа тартылатындай басшы, үкімі жүретіндей лауазымдылар емес, қатардағы жұмысшы, балықшы (37), жер серіктігі, колхоз мүшелері (73), малшы (11), отбасындағы әйелдер, хат тасушы, есеп қызметкерлері, салық жинаушылар.

Жазаланғандардың басым көпшілігі Кеңес үкіметі құрылғаннан кейінгі 1922, 1924, 1927, 1932-жылдардағы жұттардан жұтап, ашаршылық тақсиретін тартып келіп енді Кеңес үкіметінен жақсылық күткен, соған өлердей үміт артып, сенгендер. Солай болса да ол үміт, арман желге ұшты.

1930, 1938-жылдар маңғыстаулықтар үшін нағыз қайғылы да қаралы айлар, жылдар болды. Оған дәлел тек 1930 жылы – 51, 1938 жылы – 108 адам сом жүрек әрі сұм жүрек дзержиндік сұр шинелділер қолымен жазаға тартылды. Бұл қаралы да қайғылы жылдарда, әсіресе Баутино балықшыларынан – 29, бір ғана №18 ауылдан – 30 адам сотталып, талай шаңырақ қирап, отбасы ойрандалды. Бала-шағасы шулап, қайғы-қасірет шекті.

Әр үйден бірден-екіден жауапқа тартылғандар былай тұрсын, кейбір азаматтар тұқымымен, әулетімен асыра сілтеудің құрбаны болды. НКВД «үштігінің» құрығына Агафоновтардан төрт, Дубскийлерден төрт, Селбаевтардан бес, Сұлтановтардан алты азамат бірден ілігіп, жазаға тартылды. Үй шаруасындағы, отбасындағы 43 жастағы Күзембаева Қоңырша да бұл құрыққа түсті.

Сөйтіп, бүкіл Маңғыстау азалы ауыл, күңіренген елге айналды. Аштықтан, қызыл белсенділерден қашып, жер ауғандардан қалғандары да елде қалып рақат өмір сүре алмады. Өтірік пен өсектің құрбандығына шалынды.

Бір сөзбен айтқанда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінен толық анықталды деп (толық анықталды деген сөзге қарағанда әлі де бізге белгісіз ақталмағандар да бар-ау деген ой да қылаң береді) «Азалы кітапқа» енгізу үшін тапсырылған 206 адамның тең жартысы, яғни 103 адам Қылмысты істер заңының 58-бабының 2, 6, 7, 8, 11-буындары бойынша ең ауыр жазаға (атылу жазасына), 51-і 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне, 6-ы Сібірге жер аударылуға, шетелдік б азамат кеңес мемлекетіне қарсы үгіт жүргізді деген желеумен кеңес аймағынан қуылуға үкім шығарылған. Қалғандары әр түрлі жазаға сотталды. Әрине, бұлардың жасырын ұйым құрып, кеңес мемлекетін құлатуға, қастандық жасауға, шет елге тыңшы болуға әрекет ететіндей ой өрісі, білімі сәйкес еместігі айдан анық.

Ендеше, бұл қуғын-сүргін неге жасалды, неге жаппай өріс алды?

Оған бір ғана жауап – Кеңес үкіметі, Коммунистік партия басшылары ел басқару ісіндегі, мемлекеттің шаруашылығындағы, экономикасында, саясаттағы бар кемшілікті, тұралауды өзгенің мойнына арту үшін осындай адамдардың іс-әрекетінен болып отыр деп жұрттың көзін жеткізуге құйтұрқы саясат керек болды. Барлық бәлені солардың мойнына салып өздері «сүттен ақ, судан таза» болуды көздеді. Оның үстіне «сыныққа сылтау тауып» бұлардың көзін жойып алғаннан кейін қалғандарына ендігі кезек сендердікі, айтқаныма жүріп, айдауыма көнбесең көретін күнің осы деген ишара керек болды. Сонан барып жазықсыз жандардың қаны төгілді, атылды, айдалды, үй-орманымен қуғын-сүргінге ұшырады. Кеңес үкіметінің осы саясаты арқасында Қазақ Республикасы азалы ауылға, күңіренген елге айналды. Бұл саясат оларға нәтижесіз болған жоқ. Халықты айтқанына көндірді, айдауына жүргізді. Оң жағына ұрса, сол жағын тосатын мәңгүрттікке әкелді.

*«Маңғыстау» газеті  
13 наурыз 1997 ж.*

## Отарлау саясаты

...Александровск фортының тарихы тым әріде жатыр. Ол Ресейдің Каспийдің шығыс жағалауын отарлау саясатымен тікелей байланысты. І-Петр патшаның тапсырмасымен қабардалық князь Бекович-Черкасскийдің 1715 жылғы Каспийдің шығыс жағалауына жасаған экспедициясынан басталады. Ол бұл сапарында Қызылсу шығанағына дейін Каспий жағалауын сүзіп шықты. Ресейдің Каспий жағалауында әскери бекініс салатын орындарына өзінше меже жасап қайтты. Келесі жылы Қызылсу шығанағы мен Маңғыстаудың Қарағантүп мүйісіне қамал салуға әскери күш әкелді. Бірақ 1717 жылғы жорығында сәтсіздікке ұшырады.

1819 жылы Ресей Сыртқы істер министрлігі жанынан Азия департаменті комитеті құрылды. Оған Ресей империясының шығыста отарлау саясатын жүргізу және азия халықтарының тыныстіршілігін бақылау тапсырылды.

Азия департаменті комитеті бұл зардапты әрекетті жүзеге асыруда ең алдымен жорық жүретін жерлердің табиғатын, жер байлығын, жер-су жағдайын зерттеу, жорық кезінде әскерді азық-түлікпен, отын-сумен, көліктерді жем-шөппен қамтамасыз ету көздерін, жолдарды, жол бойындағы құдықтардың жағдайын біліп карталарын жасау, келешекте ресейліктерді қоныстандыратын шұрайлы жерлерді анықтау, жергілікті халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын, шаруашылық-кәсіптерін, жазу-сызуын білу үшін арнайы экспедициялар ұйымдастырудан бастады.

Сонда да болса құныққан Ресей отарлаушылары саяси бағытынан қайтпады, қайта Қазақ даласы мен Орта Азияны отарлау әрекетіне ХІХ ғасырдың басынан бастап жүйелі кірісті. Ол экспедициялар қару-жарақпен, азық-түлікпен, қаржымен қамтамасыз етілді. 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін осындай 20-ға жуық экспедициялар бір ғана Маңғыстау өңірінде жұмыс жүргізді.

Солардың бірі Ресейдің Каспий жағалауын отарлау жұмысына елеулі үлес қосқан табиғат зерттеушісі Г.С.Карелин.

Оның зерттеу жұмысының негізгі мақсаты патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясаты болғанын осы жерде айтуға тиіспіз. Ол қазіргі күндерге дейін Каспий – Арал төңірегін зерттеуші-ғалым ретінде бағаланып жүр. Оған біздің де дауымыз жоқ.



Г. Карелин

Г.С.Карелин 1832 жылдан бастап Каспий мен Арал теңізі жағалауларында ұзақ жылдар бойы зерттеулер жүргізді. Жер, табиғат, экономикалық жағдайы мен жол қатынасын толық зерттеп Маңғыстаудың Қызылтас мүйісін келешек әскери қамал салатын орын деген шешімге келді. Ресей Сыртқы істер министрлігі оның ұсынысын мақұлдады да шұғыл іске кірісіп 1834 жылы бұл қамал пайдалануға берілді. Ол **Новоалександровск** қамалы деп аталды. Алайда, бұл қамал Ресей отарлаушыларының көздеген мақсатына толық сай болмады. Кейін Түпқараған түбегінен жаңа қамал салуға шешім алынды. Жаңадан салынған қамал **Новопетровск**, кейін **Александр форты** деп аталды және Ресей отарлаушыларының отарлау саясатын іске асыруға қолайлы тірегі болып табылды.

1868 жылғы «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша Маңғыстау приставтығы құрылғанда Александр форты оның әкімшілік орталығы болып белгіленді де оған Бозашы түбегі, Үстірт жоны, Каспий теңізінің шығыс жағалауындағы Морской, Святой, Подгорный, Долгий, Орлов аралдары қарап Орал облысының қарамағына берілді. Бұл аталған аралдардағы тұрғындардың басым көпшілігі Орынбор казактары еді, кейін оларға астрахандық казактар мен балықшылар да қосылды. Бұлардың барлығы да патша үкіметінің Каспий жағалауындағы отарлау саясатын жүзеге асырушылары әрі Маңғыстау приставының жергілікті жердегі көзі мен құлағы, сойыл соғарлары болды. Кейін Маңғыстау приставы Орынбор генерал-губернаторы қарауына, 1870 жылы ақпаннан бастап Кавказдағы патша өкілі князь Михаил Романовтың билігіне берілді.

Мұның да сиқырлы сыры бар еді. Бұл кезде Ресей Маңғыстау түбегіндегі Адайларға Хиуа хандығының ықпалын, қарым-қатынас, сауда байланысын жою, осы арқылы Хорезм, Самарқан, Ташкент өңірін жаулап алып, Батыс Европа мемлекеттерінің, әсіресе ағылшындардың Орта Азияға ұмтылу жолын кесу үшін Хиуа жорығын ұйымдастыру мәселесін қолға алып жатты. Осыған байланысты бұл жорыққа қатысатын әскери күш Кавказдағы князь Михаил Романов қолына топтастырылды.

Алдын ала жасалған бұл жоспар 1869-1870 жылдардағы Маңғыстау қазақтарының көтерілісін басып-жаншуда елеулі роль атқарды, көтерілісті басуға Михаил Романов жіберген Кавказ жазалаушы отрядтары көтеріліске қатысқандарды, жергілікті халықты аяусыз қырды, бейбіт елді тонады. Михаилдың құрған Далалық сотының үкімімен көтерілісшілерді ату жазасына кесті, каторгіге айдады, түрмеде өлтірді. Оның соңын Хиуа жорығына жалғастырып жіберді.





1816 ж. карта

Сөйтіп, Ресей отарлаушылары бұл бағытта бір оқпен екі қоянды атып түсірді. Хиуа талқандалып, Ресейдің Орта Азияға дендеп енуіне байланысты 1873 жылы Маңғыстау приставы Кавказ әскери округінің Закаспий әскери бөліміне өтті. Маңғыстау приставы билігін мұнда да ұзақ тұрақтатпады, 1881 жылы Закаспий облысына бағынды. Онан кейін Маңғыстау уезінде Кеңес үкіметі орнағанша Түркістан генерал-губернаторына қарасты Закаспий облысының ықпалында ұстады.

Оның өзіндік іш есебі мол, түлкі бұлтақ саясат екені белгілі. Маңғыстау түбегіндегі халықты әкімшілік жағынан басқару жүйесін арасы алшақ, жол қатынасы қиын, бірде Оралға (Теке), бірде Орынборға, онан кейін Кавказдағы Петровск, ең соңында Түркістан генерал-губернаторлығына қарайтын Закаспий облысының Красноводск қаласына бағындыруы, баланың ойыншығындай етіп сансаққа жүгіртуі – отарлық саясат. Ол – жергілікті халықтың да, ел басқарушыларының да отарлаушыларға арыз-шағымдары да, аяқтары да жетпесін, ұлт, ру араздығы өз ішінде өрши берсін деген ұғым.

Ал, отарлаушылардың түпкі арам ойы Маңғыстау түбегін ресми түрде Ресейдің бір пұшпағы ету, оның байлығын теспей сору, жер жағдайы әскери стратегиялық мақсатқа қолайлы болғандықтан оны қолдан шығармау екені сөзсіз. Осы мақсатты жүзеге асыруға іргелес түрікмендерді пайдаланды. Ал, түрікмендер болса ертеден патшалы Ресейге арқа сүйеп, соның сойылын соғып, қазақ ауылдарын жиі-жиі шабуға қалыптасып қалғандықтан Маңғыстау өңіріндегі халықтың мал-мүлкінен айырылмауды көздеді.

Бұл жағдайлардың мән-жайын түсініктірек, ұғынықтырақ ету үшін қолда бар тарихи деректерге назар аударып көрейік.

Ең алдымен Маңғыстау түбегі әскери-стратегиялық жағынан Ресейдің Орта Азияға дендеп кіруін және Европа елдерінің Орта Азияға ықпал етуіне қолайлы тосқауыл болады деген Ресей отарлаушыларының пікірін Александр фортының салыну тарихына байланысты жоғарыда айттық, біршама дәлелдедік.

Ал енді екінші айтарымыз жер байлығын игеру жөнінде патша үкіметі Маңғыстау түбегіне бірнеше экспедициялар жіберіп, жер астында мол қазынаның жатқандығына олардың көздері ерте-ақ жетті. Енді оны қалайда игеруге жанталасып жатты. Маңғыстаудың балығы мен итбалығын айтпағанда, әсіресе тас көмірдің (Біте ащы, т.б.), ас тұзының (Қаракөл, Кетік, т.б.), Қарабұғаздағы әлемдік маңызы бар глаубер тұзы және Шайыр мен Тартал арасындағы темір руда кендерінің көздерімен қатар 1900 жылы анықталған

وقای نامه بنی نصحت نامه

قلعه نوشنگ قونوب اولطورغوجی

فرغزلارنىڭ اورون باشلىقى

۱  
اول

بىستوى ناچالنىڭ لىنى ھم لازىمچىلىكى

بوۋىچە سز لازىمىز قلعه نوشنگ قونوب

اولطورغوجى بارچە فرغز فرقاتلارنى روزقلارنى

مايىپەلەرنى ھم ئىتبارلىق آبرامايىچە باشقاروب طورمانغە

۲  
ئىچى

اكر براكو بر بر نورلوسىب بوۋىچە سزكا طلبى

اولاس كىلماشە اول وقتىن ھىچ بر وقت اوزغارمايىچە

مطىعلتتە كىلىنورمك اوچون دىستانسە سردارىنە سلطان

بر اويىنكا عرض قىلماز قاپولرى باش طار تونوجى اطاعنە

كلنوروب بر لماغان خالغە كاسىبە مەككە سىنە عرض قىلار

۳  
ئىچى

سزنىڭ قول آستىڭزغە مەقتىر قىلونسىز بر لردە دايم

كوچوب وقونوب اولطورغوجىلاردىن ھم بر طرافتىن

كىلوب وقتىچە قونوب اولطورغوجىلاردىن غىيىلى

آدم بولماسون دىب حىياتت ابدوب قول آستىڭزداغى

فرغز فرقاتلارنى باشن حاكىملارمىزكا داياا طور بىلىتە

الماتىچىلىككە تونسانكز كراك

## ИНСТРУКЦІЯ.

Мѣстному Начальнику надъ Кир-

гизами, когующими при вѣдѣннѣй  
на С. Магнитнаго пограничнаго  
района въ Киргизіи Киргизъ Кудеко  
С. Магнитнаго. § 1.

По званію мѣстнаго Начальника  
вмѣняется вамъ въ обязанность за-  
вѣдывать всѣми Ордындами, безъ ис-  
ключенія и различія родовъ, отдѣ-  
леній и званій, кочующими

§ 2.

Если кто-либо изъ Киргизовъ, ко-  
чующихъ въ вѣденіи вашемъ, по ка-  
кимъ бы то нибыло причинамъ, не за-  
хочетъ подчиниться вамъ, то вы  
должны о такомъ довести пош-  
часъ Дистанционному Начальнику и  
Султану Правителю, которые при-  
нимають свои мѣры къ приведенію  
въ повиновеніе не послушнаго, или  
доносятъ Пограничной Комиссіи.

§ 3.

Наблюдай, чтобы въ предѣлахъ  
вѣреннаго управленію вашему мѣста,  
ни на постоянномъ, ни на времен-  
номъ ночеваніи, не было людей по-  
рочныхъ, и чтобы они находились  
во всегдашней вѣрности и послуша-  
ніи Правительству.

Новопетровск камалы жанында көшіп-қонып жүрген қазақтарды  
басқарушы Құлбай Мұхамедовке берілген нұсқау (1-23), 1847 ж.

Төбешік, 1902 жылы Қарасаз бен Таспақтан табылған мұнай, 1910 жылы геолог Мокрынскийдің Қаратауда ашқан көмір, зерттеушілердің анықтауы бойынша дүниежүзіндегі ең күрделі кен, Қарашадағы мирабилит кендері отарлаушылардың көкейін тесті.

Оның үстіне жер басқармасының мәліметі бойынша Маңғыстау уезіне қараған тек 12 болыстың өзінде ғана 1916 жылы 76800 бас қой, 34000 бас ешкі, 52300 бас түйе, 55000 бас жылқы, 1500 бас мүйізді ірі қара болған (ҚРОММ 5 қор, 1 тізімдеме, 45 іс, 107 п.). Отарлаушы Ресей үшін бұл дегеніңіз қыруар байлық. Өйткені бұл мал, оның өнімдері тек базарды ғана байытып қоймады, ол Ресейге төлеген салығымен де есепсіз қаржы көзі болып табылады.

Сондықтан отарлаушылар мұндай есепсіз байлығы бар түбекті уысынан шығармаудың бар айла-шарғысын жасады.

Мұрағат деректеріне жүгінсек қазақ жерін Ресей екі жолмен отарлағандығын дәлелдейді.

Оның біріншісі – Ресей өз ішінде саяси және діни, әлеуметтік, шаруашылық жағынан қысымшылық көріп, қазақтардың аңқаулығын, адалдығын пайдаланып, қазақтар отырған жерге біртіндеп келіп, жергілікті жерге орыстар өз бетінше бірте-бірте үйреніп, сіңісіп, кейін Ресей отарлаушыларына оң қол болып кеткендер. Бұл ешкімнен сұрамай, ешкімнің билігінсіз келіп жерге иемденген отарлаушылар. Оларға патша үкіметі үнемі қамқорлық жасап қанатының астына алып отырған. Олар орналасқан жеріне өздерінің басқарушыларының есімдерін, не өздерінің қалауынша келген жағының атауымен жаңа қонысын атап, орналасқан.

Екіншісі – ресми отарлау. Бұл Ресей отарлаушыларының әскери күшпен басып алып, отарға айналдыруы, отарлаған жерін, мемлекет меншігі деп тануы, қала салуы, бұрынғы елді мекеннің, жер-су атауларын өз беттерінше өзгертіп, жаңадан атау беруі.

Мұндай атаулар Маңғыстау түбегінде аз емес. Мәселен, байырғы атау Қызылтастың Новоалександровск, Түпқарағанның Александр форты болып немесе Каспийдің шығыс жағалауындағы аралдардың Морской, Святой, Подгорный, Орлов, Долгий, Заворот, форттың іргесіндегі поселкені Николаевск деп аталуын айтсақ та жеткілікті болар. Бұл бір сөзбен айтқанда отарлаушылар отарлаған елінің жер-су атауларын келешекте ел есінен шығару, тарих беттерінен өшіруді көздеген қатыгез саясаттан туған атаулар. Ондағы мақсат ерте ме, кеш пе жер-су туралы мәселе қозғала қалса ол Ресейдің жері дегенді дәлелдеуге қажет деп ойлаған арам ниеттен туған ой.

Қазақ жерін отарлау саясаты жөніндегі патшалық Ресейдің бұл ұстанымын ХХ ғасырдағы оның мұрагері Коммунистік партия мен

УПРАВЛЕНИЕ  
ОРЕНБУРГСКОГО  
ГЕНЕРАЛЪ-ГУБЕРНАТОРА.

Въ Высочайшаго Управления Оренбургскимъ вѣдомствомъ

канцелярія  
отдѣленіе канцелярское  
8 мая 1867 года.  
Г. ОРЕНБУРГЪ.

По вступившей на доброту, и согласно приказанію Г. Управляющаго Канцеляріи Канцеляріи милостию моею покорнѣйше прошу Общественнаго Провѣдника для докладнаго Провѣдника милостию моею, пожелавши на приобретение Каспійскаго моря, право заводить на берегу моря лодки и пользоваться свободными рыболовствами въ водахъ лежащихъ близъ насъ берега Чернаго моря, такъ какъ мы имѣемъ берега Чернаго моря, пограничнаго Анатоліи, пограничнаго Кавказа на мѣстѣ бывшаго Оренбургскаго Военнаго Управленія отъ 22 Января 1846 г. законъ 23511 видна, что въ томъ году были постановлены нѣкоторыя особыя правила для наблюденія, дабы каковыя рыболовныя промыслы не продавали многократно, въ томъ числѣ и киргизамъ, сардамъ, мордовъ, мекъ и другимъ запрещеннымъ предшествовать.

к-т ур...

За Управляющаго Канцеляріи Канцелярскимъ Канцелярскимъ

Начальника Отдѣленія Канцелярскимъ

Қазақтардың Каспий теңізінде балық аулауға, қайық ұстауға құқы бар ма деп сұрау салған 1867 ж. құжат

Кеңес үкіметі онан әрі мүлтіксіз жалғастырды. Оның бірден-бір дәлелі Қазан төңкерісінен кейін іле-шала ақтар мен қызылдардың айқасы шағында Маңғыстау түбегін Ресейдің бір пұшпағы ету үшін қанды шайқастар аз болмады.

Соның салдарынан түбекте 1920 жылға дейін Кеңес үкіметі орнамады. Себебі Ресейден қашқан ақтардың әскерлері мен офицерлері Маңғыстау түбегін қолдан шығарғысы келмеді. Шет елден қаржы, әскери күшті алатын қолайлы орын, Кеңес үкіметімен қарсы күресінің база-қамал болады деп сенді. Мәселен, 1919-1920 жылдары Маңғыстау түбегі, оның әкімшілік орталығы Александр форты ақ казак генералдары Деникиннің, Толстовтың, Железновтың армияларын тамақпен, оқ-дәрімен қамтамасыз ететін базаға айналдыруға ұмтылғаны тарихтан белгілі. Олардан кейін Маңғыстау түбегінде Кеңес үкіметі орнаған соң Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің саясатына қарсы күрескен, кезінде «банды» атанған Сапожков, Киселев және жергілікті халықтан шыққан бірнеше азаматтар бұл өңірді ойқастады.

Екінші дәлелге келсек, Азамат соғысының аласапыран күндерінде патшаның отарлау саясатынан, көршілес түрікмендердің шабуылынан зәрезат болған бұрынғы Закаспий облысына қараған Маңғыстау уезінің халқы елінің серкесі Тобанияз Әлниязовтың бастауымен біржола бөлініп, Қазақ республикасының қарауына өтуге ұмтылды. 11-14 маусым 1920 жылы өткен Адайлардың және басқа да рулардан жиналған өкілдер І-кеңестік съез өткізді. Сонда өз алдына Адай уезін құруға шешім алды. Уезге қарайтын болыстар бекітілді. Бірақ уездік әкімшілік орталығының атауын Александр фортын тұрған жері Түпқараған немесе Кетік деп атауға мүмкіндік болса да өзгертпеді. Алғашқы кезде Александр атауы қала тұрсын, ол қалай десе де қазақы атау емес деген болуы керек, кейін патшалық есімді қаторжник есімімен ауыстырылды.



М.С. Урицкий

Сөйтіп, бұған дейін аталып келген Александр форты **Урицкий форты** болып өзгертілді. Солай болып ресми құжатта белгіленді. Неге?

Оның басты себебі кеңестік саясат әу баста ақ таптық саясатты ту етіп ұстанғандықтан бұрынғы патша есімін жоюды және қазақтың ол жердегі байырғы жер атауын алмауды көздеді де Урицкий есімімен ауыстырды. Қазіргі жастарға беймәлім Урицкий кім?

Оның қысқаша дерегі мынау: Моисей Соломонович Урицкий кезінде бірнеше жыл каторгіге айдалған, Ресей

төңкерісшіл (революциялық) қозғалысының қайраткері, 1917 жылы Қазан төңкерісіне басшылық жасаушылардың бірі. Петроград әскери төңкеріс комитетінің мүшесі, Петроград төтенше комитетінің төрағасы, Сыртқы істер министрлігінің комиссары болған. Оны 1918 жылы эсер А.Канечиссер деген атып өлтірген. Урицкийдің кегін алу үшін кезінде бірнеше жүздеген адамды ВЧК атты. Сөйтіп, БОАК Урицкийдің есімін мәңгі есте қалдыру үшін Александр фортын мұнан былай Урицкий форты деп атауға арнаулы қаулы алды. Алайда бұл атау ресми құжаттарда болмаса жергілікті халыққа сіңіспеді. Халық бұрынғы үйренген Александр форты деп атаудан жаңылыспады.

Бірақ кейін Қазақстан Коммунистік партиясы мен Бүкілодақтық Орталық атқару комитетіне бұл атау неліктен ұнамағаны белгісіз. 1935 жылы 1 шілдедегі Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің қаулысымен енді бұрынғы Александр форты **Микоян** атындағы қала деп өзгертілді (ҚРОММ 5 қор, 8 тізімдеме). Бұл жерде бір таң қаларлық нәрсені айта кетуге тура келеді. Атап айтқанда жоғарыда айтылған Урицкий фортының Микоян аталуы басқаларды айтпағанда маңғыстаулықтардың өздеріне де беймәлім.

Екіншіден, Урицкийдің бірден Микоянға ауыстырылуында да жасырын сыр бар секілді. Өйткені бұған дейін Петропавл қаласының атауын өзгерту жөнінде Петропавл округі еңбекшілерінің съезі, ократкомы, Қазақ Орталық атқару комитеті қаулы алып, БОАК-нің шешіміне жібергенде «қазіргі кезде тірі, қызмет істеп жүрген басшылардың есімін қала атауына беруге болмайды» деп Петропавл қаласының атауын Молотов қаласы деп атауға келіспеген. Соған қарамастан жергілікті халық, Қазақ Орталық атқару комитеті «үзілді-кесілді қарсымыз, қалайда Петропавл есімін Молотов қаласы етіп өзгерту керек» деп жазған шағымдарын да аяқсыз қалдырғандықтан күні бүгінге дейін сол Петропавл өмір сүріп келеді. Ал, Урицкий фортын Микоян форты деп өзгерткен кезде А.Микоян КСРО Тамақ өнеркәсібі халкомы болып қызмет атқарып жүрген. Сондықтан Петропавл қаласының атауын өзгертуге келіспеген БОАК Урицкий фортын А.Микоян атауына неге өзгерттірді, түбі өзгерту қажет болса жергілікті халықтың қойған байырғы атауын неге алмады деген заңды сауал өз-өзінен туындайды.

Біше, патшалық деспотияның заңды мұрагері болған БОАК Петропавл қаласында өзге ұлт өкілдері көп, ал Адай уезінде Микоянға жергілікті халық қарсылық жасамайды, үнсіз қабылдайды деген отаршылдық пиғыл істелген жымысқы саясаттың нәтижесі секілді.

Оған тағы бір дәйек, кейін бұл атау да өзгеріп 1939 жылы **Шевченко форты** аталды.

Ол ол ма, тіпті терезесі тең, өз алдына одақтас республикалардың бірі – Қазақ Автономиялық Республикасы деп қағаз жүзінде атанымен Маңғыстау уезінің шаруашылық басқару жүйесінің өзін Қазақстанға билетпей, тікелей РСФСР-ға бағындырудан шімірікпеді. Мәселен, уездің басты табыс көзінің бірі – балық пен итбалық аулау басқармасы Қазақстанға емес Астрахан қаласындағы Еділ-Каспий мемлекеттік балық тресіне («Волго-Каспий госрыбтрест») бағындырды. Ал, «Қарабұғазтұз» тресіне Қазақстан қарауынан алынып Түрікменстан республикасы қарауына кеткенше, тікелей Мәскеу иелік етті.

Ішкі Ресейден Маңғыстау уезінің партия, кеңес, кәсіподақ және халық шаруашылығының әр саласын басқару ісіне жіберілген қазақ жерін отарлау саясаты сүйегіне сіңген шенеуніктер Қазақстан шекарасын белгілеу, аудандастыру, жаңадан аудан, уез, округ құру кезеңдерін де Қазақстаннан Маңғыстау уезін бөлу мәселесін үнемі көтеріп, іріткі салып отырды.

Мәселен, Маңғыстау уезіне 1922 жылы Ресейден жіберілген Пирожков Адай уездік кәсіподақ комитетінің төрағасы болып тағайындалды да, уездік ревкомға және партия бюросына мүше болып сайланды. Ол бюрода (№22): «Адай уезінің жағдайын жақсарту үшін *(көрдіңіз бе, қандай жанға жайлы, жүрекке жылы тиетін жылы сөз, «балға у қосып ішкізу» деп қазақ осындайды айтса керек – З.И.)* келешекте бұл уезді Кавказдағы Петровск, не Ресейдегі Астрахан немесе Закаспий облысының Полтарацкий губернияларының біріне қосу керек» деп талап қойды.

Бұл аз десеңіз тағы бір мына нақты дерек тілге тиек етуге болады. Ол Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының ғылыми қызметкері Доництің Адай округін құру мәселесі жөнінде 1928 жылдың 28 желтоқсанынан 1929 жылдың 8 қаңтарына дейін Маңғыстау уезінде болып ҚазОАК-не, Халкомге және Өлкелік партия комитетіне тапсырған 19 беттік баяндау хаты. Оның қысқаша тұжырымы мынадай:

«...Қазақстанды аудандыру жөніндегі қойған алғы талаптың бір де біреуіне сай келмегендіктен Адай округінің келешекте өмір сүруінің қажеттілігі жоқ», - деп келеді де екі вариант ұсынады:

1. Адай округінің аумағын Гурьев, Ақтөбе округтерінің аумағына және Қарақалпақ автономиялы облысына бөлу керек. Ол үшін Каспий жағалауын Гурьев округіне, бұрын Адай уезіне берілген Ақтөбе округінің жерлерін өзіне қайтарып,



О СУЩЕСТВОВАНИИ АДАЕВСКОГО ОКРУГА К.С.С.Р.

( Докладная записка )

1. Характеристика округа.

При районировании Казахстана в 1928-м году, бывш. Адаевский уезд Республики был выделен в самостоятельный округ, с присоединением части Темирского у. Актобинской губ. По ходатайству отдельных членов ВЦИК, Президиум последнего, вопреки заключению Казгосплана и Казахского Правительства, присоединил к Адаевскому округу еще две волости Гурьевского уезда Уральской губ.

Центр бывш. Адаевского уезда находился в гор. Форт-Александровский. При районировании, уполномоченным возбуждал ходатайство о перенесении центра округа в пос. Умк ; ходатайство это было принципиально удовлетворено с тем, чтобы вопрос о времени фактического переезда был рассмотрен особо. Весной 1928 г. округ возбуждал ходатайство о срочной переброске центра в Умк. Специальная Комиссия при Президиуме ИЦИИ признала, по докладу Казгосплана, что переезд этот является несвоевременным. Тем не

Что же касается вопроса о дальнейшем существовании самого Адаевского округа, - необходимо указать, что никаких новых материалов с мест ожидать не приходится ; округ этот несомненно подлежит расформированию.

НАУЧНЫЙ СОТРУДНИК ГОСПЛАНА КССР

( ДОПУЧ )

*S. Damin*

• 28 • Декабря 1928 года - 8 января 1929 г.

Арал теңізінің жағалауын Қарақалпақ автономиялық облысына берсе тиімді болады. Өйткені мұндай бөліс Гурьев округінің мал шаруашылығын да, өнеркәсібін де күшейтеді, Ақтөбе, Қарақалпақ та өзінің бұрынғы жеріне ие болады. Ал, Адайлар Каспий жағалауындағы түбектерге тұрақтанып қоныстанады, әрі Ақтөбе округінің жерінде жаз жайлауларына малдарын шығаруға мүмкіндік алады.

2. Бұл вариант болмаған жағдайда әкімшілік орталығын Арал қаласы етіп Арал округін құру керек. Сонда бірыңғай балық өнеркәсібін дамытуға кең жол ашылады. Бұл округ құрыла қалған жағдайда Қарақалпақ облысына берілетін Арал теңізінің жағалауынан басқа Қызылорда, Ақтөбе, Адай округтерінің, мүмкін Қостанай округінің балықты басты көлдерін берсе көптеген мәселе тиімді шешімін табатыны сөзсіз.

Келешекте Адай округінің өмір сүруі үшін жергілікті жерден жаңа материалдар күтудің қажеті жоқ, өйткені бұл округ сөзсіз таратылады» деп тұжырым жасаған.

(ҚРОММ 5 қор, 9 тізімдеме, 23 іс, 8-26 п.)

Осы мәселе жөніндегі үшінші бір дерек ерекше әңгіме етуге болады. Ол «Қарабұғазгазхим» тресінің басқарушысы Рубенштейннің БК(б)П Орталық комитетінің хатшысы А.Андреевке 25 қаңтар 1936 жылы жазған хаты.

Бұл хатында ол Маңғыстау уезінің 1908-1935 жылдар арасындағы өнеркәсібіне, шаруашылығы мен экономикасына, әлеуметтік мәдени-тұрмыс жағдайларына талдау жасап:

«Қарабұғазгазхим» тресі қарайтын Маңғыстау ауданының облыс, республика орталықтары Орал, Алматы қалаларымен жол қатынасы қиын, ол қалаларға бару үшін алдымен Урицкий форты арқылы теңізбен Мақашқалаға, онан теміржол арқылы Мәскеуден Алматыға жетеді, немесе, теңіз арқылы Мақашқала – Баку – Красноводск барып, «Ташкент – Алматы» поезына отыруы керек.

Ауданның осындай облыс, республика орталықтарынан қашық орналасуынан олар Маңғыстау ауданының шаруашылық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық өміріне жеткілікті басшылық жасай алмай отыр.

Сондықтан, біріншіден, бұл ауданды БК(б)П Орталық комитеті тарапынан арнайы комиссия жіберіп жан-жақты тексеруді қажет деп санаймын.

Екіншіден, ауданға басшылықты жақсарту үшін *(қандай әдемі сөз – З.И.)* Қаз АКСР-на қарайтын Маңғыстау ауданын Түрікмен КСР-ның Қарабұғаз ауданымен қосып біріктіріп (мұндағы қазақтар

да Адайлар) Адай не Қарабұғаз деген атаумен өз алдына автономиялық облыс не өлке жасап Түрікмен КСР құрамына берілуі керек. Немесе, өз алдына республика етіп, оның өкілетті өкілін Ұлттар кеңесіне енгізіп РСФСР арқылы тікелей Мәскеуге бағынатын ету жөн.

Сонда Қарабұғазбен тығыз байланыстағы Маңғыстау ұйымдастыру, әкімшілік және шаруашылық жағынан бірыңғай басшылыққа енеді. Осылай болғанда «Қарабұғазхим» комбинаты Маңғыстаудың көмірін пайдаланады, мұнай және басқа да қазбалы байлықтарды 5-10 жылда игеріп, бұл өнеркәсіпті өлкеге айналады, Қарақұм игеріледі» деген.

(ҚРОММ 5 қор, 17 тізімдеме, 509 іс, 1-2 п.)

Рубенштейн бұл сиқырлы хаты Қазақстан Республикасы басшыларын дүр сілкіндірді.

Табаны күректей бес ай бойы КСРО Орталық атқару комитеті Президиумының нұсқаушысы Ребров бұл мәселеге зор мән берді. Ол 15.03.1936 жылы КСРО Орталық атқару комитетінің одақтық кеңестің хатшысы И.С.Уншлихтке, Орталық атқару комитетінің Ұлттар кеңесінің хатшысы А.И.Хацкеевичке, КСРО Орталық атқару комитеті президиумының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Тумановқа Рубинштейннің Адай автономиялық облысын құру жөніндегі ұсынысына байланысты баяндау хатын жолдап, оларға бұл мәселені шешу үшін арнайы комиссия құруды, әрі ол комиссия Қарабұғаз әкімшілік аймағындағы қазақ, түрікмен, орыс тұрғындарының мәдени-тұрмыстық жағдайын қоса тексеруді, қорытындысын БОАК-не ұсынуды тапсырды.

Осыдан кейін Мәскеу мен Алматы арасындағы жеделхаттар, қатынастар тынымсыз ағылды.

РСФСР БОАК Ұлттар кеңесі хатшысы Хацкеевичке, БОАК жанындағы Қазақстан өкілетті өкілі Юсуповке Құлымбетов:

«Маңғыстау – Қарабұғазды қосып Қазақстан қарамағында қалдыруға қарсылығымыз жоқ, бірақ басқаша шешілуіне үзілді-кесілді қарсылық білдіреміз» деп жолдаған жеделхаттары мен қатынастары көп нәрсені аңғартады.

Ақырында О.Исаевтың Қазақстан көркемөнерінің онкүндігіне барған сапармен орайластырылып КСРО БОАК-нің Ұлттар кеңесінің хатшысы Хацкеевичтің басқарған 20 мамырдағы мәжілісінде ғана шешімін тапты (ҚРОММ 5 қор, 17 тізімдеме, 509 іс, 9-30 п.). Бұл мәжіліске Қазақстан жағынан О.Исаев, Қазақстанның өкілетті



Ү. Құлымбетов

өкілі Юсупов, Түрікменстаннан Айтақов, Түрікменстан өкілетті өкілі Оңғалбаев, КСРО Мемлекеттік жоспарлау комиссиясынан Мурид және Шлипштейн, КСРО Жер халкомынан Зайцев, КСРО Орталық атқару комитетінің нұсқаушысы Мандельштам қатысып:

1. Қаз АКСР мен Түрікмен КСР-ның арасындағы Қарабұғаз ауданының шекарасын өзгерту мақсатсыз;
2. Маңғыстау ауданының шаруашылығын дамыту мақсатында және байырғы халықтың әлеуметтік-шаруашылық жағынан қамтамасыз ету, арнайы округ құру (тікелей Алматымен байланысатын Қаз АКСР-не бағынатын Адай округін) БОАК-не тапсырылсын;
3. Исаев пен Айтақовтың «Қарабұғазгазхим» комбинатындағы жұмысшы қазақтардың мәдени-тұрмыстық жағдайының ауырлығы туралы айтқан хабарына байланысты олардың үй, мәдени-тұрмыстық жағдайын жақсарту мәселесін тездетіп қарап шешу Ауыр өнеркәсіп халкомы Орджоникидзе жолдасқа тапсырылсын;
4. Қаз АКСР үкіметіне Маңғыстау ауданының шаруашылық, мәдени-тұрмыстық жағдайын дамытудың перспективалық жобасын 2 ай мерзім ішінде РСФСР және КСРО Мемлекеттік жоспарлау комиссияларына тапсыру міндеттелсін», - деп шешті.

(ҚРОММ 5 қор, 17 тізімдеме, 509 іс, 38 п.)

Ақырында 14 маусым 1936 жылы БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті мен Халық Комиссарлары кеңесі «Маңғыстау ауданының шаруашылығы мен мәдениетін көтеру шаралары» деген мәселені қарап 23-баптан тұратын халық шаруашылығының әр түрлі саласын қамтыған кең көлемді қаулы алды. Оған О.Исаев пен Л.Мирзоян қол қойды (ҚРОММ 5 қор, 17 тізімдеме, 509 іс, 43-49 п.).

Кеңес үкіметінің Маңғыстау уезі жөнінде мұншалықты құйтұрқы саясат ұстануының түп негізі Қазақстанды бөлшектеу жөніндегі патшалық Ресейдің отарлау саясатында жатыр. Патшалық Ресейдің бұл саясатын тек Маңғыстау уезі ғана емес Кеңес үкіметі өмірге келгеннен бастап Қазақстанның басқа өңірлерінде онан әрі дамытқан.

Мәселен, Қостанай, Торғай губернияларының бірқатар аудандарын РСФСР-дың Челябині облысына, Батыс Қазақстан облысының бірқатар жерін Астрахан губерниясына, Петропавл, Семей губернияларының бірқатар аудандарын, қазақтың байырғы мекені Құлынды даласын Омбы губерниясына қосып жіберіп халықты әбігерге салғаны тарихтан белгілі.

## Х А Р А К Т Е Р И С Т И К А

Мангистауского района Западно-Казахстанской области.

(К проекту объединения Мангистауского района Казахской АССР с Карабугазским районом Туркменской ССР в автономную область или край).

Мангистауский район в современных границах расположен по восточному побережью Каспийского моря от залива Комсомолец до залива Карабугаз.

Не вдаваясь в подробности разбора некоторых неверных утверждений т. Рубинштейна о том, что явилось причиной отсталости хозяйственного и культурного состояния района (т. Рубинштейн главной причиной считает отсутствие необходимого внимания со стороны Казахской АССР), мы должны сказать, что его проект организации из Мангистауского и Карабугазского районов автономной области или края с непосредственным подчинением Москве или Туркмении - должен быть отвергнут, как не учитывающий естественные исторические и экономические условия Мангистауского района

Все это приводит нас к выводу о нецелесообразности организации новой административно-территориальной единицы в виде области или края из Мангистауского и Карабугазского районов а тем более передачи Мангистау в другую республику.

Оның үстіне КОКП Орталық комитетінің басшысы болып тұрған кездегі Н.С.Хрущевтің 1954 жылдан бастап «Тың және тыңайған жерлерді игеру» саясаты, Оңтүстік Қазақстан мен Қызылорда облыстарын Өзбекстанға, Маңғыстау өңірін Түрікменстанға қосу, бұған дейін қалыптасқан бір аудандық, облыстық басқару жүйесін өндірістік және ауыл шаруашылығы басқармасы етіп екіге бөлу, бір ауданды екінші ауданға қосу, бірнеше облыстарды біріктіріп өлке жасау, т.б. жоспарлары. Сонан кейін КОКП Орталық комитеті мен Саяси бюросының 1979 жылы Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының бірқатар аудандарын беріп, әкімшілік орталығын Ерейментау қаласы етіп Неміс автономиялық облысын құру жөніндегі шарасы Қазақстанды отарлауға, бөлшектеуге жасаған айлаларына дәйекті айғақ.

Осылармен бірге республикада жоғары оқу орындарында ұлт тілдерінде сабақ өткізуге мүмкіндігіне тосқауыл қойылып, ұлттық мектептер мен бала бақшаларын қысқарту, ұлт кадрларын «ұлтшыл» деген желеумен қудалау, жазалау тенденциясының кең етек алуына жол берілді. Қазақтардың мәдени өміріне, мінез-құлқына, салт-санасына күрт әсерін тигізбей қоймады. Соның салдарына өз ұлтынан жеріген, ана тілінен, салт-дәстүрінен айырылған ұрпақ көбейді...

*Қолжазба  
2006 ж.*

## МАЗМҰНЫ

I БӨЛІМ .....	3
Кіріспе .....	5
Адай уезіндегі «Қосшы» одағы осылай құрылды.....	6
Солақай саясат.....	14
«Қосшы» – жұт жылдарында .....	22
«Қосшы» және ауыл шаруашылығы .....	30
Отырықшыландыру да опа таптырмады.....	37
Тазалау ма, талау ма?.....	40
Байларды тап ретінде жою – елді тоздыру .....	44
«Қосшы» одағы – саяси-ағарту жұмысының ұйымдастырушысы .....	61
Дауыл алдындағы дүрлігу .....	66
Қосымшалар .....	77
II БӨЛІМ .....	99
Махамбеттің кегін алған Асаубай .....	101
Досан көтерілісі: ашылмаған ақтандақтар.....	103
«Еділді тартып алғаны...» .....	115
Қосым, Ержан Мырзабаевтар кім?.....	124
Өлкеміздегі тұңғыш халық санағы .....	127
Маңғыстау уезіндегі мұсылман мектептері.....	132
Қазақ бұрын қажыға қалай барған?.....	138
Тобанияз туралы тың дерек .....	148
Тағы да...Тобанияз туралы .....	154
Архив құжаттарынан .....	168
Доссор жұмыскерлері 20-жылдарда.....	173
Үлкен арнаның бір саласы .....	175
Кәмпескелеу қасіреті .....	179
Бұларды білетіндер бар ма екен?.....	188
Дауыл алдындағы дүрлігу .....	197
Босқыншылық .....	205
Құдық қазғаны үшін 3 сом айып.....	212
Азалы ауыл, күңіренген ел.....	216
Отарлау саясаты .....	221

**ИЖАНОВ ЗИЯДА**

**АЩЫ САБАҚТАР**

Құрастырушы: *Ижанова Дина*

Редакторы *Өмірғалиева Қ.Ө.*  
Компьютерде беттеген: *Ижанова Д.З.*  
Мұқаба дизайнері *Бультрикова А.Т.*

Басуға 07.10.2015 ж. қол қойылды. Формат 60×84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Баспа табағы 15. Шартты баспа табағы 13,9.  
Есептік баспа табағы 11,4. Тапсырыс № 3/60-15.  
Офсеттік басылым. Таралымы 200 дана.

«Экономика» баспасы» ЖШС  
050063, Алматы қаласы, Сайын көшесі, 81-үй.

ISBN 978-601-225-836-3



9 786012 258363



## ҚЫСҚА ЖАЗБАЛАР ҮШІН

